

Нұржан ШОҢҰЛЫ

МИРАС



Қарағанды — 2022

**Нұржан ШОҢҰЛЫ, Өлеңдер, дастандар,
естеліктер.**

Қарағанды, «Тенгри» баспасы. 300 бет.

Құрастырушы Айдаржан Қасенов.

**Осынау жинақтың жарық көруіне себепкер
болған Нұржан Шоңұлының ұрпақтарына риясыз
разылығымызды айтамыз! Ата мұрасы ұрпағына
өмірлік үлгі болуы шарт.**

**Нұржан Шоңұлы – Арқаның ақиық ақыны. Кеңестік
заманда есімі еленбей, қолжазбалары үкіметтік өңдеуге
түсіп, жыры жария болмаған. Жыр-дастандары ескі
қадым қарпімен таңбаланып, қаншама уақыт ақынның
ұлы Біләл Нұржанұлының жеке мұрағатында,
мемлекеттік мұрағаттарда сақталған. Оқылып, елге
таралуына кеңестік қатал қысым кедергі боп, бүгінгі
жақсы күнде ұрпағына мирас боп отыр.**

Көпшілік көзіқарақты оқырман қауымға арналған.

Құрбан Назаров

КІРІСПЕ

Бисмиллаһи-р-рахмани-р-рахим!

Мейірім шапағаты мол бір Алланың атымен бастаймын. Құдіретті барлық ғаламды жаратушы бір Алла, оның серігі жоқ.

Алланың мүбәрак есімін ауызға ала отырып, осы шағын кітабымызды бастағалы отырмыз. Халыққа пайдасы тиеді, ғибрат алады деген ойымыз басым. Неге десеңіз, осынау жазбалардың иесі болған Нұржан Шоңұлының шығармашылығы мен оның жүріп өткен жолы тәрбиеге толы – мағыналы өмір.

Ғәкім Абай «Өлді деуге бола ма, айтыңдаршы, өлмейтұғын артына сөз қалдырған...» депті. Дана халқымыз «Ғалымның хаты өлмейді, ақынның аты өлмейді» дейді. Соңына өлмейтін-өшпейтін сөз қалдырған, өз заманының ғалымы, ақыны болған Нұржан жайында айтпақпыз. Ел арасындағы ақын

деп дәріптеліп қана қойған, жалпы жұртқа хаты жетпей қалған ақын Нұржан 1860-ыншы жылы Семей губерниясы, Қарқаралы оязында, Темірші болысында орта шаруа отбасында дүниеге келген. Жасынан молдадан хат танып, кейін Қарқаралыға барып, діни білімін жетілдірген. Нұржан Шоңұлының білімінің деңгейінің жоғары екендігін мына өлеңінен аңғаруға болады.

Әзәлда патша Құдай нұр жаратты,
Түбінде дарияның сол нұр жатты.

Бірқатар нұрдың тамған тамшысынан,

Ғаламда он сегіз мың жан жаратты... - деп жырлаған Нұржан ақын діни ортада да орыны осал болмаса керек. Нұржан Шоңұлы өз уақытында өлең жазумен немесе дін ісімен бой салып айналыспаған, бірақ дін жайында біраз біршама өлеңдер жазған ақын.

Бүгінгі қалың оқырманға ұсынғалы отырған жыр-толғау, дастан, өлеңдері көпшілік қауымға таныс емес. Жарыққа шықпаған дүниелер десе де болады. Осыдан біраз жыл бұрын Қарағандыдағы «Тенгри» баспасынан жария болған «Аманат» кітабында біраз өлеңдері топтастырылған еді. Ал, енді осы кітапқа енгізілген «Абдулхамит» поэмасы және топтама өлеңдері тек ұрпағына ғана емес, қазаққа ортақ мұра, мирас. Осы поэма мен топтама өлеңдерін 2021 жылы Алматыдағы Мұхтар Әуезов атындағы университет мұрағатынан алдыртқан едік. Бұл жазбаларды алуға қол ұшын берген Нұржан ақынның досы Алшынбек қажы ұрпағы, Қоқым ақынның немересі педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор Саяхат Қанағатұлы Алшынбеков еді.

Жарғақ құлағы жастыққа тимей, айтқан күннен бастап, тыныш таппай отыра көмек жасаған осын-

дай азаматтардың барына Аллаға шүкір деймін. М.Әуезов университетінен осы қолжазбаларды сайт арқылы қарап, тапқан Алмас Иманғали бауырымызға да шексіз рақмет. Нұржан ақынның еңбегін іздеп, оны жарыққа шығару мақсат болғанда, осы екі адамның көмегі қатты тиген еді. Алла разы болсын!

Нұржан ақын жайында бүгінге дейін пікір әртүрлі. Біреулер кедей болды десе, ал енді кейбірі орта шаруа болған дейді. Неге десеңіз – ақын жоқшылықта өмір сүрді ме, әлде тоқшылықта өмір сүрді емес бізге керекті шығармашылығы еді. Ақынды кедей болды деп табаламай, бай болды деп бағаламай – тәрбиелі-мағыналы өмірінен үлгі-өнеге алу ләзім. Кешегі өткен кеңестік дәуірде Нұржан ақынның жазған-сызғандарын сақтау үшін ол кісіні кедей деп көрсету керек болған сияқты. Сондықтан да, кейбір әкелеріміздің жазбаларында солай кездесіп жатады. Осы себептен Нұржан ақынның жақын ағайынының ұрпағы Қызыларай ауылында мұғалім боп қызмет жасаған Сейітқазы Әбдіразақовтың «Октябрді жырлаған ақын» атты мақаласында былай деген екен.

«Кешегі бір келмеске кеткен қапа заманда, кім жапа шекпеді десеңші. Ол кезде ұлан-байтақ қазақ даласы жалшы, жарлы ұясы болды. Қызық пен шаттық тек ат төбеліндей бай мен болыстардың қолында болғаны бәрімізге түсінікті. Миллиондаған қазақ кедейлері ғасырлар бойы азаттықты аңсамады ма, аңсады. «Жалғыздың үні шықпас, жаяудың шаңы шықпас» дегендейін олар ылажысыздан тұншығып келді. Аңсаған азаттыққа, ұлы Октябрь Социалистік революцияның арқасында қолы жеткен еңбекші халықтың қуанышы қойынына сыймай, еңсесі көтеріліп, мұратына жетті. Бұрын үні шықпаған, кедейліктің қысқашымен тұсалып кел-

ген қазақ кедейлерінен әнші де, күйші де, ақын да Октябрьмен бірге жасарып, жаңа заманды жырлай бастады. Соның бірі бүгін өлеңі жарияланып отырған ақын Нұржан Шоңұлы» - деп жазып өткен екен Сейітқазы ағамыз.

Әрине, 1957 жылдары нағыз коммунистік партияның насихаты қайнап тұрған уақытында кедей деп жазбай көріңіз – не болар екенсіз?! Репрессия құрбандарының ақталған уақытында Нұржан ақынның көлденең саяси қуғынға ілігіп кетіп, өлеңдері таза жойылып кетпеуіне осы сөздерді жазуға түпкілікті мақсат еткен сияқты. Әр қарай Нұржан хақында былай деп жазады:

«Нұржан ақын шамамен 1860 жылы Қарағанды облысы, Қоңырат ауданына қарасты Қызыларай колхозында туған. Әкесі Шоң кедей, момын шаруа адамы болған. Жалғыз ұлын оқытпақ болып, сегіз жасында ауылдағы молдаға оқуға береді. Бірақ, молдекең оқу ақысын және жұмалықты көп берген бай балаларын оқытып, кедей балаларына салқын қарайды екен. «Сабақ ұқпадың» деген сылтаумен көк шыбықтың астына алады екен. Ақын өзінің «Кедейлік» деген өлеңінде былай деп толғайды.

...Сегіз жаста молдадан сабақ алдым,
Бай баласы береді күнде тамақ.
Кедей ұлын ықыласпен оқытпайды,
Белгілі боп тұрады қас пен қабақ.

Ұқпайсың деп баланы күнде қамап,
Надандыққа соқырлықты күнде жамап.
Жылы жүзі болмайды кедейлерге,

Көк шыбықпен қояды етке сабап...»

Өлеңнің жалпы құрылысы, оның мәні Абай өлеңдеріндегі бай баласы мен жарлы баласының образына сәйкес. Әкесі Шоң Нұржанды он сегіз

жасқа келгенде Қарқаралы қаласының белді байларының бірі Ғұбайдолла Бекметевке жұмысқа береді. Нұржекең осы байдың үйінде табан аудармастан жиырма жыл қызмет қылады. Бұл жерден әкесі Шоң қайтыс болған уақытта шешесіне оралады. Сонда Нұржекең:

Қысқашы кедейліктің берік ұстап,

Қол созып, бой жаза алмай арықтадық, - деп өз өмірін жырға қосын айтады.

Бертін келе, ел аралап жүріп, ел ішіндегі теңсіздікті көреді. Бай мен байдың жер үшін, мал үшін тартысын көреді. Нұржан ақын өз өлеңінде «Сараң бай» жайында былай дейді.

Мал үшін таласып жер мен суға,

Құтырған ақымақ байлар судай тасып.

Өмірде мал қолынан кетпестей боп,

Ғылым, білім жолынан аулақ қашып...»

Мұнда мал өсіруден басқа ештеңемен шұғылданбайтын, ғылымнан сезімі жоқ байлардың жер-суға таласқанын көрсетеді.

Семіртіп біткен малды көтере алмай,

Құртқан партияға босқа шашып.

Қайырын шашқан малдың көрмегендер,

Үйіне жете алмайды сонша жасып.

Көп малды ішпей жемей босқа бағып,

Беретін би, болысқа іштен сасып.

Кедейді қасқырдан да жаман көріп,

Алмайтын сәлеміңді надан пасық...

Сараң бай сол өсірген малын ру арасындағы тартыс пен таласқа жұмсап, би мен болысқа беретінін, ал кедейге рақым шашпайтынын қалтқысыз суреттейді.

Бұл жерде бай мен кедей арасындағы өшпенділік анық байқалады.

Ақын туралы білетіндер оның суырыпсалма ақын екендігін, оның көпшілік бас қосқан жерде

өлең айтып отыратынын айтатын.

Нұржекең бетің бар, жүзің бар демей, олардың жолсыздықтарын бетке айтқан. Тіпті, жиындарда осындай өлең айтқаны үшін де таяқ та жеген.

Нұржан Октябрь төңкерісін жырлаған қарт ақын. Ол ұзаққа созылған науқасынан 1933 жылы август айында Семей қаласында қайтыс болады. Ол өзінің өмірінде совет әдебиетінің әлі де болса жетілмеген кезеңінде совет заманын жырлаған. Октябрді жырлаған қарт жыраудың еңбегін жинақтап, өзінің тиісті орынын әдебиеттің бұрышынан беру.

Сейітқазы Әбдіразақов, №2 орта мектептің мұғалімі. Қоңырат ауданы, Қарағанды облысы, колхоз Қызыларай».

Міне, Нұржан Шоңұлы жайлы осыдан 65 жыл бұрын жазылған деректі мақалада осылай делінеді. Ол заман нағыз қызыл империяның қылышынан қаны тамған, артық сөз айтсаң абақтыға жабатын, сынықтан сылтау іздеген уақыттар еді. Сондықтан да, Сейітқазы әкеміздің кедейдің теңдігінің кең екендігін біліп, Нұржанды кедей көрсетіп, қаншама өлең-жырларын осылай сақтап қалған жайы бар еді. Бұған да Аллаға шүкір дейміз. Әйтпесе, Нұржан Шоңұлы таза тақыр кедей болмаған, орта шаруадан жоғары малы бар заманында талай би-болыстармен тізе қоса бірге жүрген үш ата Қара-Шор, қырғыздың белді ақындарының бірі болған еді. Ю.Поповтың соңында қалған мұрағаттық құжаттарына жүгінер болсақ, Нұржан үш мерзімге сайланған би де болған. Оның дәлелі де бар. «Кедей адам билік құра ала ма?» деген ой еріксіз оралады. Өзімен қатар жүрген қарадан шыққан атақты билердің бірі болған Алшынбек Тоқтарұлымен дос-жар болған. Балалары бір жылда өмірге келген Алшын-

бек пен Нұржан екеуі ұлдарына Біләл есімін беру де достықтарының айғағы емес пе! Сондықтан да, 65 жыл бұрын жазылған тарих пен бүгінгі өмір тарихымыз жер мен көктей емес пе! 1905 жылы Қарқаралыдан қажылыққа аттанған қажылар жайында осы Нұржан ақын өлеңіне қосып жырлаған еді. Ол өлеңі былай басталатын:

«Қыс кетіп енді келіп жазға жетті,
Мың тоғызжүз алтыншы март айы.
Қажылар қайтты деген хабар кепті,
Бесеудің бағланы қажы Алшекен,
Бетінде бара жатқан қаза жетті.
Айнала мол Мәдинаның арасында,
Шаһиттік дәрежемен қалды депті.
Мұхаммед Мұстафаның раудасында,
Қасына Құдай досты алды депті.
Хабарсыз жайсыз сымның осылайша,
Жаннатул бақи жайға барды депті.
Басына қара тұман түскендей боп.
Қалың ел Қара мен Шор қайғы шекті.
Жан біткеннің қожасы жалғыз Алла,

Сипатпен қалай айтам мына кепті, – деп сұңғыла Нұржан ақын Алшынбек досы туралы осылай жырлаған екен. Алшекеңнің елге қайтпай қалғанына қатты қайғырғанымен, дін жолындағы Нұржан ақын жаннатул-бақида қалған досы үшін дұға етеді. Нұржан ақынның айтты деген сөздерінің көбісін Алшынбек қажының баласы Біләл жазып алған. Сол Алшекеңнің жаннатул-бақида қалғандығын туғандарына, Алшекең бәйбішесі мен Біләлға қалай естірттерін білмеген Нұржан ақын былай деп жырлаған еді:

Би атам жан жиналды ордасына,
Ие болмай төгілген көз жасына.
Қамалып естіртуге қиналды елі,
Ет-бауыр, жақын-жуық, жолдасына.

Қан жұтып, қамалды жұрт жаны күйіп.
Тағдыр сол қолдан келмес ол басында.
Қалай жаны күймейді қарап тұрып?!
Бақ-дәулет қонған сабаз бір басына.
Жабырқамай жанқияр мінезі жоқ,
Жан жолдасы жаман-жақсы өз қасында.
Жүрегін қалай жармай айта аламыз,
Өлді деп Біләлменен жолдасына.
Бетім жоқ айта алатын менің-дағы,
Әр сөздің салармын мен саласына.
Жалғыз сен жаратушы өзің Сүбіхан,
Жүректің шипа бергін жарасына...»

Нұржан ақын жайында әрі қарай мына сөздер жазылады: «Осылай сөздер сөйлеп, жиналған жұрт жыласып, бір-біріне тоқтау айтып болғаннан кейін, жас-кәрі, ел адамдары ақыл-тоқтам айтып болғаннан кейін, әр атаның адамдары асқа шәй-қант, сойылатын малдарын дайындап, бөлісіп алып, «Алшекең аман келе жатыр екен» дейді. Той жасаймыз деген лақап сөз таратып, жүздеген ел үйлерді құрысып, ордасына келіп, бірнеше үйлер дайындап, қаншама ел шақырып, той жасайтын беттерімен әкелген малдарын соя бастап, ертеңгі, бүрсігүнгі қажылардың алдынан ат алып, «пәленшелер жүремізбен» отырады.

Қуанышты қарсы алып, ақын Нұржанға домбырамен өлең айтқыза бастайды. Нұржекең Алшынбек қажының шаһид дәрежесін алғандығын, Мәдина қаласында жаннатул-бақида қалғандығын жырға қосып айта бастайды»

(Қоқым) Біләл Алшынбекұлы. «Аманат» кітабынан үзінді.)

Осы жерде Нұржанның беделінің биік болғандығы, билік айта алатындай дәрежеде екендігі айқындала бастайды. Нұржан Шоңұлының өлеңдері иірімді, көңілге қонымды, оқыған адамға

жеңіл болып келеді. Ақынның көп өлеңдерінің зерттелмегені, із-түзсіз жоғалып кеткенді қаншама. Сондықтан да, зерттеуді әлі де қажет ететіндігі белгілі.

Нұржан ақынның руы – Қырғыз. Қырғыздың Жүнді тармағынан. 1824 жылы Қарқаралы дуан болып құрылғанда Қырғыз руын Батыр Бөкеев басқарған еді. Батырдың екі баласы – Мырзатай мен Рүстем. Мырзатайдан Нұрмұхаммед, Нұрмұхаммедтен Әлихан туады. Нұржан ақын Алаштың тұңғыш қайраткері, Алашорда үкіметінің бастаушысы Әлихан Бөкейханмен дос боп, бала кезінде асықты бірге ойнаған екен. Нұржанның еске алуында былай делінген жері бар «Әлихан асықты мерген атушы еді, балалардың асықтарын ұтып алушы еді. Бірақ, ойын соңында сол ұтқан асықтарын балаларға қайтарып беруші еді». Ақынның кеңес уақытында да жазған өлеңдері де там-тұмдап болса да кездеседі. Ол өлеңнің бірі – «Жаз».

Көшпелі мал семіртіп алты ай жазға,
Жағалай үйін тігіп салқын сазға.

Көкдауыл қаршығаның қыранымен,

Бозбала қырғын салып үйрек-қазға...» деп дала тынысы мен табиғатты қоса жырлаған. Осыған орай келесі бір өлеңі «Адамның туып-өскен жері қандай» деп басталады екен:

«Адамның туып-өскен жері қандай,

Тұңғыық, түбі терең көлі қандай.

Болса да басың патша жат сыйламас,

Әркімнің қаны бірге елі қандай...»

Туып-өскен жеріне деген сағынышын осылай жеткізген. Нұржан Шоңұлы кеңес заманы уақытында «Ақыл», «Жаңа өмір», «Бір күшті көңіл деген піл емес пе...», «Баянды ғылым – дария толқынды ағын...», «Коммунист», «Біраз

тоқтап өтейін өз басыма...», «Ғаламда онсегіз мың жаратқан соң», «Жалғанның қысы менен жазы қандай...», «Көз көрді электрдің жанған күшін...», «Жүрмісің, жас жолдастар, аман күйлі», «Дүниеге кеңес үкімет тікті туын», «Сан жылдар жұмысшы тап жапа шекті...», «Кедейлік» атты өлеңдерін жазған. Осы өлеңдерді арабша таңбаланған қолжазбадан тәржімелеп қарағанымызда, мүлде басқаша көрініс берген еді. Өлеңдерінің барлығы дерлік өзгеріске ұшыраған. Біз сол жазылған өлеңдерін түпнұсқадан алып, бір әрпін қисайтпай өз мәнерде бергенді жөн деп санадық. Кеңес уақытына дейін Нұржан Шоңұлы екі поэма жазған. Ал, сол уақытта жазылған өлеңдері көбіне-көп жоғалып кеткенге ұқсайды.

Нұржан Шоңұлының кіндігінен бес бала өрбіген, олар – Біләл, Мағауия, Мөлгаждар, Сәдуақас, Шырақбай. Осы жерде тоқтала кететін бір жәйт «Нұржанның балаларының ішінде өзіне тартқан ақыны, өнерлісі болды ма?» деген ой туындайды. Нұржекеңнің балаларының бәрі де өнерлі, домбырашы, күйші болған екен. Бір ғана Біләл Нұржанұлын алып қарайтын болсақ, Білекең күйші, өте өнерпаз, шежіреші, халқы сыйлаған адам болса керек...

Бірде немересі Бағдат ағамыздың үйінде қонақта болғанымыз бар-ды. Сол кезде аудиокассетаға Білекеңнің бірқатар күйлері мен оқыған Құранын түсіріп алып, естелік етіп сақтаған екен. Бұл да бір ұрпақтарының атаға құрметі мен ұқыптылығы деп түйін жасадым. Қап, әттеген-ай деп өкініп жататын да ұрпақтар бар ғой. Соған қарағанда, атаның естелігі ретінде, тірі уағындағы қадір мұрасын кейінгі ұрпақ үшін сақтап жеткізген Білекеңнің немересі Бағдат ағамызға үлкен рақмет! Күй өнерінің дүлдүлі болған Біләл Нұржанұлының,

Алла қаласа, күйшілік мұрасын, сонымен бірге елге насихат етіп тарату да ұрпақтарының міндеті болмақ.

Нұржанның және бір баласы Мағауия Нұржанұлы. Оқыған, білімді, алғыр адам. Жастайынан оқып, білім қуып, билік басында қызмет жасаған. Мағауия Нұржанұлы Павлодар облысында, Ертіс ауданында қызметте жүрген кезінде – 1937 жылы ұсталынып, 1938 жылы репрессия құрбаны болды, атылды. Алаштың аяулы азаматтары ішінен ең алғаш 1929 жылы Жүсіпбек Аймауытов «халық жауы» деп ұсталып, 1930 жылы атылады. Тарихшылардың айтуынша, кеңес үкметі төрт мыңнан астам «алашордашылардың» бірін қалдырмай өлім жазасына кескен. Ал, қазақ халқының маңдайына біткен асыл азаматтары толығымен 1937-1938 жылдары түгелімен атылды. Тек атудан аман қалған Әлімхан Ермеков 1930-1950 жж. аралығында үш рет сотталып, өмірінің он сегіз жылын түрмеде өткізеді («Қызыларай» энциклопедиясы. 79-бет).

Міне, осы айтылған қуғын-сүргін құрбандарының қатарында Мағауия да бар еді. Интернет желісінен алынған мынау құжатпен таныстыруды жөн көрдік:

«Нуржанов Магавия (1904-11.03.1938)

Родился в 1904 г., Карагандинская обл, Каркаралинский р-н, Кызыл-Орай с.;

Казах

Образование – среднее

Член ВКП(б) с 1930 г.

Работал в своем хоз-ве (1918-20 гг.);

Учился на рабфаке, техникуме, учитель, зав. школы (1920-31 гг.)

Зам, пред. райсполкома, зампред облисполкома (1931-33 гг.)

Зам. завотделом кадров обкома партии (1934-1936 гг.)

Первый секретарь Уланского райкома партии (1936 г.)

Председатель Иртышского райисполкома (1937 г.)

Арестован 19 октября 1937 г.

Приговорен: Военная Коллегия Верховного Суда СССР, выездная сессия 11 марта 1938 г., обв.: 58 – 2, 58 – 8, 58 – 11 УК РСФСР.

Расстрелян 11 марта 1938 г. Реабилитирован в августе 1957 г. Определением Военной коллегии Верховного суда СССР».

Мағауия Нұржанұлы, міне, осылайша репрессия құрбаны болып өмірден өте барады. Нұржан балаларын оқытуда өлеңінде былай деп жырлайды.

Тұрмыстан нелер қиын соққы жедім,
Мен жалғыз – қолғанат жоқ бала жастан.
Қолдағы бір сиырды жоққа санап,
Отырмын балам үшін өзі аштан.

Қалаға барып, ғылымға қатысқан соң,
Мысқылдап, тірлік болды алға басқан.
Талаптыға нұр жауар дегендей боп,
Үкіметтен жақтадың жан жеміс шашқан.
1923 жыл өткеннен соң,
Сәулем сол сонан бері көзімді ашқан».

Осы жыры арқылы балаларын оқытқаны, тоқытқаны анық байқалады.

Нұржанды зерттеуде көп кедергілерге тірелгеніміз рас еді. Себебі, ақынның өлеңдерін жинақтау, әркімдерден сұрап білу қиындық туғызды. Ақынның көзін көрген ақсақалдар түгілі, «Нұржан ақын айтқан еді» деп естігендердің өздері қазіргі уақытта жоқтың қасы. Нұржан ақын жай-

лы елден сұрағанымызда, бірінші баласы Біләл аталушы еді. Себебі, Нұржан ақынның қолжазба өлеңдерін сары майдай сақтап, кеудесіне басып, небір қиын замандарда қызғыштай қорып келген де осы баласы Біләл еді. Білекең арабша хат таныған адам. Сөзіміздің басында Білекеңе біраз тоқтап өткенбіз. Ауылдың біртуар азаматы. Қызыларай елді мекеніне сыйлы, құрметті ақсақалымыз бар еді. Ол Төкен Қасымбеков ақсақал. Ол кісіге жиі барып, әңгіме-дүкен құратынбыз. Сонда Төкен ақсақалдан да ақын жайында, баласы Біләл туралы сұраған едік «Білекең өте білімді, алғыр ширақ адам болатын. Колхоз уақытында біздер жас балалар туған-туыспен жиі араласатынбыз. Нұржан ақын бізбен аталас жақын туыс боп келеді. Ойын балалары туысқан адамдардың үйімен жиі араласамыз. Көбіне-көп Біләл ақсақалдыкінде боламыз, сонда ұзынша келген арабша жазылған кітап секілді блокнотты ашып, ішіндегілерін дауыстап оқып, жылап отыратын. Кейіннен білдік: әкесі жазған өлеңдері екен ғой. Кейін осы жазбаларды Алматыдағы сирек жазбалардың мұрағаттық қорға өткізгенін білдік. Одан бері қаншама жыл өтті. Содан бері хабарсыз кетті» деп еске алып еді. Өшкені жанып, кеткені қайтқан уақыт деп енді айтуға болады.

Араға тура 65 жыл салып қолжазба қайтадан ұрпақтарымен қауышты. «Ештен кеш жақсы» дейді атам қазақ. Бұл да болса, көңіл жібітерлік жәйт.

Бұл кітапты жазудағы себеп ұрпақтары атасының кім болғандығын, одан кейін көпшілік қауым біліп, оқып-таныса деген ойымыз еді. Ал, енді Нұржекеңнің билік басында болғандығы жайында да мағлұматтар бар. Жергілікті «Қарқаралы» газетінен алынған мына

бір материалға көз жүгіртсек, Нұржан ақынның билікте болғандығының дәлеліне көзіңіз жетеді. «Қарқаралы» газеті. 2007 жыл, 19 мамыр.

«Туған өлке тарихы.

Темірші болысының басшылары мен билері: 1871-1919 жылдар. Нұржан Шоңұлы 1913 жылғы билер сайлауында билікке тағайындалған. Билікке №1 – Смаил Еркеков, Жазыбек Жиенбаев, №2 – Кәрібай Өтегенов, Кәшкен Оразалин, №3 – Абдрахман Жарылғапов, №4 – Мұқан Байбосынов, Мәз Дүйсенгелдин, №5 – Әбен Тоқпанов, Ержан Сартбаев, №6 – Тайзақ пен Өмірзақ Имановтар, №7 – Сыпатай Мейірбеков пен Келдібек Тәңірбергенов, №8 – Досай Саурықов, Құсайын Өскенбаев, №9 – Қырықбай Секербаев, Сүлеймен Рысбеков, №10 – Шыныбай Қадырбаев, Исабай Қадырбаев, №11 – Тоғжан Торғанбаев, Жармағамбет Керімбаев, №12 – Балағаз Орымбаев Төлебай Атаев, №13 – Нұржан Шоңұлы, Ахметжан Байғозин, №14 – Орманбет Исин, Ысқақ Смаилов, №15 – Көпбай Тойшыбеков, Сыздыкен Асылбеков, №16 – Қартабай Тәттібаев, Қадырбай Тәттібаев болған. Болыстың әкімшілігі осы құрамда 1916-1919 жылдарға дейін жұмыс атқарған» деп жазылған екен.

Ақынның осы жылдар аралығында билікке араласып, өзінің би-шешендік үлгісінде сөз айта білген, қарымды басшы болғандығы осы газет қиындысында келтірілген – «би болған» деген жазудан да аңғаруға болады. Билер санатына жай адамдардың ілігуі неғайбыл. Сөзі өтімді, қызмет атқара алатын, билікте турасын айтатын адамдар ғана жүрсе керек.

Сондықтан да, Нұржан ақынның тек өлеңдерін ғана емес, билік жағын да қоса зерттеп, болашақта ұрпақ санасына сіңіре алатындай зерттеулер жүргізуіміз қажет. Ата-бабасын дәріптемейтін,

жеті атасын білмейтін қазақ жоқ шығар?! Міне, бүгінгі уақыт – осының айғағы. Нұржан ақынның ұрпақтары барлық жұмыстарын ысырып тастап, Нұржекенді жарыққа шығаруға талпыныс жасап, біздерге қаражат жағымен көмектесіп жатқан жайлары бар. Алла осы кісілерге разы болсын. Небір майталман дүлдүлдердің артында ұрпағы болмай, еңбектері жарық көрмей шаң басып, архивтерде қалып жататыны шындық.

Соған қарағанда, Нұржан ақынның соңында қалған ұрпақтары жағдайды түсініп, демеуші болып, кітаптың жарыққа шығуына өз үлестерін қосып жатқаны қуантады. Осы кітапты оқыған әр жан өзіне керекті тәлім-тәрбие алады деген үміттеміз.

* * *

Нұржан Шоңұлының жазба мұрасы елге кеш жеткеніне кеңестік дәуірді кінәлап, ертеңге үміт арта беру де қателік деп ойлаймыз. Заман өтті, адам өтті, ұрпақ қалды. Ұрпақтың парызы – өткенді жаңғырту. Нұржан ақын мұрасы насихаттан ада боп, елге тараманған уақта дәстүрін ұстанған қаламгердің бірі хәм бірегейі Дүйсенбек Исабеков. Дүйсенбек Исабеков заманында бағаланғанымен, елге қызметін сіңіргенімен бүгінде іздеушісінің жоқтығынан елге еленбей кеткен ерді бірі екен. Ол туралы белгілі қаламгер, ардагер журналист Базарбай Мұстафин былай деп жазады:

«ӨНЕР ИЕСІ ЕСКЕРУСІЗ ҚАЛМАСЫН

18 мамыр, 1991 жыл

Қарқаралы ауданының Жарлы өзені бойындағы Қоңырқұлжа деген жерде (қазіргі «Бесоба» совхозы) 1909 жылы шаруа семьясында туған Дүйсенбек

Исабеков жас шағынан ақындық өнерге ден қояды. Ол ел арасындағы ауыз әдебиетін құмарта тыңдап, терме, тақпақ, мысал өлеңдерді естіген бетте жадына сақтап, жаттап алуға дағдыланады. Ата-анадан ерте айырылып, балалар үйінде тәрбиеленген Дүйсенбек он жеті жасында Омбы қаласындағы жұмысшы факультетіне оқуға түседі. Осы оқу орны жанынан қазақ жастарына арнап ұйымдастырылған үйірмеге қатысқан ол әдебиет дүниесіне жанымен беріліп, оған бұрынғыдан әрі жақындай түседі.

Сол бір ұмытылмас албырт жігіттік шағын еске алғанда Дүйсекең: «Үйірмеге Зейтін Ақышев жетекшілік етуші еді. Бірде Ғабит Мүсіреповтың «Тулаған толқында» атты алғашқы романын талқыладық. Мен осы шығарма туралы өз пікірімді үш ауыз өлеңмен білдірген едім» дейтін. Соның бір шумағында ол:

Тап тартысын жырлапты жазушы аға,

Беруге болады ғой жақсы баға.

Сөз байлығы жағынан кемшілік бар,

«Қос түзелер» дейміз де бара-бара!

- деп жазған екен. Міне, осы өлең-пікір оның ақындық өнеріндегі тұсаукесері болған

Алайда, тағдыр оған бірбеткей ақындық жолға түсуді жазбаған. Ол көп ұзамай жаңағы жұмысшы факультетінен комсомолдық жолдамамен сол кезде Ташкент қаласындағы қазақтың кооператив техникумына оқуға жіберіледі. Бұдан соң Д.Исабеков оқуын Мәскеудегі қаржы қызметкерлерін даярлайтын институтта жалғастырады. Дегенмен, ол әредік болса да өлең шығарудан қол үзбейді. Дүйсенбек Павлодар қаласында облыстық қаржы бөлімінде қызмет атқарып жүрген 1936 жылдары жазған өлеңдерінде «шөлкес» ойлар бар деген желеумен «халық жауы» атанып, түрмеге де

отырғызылады. Көңілін қатты торықтырған бұл оқиға оның талабын торлап, біраз жыл қолына қалам алдырмайды.

Ақыры ол 1939 жылы Ленинград қаласының маңында запастағы полкке әскерлік міндет атқаруға жіберіледі. Содан әуелі финдермен болған қақтығысқа одан кейін Ұлы Отан соғысына қатысқан Дүйсекең 1945 жылы туған жеріне жеті жауынгерлік наградамен оралады. Осыдан кейін республикамыздың бірқатар жерінде партия және қаржыландыру орындарында жұмыс істеген Д.Исабеков табиғат берген таланты арқасында өлең жазуға қайтадан құштарлана кіріседі. Бұл жылдары оның қаламынан қысқа сықақ өлеңдер, балладалар, очерк-дастандар туады. Балқаш қалалық, одан кейін Гурьев обыстық партия комитеттерінде қызмет атқарған елуінші, алпысыншы жылдар аралығында «Құтқазан», «қазіргі Гурьев», «Арман» деген көлемді поэмалар жазады. Бұлар кезінде облыстық және республикалық баспасөздерде жарияланады. Осындай шығармаларымен көпшілік оқырманға танылған ол 1958 жылы Мәскеуде өткізілген Қазақстан өнерінің онкүндігіне халық ақыны ретінде қатысады. Ал, Дүйсекеңді елу жасқа толған мерейтойында Қазақ ССР Жоғарғы Советі Құрмет грамотасымен наградтайды.

Жетпіске қараған шығында Қарағандыда дүние салған Д.Исабеков қолына қаламын ұстаған қырық жыл мұғдарында ірі-ірі туындыларымен қоса көптеген қысқа өлеңдер де жазған еді. Бірақ, «өткен күнде белгі жоқ» деген жүрек тырнар өкініш оның қарсы алдынан шыққандай болып, енді ақын аты мүлдем ұмытылып барады. Бұлай дейтініміз – оның есімі Қазақ Совет Энциклопедиясына да, «Қарағанды, Қарағанды облысы» анықтама шежіреге де ілікпей қалып отыр.

Журналистік қызмет бабында жақын біліп, көп жылдар аралас-құралас болған баладай ақкөңіл Дүйсекеңнің шығармашылық еңбегі мен өмір өткелдері жайында қысқаша әңгімелей отырып, оның «Нұржан ақын» деген поэмасын және бір топ өлеңдерін оқырман қауымның назарына ұсынуды мақұл көрдік. Оның бұл поэмасына арқау болған Нұржан – Қызыларайда туып, қалың болыс Қарқаралы төңірегінде суырыпсалма ақындық өнерімен аты жайылған жерлестеріміздің бірі. Осы арада тағы да, әттеген-ай, дегізетін ұқыпсыздығымыз бен салақтығымыздың салдарынан сол Нұржекең айтқан өлең-жырлар да жиналып, теріліп ұрпағының қолына тимей отырғаны. «Ештен кеш жақсы» дегендей, оның ел арасына тараған, қазіргі немере-шөберелерінің қолына түскен туындылары болса «Орталық Қазақстан» газеті редакциясына жолдайды деген үлкен үмітімізді де үзгіміз келмейді...» деп жазады Базарбай Мұстафин ақсақал.

Заманында қарымды журналист, алымды азамат болған Базарбай Мұстафин тегін тебіренбесе керек – осы кітапты жинақтау барысында Дүйсенбек Исабековтың қатарласынан бір иық жоғары тұрған ақын екенін аңғардық. Осы кітапта толық берілген поэмасы да соған кешіл. Дүйсенбек ақын бір заманда денсаулық жайымен қартайған Біләл Нұржанұлының да атынан жыр-толғау жазып, ұрпағына мұра қалдырған.

Осы жинақта ұсынылып отырған Дүйсекең ақын өлеңдерін мысал етелік:

«...Дүр ақын атышулы дүрілдеген,
Жорға ақын тайпалғанда сүрінбеген.
Арқа мен Алатаудың алқабында,
Жер бар ма ақын Нұржан жүрілмеген.

Көсілген көмекейі кемелді ақын,
Шырқаса шымырлатқан төбеңді ақын.
Шешендік таңдайына жазылғандай,
Қиыннан қиыстырған өлеңді ақын.

Сарқырап тау суындай аққан ақын,
Нақысын өлең-жырдың тапқан ақын.
Түлкідей өлең қашса қия бойлап,
Аспанда ақиық боп қаққан ақын.

Үш жүзге өлеңімен жаққан ақын,
Тұлпардай – айқай шықса шапқан ақын.
Кез болып кер заманның кермесіне,
Қамығып кейде мұңын шаққан ақын...» деп
төгілдіреді. Білекең атынан жазған толғауына
ащы мысқыл, жеңіл әзіл салып, жырын әдіптейді:
«Қызыларай – қыр сұлуы Арқадағы,
Бір шеті – жер аруы Қарқаралы.
Туған жер, саған деген махаббатым,
Елуден ассам-дағы тарқамады.
«Ел жаңа, елу жылда» – сен де жаңа,
Мұнан да махаббатым артады әлі.
Кен болып ернеуіңнен асып байлық,
Күні ертең сен боларсың мәртәбәлі!

Тәкаппар көкке мойнын созған шыңдар,
Айталы адамзаттың сөзін тыңдар.
Қопарып жер көбесін техника,
Асылды, алар жатқан миллион жылдар...»

немесе

«Туыпшын Қалмақбастың бауырында,
Сап-сары Сарыөлеңнің сауырында.
Қырыққан күзем жүнді мезгіл екен,
Ежелгі желтоқсанның жауынында.

Жүндінің ұрпақтары Сарқасқамен –
 Сиқымбай, Сәлімбайдың ауылында.
 Көтембай, Көсембайы бәрі жиын,
 Бұршағы араласқан жауынында.

Қалжама бақытсыз деп лақ сойған,
 Оны да шығын көріп жылап сойған,
 Туышпын дүйсенбі күн дүлей түнде,
 Атымды Дүйсенбек деп сонан қойған.

Жасапты бес күннен соң бесік тойын,
 Сойыпты қасқыр тартқан ақсақ қойын.
 Ол кезде тарاماған арақ-шарап,
 Етті жеп, айран ішіп, етіпті ойын.

Ол кезде сенеді екен жауырынға,
 Апыр-ай, не тұр екен жауырында,
 Сорлы жұрт жауырыннан көреді екен,
 Тұрмыстың жеңілін де, ауырын да.

Үсембай сонда әдейі жауырын жаққан,
 Бар болса пәле-жала бәрін тапқан.
 Жұт болып, халық биыл күйзелер деп,
 Кім білсін алдын ала дабыл қаққан.
 Көрсетіп жауырынның сызат жерін,
 Халықтың мынау депті жасы аққан,
 Қырғыздар, осы бастан қамданыңдар,
 Апатқа ұшырайсың ерте сақтан.

Қырғыздар, құдайыңа сыйын дейді,
 Алдыңда тар жол, тайғақ қиын дейді.
 Жеті аяз жедел келіп жұтарсыңдар,
 Көшіңдер Қарқаралыға биыл дейді.

Көп қырғыз Қарқаралыға көшкен сонда,

Кез болса амал бар ма қалың сорға.
Асығыс менің әкем алда көшкен,
Депті де уалләһи сапарды оңда.
Кер өгізге құрымын артып алып,
Үсембай да түсіпті осы жолға.
Домбырашы, қобызшы, жауырыншы,
Адамның шешені еді сөзге жорға.
Қатты ауырып жете алмай Қарқаралыға
Қызыларайға қайтыпты орта жолда.
Келген соң кешікпей-ақ қайтыс болды,
Жаназасын шығарды қожа-молда.

Көшкен ел Жарлыға кеп жаппай қонған,
Күз айы салқын түскен жаурап-тоңған.
Жерінен қазақ-орыс жер алыпты,
Үй басы алым төлеп бөлен сомнан.


Үй салған шымнан қалап, асып-сасып,
Шуласып, уа, тәңірі, бер деп нәсіп.
Қара май ағызыпты қарағайдан,
Сол болып қысылғанда тапқан нәсіп...»
деп жырлайды.

Әсілі, өз тағдырын, әулетінің ауа кешкен өмірін ақын-жыршы атаулы қайғыға салып жырлайтын. Ал, тағдырдың талқысын алдын-ала анық көріп, соңында зар емес, жыр қалсын дер ақын ащы мысқылмен өз күйіне күйіне отырып, іштен жылап, сырттан күліп жазса керек. Қазақ, әлем жырында елден десі артық, мысы басым ақындар ғана солай жаза алған. Дүйсенбек Исабеков сол деңгейлі ақыны екен қазақтың. Бұл жайынан қазақтың әдеби қауымына жазарымыз, есімін жаңғыртып, өлеңін жария ету – біздің алғы міндетіміз.

Нұржан Шоңұлы шығармашылығы бұдан бұрында жалпы әдебиет қауымға есімі арқылы ғана таныс болып келді. 2017 жылы Қарағандыда жарық көрген «Аманат» атты жинақта ақынның бірер жыр-толғауы қамтылса, одан ілкіде Сейітқазы Әбдіразақовтың мақала-түсіндірмесімен мұрағатқа тапсырылған-дүр. Бірақ, кеңестік қайшының орамына ілігіп, тұтас толғауы түрлі ұсақ тақырыпқа бөлшектеніп, тақпақ деңгейінде ұсынылып келген. Ел ауызында сол кеңестік кесапат саясат ырқымен «Нұржан ақын – кедей шаруа ақыны, өлеңі әлсіз» деген ұғым қалыптасқан. Қазынасын ақтарып қарай отырып, бұл ұғымның мүлде қате екеніне көз жеткіздік. Оған патшакөңілді оқырман да осы жинақ арқылы көз жеткізеріне кәмілміз.

Қолжазба мұралары арасында парағы жоғалған, сиясы оңып, оқылмаған тұстары да жетерлік. Оны анықтау, жариялау болашақ еншісінде.

**Айдаржан Балтабайұлы,
Серік Сағынтай.**



АҚЫЛЫҚ

(Өлеңдер, гастан-толғаулар)

Әзәлда Падиша Құдай нұр жаратты,
Түбінде дарияның сол нұр жатты.
Бірқатар нұрдың тамған тамшысынан,
Ғаламды он сегіз мың жан таратты.

Сол нұрдан он сегіз мың ғалам болды,
Біреу ғазиз, біреулері надан болды.
Көкте малак болғанда, жерде инсан,
Алты күнде жаралып тәмам болды.

Жаралды біреу оттан, біреу желден,
Өзі өлшеп, баршасына ризық берген.
Зәредей топырақтан жан тербетіп,
Жаралып дүниеге адам келген.
Баршаңыз осы адамға ұйыңыз деп,
Асырған дәрежесін қауым елден.
Суырылды дәрғаһыма шайтан көнбей,
Тез өтіп жел айдаған мұхит-көлден,
Жолы ашық бұл лағынның қайда жүрсе,
Азалда фаруардигер ерік берген.
Ғылымға, тағы өзі бай жол тапты,
Өзіне қайда жүрсе, өзі сенген.
Көзінен бір иненің жол табады,
Жанында бір нәрсе жоқ еріп келген,
Көзіне ешбір жанның көрінбейді,
Тағы да лағұн қалмас еріп сенен.

Мекені бір Алланың орыны ғайып,
Біз оқып аят-хадис іштен байып.
Байтуллаһ сол уақытта жерде еді,
Құдайдың құдіреті таңғажайып.

Салайын сөйлеп сөзді орынына,
Тіл жетсе шарифатты сұраймын ба?
Жаса деп Меккетуллаһ нидә түсті,
Бұрынғы Байтуллаһ орынына.

Жалилге жарлық түсті пәрменменен,
Жасақпен хақтан түскен дәрменменен,
Пендеге күші жеткен фарыз болды,
Жетпеген өлмегі үшін арманменен.
Сонда халил Аллаға мінәжат қып,
Аятпен ант берді салсам деген.
Жан қинап күндіз-түні дамыл алмай,
Досына бітірдім деп хабар берген.
Бұл жайға хақ жүрегін жолға қойып,
Ізденіп сүйген пендең барар деген.
Тағы пәрмен, я, Раббым, өзіңнен дер,
Досынан тағы халил сұрап көрген.

«Жібердім тағы нидә, сөзімді ұқ,
Меккенің атын атап, басына шық.
Дауыста төрт жағыңа төрт мәртебе,
Байтуллаһ хақтың ойын жасадым деп».
«Қисасул-әнбиядан» оқып көрсең,
Мағұлым ғып көңіл ашар әртүрлі кеп.
Түскен нидә аятпен жіберілген,
Періште хабарлады халилге кеп.

Аятпен періштелер берді хабар.
Халил айтты «дауысым жоқ жанға жарар,
Әшкере менің сырым саған мағұлым,
Әр жерге көшің жеткен фаруардигәр.
Әмір айтсаң рұқсатсыз тоқтауым жоқ,
Жалғыз үн менің шыққан қайда барар?
Дауыстап бар үнімді жібергенмен,
Тау-тас, тоғай-орман шымылдық бар».

«Дауысыңның мен сенемін жарарына,
 Дүненің төрт бұрышына барарына.
 Пендемнің ықтияры еркі өзінде,
 Кім қабыл ләбайк деп аларына.
 Байтуладан дауысыңның екі арасы,
 Жаннатул бақия боп қаларына».

Жіберді дауысын сонда халил Рахман,
 Мұбарак тілі тасбих нұрға малған.
 Сүйінген мүминдердің рухлары,
 Раббына лаббайк деп қабыл алған.
 Дауысының жеткен жері екі арасы,
 Басылмай көпке шейін дабырлаған.
 Күнгірлеп, қышқырумен салауат айтып,
 Қозыдай енесіне жамыраған.
 Сұрады сонда Ибрахим бұлар кім деп,
 Дауысымды мехрланып қабыл алған.
 Мұхаммед Мұстафаның үмбетінен,
 Таралып көп жан болмақ зүриатынан.

Ғалам фақыры Пайғамбар Мұхаммед деп,
 Көп келер сол досымның мекеніне.
 Ләуһу тіләм сыдыра тіл мұнша әрлер,
 Бір соның жаратылған құрметімен.

Ибрахим соны естіп қайран болды,
 Әрнеге Раббым сенің көшің барды.
 Мені де Маһшар күні танитындай,
 Зүриятыма менен неге сыр қалмайды?
 Халилдің бұл тілегін қабыл алып,
 Бір Алла Жәбірейілге пәрмен қылды.
 Ибраһим пайдасына қабылдадым,
 Жәннатта гөфір атты бір гүл бар-ды.
 Алладан солай әмір болғаннан соң,
 Гөфірді оң қолына алып салды.

Тұз екен жәннаттағы гөфір жемісі,
Кен болып жер-жаһанға жеткен тегісі.
Ибраһим пайғамбардың дұғасымен,
Баршаның пайдасына болған емші.

Айтайын тағы бір сөз келді мұнда,
Еріндер, сөз өрнегін оқып тыңла.
Өткір тіл, қате сөйлеп жазым кетіп,
Асылықтан сақтай гөр, нағузубилла.
Тіл жеткенше шарафатын мен сөйлейін,
Нәсіп ет, күллі жанға Әлһамдулилла.
Оразғұлдан жол ашты Ермек қажы,
Көрсем деп, хақтың үйін, Байтуллаһ.
Бай падиша, пақыр, ғалым бәрі де өткен,
Дүниені келген адам арман қылма.
Тірлікте пайғамбардың сүннетін тұт,
Бір күні кірмегің хақ жерден қынға.
Әнбиа, нәби, мурсал, абзал шерлер,
Бір келіп, бәрі де өткен дүние сұмға.
Сауап тауып, тағат қыл тірлігіңде,
Өлген соң, табамыз ба сатып қолға?

Тірлікте жан тілейді бір құдайдан,
Әркім-ақ орын бар деп жақсы жайдан.
Ізденіп Ермек қажы барып жатты,
Жаннатул орын алып бақи жайдан.
Ғылым, білім, данышпан сақи болып,
Қосылған, жомарт екен атқа тайдан.
Беглік, дәулет, бақыт бірдей онда,
Қанша жыл дүниеде салған сайран.
Ғұмырын ақылымен таразылап,
Босатпай, жан қамытын тастап ойдан.
Ажалдың аяусыздық, тұзағымен,
Көз жұмыш талай бағлан, кетті-ау қыран.

Аққудай қатар ұшқан қанат қағып,
Бесеуі шұбай жөнелді-ау пәруанадан.
Мал түгіл, жолдасына жанын қиған,
Кім өтті жомарттықта Байтас байдан.

Бір тауаф қылып еді бұдан бұрын,
Әшкере Құдай білер пенде сырын.
Мұңдасып әртүрлі сыр айтқан екен,
Әбеу мен Рахымжанға жазғытұрым.
Қаза қашық, пәледен жырақ болсақ,
Көрейін пайғамбардың тағы нұрын.
Оспандай ескі жолдас табылмайды,
Және де Қоспабаймен болма қырын.
Асқынбаса, жүріңдер Ожаң болып,
Береке, табылмайтын бұл бір сырым.
Жағалап жат жүрмеңдер жақын елмен,
Білетін болдыңдар ғой елдің сырын.

Соны айтып рұқсат алды осылардан,
Және қызық көрмекке біткен малдан.
Екі жолдың біріне берер құдай,
Тұра ма мәңгі қолда дүние жалған.
Жалғанның кең қызығы кез болады,
Өткен соң сыңғыр түзеп Қарқаралдан.
Ал, мен де сізден қалмай барайын деп,
Көңіліне Жазыбек бай тауфиқ алған.
Әзалда Лаббайка деп жазған Аллаһ,
Дүниені сүюші еді жібек талдан.
Сапарға амандасып тартқан сайын,
Жүрегі ғарыптардың дүр-дүр жанған.

Әлі де көз көрмеген түрлі таң бар,
Дүниені өтпейді деп жүрген жан бар.
Мал шіркін тасты талқан қылады ғой,
Жөнелді алты күнде Баймақандар.

Бай еді бір мүсәпір ақ безерген,
Саудагер Жұман кезіп кәсіп терген.
Оншақты келтесінен ғалым жинап,
Бұрынғы атасына хатым берген.
Дүниеқұмар надан ғой деуші еді жұрт,
Мұнысы артық дейді көзбен көрген.
Дәулет, перзент ежелден кеткені жоқ,
Сол күнде перзенті жоқ, әйел ерден.
Пендеге ақыл құрған, дәулет – сабыр,
Иллахи пенделікте тәуфиһ берген.

Сіздермен мен де бірге барамын деп,
Талпынды Шойын мырза белді буып.
Әкесі мұратына жетпей кеткен,
Жол таппай төңкерістен қайтып келіп.
Хақтың дүние үшін біреу еді,
Сатымды тас жүрегі майдай еріп.
Көрмеген жақсылықты көрсем бе деп,
Қош айтты дүниеден көңілі жеріп.

Қажылық атасына ат байлады,
Жақсы сөз жұрт әуелі жақтайлады.
Ақыры өз мақсаты мақұл болып,
Ғаріпке патша құдай бақ байлады.
Мұңы жоқ малдан бөлек жүрген ерді,
Әзәлде жазулы иман оқтайлады.

Бес бағлан осылайша жүріп кетті,
Қыс түсті, бірнеше ай, күндер өтті.
Ат байлап аласұрып қатын, бала,
Қыс кетіп, енді келіп жазға жетті.
Мың тоғыз жүз алтыншы жыл март айы
Қажылар қайтты деген хабар кепті.
Бесеудің бағланы қажы Алшекең,
Бетінде бара жатқан қаза кепті.

Айнала мол Мәдинаның арасында,
 Шаһиттік дәрежемен қалды депті.
 Мұхаммед Мұстафаның раудасында,
 Қасына Құдай досты алды депті.
 Хабары жансыз сымның осылайша,
 Жанатул бақи жайға барды депті.
 Басына қара тұман түскендей боп,
 Қалың ел Қара мен Шор қайғы шекті.
 Жан біткеннің қожасы жалғыз Алла,
 Сипатпен қалай айтам мына кепті?

Би атам жан жиналды ордасына,
 Ие болмай төгілген көз жасына.
 Қамалып естіртуге қиналды елі,
 Ет-бауыр жақын-жуық, жолдасына.
 Қан жұтып қамалды жұрт, жаны күйіп,
 Тағдыр сол қолдан келмес ол басында.
 Қалай жаны күймейді қарап тұрып,
 Бақ-дәулет қонған сабаз бір басына.
 Жабырқамай жанқияр мінезі жоқ,
 Жан жолдасы жаман-жақсы өз қасында.
 Жүрегін қалай жармай айта аламыз,
 Өлді деп Біләл менен жолдасына.
 Бетім жоқ айта алатын менің-дағы,
 Әр сөздің салармын мен саласына.
 Жалғыз сен жаратушы өзің Сүбіхан,
 Жүректің шипа берсін жарасына.

Осылай сөздер сөйлеп, жиналған жұрт жыласып,
 бір-біріне тоқтау айтып болғаннан кейін, жас-кәрі,
 ел адамдары ақыл-тоқтау айтып болғаннан кейін,
 әр атаның адамдары асқа шай-қант, сойылатын
 малдарын дайындап, бөлісіп алып, «Алшекең аман
 келе жатыр екен» дейді. Той жасаймыз деген лақап
 сөз таратып, жүздеген ел иелері құрасып ордасы-

на келіп, бірнеше үйлер дайындап, қаншама ел шақырып, той жасайтын беттерімен әкелген малдарын соя бастап, «ертең-бүрсігүні қажылардың алдынан ат алып, пәленшелер жүремізбен» отырады.

Қуанышты қарсы алып, ақын Нұржанға домбырамен өлең айтқыза бастайды. Осының 49 бетінен бастап 18 мың ғаламның жаралуынан қозғап айтқан сөздердің ақырын, осының 82 бетке шейін сөйленген сөз – Алшекең қажының шаһит дәрежесін алғандығы және ол кісі Жаннатул бақида қалғаны туралы мадағы.

АҚЫН НҰРЖАННЫҢ СӨЗІ

Осы барған бес қажы, бесеуі – Оразғұл байдың нәсілі, Қаракесек руы. Аруақты ер би Сеңкібайдың шөбере балалары. Бұлардың ішінде Алшынбек қажы Тоқтарұлы екі заманда Қарқаралы оязы, Семей губерниясында, яғни Семейге қараған 81 болыс елден таңдаулы би, сейсенбіде үш жүздің басын қосқан съезіне жалпы халықтың қалап, өткелсіз көпірге жұмсаған желқайығы болатын. Арғынның «Қарадауылы» деген атақ беріп қайтарған орта жүздің биі еді. Осы би қажы Алшынбек Тоқтарұлы еді.

Тағдырға жалғыз ием Жаратқан хақ,
Асығып ғаріп пенде болмақ халак.
Хақтың да шын сеніп сүйген жанға,
Сиынар жерде пенде, көкте малак.
Ойлатып аз дәулетін сырттай толғап,
Алшекем бір-екі жыл қылды талап.
Көрсем деп пайғамбардың раудасын,
Толқиды тіршілігін көпке балап.

Қағусыз Қарашордың еркесі еді,
 Маңдайдан орын берген Тәңір қалап.
 Ортадан озып шыққан жүйрік еді,
 Сүйінген көрген халық тамашалап.
 Көп көрген тіл қызығын, ел қызығын,
 Бермеген дұшпан жауға арашалап.
 Өткелі жоқ өкпеге көпір салған,
 Жаудан да бір тіл алған жанасалап.
 Балалар жас күнінде кемшілігін,
 Жалбарынып Аллаға айтып жүрді санап.
 Қақ жарып қалың топтан озған тарлан,
 Қалатын достар күліп, дұшпан шулап.
 Пайдасыз қиын жерге ел жұмсаған,
 Тұрмайтын ержүрегі аттай тулап.
 Ноқаттай жолдастыққа қарасы жоқ,
 Айласы дұшпаннан да неше бунақ.
 Сөзбен даттап мадағын тауыса алмайсың,
 Қозғалып іш ауруым барады улап.
 Жоқтамасқа тағы жоқ сабыр тағат,
 Бір сұңқар көп үстінен ұшқан зулап,

Зор тұтып бір-екі жыл қылды тойын,
 Зар ұрды тұра ма деп хақтың ойын.
 Бақ-дәулет баста, қызық, қатын-бала,
 Хәммәсін ойламады жалғыз тиын.
 Балаларға басшы жоқ аймағында,
 Көңілге осы жері болды қиын.
 Таппайды ел-жұрты аңсап іздеп,
 Береке жүрген жері күнде жиын.
 Айламен қара қылды қырқа білген,
 Күн де өтер, керек күнің, қайран биім.

Адамды топырақтан қылған перне,
 Орынсыз сөз келіспес сөйленерге.

Тартынбас тас жүрегі қайран сабаз,
Салсаң да жөн табатын елді өрге.
Меккеге ахиретке айдады Алла,
Деген ғой нұр жауады талапты ерге.
Бақыты бір пенденің сондай болар,
Қағусыз ерке болды қалың елге.
Еңбегін елі сыйлап ақтаған соң,
Халқы үшін түсетін қара терге.
Тұншығып айтқан сайын ес алаңдап,
Жүрегім бара алмайды пәлен дерге.
Шын сеніп Қара мен Шор жұмсайтұғын,
Белсентіп қиуасыз қиын жерге.
Жайдары жанға бірдей қызыл алтын,
Күйе ме жұрттың жаны мыспен жезге?
Наркескен қыннан шыққан тат баспаған,
Қайран ер үні жарқын көрер көзге.
Алыс-жақын баршасын жақын көріп,
Боп кетті бордан жұмсақ осы кезде.
Бірнеше жан қатар жүріп амал жасап,
Есіл ер төзуші еді-ау әр мінезге.
Әділеттің тауфиқ жолын қолына алып,
Көптікке бағынбаған қиын тезде.
Бет қайтып зәредейден көргені жоқ,
Қосылды бала кезден дүбір сөзге.

Қайран ер ебін біліп тарықпаған,
Қасынан жан ренжіп зарықпаған.
Пенденің жаман-жақсы барлығы дос,
Көрген-білген қызықтан жалықпаған.
Алланың сүйген құлы өз пендесі,
Сұңқардай ел үстінен қалықтаған.
Қарашор қалың елдің еркесі еді,
Баладай бесіктегі шалықтаған.
Дүниенің опасызы еске түсіп,
Құлазып ғаріп көңіл арықтаған.

Ет жүрек елжіреді-ау жанып тұрған,
 Біткендей сәулесі өшіп жарық тәмам.
 Ердің сыры тарихта мәңгі тұрған,
 Тарихым мағұлым емес алыстаған.
 Жәрдем бер балаларға, жалғыз Алла,
 Түк өнбес қайғылы іске айтқан зардан.
 Қалайша біз ойланбай тоқталамыз,
 Кім артық нәби, мүрсал, шаһариадан?
 Исламның қуаты үшін жанын берген,
 Шаһиттер кеткен дүние талай бағлан.
 Осыдан ғибрат алсақ қайтер еді,
 Сайқал да мұның бәрін етіп жазған.
 Сауатсыз момындардың бейтанысы,
 Сіздерге сұрау міндет оқығаннан.
 Қам үшін әркім өзі өз жанының,
 Зиян жоқ сұрап-біліп тоқығаннан.
 Кәләм – шын, Құдай – жалғыз,

Пайғамбар – хақ

Иллаһи әмин деп, осыған нан.
 Бар күшті бір Алланың өзінен деп,
 Біз білсек құтылармыз тосылғаннан.

Иранлар, айып етпе ғазылнамам,
 Мінезін айта берсем бітпес тамам.
 Көзден таса, көңілден жат болады,
 Жайнаған нажағайдай қайран заман.
 Кешу ап ел-жұртынан көп жылады,
 Қосылса жақсы-ақ еді есен-аман.
 Дәм бітіп тән шарбағы хараб болса,
 Туған соң кім өлмегі ата-анадан?
 Барша ғалам жаралған құрметі үшін,
 Расулым сол да күшті бұл панадан.
 Алла берген бақыт пен дәрежесін,
 Ойлап, төксең көз жасың болмас саран.

Раудасын Пайғамбардың мекен етіп,
Қасында Пайғамбардың қалған адам.
Бұл жайды орыным деп айтып жүрді,
Меккеге бір жыл бұрын баспай қадам.
Мадағын қалай сөзбен тауыса аласың,
Алладан тіршілікте хабар алған.
Алланың шын еркесі болды емес пе,
Бос қалды алдамай-ақ орыны жалған.

Еш пенде бұдан бетер көрмес қызық,
Тауаны қайтпай кетті өрге жүзіп.
Қанша жыл ел қызығын көретінін,
Әуелде маңдайына қойған сызып.
Көкірегі – шежіре, тілі – майда,
Сөйлесе сөз бермеген түрді бұзып.
Қиядан қисынсыз сөз кез келгенде,
Қайран ер тартынбайтын өзі қызып.
Қиянат көлденеңнен келген кезде,
Өңмендеп жан қорғамай болған шыжық.
Ахуалын дүниенің таңырқаумен,
Дариға-ау, кетеміз бе күдер үзіп.

Мен сөздің енді ашайын сөйлеп кілтін,
Айтпаса дамыл таппас көңіл шіркін.
Ал хукіми лиллаһи деп аятта айтқан,
Біз қимаспыз пендеміз болмас мүмкін.
Қабыл ғой зияраты Ин шә Аллаһ,
Дүниенің кім тауыспақ теңіз мүлкін?
Ғалым, пақыр, хан, падиша, жан біткеннің,
Бәрінен өткен дүние дүркін-дүркін.
Қателікті бір Аллаға жаба салмай,
Қапелімде тоқтай ма көңіл шіркін.
Ескіріп таң шапағы тозғаннан соң,
Бар үміт қаз-қалпында ойын-күлкің.

Таусылмас айта берсең сөздің қалпын,
 Ұмыттармыз жер бауыры қандай салқын.
 Осынша ел-жұртына ерке болды,
 Қайтеді ренжітпесе сонша халқым.
 Айтып-айтпай немене дүние осы,
 Күнде той, күнде базар емен-жарқын.
 Медресе, мәсжид қып мекен салып,
 Даусыз қылып кеткені-ай қалған артын.
 Сені тастап жәннатқа кетсем деп ем,
 Жалғанда орындалып қойған шартым.

Қажығаным болмайды-ау болмашыға,
 Мезгілі осы қайтетін ол басында.
 Көз көргенде қай пенде бұдан асты,
 Қажылық атақ қалды ордасында.
 Ел іші, өз үйінде бір түс көріп,
 Меккеде қалам деген жолдасына.

Жолдасым, көрген түсім мағлұм деді,
 Бір тойға көп жолдаспен бардым деді.
 Астыма мінген атым – боз жорға атым,
 Жарысты мен қауыммен салдым деді.
 Бірсыпыра үздік озып жайға шығып,
 Адасып қауым елден қалдым деді.
 Көзім кетіп, ой түсіп айналақтап,
 Гүл шашқан бір бақшаға бардым деді.
 Иісі аңқып бақшаның аралаумен,
 Аңғармай түн болғанын қалдым деді.
 Түсімде мен ұйқыда өзім жүріп,
 Осы екен деп Меккетуллаһ бардым деді.
 Адасып елден үзіп қалғандығым,
 Меккеде енді барсам қалдым деді.
 Тілегіме сәйкестеп көрген түсім,
 Алланың жақсылығы нандым деді.

Баршасы – беру-алу бір құдайдан,
Ас бітсе пайда болмас ауқатыннан.
Халқына Қара мен Шор жаман-жақсы,
Қаза деп айта алмаймыз оңайынан.
Іздеген арманына жеткен сабаз,
Дүниенің кім көшпейді сарайынан?
Аллаға еркін оғлан шығар болды,
Пайғамбар орын алды мекенінен.

Аушаның Рүстемі ер Ғалыдан,
Ерлердің қалған дүние талайынан.
Еркесі екі дүние қылған Алла,
Бұған біз өкінеміз қалайынан?

Бар қиын бөлек лауһиде жазған Алла,
Бірге өскен ерлер де өтті бұл жалғаннан.
Сабазды көз жасымен кір шалмасын,
Тілек айтып жылайық Құдайымнан.

Жеткізді кімді арманға дүние фәні,
Егер бұл бақи болса, нәби кәні?
Мұхаммед Рассулла да сол да көшті,
Жаһанның екі бірдей раушаны.
Дүниені пері мініп сайран қылған,
Кімде бар Сүлейменнің қылған кебі?
Дүние үшін аман қайтып келмеді деп,
Асылықпен жоқтаймыз біздер оны.
Қиямет майданына жиналғанша,
Бұлардың шірімейді шариф тәні.
Ағла шаһид болған адамзаттың,
Маһшарда белгілі екен қызыл қаны.
Шын еркесі, пендесі бір Алланың,
Ұжмаққа дақыл болды ғазиз жаны.
Қасына миллатым деп алып жатса,
Мұхаммед, Құдай досы, Пайғамбары.

Сыртында олар жүрсе зүриятым деп,
 Сыдық пен Ғұмар, Ғұсман, Әзіреті Әлі.
 Қуаныш-қайғы екеуі егіз тұр ғой,
 Жыламай қалай шыдар адам жаны?
 Осыдан ғибрат алса мүминдер,
 Тұрмайды жарылқамай Алла оны.
 Ләһуламда мұссаніфтер ашып жазған,
 Ризалық жүгі Лилә деген қаны.
 Тауфиқсыз қайғы адамды қор қылмақшы,
 Кірмейді шарифатсыз сөздің сәні.
 Бір пенде осындай-ақ болсын ғазиз,
 Дүние ғой келіп қайтпақ жанның бәрі.
 Айтып-айтпай ғұмырда белгі болмас,
 Күнде өтпек күні бітсе жас пен кәрі.
 Қолымен ешкім созып жете алмайтын,
 Алшекем – екі дүние сыр дәптері.

Жан шыбын бір мүсәпір жаһан кезген,
 Өлшейтін аз бен көпті көңіл безбен.
 Тапсырып нәсібін де қадыр мәулан,
 Қызығып көп көрдіңіз бала кезден.
 Ерлердің ел билігін көбін білдің,
 Осындай кімдер өтті, көрдік көзбен?
 Үйде отырып түс көріп айтып еді,
 Рұқсат бұл тартуға сұрап сізден.
 Данышпандық ойымен түсін жорып,
 Жақсылығын Алланың біліп сезген.
 Ұмытпа, мәңгі сақта осыны өзің,
 Жалғанға көңілі толып сол күн безген.

Қорқыныш, үйде отырып қылды қауіп,
 Жеттім деп көз көрмеген жайға шауып.
 Кешегі шаһриардың мысалындай,
 Алладан айтып кетті хабар тауып.

Шаһитті көз жасымен кір шалмасын,
Сабыр қып, біз жылайық ауық-ауық.
Іздеген мақсатына жеткізді Алла,
Біз жылап таба алмаймыз енді тауап.
Иншалла шапағаты бола бермек,
Балалар, бола берсін арты сауап.
Халқыңды ренжіте берсең егер,
Сертіңнен қажыға айтқан кетіп ауып.
Әншейін сіз де бір жан екен деп,
Кетпесін жан жолдасың қабақ жауып.
Әрине кейбір мінез еске түссе,
Көрінбей жылау қиын айтып тауып.
Сабыр, тауфиқ – қайғының тірегі бұл,
Қалар да мүмкін ойдан есің де ауып.

Солайда қиын келді, ей, Күнсары,
Пенденің өзінде емес ықтияры.
Жалғанның бұл бес күндік ортасында,
Сіздей болса сүймейді кімнің жаны?
Ажалға илансын деп келіп-кеткен,
Мұхаммед Құдай досты Пайғамбары.
Кім келіп, кімдер өткен шіркін дүние,
Мақұлықтың өлмегі хақ баршалары.
Осыдан ғибрат алса ғаріп пенде,
Неге тағат қылмаймыз жанның бәрі?
Исламды қорған үшін орнатқан соң,
Қайтты ғой күллі ғалам хақ сардары.

Қайран ер отанына көзге мығым,
Басқа – ақыл, жанға – сая, жауға – тығын.
Төменнен шарқы ордалы ауыл болды,
Өзінің айтып болмас жомарттығын.
Ислам бұл Мәдинаның арасында,
Жас өмір талабы сол бопты шығын.

Шаһиттік дәрежесін берген құлды,
 Шығын деп бұл сөз қата айтатұғын.
 Тауафқа беттеген бұл шаһизат,
 Қоштасып жолын айтты қайтпайтұғын.
 Шарбағынан шыбын жан шыққанынша,
 Пендесінде болсаңшы биттей ұғым.
 Жалған үшін біз жылап қимағанмен,
 Көнсе жерге кез болады тоқтайтұғын.
 Өзі іздеп жан жетпестей жайға барды,
 Пенделер қанша іздеп таппайтұғын.
 Жете алмай мүждаһиттер кеткен талай,
 Көп іздеп осы жайды жатпайтұғын.
 Ин шә Аллаһ тілегі сай орынын тапты,
 Көңілге беріп тәуба сақтайтұғын.
 Жан бітіп көкіректі ойлы адамның,
 Орыны қасіреттің жоқтайтұғын.

Жаннатул-бақидан орын алды.

Қалу иннәлһу Лиллаһи уа инна илаиһи ражи-
 ун.

* * *

Мен жаздым жоғарыда Біләл атым,
 Руым – Қара мен Шор, Қара – затым.
 Тарихтап хатқа салып қойғым келді,
 Ғұмырда көзім көрген ғаламатым.
 Бұдан төмен сөз қозғар шежіреден,
 Ағлан айтқым келеді елдің қалпын.
 Өмір шақ ойға түсіп, жасым толыш,
 Дүниеден тартқан неге көңіл салқын?
 Тап келсе ажал аяп тастамайды,
 Қош, ризамын, жастық өмір қайран жарқын.

Алланың бергеніне мың шүкірлік,
Айтып-жазып таусылмас сенің нарқың.

(Қолжазба қызыларайлық ақын Қоқым Біләлұлының соңында қалдырған дәптерінен алынды. Бұл жазбалар 2017 жылы Қарағандыдағы «Тенгри» баспасынан жарық көрген «Аманат» жинағына енгізілген.)

АДАМНЫҢ ТУЫП-ӨСКЕН
ЖЕРІ ҚАНДАЙ

Адамның туып-өскен жері қандай,
Тұңғиық, түбі терең көлі қандай!
Болса да басың патша жат сыйламас,
Әркімнің қаны бірге елі қандай!
Таласқан ойын-шынды әзіл, афат,
Жамылған әруақтың белі қандай!
Біреуді бір күн сыйлап, қонақ қылып,
Дабыра, жұрт ауызында желі қандай.
Қадірлім, қасиеттім келеді деп,
Пісірген, қаймақшытып төлі қандай.
Ары бар, ақылы бар азаматтың,
Жүретін көп үстіне тілі қандай.
Балаңды ел қадірлеп шақырғанда,
Жүрегің шалқып соғып жылығандай.
Қазақтың сол сияқты мирасының,
Көңілге қасиеті, пұлы қандай!
Бұл дәурен бір қайырылып келер ме екен,
Дұшпаның, дос қуанып, ұлығандай.

Айдынды ақ отаудың буы қандай,
Дұшпанға, сыртын көрген туы қандай.
Қадірлеп, ағайынын қонақ қылып,
Жиналған тілектестің дуы қандай.
Баланың біреуіне біреуі айтып,
Жүгірген қуанышпен шуы қандай.
Залалсыз ырық бұзбайтын ағайынның,
Жүрекке майдай тиген сөзі қандай.
Қол ұстап амандасып, дидарласып,
Жиналған тұстасының нуы қандай.

Кеттік-ау сол сияқты өскен жерден,
Кір жуып, кіндік қанын кескен жерден.

Жүректі жүйрік қиял тербетеді,
Басыңнан талай күндер кешкен жерден.
Қиыспас, қыршын жандай құрбы-құрдас,
Өлсек – көр, шықсақ – төбе дескен жерден.
Бірге өсіп, бірге жүріп, өмір жасап,
Бір тілім нанды бөліп жескен жерден.
Рахат-михнат пен егіз нәрсе,
Қолыңнан, не қиындық кешкен жерден.
Қазақтың ескі ғұрып ғадетінде,
Талқылап түйілгенді шешкен жерден.
Халайық: «сен тірі бол, азамат!» - деп
Ыстық жел, қол шапақтап, ескен жерден.
Еру ел көшкен елге қайран қалып,
Көзіңді тамашасы тескен жерден.

Сықырлап, келіп қалған қысы қандай,
Қар жауып, мұз қатырған түсі қандай.
Пішен сап, отын жиып, қора жамап,
Байлардың қабаттаған ісі қандай.
Күні үшін жалда жүрген кедейлердің,
Аянбай еңбек қылған күші қандай.
Далада нешетүрлі мақұлықтар,
Дүниеде шауып-желіп ісі қандай.
Берген соң құдай қуат, өлместей хал,
Солар да күн етеді үсік алмай.

ЖАЗ

Көшпелі ел мал семіртіп алты ай жазда,
 Жағалай үйін тігіп салқын сазға.
 Көкдауыл қаршығаның қырандарын,
 Бозбала қырғын салып үйрек, қазға.
 Тізілтіп кешкітұрым алып қайтса,
 Таңданып ақсақалдар өнерпазға.
 Таласып қанжығаға қыз-келіншек,
 Бой жазар әзілдесіп мұң мен назға.
 Жаратып, ат жүйрігін сынастырған,
 Қараңғы ел сөйтіп көрген күнің аз ба?
 Елде барда – адамда аштық бар ма,
 Қыдырып қымыз ішкен ез бен таз да.

Мал бағып көшіп қазақ қылған машық,
 Үй жығып, таңмен бірге ұйқыны ашып.
 Дені сау тоқты сойып, жемей бағып,
 Көбейген сөйтіп шаруа алға басып.
 Мал қамы үшін таласып жер мен суға,
 Құтырған ақымақ байлар судай тасып.
 Өмірде мал қолынан кетпестей боп,
 Ғылым, білім жолынан аулақ қашып.
 Семіріп, біткен малды көтере алмай,
 Құртқан партияға босқа шашып.
 Қайырын шашқан малдың көрмегендер,
 Үйіне жете алмайтын сонша жасып.
 Құр малды ішпей-жемей босқа бағып,
 Беретін би, болысқа қорқып-сасып.
 Кедейді қасқырдан да жаман көріп,
 Алмайтын сәлемінді кәпір пасық.
 Өлімнен, жалшылықты қиын көріп,
 Кедей бар ғылым құған ақылы асып.
 Көп елге сондай еңбек сіңіргендер,

(Қолжазба анық оқылмайды)

...жемісінің жиды нәсіп.
Білімге аяр малдан жұмсамаған,
Маңдайға жазбаған соң шараң нешік.
Еңбектің бақыты ашылған азаматтар,
Қалап жүріп ... жарды кешіп.
сөз, ауызына тамақ келді,
жаратқаннан үміт кесіп.

АҚЫЛ

Ми – патша, ақыл – дария кеңес құрған,
Нәпсі – жел, көңіл – өзен толқын ұрған.
Жүрекке осылардың бәрі қонақ,
Суретсің, айырмасаң, босқа тұрған.

Жүгіртіп ойға-қырға қиял-саңлақ,
Жанқияр қосылмайды жолдас таңдап.
Ақыл мен жұпар заттас деген сөз бар,
Жолдасын тауып ұстар ақыл аңлап.

Ақыл бір алтынға ұқсас доп-домалақ,
Белгісіз қанша екені неше қадақ.
Ақылға азбын деген жан болмайды,
Көрсетіп ала алмайды ешкім қадап.

Адамның өз ойынша бәрі де алтын,
Кемдікке санамайды ешкім қалпын.
Толқынды жарыс болған майдан жерде,
Әркімнің көп сынайды шама-шарқын.

Қиялды ғазиз ақыл тартар төмен,
Желігер жеңіл ойлап емен-семен.
Тал бойын, талмай, жанға сынаатады,
Мастанбас құр атаққа пәлен деген.

Жәбірден ақылды адам сақтанады,
 Жандыға жапа істеуден ықтанады
 Біреудің қалтасында жұпары бар,
 Өзі айтып көрінгенге мақтанады.

Арызда әдеп-ұят, қан бола ма,
 Сүйекте қурап қалған тән бола ма?
 Аңқып тұрған жұпармен ақыл ұқсас,
 Екеуін танымайтын жан бола ма?

Бір жауһар ақыл деген өзгермейді,
 Жілікті шаға алмаған сөзге ермейді.
 Айнымас, айтса қайтпас тас жүректі,
 Бір жерге осы екеуі кез келмейді.

Байғыздай ақылды адам жүреді ойлап,
 Түбіне жүрегiнiң терең бойлап.
 Ақыл мен ақымақтың арасы алыс,
 Ақымақтар шоққа тастап шығады ойнап.

Біреу жүр мал құмары арын сатып,
 Күліп жүр кейбіреулер таңға қатып.
 Азамат, ат байлаған ақылдылар,
 Байқайды бәрінің де дәмін татып.

Ақыл мен бақтың, малдың күндесі көп,
 Құралып тұзақ құрған тілдесі көп.
 Сүйекке қоса біткен бір үлкен жау,
 Халықтың білгенінен білмесі көп.

Жақсы болсаң күндейді тап өз ауылың,
 Кедей болсаң безеді туған бауырың.
 Көзге ілінсең әртүрлі сөзге ілініп,
 Ортасында жүресің үлкен даудың...

Бір мирас жамағайын көре алмайтын.
Жау келсе жанабына келе алмайтын,
Кінә тұтсаң азамат болмағанын,
Жатып үрер, ақсақ ит өле алмайтын.

Кез қылма ақымақтың амалына,
Қаудан өрт тастап қашар қамалына.
Досыңнан, дұшпаныңнан бірдей сақтан,
Таймастай талап жағып табаныңа.

Наданның кім түседі пиғылына,
Айдайды қайда қиын, шұғылына.
Жақсы қатын, өмірлік жан серіктің
Шамаң келсе, қарап қон тұғырыңа.

БІР КҮШТІ КӨҢІЛ ДЕГЕН ПІЛ ЕМЕС ПЕ?

Бір күшті көңіл деген піл емес пе,
Жас дәурен жалбыраған гүл емес пе?
Айдынды қызыл тудың арқасында
Жастардың таңдап қонар күні емес пе?

Қызыл ту күшіне енді шектен асқан,
Жайнатып жер жүзіне гүлін шашқан.
Коммунист, комсомолмен перзентім деп,
Артына Ленин жолдас қылған дастан.

Құбылмалы дүние сылдыр қаққан.
Жаңылмай жалғыз Ленин ізін баққан.
Пландап, дүние жүзін оймен жеңіп,
Жастардың көп еңбекпен шамын жаққан.

Рас, Ленин дүниеге шамын жаққан,
Істедім деп қылған жанға мақтан айтқан.

Тап жолына тамшыдай жанды қиып,
Төңкерілсең, қырандай түлкі қаққан.

Күнің туды, коммунист, ойлағандай,
Асау жүрек бұлқынып бойлағандай.
Тап жолына тап басып табаныңды,
Жауды еркіне күшің бар қоймағандай.
Көк сүңгісін көтерген Тарғындай-ақ,
Қызуына қызыл ту тоймағандай.
Еңбектерің күн санап алға басты,
Жердің жүзі гүлденіп жайнағандай.
Көре алмайтын дұшпанның бәрі бұқты,
Зығырдан, бойы жетпей қайнағандай.
Жалындарың сыртыңнан шашылып тұр,
Мың кісіден біреудің таймағандай.
Ожанның Рүстемі секілденіп,
Күйретіп дұшпаныңды шайнағандай.
Қызыл ту – құралдарың, ұрандарың,
Бірінді-бірің жауға қайрағандай.
Сөзіңмен ет-жүректі балқытасың,
Бұлбұл құс қанат қағып сайрағандай.
Көзіміз көріп жүрген деп болмайды,
Көпшілік күләм құрып сайлағандай.
Талабың айқын көзге көрініп тұр,
Басыңды тап жолына байлағандай.

Жолдастың көңілім тойды көбін сынап,
Еш адам тап жолына емес қылап.
Бәрінің өткен күні ойында екен
Кешегі бай қолында жүрген жылап.

Коммунист көңілім тойды жолдасыма,
Жан қиып отыратын жол басында
Тамшыдай қан, шыбындай жанын қиып,
Өлетін Ленин тіккен ордасында.

Біраз тоқтап өтейін өз басыма
Жүрегімнің жол беріп қолқасына.
Мұқтаждықтың көп түсіп талқысына
Себеп болған қызыл ту көз жасыма.

Жұмыртқа балапан боп қалықтадық.
Көбелек, торғай қуып жалықпадық.
Қышқашы кедейліктің берік ұстап,
Қол созып, бой жаза алмай арықтадық.

Сегіз жаста молдадан алдым сабақ,
Бай баласы береді күнде тамақ.
Кедей ұлын ықыласпен оқытпайды,
Белгілі боп тұрады қас пен қабақ.

Ұқпайсың деп қояды тысқа қамап,
Надандыққа соқырлық қосып жамап.
Жылы жүзді болмайды кедейлерге
Көк шыбықпен қояды көтке сабақ.

Оқытқаннан мұнысы қиын болды,
Сөз естіп, таяқ жейтін сыйым болды.
Қазақша оқып мүддәріс болмайын деп,
Ауыр жүк жүрегіме түйін болды.

Ғылым жайын сөйлестім әр балаға,
Шыр айналып қашады айдалаға.
Іздегенім жолдас пен көмек қажет,
Тұрмыс шіркін, қол қысқа жайғала ма.

Ақыл сап, ата-анаға еттім талап,
Қостады мақұл сөз деп әкем қалап.
Қалаға апарудың қамын қылды,
Қолдағы бір сиырын жоққа балап.

Старшын мен тілмаштан жол хат сұрап,
 Бірнеше күн алданып болдық халас.
 Бір сиырын көп көрді Нұржекенің
 Әркім мазақ қылады тамашалап.
 Кейде ашу, кейде шыны көмек сұрап,
 Әкем жауап айтады жанасалап.
 «Жандарың ашыса сиырымды,
 Көмек қосып, алып бер арашалап.
 Жалғыз сиыр баламнан аяулы ма,
 Отыруға шыдаймын отқа қарап.
 Көмек деген сөзіне ауыз ашпай,
 Отырғандар жайына кетті тарап.
 Бір сиырмен қалаға бас сыйғызып,
 Күнелтіп қыстан шықтым ұрттап-жалап.

Ойладым жаз шыққан соң, Семей барсам,
 Облыстан үлкен город қажет алсам.
 Көрмеген жер тағы да қиын ба деп,
 Жоқтық, шіркін, жүректі қылып жалтаң.
 Дүние жүзі адамға бәрі де орын,
 Қажетіне ұстауға болса қалтаң.
 Қу елінің мінгесіп бір адамға,
 Августа жүріп кеттім сыбай-салтаң.

Қатты ыстық август күні Семей барсақ,
 Школ көп кіретұғын көзді салсақ.
 Иін тегін, тамағы тоқ көрінеді,
 Өзіміздей балалар басады алшақ.
 Зор қуаныш жүрекке сезім кірді,
 Бізде осындай болсам деп тұра қалсақ.
 Үш жыл мен приходта жүріп оқып,
 Бітірдім, техникумды арып-шаршап.

Көмегі қазынаның сегіз теңге,
 Қажет жоқ үйден келер мұнан өңге.

Сөйтiп жүрiп бiтiрiп техникумды,
Қуандым шыққандай боп құба дөңге.

Жарлының ол кездегi күнi қандай,
Iздедiм шаршадым деп жолдан танбай.
Ес жидық Кеңес үкiмет саясында,
Рабат кеш болмайды әуел жанбай.

Деген бар сабыр түбi – сары кенiш,
Түспейдi ойға алғанның бәрi тегiс.
Дүниеге Кеңес үкiмет ту тiккен соң,
Гүлденiп жер бауырына шықты жемiс.

Бостандық дүниеге жайылды ұран,
Төңкердi Ленин атты сайыпқыран.
Шыбындай жан, тамшыдай қанды құсып,
Отырған тап жолында бiз жас ұлын.

Қызыл ту саясына келiп сыйып,
Уанып, көзiмiздiң жасын тыйып.
Азамат қатарына сыналамыз,
Үкiметтiң саясында естi жыйып.

Бас тартпай тап жолына...
Шыбындай жан, тамшыдай қан.
Еңбекшi тап елiнiң бәрi солай,
Баршаның адал құқы қолға тиiп.
Кешегi бай мен бектiң құл мен күңi,
Жойған күн жас өмiрi татып күйiк.
Дүниеге кеңес үкiмет ту тiккен соң,
Бәрiнiң мәртебесi болды биiк.

Осындай халмен өткен бiздiң өмiр,
Жастай жапа тартқан соң талап кемiр.

Көтеріп көк шалғынға тіккен үйді,
Бұл шақта көтерілді қамшы көңіл.

Тарихта сондай болған өткен күнім,
Жасырған мақұл емес бұрында мінін.
Анаңның емшегіндей сорғалаған,
Еңбекпен жиып өтерміз дүние гүлін.

Тұрлаусыз тоқтауы жоқ дүние ағын,
Таппаған іздеген жан тиянағын.
Төңкерген талай досқа опа қылмай,
Келтіріп шығарында қия жағын.

Баянды ғылым – дария, толқынды ағын,
Жас өмір көшпелі алтын, бұ да сағым.
Жетпекші ер ізденген мақсатына,
Өмірдің ойлап көрсең бәрі шағын.

Ғылымның неше тарау өрісі бар,
Рахаты, жанға жайлы келісі бар.
Адамға екі аяқты, талап еткен,
Миуалы пісіп тұрған жемісі бар.

Мінеки, түссең, жастар, ғылым ағын,
Талаптың сындырмасын толқын сағын.
Ғылымның суын ішкен жеміс жейді,
Кедейдің жаратуда ашса бағын.

Мысалы ғылым – дария, адам – бүркіт,
Дарияға жанаспайды надан үркіп.
Бақытты, нәсіп жазған кедей ұлын,
Талаптың жатқызбайды өзі-ақ түртіп.

Айдаса сол дарияға жүрек түртіп,
Тұрмайды зейінді адам бойын іркіп.

Дарияның неше алуан жемісі бар,
Түлкі алып ұясына қонар сілкіп.

Бақыт бір айтқан сөздің расында,
Тұрмыстың ғылым себеп қиясына.
Асырап ата-анасын азаматтар,
Шарықтап жем тасып жүр ұясына.

Шалықтап ғылым суын жалдаса еркін,
Тез жуып ағартады тұрмыс көркін.
Ұшатын дариядан қанат алған,
Азаптың сөндіреді жанған өртін.

Көңілдің сөйлеп шері тарқасын да,
Жас өмір – ғылым ізде арқасында.
Қызық бар онан басқа дей алмаймын,
Өмірдің бұл бес күндік ортасында.

Біз кедей ғылым суын іше алмаған,
Жол тауып еңбекші тап түсе алмаған.
Бұрынғы Николайдың заманында,
Көрсетіп ғылым жайын кісі алмаған.

Ауданға ғылым суы келді ағып,
Ұшатын жастар үшін қанат қағып.
Жасасын айдыны үлкен қызыл тудың,
Кедейдің гүлдендірген шамын жағып.

Еңбекші бұрын көрген күнің қиын,
Тұрмысқа неше тормен салған түйін.
Ғылымның қылышымен құлаттық біз,
Тұрмыстың крепостпен салған үйін.

Дария ғылым деген толқыған сен,
Жалғанда ешнәрсе жоқ ғылыммен тең.

Шомылып, ғылым суын қанып ішсең,
Той сенде, өмір сенде дүние де кең.

Дүниеге Кеңес Үкіметі тікті туын,
Пландап жау мөлшерін неше буын.
Жаһанға еңбекші деп ұран салып,
Бүркеулі дарияның ашты суын.

Сенемін қазақ отан қылған қоныс,
Жұрт айтты жеті миллион қанша болыс.
Кедейді жанабына жолатқан жоқ,
Алғандай еншісіне қазақ-орыс.

Октябрь төңкерісі ұлы мейрам,
Дариядан қоныс берді қыл деп сайран.
Қызығын еңбегінің аз күн көрмей,
Шулатып еңбекшіні кетті-ау қайран.

Үкімет жан қиямыз кеңесіне,
Жолатпай жанды жауды денесіне.
Дүниенің малын-жанын Романов,
Сыйғызған қазақ-орыс өңешіне.

Ту тігіп Кеңес үкімет ашты бетін,
Айдыны дұшпандарың жарды ретін,
Жан құрбан өсиетін орындаймыз,
Күн сайын асырамыз қасиетін.

Жан берген еңбекшіге арыстаным,
Бір өзі жер жүзімен алысқаным.
Ұранын құралы мен қолға беріп,
Арман сол өзің кетіп алыстадың.

Жемісің түпсіз дария – ғылым деген,
Жол тиіп бұрын бізге білінбеген.

Үкіметтің саясында қандай болдық,
Қатарға қараңғы едік ел мен мекен.

Көрмеген бір жарық ең ғылым деген,
Жанымсың рахатың көп күлімдеген.
Саған келген адамға қосылады,
Жан жолдас жүрегіне білім деген.

Жолбасшы қолға түссе білім деген,
Ұстайды бабын тапса сүрінбеген.
Бұрынғы қараңғылық күні құрысын,
Ен малды ішіп ұйықтап, жүнін жеген.

Болжаған дүние жүзін Карл Маркс,
Сабаздың көтермеген жүгін
Үлгісін Кеңес үкімет қолдануға,
Дұшпаннан өздерімен бірі тартыс.

Ленин ғой сонан қалған ұядағы,
Көзге атты тап жауларын қиядағы.
Қара жер бауыры суық қойынға алды,
Рақымсыз дүниенің жоқ тиянағы.

Домалақ дүниенің екі жағы,
Нанбаған қараңғы жұрт бұған-дағы.
Ғылымның дариясынан жалдағаның,
Ашылды тірлік деген тұрмыс жағы.

Ал, жастар, өмір деген қисық жолдық,
надан дүниемен кәмпән болдық.

...

Міне, біз көр басына келіп қондық.

Мәңгілік құтты болсын қызыл туың,
Жүректі тәрбие етті тірлік буың.

Бұрынғы сорлы қазақ бал деп ішті,
Әлдилеп Николайдың берген уын.

Қол созып, бойды жазып тұрғызбады-ау,
Мал, шіркін жоламады болып қастан.
Түспеді уысыма бірде-бірі,
Қоспалап мен де құдым шаршамастан.
Тұрмыстан нелер қиын соққы жедім,
Мен жалғыз, қолқанат жоқ бала жастан.
Қолдағы бір сиырды жоққа санап,
Отырмын балам үшін өзі аштан.
Мағаш барып ғылымға қатысқан соң,
Мысқалдап болды тірлік алға басқан.
Талапты ерге нұр жауар дегендей боп,
Үкіметтен, сақтадық жан жеміс шашқан.
1923 жыл өткеннен соң,
Сәулем сол сонан бергі көзімді ашқан.

АБДУЛХАМИТ

(Дастан)

*(«Мың бір түн» ертегісінің нәзира аудармасы.
Қолжазбаның алғашқы беті жоғалған)*

...Сол күнде бай болған жоқ мұнан асқан,
Жүзінен дүниенің көзін ашқан.
Жиһазын дүниелік айта алмайды,
Қымбатлы лағыл, жауһар, асыл тастан.

...

(қолжазбаның бір парағы жоқ)

...

Бағдаттың түгел жиып өңкей байын,
Басында падишаның өзі тұрып,
Мәселе, шешетұғын көптің жайын.
Тәртібі падишаның осыншалық,
Бәріне қазынадан тамақ дайын.

Сол күнге жиылатын қанша халық,
Тарқайтын көп алдынан тағылым алып.
Ашқа тамақ, тон беріп жалаңашқа,
Қарайтын әділ патша көзін салып.

Кем-кетік әділ көзбен бәрін көріп,
Нашарға байтал малдан һараж беріп.
Сол күні мәжіліске бай мен бектің,
Ұл-қызы келген екен түгел еріп.

Жұмада бас қосатын халқын жиып,
Падиша еді атағы зор бақыты биік.
Баласы бай мен бектің жиналышты,
Жас бойға жарастықты киім киіп.

Тамаша жарастықты қызық болды,
 Бірінің балаларын бірі сүйіп.
 Базарлық көрімдік деп беріп жатыр,
 Нәрсеге көз тартатын жымыс түйіп.
 Бәрінің қожайыны Ғалаһиддин,
 Бір түрлі қапаланды іші күйіп.

Осындай мәжілісте ойға түсті,
 Тағдырда кім көрмейді жазымышты.
 Біреудің ұлын көріп, қызын көріп,
 Қайғысы Ғалаһиддин тола түсті.

Мәжіліс енді байға ұнамады,
 Қошамет ешбіріне қыла алмады.
 Қалтырап қазандағы жапырақтай,
 Ішінде қалың елдің тұра алмады.

Қапа боп, ой бұзылып, қайғы тартты,
 Бірінен уайымының біреуі артты.
 Алдыңғы өткен күнге жаңа өкініп,
 Отырмай мәжілістен үйге қайтты.

Арғымақ, ат жегілген қаракөктен,
 Қымбатты сайманменен арба жеккен.
 Өкініп өтіп кеткен өміріне,
 Көзінің запырандай жасын төккен.

Жүректі толқытатын қиял жел-ді,
 Уайым жібермейтін сары бел-ді.
 «Уай, қатын маған опа қылмаған» деп,
 Осымен Ғалаһиддин үйге келді.

Кіргізді басын үйге есік ашып,
 Бұрыннан тәрбиелеп қылған машық.

Көзде жас, көкіректің қапасымен,
Біртүрлі жүдеп айтты сонша жасып.

Осындай ауыр хәлге жолыққан кез,
Қатыны біле қойды ойламай тез.
«Кеңестен ерте қалай келдіңіз?» деп,
Мырзадан білмек үшін сұрады сөз.

«Ей, қатын, шатылынған біздің көңіл,
Артқан жүк бір басыма емес жеңіл.
Арбаған қысыр жылан басты байлап,
Алданып өте шыққан екен өмір.

Ей, қатын, болды менің қайғым қалың,
Ішімді барады улап, сыртым жалын.
Жүректі ерте жеген қасірет еді,
Шыдаған жетпеген соң саған әлім.
Серік ізде басыңа деп сұраушым,
Мехнатпен жиып жүрміз кімнің малын?
Өткен күн, көрген қызық бәрі бекер.
Мойыныңда қияметтік қалды обалым.

Жаңбырға жер көктей ме жауғанменен,
Ессіз адам сөзге ауғанменен.
Тас бедеу өмірімді жойып кетті,
Аяй ма қысыр жылан сауғанменен».

Айтылмай сөз қалған жоқ бұған тіпті,
Кеміткен жаралы сөз бәрі бітті.
Жүректі у ішкендей зыр-зыр қайнап,
Кеңестен болып қайтқан көңілі күпті.

Қатын айтты, «Ей, мырза, сөзім тыңда,
Орынсыз маған бекер кінә қылма.

Бедеулік менен емес өзіңнен де,
Мен аяп шыдап келдім мұнша жылға.

Мен сізді аяушы едім әу басынан,
Еркектік кемдігі жоқ саудасынан,
Бойымды сенің нотпаң ерітпеді,
Ойлаңыз кім жаңылды тәубасынан.

Себепсіз Алла ешкімге бос бермейді,
Қатынды еркек тіпті дос көрмейді.
Жақ ашпай бұған шейін өмір өтті,
Бойға еріп, сенің нотпаң қош келмейді»

Отырды Ғалаһиддин сөзін тыңдап,
Толтырып сөйлеп жатыр қатын шындап.
«Ашпай-ақ айыбыңды жүріп едім,
Орынсыз болдың маған кінә қылмақ.

«Салмадым сырыңды ашып көпке» дейді,
«Бейкүнә айыптауың сеп пе» дейді.
Өз қалыңды білмеген жаһил байғұс,
Мен сенен кетемін» деп өкпелейді.

«Ей, қатын, саған мағлұм менің сырым,
Жан бөлек, жолдасымсың балдан шырын.
Бұл қайғы екеуімізге бірдей нәрсе,
Сен маған неге айтпадың бұдан бұрын?

«Алланың көңіл қойып құдіретіне,
Ерте-кеш басты байлап қызметіңе.
Бұрын мен басыңды ойлап айтпаушы едім,
Тәтті өмір аялаған перзентіне».

Сөз тоқтап осыменен пісе қалды,
Жасаулы даяр тағам іше қалды.

Бұрыннан кінә қылған сорлы жазған,
Мойындап көңілі балқып түсе қалды.

«Әй, қатын, айтқаныңның бәрі де он,
Кен болмас ақтарғанмен бір қатқан тоң.
Дау іздеп табибтардан сұрайыншы,
Сен маған айтқан болсаң бұрыннан соң.

Қатынсың әуел бастан ұрғашы жақ,
Құдайға жақса пенде күнәдан пәк.
Әлбетте, қатын, сенен жөн сұраймын,
Мұның, сен, қалай болар дауасын тап.

Сен маған бала жағын қылуың міндет,
Аз емес мені дұшпан жүрген күндеп.
Болмаса, тағы маған кінә қылма,
Армансыз жазылып көр өзің іздеп».

Қатынды ырза қылды байы келіп,
Айтылған арасынан ашу сөніп.
Таң атса табибтардан сұрамаққа,
Құмартып Ғалаһиддин жатты көніп.

Ерлетіп, таң атқан соң мінеді атты,
Қыдырды атқа мініп Бағдатты.
Қалғанын жар-достардан сұрайын деп,
Бір өңкей достарына келе жатты.

Белгілі талай досқа іздеп барды,
Көбісін қадірлестің жиып алды.
«Меңде бір үлкен кесел науқас бар» деп,
Сыр айтып талай жанға ақыл салды.

«Жарандар, білесіңдер біздің хәлді,
Қызықтап жиып жүрмін мұнша малды.

Бірге ішіп, бірге жүрген жар-достарым,
Сіздермен ірікпедім қолда барды.
Уайым бұрын ойға келмеуші еді,
Жас-дағы мұнша жерге келіп қалды.
Қолда ойнақ, көзде тығын ешнәрсем жоқ,
Пенде жоқ ойлап тұрсам менен зарлы».

Әуелі болмақ қажет ерлі-зайып,
Бір құмардан шығады көңіл байып.
Ойы болмақ, адам болмақ тіршіліктің,
Әртүрлі қажеті бар таңғажайып.

Жанға батты сырт айтқан жұрттың тілі,
Өмір кешті, қызықсыз мұнша жылы.
Ойламайын десең де ойлататын,
Бала деген адамның қызыл гүлі.
Балалы үйдің отының басында ойнақ,
Баласыздың немене көрген күні.
Ұшқан құс, жүгірген аң, жан-жануар,
Бәрінің бала емес пе жаны-тіні.

«Мен қатыннан талайдан жапа көрдім,
Рақымсыз, жаусыз деп жаза бердім.
Тасқа жаңбыр жауғанмен көктемейді,
Арасына сиғызбай көк пен жердің.

Жаралап жаман айтып, тілмен шағып,
Жолдасқа қайырсыз деп сөзбен қағып.
Жауаптың ақырында соны да айттым,
Біреудің өтермін деп малын бағып».

Қатын маған мынадай берді жауап,
«Басқан ізің, құтыма қылсам тауап.
Себеп менен екенін айқын біліп,
Бауыздасаң қолыңмен болар сауап.

Мен балаға мұқтажбын сізден көрі,
Қан боп қатқан көңілдің қайғы-шері.
Сізге он алты жасымда қосылғанмын,
Еш адамға сырым жоқ сонан бері.
Ерлі-қатын екеуі жолыққанда,
Бой шымырлап адамның шығар шері.
Сенің нотпаң тәніме тастай тиіп,
Жақтырмайды баланың жатар жері.

Жауса жаңбыр жасаңдар гүл-бәйшешек,
Мені тасқа көңіліңнің қылған есеп.
Менің бойым тәніңді жақтырмайтын,
Ерімейді нотпаңның бәрі кесік.
Аяп айтпай жүрдім деп көп жылады,
Айтсам дұшпан қылар деп басыңды өсек.
Күнәсіз деп қатынға көңілім сенді,
Досқа түгел бола ма сөйлемесек.

Жайылып жұртқа сырым болмасын лап,
Достарым ерін қысып, етекпен жап.
Тәнімнің сол сияқты кемдігі бар,
Осының жұмсайтұғын дауасын тап».

Бұл сөзді кім ақылмен аңғарғандай,
Надан көп көріп адам таң қалғандай.
Аудырып жауыз қатын бейшараны,
Жұртқа айтып қалған екен сандалғандай.
Ашынасын еркін қолға ұстамақ қой,

...

Қатын мен мал қиясы қалған ғой деп.
Жан ашып кейбіреуі шамданғандай,

Сырт қарасып тарқады бәрі күліп.
Қатынға азған қиясы надан біліп,

Ғалаһиддин орынында қала берді,
Мазақ қылып бәрі де кетті жүріп.

Отырып Ғалаһиддин қапаланды,
Бір түрлі ойға шомып шаталанды.
Көбінің күлген сиқын көрген сайын,
Көзінің жасын төгіп жапаланды.

Достың сықақ қылғаны қандай қиын,
Ауыр жара жүрекке болды түйін.
Көптен зарлы арманын айтамын деп,
Достарының істеген көрді сыйын.
Көшеде көп сандалып күн өткізді,
Шығар деп ем іздесем тағы шиім,
Апиынқор бар еді бір әумесек,
Елден сұрап алатын тамақ, киім.

Қайғымен Ғалаһиддин өзгереді,
Деген ғой есіткенді көз көреді.
Бір күні намаздігер уақытында,
Дүкенде сол қияли кез келеді.

Ғалаһиддин қатынға құлап еді,
Себеп салып айтқан сөз ұнап еді.
Әумесерден осыны сұрайын деп,
Сықақ қылып, сыр айтып сынап еді.
Дауысын, білемін деп сап еткізді,
Қиялидан мазақ қып сұрап еді.

Жүрушім Ғалаһиддин көңілім толмай,
Өмір қолда тұра ма бір күн солмай.
Баласыздық мәнісін іздеп еді,
Таза болсаң біріңнен кінә болмай.
Әлдеқашан балалы болмас па едің,
Не қатыннан, не байдан кесел болмай.

Баласыздың себебі бәрі сондай,
Қатын сөзін қабылдап қарсы аламын.
Кесек болса шіриді бойға қонбай,
Қиялының жүрегі қиынға тап.
Көп дәріні сұрайды атын атап,
Он түрлі дәрі алғызып басын қосып.
Уатып қағазға орап қылды шатақ,

Ақылыңмен сөзімді тыңда, байым,
Маған керек дәріні қылдық дайын.
Әуелі таһарат алып, бұл дәріні,
Бірін жұт қатыныңа жатқан сайын.

Сен мұны айтпаған соң маған бұрын,
Мен талайдың ашқанмын мүшкіл сырын.
Дәрет алып, дәріні аш, ықылас қыл,
Жарылқаса ерік бар Құдай құлын.
Сізге білген емімді сатайын ба,
Он қалаштық ақша ғой менің құным,
Қиялидың сөзіне көңілі балқып,
Жүз тілләнің ләпкеден берді пұлын.

Дәрет алып дәрісін таза күтті,
Достан сұрап көңілі болған күпті.
Әзәлдә сонан себеп болмақ екен,
Қатынға көп кешікпей бала бітті.

Далбаса ойын айтқан оған адам,
Пенде жоқ Бағдатта содан надан.
Қабыл ғып Ғалаһиддин ықыласын,
Бір Алла пәрменімен жарылқаған.
Бір заманда толғатты бай қатыны,
Тоғыз ай, тоғыз күні бітіп тәмам.
Ақ жарылқап, күн туды бейшараға,
Ұл тапты қуаныш боп есен-аман.

Қуанып Ғалаһиддин қылды тойды,
Мол қылып әр түліктен малын сойды.
Жалғанда жалғыз көрген жарығым деп,
Ауызын ләбкәсінің ашып қойды.

Ат беріп жаяуларға мініп ал деп,
Тон беріп жалаңашқа киіп ал деп.
Ғалаһиддин айтады қатынына,
Малың тұрсын, жолдасым басты сал деп.

Қожада Ғалаһиддин дейтін затын,
Ұстауға еңбексіз мал қандай батым.
Отыз күн ойын-сауық сайран қылып,
Мешітке, медресеге қылып хатым.
Жиылып Бағдаттың молдалары,
Баланың Ғабдулхамит қояды атын.

Қайырлы байға кедей асылады,
Төмендеп кішілік қып бас ұрады.
Аштың хәлін білмейтін надан байлар,
Бермек тұрсын сыйыңды қашырады.
Ғалаһиддин бұрыннан сабырлы еді,
Бұрынғыдан екі есе асырады.
Кімде кім жас баласын сылтау қылса,
Қажетін тәмам беріп шашылады.

Той өтті бірнеше күн болып сауық,
Қарттар тойып, жастары атқа шауып.
Нәпақа Бағдатқа азық болды,
Бір нисап, фәріп міскін олжа тауып.

Мал алды басты адамдар ортаны ойып,
Шаттанды кім жетісіп, аштар тойып.
Тарқады бір заманда жұрт мақтасып,
Баланың Ғабдулхамит атын қойып.

Атаның бала өседі саясында,
Баладан ата-анасы аясын ба.
Жалғзын жер астында асыратты,
Бақтырып бір оқымыс дайасына.

Баланың жер астында тілі шықты,
Дайасы тәрбие еткен сонша мықты.
Бірден онға жеткенше жер астында,
Ғылым пән он екі дүр бәрін ұқты.

Данышпан бек мүләйім дайа мәһрі,
Ғылымға жетіспейді жанның бәрі.
Он бес жасқа жеткенше оқытады,
Сүйрей берсе кетпекші онан да әрі.
Анасынан туғанда осы бала,
Толған Айдай бар еді бет-ажары.
Жарық көрмей өсіріп жер астында,
Сарғайып запырандай болған сары.

Бір күні атасына арыз етті,
«Мұнша жыл жер астында өмір өтті.
Көңілді қиял билеп қиырға айдап,
Дерттеніп өлер хәлге халым жетті.

Жүректі, ғазиз ата, дерт қармады,
Өзімде қиял билеп, ерік қалмады.
Сарғайып запырандай болған кезде,
Тәнімде сарғаймаған ет қалмады.

Адамның уайымы гүл далабы,
Қуатты тәуекелмен ер талабы.
Өлімнен бір ноқаттай қаупіңіз жоқ,
Дүниядан өлмейінше кім қалады?
Жасаңдап жаңбыр жауса жердің жүзі,
Жайраңдап күллі ағаштар ырғалады.

Өлмей адам, қала ма сормай Тәңір,
Түбіне еңбегінің кім барады?
Бір өзіннен басқаны танымайтын,
Мен баласы дегенге кім нанады?

Осындай атасына ақыл берді,
Ренжіп, көп мағлұмат нақыл берді.
Жас өмір қапаландым деп жылады,
Асыл сөз атасына мақұл келді.

Ей, балам, мақсатым бар жалғыз ұққан,
Зарлы едім қу бассың деп атым шыққан.
Дүниенің нешетүрлі апаты бар,
Саламат бола ма деп тіл мен сұқтан.

Атан, балам, адасса кінә қойма,
Парасат біліміңмен күліп-ойна.
Тілмен сұқ көп нажастан қауіп еткен,
Түбіне бұл сөзімнің терең бойла.

Сақтандым осылардан қауіп көріп,
Сөзіңе кетті балам көңіл еріп.
Той қылып жер үстіне шығарсам деп,
Жүр едім уәлаятқа хабар беріп.

Беремін мал-жанымды, балам, саған,
Мұнымен болар ма екен көңілім тәмам.
Жаным құрбан сөзіңді сындырмайын,
Бара түр екі күнге мұрсат саған.

Шошиды баласының сөзін ұғып,
Қапа ғып жер астына сонша тығып.
Бағдатқа хабар жасап той қылмаққа,
Сөз беріп баласына кетті шығып.

Баланың көңілі толып ақылына,
Өзінің қатты ренжіп ғапылына.
Баласын жер үстіне шығаратын,
Той қылмақ баян қылды қатынына.

Жалғанда жақсы кісі бойын бағар,
Адамзат еңбек қылса, дәулет табар.
Баламды жер жүзіне шығарам деп,
Той қылып уәлаятқа қылды хабар.

Шығатын сахараға қызыл гүлі,
Бұл үшін сарп болады қанша пұлы.
Күтуге қауым көпті даярлады,
Өзінің қызметкер, күң мен құлы.

Бағдаттың хабар қылып қаласына,
Үй тігіп Ніл дария жағасына.
Қисапсыз төрт түліктен мал сойғызып,
Көлеңке миуалы ағашына.
Берген дәм, шашқан қазына таратылып,
Бұлардың сан жетпейді бағасына.
Осы той көпке дейін кеңес болып,
Мәжілістің кіріп жүрді арасына.

Әуелі ұлы тойдың мәні керек,
Екінші сауық-сайран сәні керек.
Садақа ғәріптерге көптеп тықты,
Үшінші мол жететін дәмі керек.
Екі аяқты адамның баласына,
Төгіліп қалып жатыр болып ерек.
Жастарды Ғабдулхамит өзі күтіп,
Қарттарды Ғалаһиддин күткен бөлек.
Патша да уәзірлерін даяшы ғып,
Қуаныш-шаттығына қылған көмек.

Бір қызық дәурен болды талай заман,
Ел тарап той басылды есен-аман.
Фатихтың Бағдатта керуенбасы,
Бар еді басқа жұрттан азғын адам.

Жастарға азғын адам келіп еді,
Әркімге ақыл-ойы бөлінеді.
Ғабдулхамит мырзаға құмарланды,
Ақ жүзін толған Айдай көріп еді.

Азғын сарт қайдан келді селтектеген,
Шайтандай байлауы жоқ елпектеген.
Елу жасқа келгенше қатын алмай,
Малғұнның өмірі өткен еркектермен.

Бұл тойда ханзада да, балғын да бар,
Не жауыз, жан шошитын малғұн да бар.
Бұрыннан әдет қылып пайдаланған,
Тілектес әлгі сартпен азғын да бар.

Ал, енді сартты Құдай ұрмасын ба,
Мінгені шайтан әуре қылмасын ба.
Тіл алсаң оңаша бір жолықтыр деп,
Мұңын айтты бұрынғы сырласына.

Бұл бай-батша емес пе жаңа көрген,
Уәлаятқа той жасап, хадия берген.
Керуенбасы, ақылың қайда кеткен,
Аяушы мың қызметі қолдан келген.

Сарттың көңілін қалдырды сырын айтып.
«Жолама» деп екінші мұнда қайтып.
«Олай болса керуен ғып жолға шығар,
Қызықтырып тамаша сөзін айтып».

Бұл сөзге жас елігіп ерер дейді,
Жолда қызық тамаша көрер дейді.
Өзіне жолда ғажайып көп деп айтсақ,
Бұларға, шын әлбетте, көнер дейді.

Сарт кетті құмар болып бетіменен,
Азғындық шайтан жеңген ниетімен.
Жол қызығы біртүрлі тамаша деп,
Көпке сөзді кіргізді ретіменен.

Жас бала жер жүзіне жаңа шыққан,
Қас пен дос емес жұрттың сырын ұққан.
Дүниеде көз көрмейтін қызықтардың,
Бірі айтып, бірі қостап көзге тыққан.

Сұрады Ғабдулхамит жолдың сырын,
«Сыртқа шыққан жоқ едім бұдан бұрын.
Күн қызық алтын табақ көкте тұрған,
Майда жел бетке соққан балдан шырын.

Тамаша мұның маған бәрі қызық,
Қарауға көз тоймайды көңілім қызып.
Түнінде жымыңдаған сансыз жұлдыз,
Зинаты жер мен көктің сонша түзік.
Қапасы жүрегімнің түзілген жоқ,
Қанша жыл жер астына отырғызып.
Құрбыны, өздеріңді көрмеген соң,
Таяндым өлер халге ойды бұзып.
Тіршілік қуанышқа той жасалып,
Ғанибет дидар көрген күнге шыжып.

Әуелі өздеріңмен үйренейік,
Біз кімнің жөнін білмей жиренейік.
Бой жазып адамшылық жолын танып,
Жол жайын содан кейін ізденейік.

Жер жүзін көпшілікпен қаптады шаң,
 Тас-топырақ бетін соққан баршасы таң.
 Күркіреп көкте бұлттар жанбыр жауса,
 Қандайлық күнелтеді жолдағы жан.
 Жұрт айтты тірлік өлім баршасы егіз,
 Алланың рахметі көп ұшан-теңіз.
 Барлық-жоқтық бәріне жолдас емес,
 Амаңдық жанға-тәнге берсін деңіз.
 Жел айдап, күн кептіріп жайғастырса,
 Қурайды, жан рахат оған неміз.
 Алыс жолда күн жетер өмір болсын,
 Көлік күйі жетер жер су ішеміз.

Адам басын тартпайды көп дегеннен,
 Жолдың жайы қиын екен ептегенмен.
 Ыстық-суық солардың бәрі жаман,
 Адам жанды қинайды жетпегенмен.
 Менің жаным қорқады бәрінен де,
 Жол жүріп бұрын бейнет шекпегем мен.

Жоққа барды қылмайды ешкім теңес,
 Оның үшін айтпайды адам егес.
 Талап деген адамды жатқызбайды,
 Оған нәпсі қосылып қызыл өңеш.

Ащы менен тұщыны татқан білер,
 Алыс пенен жақынды жортқан білер.
 Бір жылда тоқсан тоғай аралайды,
 Жол жүріп жаһан кезген саудагерлер.

Жаһанда көз көрмеген түрлі таң бар,
 Бақ-дәулет пәндесіне жаққан шам бар.
 Адамның ішкі сырын оймен шешкен,
 Данышпан кең толғаулы талай жан бар.

Судағы бұл бай-батша балық дейді,
Білмеген ешнәрсені қалық дейді.
Піспеген шикіліктің кеселінен,
Талаптан, тоқталады қалып дейді.

Судағы балық қой деп бәрі күлді,
Сөз айтып көпшілігі әрбір түрлі.
Отырған сол жердегі өңкей жастар,
Мысырға жол жүруге қаулы қылды.

Көрген соң Ғабдулхамит қапа болды,
Жол жүрмеймін дегенім қата болды.
Мен де бірге сіздермен жүрейін деп,
Маған да хабар қылып атады енді.

Сонымен, той басылды халық тарап,
Төгіліп қалды жерде шекер шарап.
Керуен жүрер күнге шарт айтылған,
Солардан қалмас үшін қылды талап.

Пәлен күн жүреміз деп жасалды хат,
Бұларға сөз байланды өзгеден жат.
Танытып Бағдатқа жалғыз ұлын,
Қуанған Ғалаһиддин көңілі шат.

Көп сөз бар осы кептің парасында,
Бағдаттың нан төгілді қаласына.
Тәртібі молдығы мен осы тойдың,
Мәжілістің кірді дедік арасына.
Отырып Ғалаһиддин қатынымен,
Сөйледі көп насихат баласына.
Қанша мал, қанша жұртқа жай салғанмын,
Қамап ап енді балам аласың ба?
Жатып іш, қалай төксең мал жетерлік,
Алланың берген бізге панасында.

Баршасын құл мен күнің азат қыл деп,
Түсіріп, үгіт айтты санасына.

Күнәға көрсетеді қанша барын,
Тамаша салған сарай мүкәммалын.
Көз көріп, тілмен сөйлеп бұлай емес,
Құбылған, фәни дүние от пен жалын.
Жол жүріп жаһан кезген дүние жиған,
Өзінің бастан кешкен айтты халін.
Осынша дәулет бітіп өмір сүрдім,
Қайғылы шерменде едім көңілім жарым.
Қызықсыз дүние жиып күн өтті деп,
Сөйлейді бастан-аяқ мұң мен зарын.

Атаның Ғабдулхамит сөзін ұқты,
Бой жазып жер жүзіне жаңа шықты.
Жоғарыда Ғалаһиддин айтып өткен,
Баршасын құл мен күңнің азат қыпты.

Қуантты бостан қылып талай елді,
Бас патша Бағдаттың көзі көрді.
Киер киім, ішер ас, үй тұрманы,
Бәріне күн көретін енші берді.

Тарқады құл менен күң адыр асып,
Енші алып бой жасады жадырасып.
Екі дүние рахатын ұстады деп,
Сөз болды ел аузында дабырасып.

Бір есеп атасының көрді байын,
Таусылмас қандай төксе бәрі дайын.
Жастарға тойда отырып сөз байласып,
Сөйледі әкесіне жолдың жайын.

Анасы зар жылады бастамай-ақ,
Жалғызым жүрсен жүр деп қостамай-ақ.
Жолдан қалсам ел мазақ қылады деп,
Ұқтырып айтып өтті тастамай-ақ.

Бұзылды атасының қажып түсі,
Жол жүріп бейнет көрмек – жоқтың ісі.
Өмірін жаһан кезіп өткереді,
Қаражат, отыруға келмей күші.

Қиын ғой жоқтың күні көлбегенмен,
Қажиды адам түзде шөлдегенмен.
Ыстық-суық адамды жүдетеді,
Ажалсыз жан көнеді өлмегеннен.
Мұның бәрін басына көтереді,
Жатуға әлі тұрмысқа келмегеннен.
Әумесер маскүнемдер азғырған ғой,
Оның бәрі дұшпан ғой ел дегенмен.

Шырағым, саған өмір бергей Алла,
Таусылмас кірдің, міне, байтал малға.
Көп зарыққан сорлыңды әуре қылмай,
Екінші мұндай сөзді ауызыңа алма.

«Ей, ата, енді менің сөзім тыңда,
Қиын сөз қолдан келмес болған мұнда.
Жастармен жүрмек болып уағда бердім,
Жалғаншы, уағдасыз деп рәсуа қылма.

Анасы кеп көзінің жасын төкті,
«Хал-жайын атаң, балам, айтып өтті.
Зарығып шаршап көрген қызығым-ай,
Аңдыған дұшпан қайдан әуре етті?

Қылған ғой маскүнемдер сені мазақ,
 Көргелі сахараны күнің аз-ақ.
 Басына пәндесінің кез қылмасын,
 Болмайды, қауіп-қатер жолдан дұзақ.

Тоқта, балам, азғынның сөзіне ермей,
 Рахатты жаныңа реніш бермей.
 Тоқтамасаң, ала кет екеуімізді,
 Отырамыз біз қайтіп сені көрмей?»

«Өздерің қонақ күт деп әмір еттің,
 Тік тұрып қадыры қыл қызметтің.
 Көп ойын тіршіліктің талқысында,
 Бір жерге сөзі қойды қауым көптің.
 Алланың панасына тапсырыңыз,
 Бар шығар бір тағдыры Құдіреттің.

Жол жүрген алушы еді қандайлық мал,
 Әлінше әрбірі алар қадірлі мал.
 Жалғаншы деп жас бойға ат байламай,
 Балам десең, алдыма көзіңді сал.

Жол жүріп тірлік өмір көрем дейді,
 Көшпенен және қайтып келем дейді.
 Пұл бермесең дәруіштің рақымына,
 Екі айтпай керуенге ерем дейді.

Дағдарып екеуінің сөзі бітті,
 Болған соң тоқтамайтын бала тіпті.
 Жылап жүріп даярлап жол жабдығын,
 Ақырын бір Алладан таза күтті.

Шарасыз, мал дайын деп екі зарлы,
 Қанша алса берейін деп дүние малды.

Бұрыннан жол мәнісін көп білетін,
Дейтұғын Камаллидин адам бар-ды.

Болар деп заман қандай аһ ұрады,
Басынан кешкен күнді сапырады.
Көзден таса айтуға дәрмені жоқ,
Бір дәрмен солып қайтып отырады.

Шақыртты Камиллиддин келсін деді,
Халымды менің келіп көрсін деді.
Бұрыннан жолға жүрген сенімді адам,
Мысырға сол жеткізіп берсін деді.

Көп жүрген адам еді жолға мығым,
Адамға ақыл серік болған-тұғын.
Мың тіллә өз басына сыйлау қылды,
Баласын күту үшін көрмей шығын.

«Жолыңнан енді, балам, қалма» - деді,
«Бір тағдыр қылған шығар Алла» - деді.
Әй, балам, саған айтар насихатым,
Мынадан жол тізгінін алма деді.

Емеспіз сапарыңа көңіл толық,
Қаламыз шықпаған жан, қаным солып.
Таныспай тіршілікке сапар жүрдің,
Жүре гөр біргелесіп көшіп-қонып.

Көп тартқан бас кемдігін біз бір зарлы,
Ата-анаң хәлсіз көніп мұнда қалды.
Танымай ең құрмаса бағытыңды,
Қайтейін, жоқ сауданы тәңірім салды!

Жылайды Ғалиһиддин мұңын айтып,
Иләһи келгейсің деп аман қайтып.

Жүрер күн жоғарыда сөз байлаған,
Мысырға жүрді халық қосын тартып.

Екеуі шығарып сап қалды жылап,
Сақта деп панаһыңды Хақтан сұрап.
Уайым ет-жүрегін билеп кетті,
Жығылып кете жаздап тұрды бірақ.

Бір сөз бар айтып өткен бағанағы,
Мақсатын іздеген жан таба алады.
Сардары керуеннің сол Фатих сарт,
Құрметтеп жас баланы жағалады.

Көзін еш бай-батшадан айырмайды,
Тәтті сөз неше түрлі дайындайды.
Сөз қатса басқа адамға Ғабдулхамит,
Оң-теріс болса-дағы қайырмайды.

Бәрі құп Ғабдулхамит айтқан сөздің,
Болатын суғарады екі көздің.
Бұрыннан келе жатқан азғындығын,
Көргеннің жол үстінде бәрі сездің.

Күн ыстық аспан қайнап су таусылар,
Шөлдейді Ғабдулхамит таппай амал.
Сарт тұрсын көрген адам бір қарайды,
Жан еді бек мүләйім көрікті жамал.

Блайық денесіне жүзі серік,
Тұрады көрген жанның көңілі еріп.
Ақылды парасатты бәрі сондай,
Жасаған бәрін берген түгенделіп.
Тілінде иман, көңілінде Құраны бар,
Жүрмейді бойын бағып, шауып-келіп.
Қасынан Камалидден жат жүрмейді,

Тақуа діншілдігі сонша берік.
Бөлініп жолдасынан ас ішпейді,
Білетін аш қадірін секілденіп.
Қараңдар шаруанды деп айтады,
Өлімнің басқасына кепілденіп.

(Бір шумағы оқылмады)

Шыққалы Бағдаттан көп күн өтті,
Артықша керуенбасы құрмет етті.
Күндіз де бай-батшаның қасында боп,
Хат жазып, кешке қонақ болсын депті.

Фатихтан хатын алып кісі келді,
Ұзын күн айналақтап қасына ерді.
Ақсақал қонақ бол деп айтыпты деп,
Басшыға Камалиддин хабар берді.

Ешкімге қонақтыққа бармайды деп,
Бұл бала түн ұйқыдан қалмайды деп.
Рахмет, ренжіме, ғапу етсін,
Көшке еріп ертең жүре алмайды деп.

Құлдары осыменен қайтып кетті,
Жауабын Камалиддин айтып кепті.
Жайыңды хан базарда табамын деп,
Ішінен Камалиддинге ашу етті.

Ұзын жол сынатады ердің бағын,
Сырғанап өте шығар өмір сағым.
Өткізіп арасына бір екі күн,
Фатих бай шақыртады және тағын.

Шақырмақ маған әуел сүннет дейді,
Екінші атасына құрмет дейді.

Жолдасқа Камиллидин тапсырамын,
Жүрген көп тақуалықты күндеп дейді.

Шықпаған бұрын жолға бала дейді,
Жоқ біздің көңілімізде ала дейді.
Ертең қалғып көшке құр ере алмайды,
Әгәр болса ұйқысы шала дейді.

Тапсырған соң қараймын қабағына,
Жатып қалған киімшең жаңа ғана,
Бағдаттан шыққалы көп күн болды,
Бір күн қарап көрген жоқ тамағына.

Тәттіліктің белгісі ашып ішім,
Тоқтатуға келе ме менің күшім.
Жанға қонақ болма деп әкесі айтқан,
Менің тоқтау қылғаным соның үшін.

Сәті болмай ол күні тағы қайтты,
Барған құлы сөзінің бәрін айтты.
Құмар оты жағылып жүрегіне,
Күннен-күнге Фатихтың қайғысы артты.

Болды Фатих көрмесе жүре алмайтын,
Онсыз өмір құмартты қыла алмайтын.
Ғабдулхамид дейді де отырады,
Басқа нәрсе, реніш оны алмайтын.

Керуен көшіп келеді бір күн тынбай,
Бір азғын азап тартып болды мұндай.
Көш алдында жолықты өзі келіп,
Көзден таса қылуға тағат қылмай.

Көшпен адам айдындай қас пен досқа,
Талай өмір қапамен өткен босқа.

Ата менен ананың құрметі үшін,
Қонақ бол деп шақырдым бір күн қосқа.
Осы жолдың тағдыры менде емес пе,
Фатихпен деген бар ма басын қоспа.
Бір минөтте есіңнен жаңыларсың,
Дұшпан тұтсаң бір күні жаның тосса.
Қуанышпен әкеңе апарсам деп,
Шақырғаным сол үшін Құдай қосса.

Өлшеу керек бай-батша артық-кемді,
Бастан кешіп көрмеген жол мен жөнді.
Жүрегіңмен, басқамен ақылдаспай,
Қонақ болып қайтыңыз бүгін енді.

«Ақсақал айтқаныңыз ақыл» - дейді,
Мен бұрын жол жүрмеген ғапыл дейді.
Уағда қаза қашық, жырақ болса,
«Бүгін кешке барайын, мақұл» - дейді.

Керуен қонды, кеш батып көз байланды,
Күндіз сартпен, бармаққа сөз байлайды.
Сақалынан ұялып үш шақырған,
Қонақ болып қайтуға ыңғайланды.

Ұят қой, қадірледі бармасыма,
Қасіретке, көз жете ме қалмасыма.
Ат мініп, төрт кісі боп барайық деп,
Қостағы ақылдасты жолдасына.

Баруға жолдастары ақыл берді,
Мұнысы ақсақалдың мақұл келді.
Рұқсат Камалиддиннен алмадым деп,
Пікірін нешетүрлі ойға бөлді.

Бай-батша аттан түсті қосқа келіп,
Шаттанды көзқұмарын Фатих көріп.
Тағзыммен атын байлап қосқа енгізіп,
Ретпен жігіттерін қойған бөліп.

Бай-батша, көп садақа қадамыңа,
Қылады қызмет кісі адамыңа.
Өзімнің жан-тәніммен ақылдастым,
Көтерем кірсе тікен табаныңа.

Осындай көп жақсы сөз баяндады,
Барлығын ауыс-түйіс аянбады.
Қылатын Хамит айтса жанын құрбан,
Түрлі дәм дастарқанға даярлады.

Ас ішіп, ойын-сауық бәрі бітті,
Тік тұрып жігіттері таза күтті.
Атқарды ойлағанын тәмам етіп,
Қонақтар жататұғын уақыт жетті.

Хамит айтты шақырдың бір ғанибет,
Мен келдім бір қадірлі ақсақал деп.
Сен мені бала демей құрметтедің,
Ұйықтайын, қосқа қайтып рұқсат ет.

Атаңмен көп істедім сауда-саттық,
Қадірлі әулетіңнен тағам татып.
Баласын құрмет қылып күтпедім деп,
Жүр едім жүрегіме сонша батып.
Егер де сонан туған бала болсаң,
Ертең қайт біздің қосқа бір күн жатып.
Сөз қойып нешетүрлі арасына,
Тоқтатты бай-батшаны таңырқатып.

Қайырды сөзін толғап болмасына,
Ойлаған мақсаты бар ол басында.
Өз орынын бай-батшамен бірге жасап,
Көрсетті тыстан орын жолдасына.

Жатқызған талай жақсы сөздер айтып,
Тоқтаған кетпесін деп көңілі қайтып.
Фатихтың Хамитпенен төсегі бір,
Жатады әуел біргелесіп қолын артып.
Мақсатқа ойындағы бара жатыр,
Құшақтап сүйіп-құшып сонша қарпып.

Құшақтап алып еді қатарына,
Көз жетті жанға зәбір батарына.
«Ақымақ жолдан шыққан жаһилсің» - деп,
Хамиттің қолы тиді сақалына.

Күні өткен есек мініп ата-бабаң,
Деп едім ақсақалды құрметті адам.
Мұратың ойыңдағы осы ма еді,
Мирасқор малғұн жауыз болған надан.
Жолдасын тыста жатқан тұрғызып ап,
Жөнелді ашуланып қосқа таман.
Керуенмен бірге жүріп бұл найсаптың,
Қиын ғой жүзін көру есен-аман.
Жолдасқа Камалиддин хабар берді,
Жүк қойып, қосын артып болып тәмам.

Мырза хабар қылған соң ол да көшті,
Талай қос бұларменен бірге ілесті.
Камалиддин кейінгі малда қалған,
Хамит те бір ғажайып баруы десті.

Тоқтаусыз бара жатыр өктеп жүріп,
Болған деп арасынан қандай бүлік.

Күн бата бір бұлаққа жете қонды,
Шығарса, көштің артық күйсіз көлік.

Камалиддин тоқтаған елді көрді,
Бұрыннан қауысты жер көңілі толды.
Жол жайын білмейтұғын жазасыз ғой,
Япыр-ай, қандай болар дейді-ау енді.

Деп айтты тоқтамайтын керуен қонып,
Тұрады суы тұнық шүйгін болып.
Тайпаншы жұрттың кірген границасы,
Бұл судың қауіп-қатер жауы толық.
Көш дедің, қосты жығып, ере кеттім,
Көштің деп, сұрамадым қалай болып.
Бұл судан талай керуен ойран болған,
Диюдың періменен жауы торып.
Адамға жолда қонақ болма дедім,
Ол иттің айтқаным жоқ дәмін көріп.
Ақымақ азғынменен екенсің деп,
Болмасақ тәуір еді қырғын жорық.

Жігіттер қарастырсын малдарын да,
Бір күндік түстік көптің алдарында.
Қос жығып, жүкті артып тез болыңыз,
Кетелік аман-есен жан барында.

Хамит айтты байлаулы көлік жиын,
Мен білмеймін қауіпті жердің күйін.
Қарауылшы көп қойсақ кешке таман,
Ұйықтамаса болады қанша қиын.
Өзіңіз де айтпай-ақ біліп тұрсыз,
Ақсақалдың істеген маған сыйын.
Төбелесіп айырылдым жауызбенен,
Ашумен қапаланып қашты миым.

Көш мырза, жол тізгінін маған берсең,
Зорламаймын көшкенді қиын көрсең.
Аман кету бұл жерден үлкен қауіп,
Мен құрбандық, шырағым, алдыңда өлсем.

Қос тігіп, тамақ ішті жұрт жайланып,
Кеш болып сағым батты көз байланып.
Қарауылшы көп қойды күзетшімен,
Күтініп қару-жарақ ыңғайланып.

Күн жайлата бұлт шығып жауындатып,
Естілді сатыр-сұтыр дауылдатып.
Бағана қанша қойған қарауылшы,
Қуып жүр алдына сап сауырлатып.

Көкпеңкөк қолдарында қару-жарақ,
Бетіне шыдар емес адам қарап.
Кім өлі, кім тірісін байқағанша,
Жіберген сияқтанды шөптей жанап.
Көп соғысып Хамит пен Камалиддин,
Өлтіріп екеуін де кетті тонап.

Түн ортасы мезгілде түгел бітті,
Тірі қалған адам жоқ бұдан тіпті.
Таң салқыны кезінде есін жиып,
Хамиттің денесіне қимыл бітті.

Бір шақта көзін ашып есін жиды,
Талықсып жан бар, ес жоқ неше қилы.
Тағдырдың айдауымен болды мұндай,
Біреудің жалғызы еді-ау басы сыйлы.

Жан қалмай жолдасынан өліп еді,
Бір апат келтесінен келіп еді.

Сыя алмай жер мен көктің арасына,
 Әр ойға жүйрік қиял бөлінеді.
 Бір таудың етегінде көп қарайған,
 Көзіне ел ме, жау ма көрінеді.
 Жандәрмен өзер тартып аяқ басып,
 Көрінген көп мол екен келіп еді.

Қырылып жар-жолдастар бітті жұмыс,
 Қылғандай секілденіп аз-ақ ұрыс.
 Моланың қабатына жасырынып,
 Сол жерге көзі ілініп алды тыныс.

Ас су жоқ, сол молада он күн жатты,
 Қалған жан қу шыбындай қандай тәтті.
 Ұзын түн ұйқы көрмей отыр жылап,
 Бір мезгіл сүйіншілеп таң да атты.
 Көз тұтып төңірекке телміргенде,
 Баяғы кейін қалған көш қол тапты.

Үлгі бар ертегінің көп сөзінде,
 Алланың әрне қылса еркі өзінде.
 Керуен шапыр-шұпыр жүк түсіріп,
 Қос тігіп, ат суарып түс кезінде.

Бұл ойлады керуен қонып жатыр,
 Көз жетпей үйме-жүйме болып жатыр.
 Қалыпты кетікайқ жыртық жұмыш,
 Өлген жан қанға батқан толып жатыр.
 Ашу кірген баяғы арды тастап,
 Жолдасқа барайын деп ойланды ақыл.
 Басында қос, жанында жолдасы жоқ,
 Сандалып жап-жалаңаш келді-ау ақыр.
 Барлық жоқтық әзалдан егіз нәрсе,
 Еркі бар кімді Төңір қылса пақыр.

Абыройын келеді қолмен басып,
Өлтіріп тонап кеткен таза-тақыр.

Бір жалаңаш адамды қалып көрді,
Қызыл қан, тән жалаңаш ғаріп көрді.
Жамағат бой тоқтатып есін жиып,
Екенін Ғабдулхамит танып көрді.

Тағы сарт аяушылық қылды басым.
Құрайды толғау айтып, көптің басын.
Еткен ісі аян-ды иесіне,
Төгіп тұрып жылайды көздің жасын.

Құшақтайды көзінің жасын төгіп,
Бүлдіргенін кім көрген нарда шөгіп.
Қос тігіш, ат суарып түс кезінде,
Ет-жүрегі Хамиттің жылына ма,
Себеп боп мұнша пәле қойған егіп?

Керуенде ақылсерік сырласы жоқ,
Бірге өскен бірге жүріп құрдасы жоқ.
Анадан тақ басынан жалғыз өзі,
Жанашыр жақын көрер тумасы жоқ.

Азғырған қапа болды достарына,
Көз жетті кісі ақылының бостарына.
Бір Құдайдан басқадан үміт күпті,
Ылажсыз кірді сарттың қостарына.

Өлгеннен қиын болды сартпен жүрмек,
Жансерік жолдас өлді қылған дүрмек.
Жаңа киім кигізіп, таза тамақ,
Есіріп бұрынғыдан қылды құрмет.

Жанадан торғын мақпал берді киім,
Қасына ойын-сауық қосты жиын.
Ойында жоқ тарихтардан кеңес айтып,
Асырды бұрынғыдан қылған сыйын.

Керуен тынбай жүрді жолмен саулап,
Талапкер өңкей жігіт өрттей қаулап.
Хамиттің жанында боп өлеңшілер,
Ән қосқан алыс-жұлыс көңіл аулап.

Фатих сарт енді қайтыш сыр бермейді,
Бұрынғы құмартқандай түр бермейді.
Аялап ардақтаған сөзден басқа,
Бастапқы азғындықтан қыр көрмейді.

Мысырға аман-есен халық жетті,
Қаншама арасында күндер өтті.
Керуен өз басының қамын көздеп,
Бөлініп жай-жайына тарап кетті.

Мысырдың Фатих екен қатар байы,
Жеміс, бақша, екпе ағаш үлкен жайы.
Аққан су, шыққан ағаш тамашалар,
Сандуғаш сарайлар көп ала мәйі.

Айласы көп қызықты сарттың жұрты,
Залымның іші харам, таза сырты.
Бір дауа айтқанына көнбегенсін,
Бұзылды тай-тұяқтың енбей шырқы.
Хамитті күннен күнге артық күтіп,
Мақсаты шашылып жүр ғашық құлқы.

Фатихтың қонақ болды үй жайына,
Мысырдың душар болып бір байына.

Тамақ ішіп жатқан соң сарт құшақтап,
Естегін бара жатыр ыңғайына.

«Әй, жауыз, бұл мінезді қоймадың ба,
Шайтанның алдауына тоймадың ба?
Естегін қайыруыңды зая қылып,
Тағы да жаман пиғыл ойладың ба?»

Сарт шошынған сияқты сиығынан,
Ашумен тұра келген қиығынан.
Көзінде жас, көңілін ашу кернеп,
Қатты ұстап сақалы мен иығынан.

«Алқымын буындырып қысып құртып,
Мұнан да өлтір мені басым қырқып.
Мазақ қылар адамың мен бе едім?»
Сақалынан берік тұтып тұрды жұлқып.

Булығыш сасқанынан сөзге айналды,
Ақыры қайырының тезге айналды.
Бар киімді шешіп үйден кет деп,
Осындай ұрыс жанжал сөз байланды.

Ләушә қылмақ екен Фатих залым,
Құмар болып соның үшін шашқан малын.
Барлығын киімінің шешіп берді,
Көзіне тығылғандай от пен жалын.

Жалаңаш түн ішінде үйден шықты,
Бұлардай қазы қайда дінге мықты.
Бар мақсаты ләуше ұйып жүрмек,
Басқа түр болмайтынын бәрін ұқты.

Көзінің жасын төгіп үйден шығып,
Фатихтың аудармақшы сөзін ұғып.

Жастардың, Бағдаттағы жолды мақтап,
Қайғы жеп кеткеніне жарға жығып.

Япырым-ай, қылды-ау мені әуре-сарсан,
Адам боп күн көремін қайда барсам?
Кіретін үй, танитын адамым жоқ,
Не бар еді, жылаған құр далбасам.

Дариға, тоқта деген ата-анам,
Құбылам жаны күйген қайран панам.
Бір мыстан азғындардың тілін алып,
Қор болып сахарада кетті-ау санам.
Аузынан аһ дегенде жалын шығып,
Көзінің жасын төгіп тарам-тарам.
Абыройын жасырған дәнеме жоқ,
Дүние-ай, жап-жалаңаш қайда барам?
Бір шақта көңіліне тауфиқ шапты,
Жылаған неше мұңлы жүз мың адам.
Зарлының мен де сондай біреуімін,
Бәріне, рахман рахим, тиер панаң.
Рақатты жанымды мұндай қылған,
Қапа боп соның үшін күйіп-жанам.
Жайымнан өзің берген айдап шықтың,
Еркің бар жарылқасаң, Алла Тағалам.

Панасыз жанашыр жоқ жалаңаш тән,
Тұр, міне қапасында шықпаған жан.
Зар қылған ата-анамның тілін алмай,
Ағады ойлағаннан көзімнен қан.

Қараса жылап тұрып жан-жағына,
Кетеді сол Мысырдан ұстын мақам.
Жап-жарық айналасы күндізгідей,
Қандал мен төңірегі қосылған шам.
Не қылған бар Мысырдан басы биік,
Сарай деп неткен жарық болады таң?

Бар үлкен Мысырдағы мешіт екен,
Иасиғтың уақтысы екен естілді азан.

Әмин деп тілеп тұрды біраз заман,
Жөнелді дедек қағып соған таман.
Жиылған қауым көптің үміт күтіп,
Жанашыр бола ма деп мүмин адам.

Келеді жамағаттан үміт күтіп,
Қапалы қан жүрекпен халы бітіп.
Алланың рахим есімін жадына алып,
Діңгегін құшақтады пана тұтып.

Жарылқа зарлы пәнде есіліңді,
Жаралған Хауа-Анадан нәсіліңді.
Панасыз жалаңаш тән лыпасы жоқ,
Діңгекке абыройын жасырынды.

Жан-жақтан кіріп жатыр халық қарап,
Кімсің деп тоқтаған жоқ оған қарап.
Ағылып апыр-топыр келіп жатыр,
Құр жылап қарап тұрды тамашалап.

Жөн сұрап жұрт көрмеген енді ғапыл,
Басына туды мұндай заманақыр,
Бір адам жөнді сұрап кімсің демей,
Берем деп қандай жауап ойланды ақыл.
Екі адам екі жақтан сафнар ұстап,
Бір қария ақсақал келді жақын.
Артында екі жігіт ол да таяу,
Қолында біреуінің алтын шатыр.

Ғафу қыл бір қате өтті, жастық мынау,
Рәсуа, міне жұртқа қылмақсың дау.

Ақсақал жауап берді оған тоқтап,
Алды жөн, адасқанның арты соқпақ.
Көзімше үш қайырып талақ дедің,
Ақымақ, тентіреме қайта жоқтап.

...

Міне, деп ғазиз кәрі мешіт кірді,
Жас жігіт жылап-сықтап ере жүрді.
Көз нұрын көрген жанның аударғанда,
Үстінде киімі бар нешетүрлі.
Жабысқан бағанада бір жалаңаш,
Ғарып деп бұл нәғылған мойын бұрды.

Бейәдеп мұндай жайда қала тұрсын,
Сөйле, деп уақиғанды жауап қылсын.
Мүсәпір мен бір ғаріп мұңлы болған,
Көзім жас, көкірегіне қайғы толған.
Бағдат шаһарының адамы едім,
Соққы жеп мұндай болдым орта жолдан.

Жау тонап жар-жолдастың бәрін қырып,
Зарлымын сол себептен жүзім сынық.
Дерті көп, дәрмені жоқ бейшарамын,
Қайыр қыл Құдай үшін келсе құлдық.

Жан қалар қысылғанда құба белден,
Тыңдаған мүсәпірді жолдан келген.
Шапанын сыртындағы жаба салды,
Тауысып жай сұрауға халі келмей.

Тоқтады қадам басып қарт тағы да,
Қарады мойынын бұрып арт жағына.
Намаздан шыққанымша сен де тосшы,
Салайын молдалардың тәртіп бағына.

Көрінің тәуап қылып дастарына,
Көзінің қараған соң жастарына.
Бағына қалатындай мырза жігіт,
Хамиттің келіп тұрды қастарына.
Қылар деп бір мархабат Хамит ұқты,
Қасына бір мырзаны жолдас қыпты.
Қарт пенен жамағаттар намаз оқып,
Болған соң сапырылып бәрі шықты.

Ел тарап намаздан соң мекеніне,
Көз жетпей заман қандай екеніне.
Күтіп тұр зор үмітпен Абдулхамит,
Бір қайыр деп ойланып етеді ме.
Бір жерге сіздерді имам шақырады,
Тез жүр деп жауап қылды екеуіне.

Қошқардай өңкей молда толып жатқан.
Бірі оқып, бірі шығып әр кітаптан.
Жоғарғы талақ қылдың деген сөздің,
Фатуа мағынасын іздеп тапқан.
Мысырдың ең құрметті имамы екен,
Хамитке бағанағы шапан жапқан.

Мырзаға енді молдалар мойынын бұрған,
Сенің дауың қауымға жария болған.
Бүгін мұнда жүре бер тоқтамай-ақ,
Ертең көпке жиылысар шарифат сыр,
Сыбырласып үйіне кетті мырза.
Сөз тыңдап қасындағы жігіті жүр,
Шарифаттың билігін естимін деп,
Жан жолдасым осының пікірін қыл,

Хамитке айтты, білінді ісің-жайың,
Жүзің сары – басыңда бар уайым.

Минарат – ішер тамақ, киер киім,
Жүз тіллә бүгін балам қылсақ дайын.

Ұғар бір қауым айтқан сөзді тосып,
Соққы жеп жылап келдің жаның шошып.
Ертең, балам, талақ қыл уағдамнан,
Неке оқып, қыз береміз бүгін қосып.

Жарамды ат береміз елге барсаң,
Жаныңа бір жүз тіллә ақша салсаң.
Бір күн әлде талақ айтып қазы алдында,
Елді бүтін сөз қосып қылма сарсаң.
Он мың тіллә міндеттен қазыменен,
Егер, қатын қош келіп, қимай қалсаң.
Кәне, міскін, жауап бер өз аузыңмен,
Көптің сөзін қалт қылмай қабыл алсаң.

Көп сөзіне құлақты тыға бердім,
Шарифаттың билігін ұға бердім.
Қаңғып жүріп қатынның қажеті жоқ,
Ертең талақ айтам деп шыға бердім.

Имам айтты жері алыс бір зарлы адам,
Әрбір ісің, айтқаның – бәрі тәмам.
Бірің бар да, сүйінші ал байларыңнан,
Тәуір болды түзілсе есен-аман.
Менің қызым ырза емес бұларына,
Түсіргендей басына ақырзаман.
Баласына имамның жүгіреді,
Түсіп қалған жігіт бар бағанадан.

Имамның ордасына келді кіріп,
Жастардың арасында зыр жүгіріп.
Жылап қоя береді Зәбидәға,
Мырзаң саған істеді сонша бүлік.

Бір қияли жындыға қосып жатыр,
Атаң көріп нұсқасын шошып жатыр.
Керуенге еретін бір жыңды екен,
Имам көптен шыға алмай тосып жатыр.

Қайт сөзіңнен дегенге тіл алмадың,
Доспен қастың біріне ұнамадың,
Өз обалың өзіңе бізден аулақ,
Еш адамның қадірін біле алмадың.

Мешітке бұған айтып қайта кетті,
Асып-сасып Хамитке жиып кепті.
Жас тілеуі – жібектің түйіні бір,
Әй, жаным, бірі маған келші депті.

Анадай жерге апарып алды қолға,
Замандас, ап жатырсың қалың олжа.
Бұл неғылған деп тұрсың батпан құйрық,
Ақылға сап мәнісін өзің болжа.
Бұл қатынның астында құл ғана бар,
Бақсы-балгер, қараған талай молда.
Достық қылып айтамын жігітті аяп,
Кесапаты жұғады, әуре болма.

Бір үлкен кәміл бақсы бал ашыпты,
Бәрімен біздің жұрттың таласыпты.
Бөтен жақтан бір міскін адам келсе,
Дауасы сонда екен деп қарасыпты.
Молдалар да кітаптан соған байлап,
Фатуа ғып бақсыны тарасыпты.

Жанашыр біздің жұртта жақының жоқ,
Тонатқан жаныңда пұл, хәлің де жоқ.
Жас жаныңа достықпен айтып тұрмын,
Мұнан бөлек айтатын ақылым жоқ.

Жер тығыз сыр айтарға сізге талдап,
 Күн бар ма ел табылар жанды жалдап.
 Бір жанымның бұл күнде күйі қандай,
 Қаңғып жүріп не қажет қатын алмақ.

Шақыртып Зәбидені алмасын ба,
 Арбаға ез бөшіктер салмасын ба.
 Есік жоқ, терезе жоқ моладағы,
 Ішінде қараңғы үйдің қалмасын ба.

Көрмеген бұл қиынды жаны қорқып,
 Сыр қыштап, ой бұзылып, жүрек толқып.
 Ғақында мұсылманның жамағатқа,
 Мақаммен қолын жайды, Құран оқып.
 Мақамын, қырағатын есіткен соң,
 Зәбиде оймен шағып, отыр тоқып.
 Шам жағып жанындағы жүзін көріп,
 Қасына жақын келді қолма-қолтық.
 Аллаһуәкбар дегенінде қолын жайып,
 Бәйіт айтып жіберді сөзді қортып.
 Аз сөзден көп мағына ұқтырғандай,
 Түлкідей тұстан қашқан майда жортып.

Біреуі Құран оқып, бірі – бәйіт,
 Көрген адам таба алмас мұнан айып.
 Бағанағы құл-шайтан жігіт сөзі,
 Ой ойлатқан бірталай жүрек жайып.
 Қайда өстің, қайдан жүрген азаматсың,
 Өмір аз, кәне, құрбым, сыр ашайық.
 Мәйіттер өзіміздей бұл да қауым,
 Әулие бұларда бар, не машайық.

Абдулхамит сөзінің айтты бәрін,
 Қырылған, сөйлеп жылап жолдастарын.

Бағдатта, ата-анасы шаршап көрген,
Оның да айтып өтті біраз зарын.
Аз өмірде көргенім осы менің,
Сен маған бастан-аяқ білдір хәлің,
Кәне, құрбым, жайыңды айт дегенде,
Аузынан шыға жаздап от пен жалын.
Өзіңізбен мешітке қатар кірген,
Байқадың ба бағана, жаһил залым?

Сол өзі Мысырдағы ең үлкен бай,
Шаһарға оның малы тың болғандай.
Күшті жығып, бай жеңбек әуелден бар,
Оның сөзі халыққа ем болғандай.

Қыз таңдап байдың ұлы аралаған,
Көп жұрттың қызын көріп жарамаған.
Он төрт жасқа келгенде бізді ұнатып,
Еш адамға мәнзүр ғып қарамаған.

Елге де, атаға жарамаған,
Өмірін, басқа жерге санамаған.
Мал шіркін тасты талқан қылады ғой,
Алданып ағайындар қапалаған.
Мен көнбедім, ел көнді – амалым жоқ,
Жан қалған жоқ кірісіп жамамаған.

Құда түсіп той қылып бәрі бітті,
Менің көңілім тойған жоқ жарға тіпті.
Қыздың құны, әуелден малға сатқан,
Бір мырзаға санасыз болдық жұпты.
Қарташы, домбырашы, араққұмар,
Қайдағы маскүнемдер соны күтті.
Олармен жаралғанда жаным қарсы,
Мұны көрмей Зәбиде үйден зытты.

Жолдасқа айттым – арызым, сөзім тыңда,
 Маскүнемге үйіңді отын қылма.
 Мен көрмейін, еркіңше ойна да күл,
 Бірақ мені қасыңа тұтқын қылма.
 Ақылы бар құрбымен жанаспады,
 Өмір өтті осымен екі-үш жылда.
 Одан соңыра арамыз ұнаспады,
 Талай кеңес жиылған болды мұнда.
 Ұрыс-жанжал көбейіп, дерт көбейіп,
 Басты қосып осындай ұлан-жырға.

Қатыспай араз жүрдік бір қыс, бір жаз,
 Со бетте ойын-қызық, болмады мәз.
 Көңілім мінезіне тоймаған соң,
 Менің де кішіктікпен қызметім аз.

Жақын жар, дос кірісіп сөйледі ақыл,
 Мұнымызды демеді ешкім мақұл.
 Тірі-өлі болсам да құтылмақпын,
 Менің бұл пиғылымнан жолдас ғапыл.
 Масқара, тамам жұртқа қыласың деп,
 Талақ деп ұрып-соқты жауыз жаһил.

Жайымды онан соңғы өзің көрген,
 Зарлымын мен де өзіңдей жылап жүрген.
 Есік жоқ, терезе жоқ қараңғы үйде,
 Бір түндік өмірге өлшеп қосылды еркем.

Жай солай, замандасым, бастан-аяқ,
 Мұңымды сөйлеп өттім тастамай-ақ.
 Өлсем де айырылайын деп ойладым,
 Бейбастақ байдың ұлын қостамай-ақ.

Қайғы бар ақылынан танғандай-ақ,
 Айтысып болды көңіл нанғандай-ақ.

Бір түндік өмірімнен қосылысты,
Махаббат жүрегіне жанғандай-ақ.

Біріне-бірі жүрек беріп еді,
Жан-тәні екі жастың еріп еді.
Зәбиденің қанжүрек қараңғы өмірі,
Теңдесі іздеп жүрген келіп еді.
Екеуі осы хәлмен отырғанда,
Бозарып таң шапағы көрінеді.
Қандайын дертке дәрмен қыламыз деп,
Әр ойға ет-жүрегі бөлінеді.

Зәбиде айтты бір күндік, әй, ғашық жар,
Жанымда төрт жүз тіллә аз пұлым бар.
Қазифа сәлем беріп қолын ұстап,
Екеуін орамалмен қолына сал.
Өлсек көр, жүрсек өмір бірге дейсің,
Айтарсыз одан сосын қандайын хәл.
Бағдаттан пұлыңды алып келемін деп,
Қылады қандай үкім рұқсат ал.

Қазифа Хамит кетті дедек қағып,
Қыз сөзі жүрегіне майдай жағып.
Алланың рахматынан үміт күтіп,
Тұрмаған қазы есігін отыр бағып.
Таһаратқа бір мезгілде қазы шықты,
Қол берді орамалмен жасы ағып.
«Әй, балам, сөз бұзайын дегенің бе,
Болмаса, жылап тұрсың мұнша нағып?»
«Бір күндік өмір өлшеп қыз бердіңіз,
Мойныма шариғаттың жібін тағып.
Бағдат – менің жерім, алыс жатыр,
Жылаймын сол мұңымды сізге шағып.
Айтқаныңды келемін содан алып,
Аманат, оған шейін тұрса зағип.

Ақылға бұдан артық сыйыспадық,
 Күн тығыз, халықтан пұл жиыспадық.
 Екеуміз де бір зарлы жан екенбіз,
 Разымыз – өлімге қиыспадық.

Басында орамал мен қолын алды,
 Нәпсі шіркін тастай ма тегін малды.
 Бойға сіңген пұлы бар ана байдың,
 Қандай себеп айтуға ойға қалды.

Ей, балам, кездесіп ең жабайыдан,
 Халықтың сөз алғансың талайынан.
 Таң атқан соң талақ-хат бір екшесін,
 Бұзып тұрсың уағдаңды қалайынан?

Айтқанымның бәрі де, рас, тақсыр,
 Қатын алмақ адамға – мирас, тақсыр.
 Қатын мені қимады, мен – қатынды,
 Шарифат қабыл алмаса қияс, тақсыр.

Мәзхабпен, әрбірден де тұтты халық,
 Қараңыз ақ шарифат жолға салып.
 Айтқаныңды төлеймін – босатпаймын,
 Айырмасаң күшпенен тартып алып.

Рас, жоқ – шарифатта жанға зорлық,
 Сөз мағлұм, байынан қыз көрген қорлық.
 Сол екеуін қайтадан қоспақ үшін,
 Саған бердік пәтуә қысқа жолдық.

Бағдат, балам, сенің елің қашық,
 Бой созба оған қарай аузыңды ашып.
 Ишара – қабыл деген хақ шарифат,
 Фатуа, имамдардың жұртқа машық.

Он күнге, мүрсат бердім ғаріптіктің,
Болмаса өлтіремін дарға асып.
Айтқан күнін қалдырма, түгендеп бер,
Ажал қуып, жүрмесін қаның тасып.
Хамиттен қолхат алып сөз жаңғыртып,
Дараға билік қылды мөрін басып.
Орынсыз, тар хүкімін ұстады деп,
Зәбидеге сөйледі көңілі жасып.
Бұған қатты қуанып шаттанады,
Он өмір дегені тіпті қашық.
Әл-хәл жалғыз Алланың рахматы көп,
Жарылқаса, еркі бар ырзық шашып.

Ерік жоқ қарсы болу қазы-биге,
Адам өмір сүреді әрбір күйде.
Мұнда қалған ақшаның қалғандарын,
Пәтер алып, кірейік бір жақсы үйге.

Тағы да Абдулхамит базар барды,
Жүз тілләға бір жақсы пәтер алды.
Түс мезгілі болғанда келіп кіріп,
Ойламайды Зәбиде кең мен тарды.
Қалғанына бірталай жабдық алып,
Недәуір сайманды үй бола қалды.

Бірі қағып, қалжыңмен бірі айтып,
Қызыққандай күлісіп таңға қатып.
Махаббаттар басына жұғысқандай,
Ләззатты жауабының дәмін татып.
Неше сағат өткенін білмей қалды,
Кеш болып шам қойылды, күн де батып.
Бағатын, мал қылатын шаруа жоқ.
Таң атқанда қыларсыз сауда-саттық.
Таңды алдап ойынменен өткізейік,
Ұйқы ұнар, бола ма ерте жатып?

Кәрмөнді Зәбиде қыз қолына алды,
Бұлбұлдай жүз құбылып әнге салды.
Сандуғаш кейде ақырын, кейде қатты,
Мәз-мейрам Абдулхамит қайран қалды.
Көктегі бозторғайдың мақамындай,
Үйлерге жанындағы дауысы барды.
Кей мезгіл еліктіріп ерлерді ертіп,
Кей мезгіл соқтырады мұң мен зарды.

Бір Құдай кім қылмайды өзегі ақты –
Шаттанып ұстағандай мал мен бақты.
Екеуі осы хәлмен отырғанда,
Біреу кеп тыстан сонда есік қақты.

Қасында үшеуінің дастары бар,
Жігіт емес, тоқтаған жастары бар,
Абдулхамит үйіне алып кірді,
«Ал, қатын, қонағыңды басқарып ал» –

Үй болып көргеміз жоқ бұдан бұрын,
Боп жүрген екеуімізге тұрмыс қырын.
Тілек қосып үй болып отырғанда,
Қонақ келіп қонғаны бір жақсы ырым.

Қатын айтты «кез қылған бір Құдайым,
Бар болса құп білемін қонақ жайын.
Орныққанша базардан тамақ келтір,
Онан басқа шаруаның бәрі дайын».

Қонақ айтты «балалар, саспа» деді,
«Ішетін, пейіліміз жоқ астан деді.
Қонақты ырза етемін дейтін болсаң,
Жаңағы әңгіменді баста» деді.

Басқа жұрттың адамы, керуен едік,
Кеш болып жата алмадық қосқа келіп.
Бізді күтсең жаңағы әндерің сал,
Арасына бөтен сөз қоспа деді.
Тамақ десең бұл үйге түнемеймін,
Қалады үйің өзіңе босқа дейді.

Перделі қонағының нұрын көрді,
Тамақ десе жатпайтын түрін көрді.
Бәрінің де басында сәлдесі бар,
Ғазиз адам екен деп пірім көрді.

Ал, Зәбиде кәрмәнмен аузын ашты,
Сақпандай, тамылжытып әнге басты.
Кейде аяң, кейде желіс, кейде шабыс,
Тамсанып қонақтары таң қалысты.

Бір мезгіл тамылжыған шер айтады,
Кей шақта ел шабысқан тер айтады.
Бағзыда ғашықтардың сағынысқан,
Елжіреп өмір өткен түр айтады.

Айтады соққан жылдай ағылдырып,
Біріне бірін қоспай шағылдырып.
Үзілтіп кейде ақырын, кейде қатты,
Құмартып есіткенді сағындырып.
Мысалы аялдық бір айнасы екен,
Есекке қосақтаған қағындырып.
Бастан кешкен өзінің мұңын сөйлеп,
Қонағын билеп алды бағындырып.

Бағдатта әкесінің бай екенін,
Салынған талай жұртқа жай екенін.
Біреудің шаршап көрген жалғыз ұлы,
Тарбия күтушінің сай екенін.

Керуен боп, жас сөзіне тұтылғанын,
Мұнан соң сарт мазақ қып құтырғанын.
Ашумен аса көшіп керуенін,
Қырғын боп жолдастары жұтылғанын.
Айырылып жар, жолдас пен мал-мүлкінен,
Қандай жас қара көзден сытылғанын.
Мысырда алдамшы сарт тағы бастап,
Өзінің жігерімен құтылғанын.

Жалаңаш, алтын басы – жез болғанын,
Мешітте бір кәрі адам кез болғанын.
Панасыз халі, душар болған жайда,
Қайыры молдалардың сөз болғанын.
Әуелі бір-ақ күндік өмір өлшеп,
Қәріп олжа, қатын алмақ қыз болғанын.
Мысырдың имамының қызымын деп,
Толғады мұнан кейін өз болғанын.

...

Қонақтар өлшеп отыр артық-кемді,
Білетұғын жан екен әрбір жөнді.
Бастан-аяқ хал-жайды есіткен соң,
Жаны ашып зарлы адам деп қонақ сенді.
«Екеуің де парыңмен жаса, жаным,
Біразырақ тоқтасын алып демді.
Керуенбасы, қалпе едік біз диуанамыз,
Жайымызды айталық, сөз бер енді.

Бұл шаһарға саудамен жаңа келдік,
Көп жолдасты пәтерге неше бөлдік.
Он мың тіллә қазыға міндеттісің,
Оның үшін қам жеме біз-ақ көндік.
Бір жүз тіллә қолынан тағы берді,
Қажетіңе ұста деп болса кемдік.

Өзімізге қараған қанша жан бар,
Бір күн жисақ зекеті болар сендік.
Он түнге сіздің үйді күзетелік,
Қалыңды қолдан келсе түзетейік.
Өлтіріп, көрінеу қайтып жүдетейік.

Мысырдың келіп едік атағына,
Кез болып босылдық па шатағына.
Он мың тіллә бермекке міндеттеліп,
Жүріп кетті «Қош бол!» - деп атады да.
Бір есігі жәннәттің ашылғандай,
Қуаныш, мәз-мәйрамға батады да.
Өлімнің қармағынан құтылғандай,
Рахат тәтті ұйқыға батады да.

Зәбиде адамның бір айнасы екен,
Жорғадай, жер жаңылып таймасы екен.
Наданға гауһар басын мыс қылмастан,
Жан қорғап құтылудың айласы екен.
Есекке қосақталған даңғыл толғап,
Өнерін итке қор ғып жаймасы екен.
Мұқтажын шын ықыласпен тілеген соң,
Кез болған Хамиттің бір пайдасы екен.

Еркекті, қайда жақсы қыз әкетер,
Жалынды ыстық жүрек сызды әкетер.
Он түнді уағдалы күзетелік,
Мәселе, жаза берсек ұзап кетер.

Қалпе дер, айтқан күнде келе берді,
Жүз тіллә күнде санап бере берді.
Құлақ асып дүнияда көз көрмеген,
Асыл сөз Зәбидеден өне берді.
Тағам десе «жатпаймын» деп айтады,
Зәбиде қыз ұйықтамай көне берді.

Ақшамда кеп ұйықтамай өлең тыңдап,
Ел тарап таң ата шам сөне берді.

Қуанып енді жоқ қой өлім дейді,
Кез болды-ау бақытымызға көрім дейді.
Тоғыз түнді күзетіп өлең тыңдап,
Оныншы, сыртта түнеп, көрінбейді.

Қонақпен күнде қылған сауықты күн,
Мезгілден түн ортасы ауыпты күн.
Қалпелер бұған шейін келе алмады,
Не өліп, не тірілер қауіпті күн.

Еш нәрсе көңілі сынып қамданбаған,
Пұл жиып, қолдарына жанданбаған.
Үміт күткен қонақтар келмеген соң,
Мұнан қиын не болсын сандалмаған?
Көзіне жас, көңілді қайғы басып,
Жүректе, жан-дүниеде қан қалмаған.
Күндегі айтқан өлең, салынған ән,
Жүректе қысылған соң жан қалмаған.

Екеуі құр қысылып жылай берді,
Көз жасын көкірегіне бұлай берді.
Жан-бұлбұл шыға жаздап қапасынан,
Алладан истиқат сұрай берді.

Қысылмай көздің жасы сұйыла ма?
Жан шықпай тән шарбағы жығыла ма!
Он мың тіллә бермесе дарға аспақ,
Тірідей енді жерге тығыла ма?
Хамиттің екі көзі бұлаудай боп,
Бас қойып жылап отыр құбылаға.
Қол ұстасып қош десіп құр жылайды,
Тәтті сөз қатты күні ұғыла ма?!

Боп еді құтылғандай жапасынан,
Уағданың, үміт кесті опасынан.
Ажалдың қапшығына қонып қайтып,
Жан-бұлбұл ұша жаздап қапасынан.

Хамиттің ісіп кеткен екі көзі,
Кәлима-иман айтып өзіне-өзі.
Құшақтап жолдасының мойынынан,
Мінекей Зәбиденің айтқан сөзі:
Байғазы – Құдай ісі деген қайда,
Бәрінен өлім оңай – келсе кезі.
Тірі қорлық тартқаннан қиын не бар,
Құтқармаса Алланың ғаділ тезі.

Бұл қайғы сізден гөрі маған қараң,
Сен өліп, тірі қалған күнім – қараң.
Біреудің, майын мінген атындай боп,
Дариға-ай, қорасына қайтып барам.
Ғаламның жан тербеткен Құдай ісін,
Зұлжалал-рахматыңды қылма сараң.
Қаһар-рақым ойласаң – Құдайым сен,
Пендемін, бейшарамын жоқ-ты шарам.

Сен өліп тірі қалған өмір қиын,
Өшіп қалған ойыма ошақ күйім.
Қосылып түн мен күндік өмір шегіп,
Күнде той, күнде базар – ұлы жиын.
Сияқты көрген түстей өте шықты,
Мысырдың базарындай – пәтер үйің.
Айырылған сол секілді қызығынан,
Болады менің-дағы қанша күйім.

Мейірман, отырайық арыздасып,
Пайда жоқ жылағанмен бекер жасып.

Қайта барып қатын боп дәурен сүрмей,
 Құшақтаса қара жер қойнын ашып.
 Мәшһолә зәретін деп аятты айтқан,
 Еркі бар жарылқаса ырзық шашып.
 Алла жазып ажалдан аман қалсаң,
 Суретіңді тастап кет маған басып.
 Қиямет майданында жолықпақ боп,
 Тоқтатты қош айтысып арыздасып.

Қызықты жас өмірі сөнгендей боп,
 Тағдырдың қаламына көнгендей боп.
 Біреуінен біреуі үміт үзіп,
 Ажалдың қапшығына төнгендей боп.

Қазының қатты ұстаған қастығына,
 Көңілімнің жібісе екен тастығына.
 Жанынан үміт үзіп жылап жүріп,
 Ажалдың төніп қайтып қапшығына.

Ес кетіп, қайрат қажып ауған шақта,
 Көзінің, жас моншақтап жауған шақта.
 Қаттырақ қақпа қаққан дабыл шықты,
 Түн өтіп таңға жақын ауған шақта.

Жан шығып, тәнді жерге тыға алмады,
 Бас қорғап, сөз сөйлейін ұға алмады.
 Қазының іздеп келген адамы деп,
 Бөгеліп көпке шейін шыға алмады.

Қалжырап жылап-шаршап зорыққаннан,
 Жас дәурен тіршіліктен торыққаннан –
 Зәбиде өз жанына өлім іздеп,
 Қақпаға жетіп келді қорыққаннан.

Зәбиде кемсеңдейді қақпадағы,
Бой жазып ақыл-қайрат тапса-дағы.
Өмірден өлім тілеп тұрған кезі,
Мойынын қылышпенен шапса-дағы.

Қараса, қыз атасы құрметті имам,
Бұрыннан Зәбиде үшін жанын қиған.
Дәулетің қайырымен болсын, балам,
Көзіңнің бүгін Алла жасын тыйған.
Бағдаттан Ғалаһиддин бай жіберген,
Кісі айтты бастан-аяқ дүние жиған.
Есікте елу түйе тоғанақ тұр,
Япырым-ай, қалай артып, қалай сыйған?

Естікен жау қолында қалғаныңды,
Мысырда жаяу-жарлы талғаныңды.
Басыңнан кешкен істің бәрін ішіп,
Күйеу боп біздің қызды алғаныңды.
Құрметтеп маған-дағы хат жазыпты,
Балама тапсырсын деп салғанымды.
Ақыры жамандықтың жақсылық боп,
Тілеймін мен де тәуір болғаныңды.
Кіргізіп қақпасына керек-жарақ,
Қоярлық, жүк жайыңды қолға алынды.
Мұнан бөлек қисапсыз қазына бар,
Бақыты екеуінің оңғарылды.

Жөнелді керуеншілер жүгін жиып,
Қуаңды жылағандар жасын тыйып.
Өлімнің қармағында тұрған жанды,
Құтқарды көз ашқанша Тәңірісі иіп.

Қоржын бар, бір көтерім бөлек берген,
Келінге, сыйламай ма ерек берген.

Ішінде ол қоржынның жазған хат бар,
Білгейсіз, ашылғанша не деп берген?

Сөйлеген, сәлемінің берген малын,
Сағынған көз – қуаныш, қайғым – қалың.
Ақыры амандықпен қосқан Алла,
Ішім дерт, болады екен сыртым жалын.
Келіннің он мың тіллә сырға ақысы,
Қайырлы құтты болсын опа-дәрің.
Жүрісім үйде болсын шықсам тысқа,
Қасірет – өмірімдегі сенің зарың.

Асыл киім ораулы бөлеген бар,
Он мың тіллә – қатынға төлеген мал.
Бір үйдің тұрмағына не зат қажет,
Алтын шәйнек, күмістен легені бар.

Жылаған, өлеміз деп күн батқан соң,
Құрылып қиямет күн ел жатқан соң.
Қазыға Ғабдулхамит жөнеледі,
Басына жақсылықтың таңы атқан соң.

Тағзыммен Ғабдулхамит сәлем берді,
Рәуішін қарап, қазының жүзін көрді.
Баяғы Зәбиденің басқы жары,
Пәуеске салтанатпен ол да келді.
Қапшықпен он мың тіллә санап салған,
Мінекей, жарлығыңыз дейді-ау енді.
Мың тіллә батасына тағы беріп,
Ғапу ет бізден өткен артық-кемді.
Жайраңдап Абдулхамит жөнелгенде,
Мысырдың талайының көңілі сөнді.
Садақа жолда қанша ақша шашып,
Үйге кеп шүкірлікпен басты уәйімді.

Ақтару тоғанақты басталады,
Әр түрін жөн-жөнімен басқалады.
Не қажет дүниедегі адамдарға,
Бәрін де жай-жайына тасып та алды.
Жайнатып үйдің ішін қыз Зәбиде,
Сәнменен жайып-жиып басқарады.
Балға шыбын ашқанда, жиылғандай,
Халық та, қайыршы да бас салады.

Қазына торғын жібек сара маңлық,
Бай болды екі міскін жүрген қаңғып.
Пәлен күн шөлін басты, тойым бар деп,
Мысырға айтқызады сөзін даң ғып.
Аш тамақ, жалаңаштар киді киім,
Тұрғандай осы екеуін бәрі де аңдып.
Осыны қандай пәнде естиді екен,
Жаратқан соларды Алла қалайша ғып.

Мұнда бар асыл киім үйіп салған,
Төріне, есігі мен жайып салған.
Көрсеңіз көңіл бөліп көз тартады,
Әрбірі қанша пұлға байып қалған.

Үш күнде жиып болды үйді жайғап,
Босамай, мал сойылып қазан қайнап.
Патшалар салтанаты сияқтанып,
Біреуі ақ, бірі қызыл – гүлдер жайнап.
Баяғы қонақтары Зәбиденің,
Бұл жайды келіп көрді тамашалап.
Бұрынғы әдетінше Зәбиде қыз,
Тұрғандай, қоя берді бұлбұл сайрап.
Өліп қала жаздадық дейді Хамит,
Міндетін өтейді деп сіздерді ойлап.
Жұмыстың мағынасына көз жібермей,
Қысқа оймен болып отыр кінә қоймақ.

Біреуі иек қаққан сияқтанды,
Хамитке пәле жапқан тұрды келіп.

Ең зоры пірәдардың тысқа шықты,
Бас шайқаған қонақты Хамит ұқты.
Байғұс бала ақылың қайда кеткен,
Деп біреуі бұларға жауап қыпты.
Сенің жерің Бағдат қырық бес күндік,
Құстар ұшып келе ме сонан тіпті.
Ілкі шыққан падиша Һарун Рашид,
Керуен деп, болмаған көңілің күпті.
Мынау Масрур патшаның жалғыз ұлы,
Бұл қазына сіздерге содан бітті.
Ақылы ауып көздері бақырайып,
Есік жаққа сасқаннан Хамит жытты.
Мұнан соңыра тыстағы патша кірді,
Сырғанап кеп патшаның қолын тұтты.
Иә, тақсыр, қолыңызға ғапушылық,
Қайғы жеп, қараңғылық қата жұтты.

Патшаның берген жауабы:

Білмегенің белгілі – қайғы жеңген,
Тұзағына қазының ойың зеңген.
Саған берген Алланың қазынасы –
Масрурды Жағфар мен айдап кеңінен.
Қызметіңе қуанышың құтты болсын,
Өмір жаса қосылып басың менімен.
Айтқаныңды береді тағы Жағфар,
Қажет болса, айта бер мұнан өңген.

Болмайды екеуіңнен де ақыл деген,
Қайғы жеген, бала ісін ғапыл деген.
Жағыфар қажетіңді қабылдады,
Тентек бірдей болмайды мақұлменен.

Мәжіліске жүрерсің күнде келіп,
Тағылым ал үш сағат ақылменен.
Қазынадан үй менен жер берілсін,
Мекеніңді қыларсың жақын деген.
Аяғына патшаның жүзін сүртіп,
Бас үстіне, иә, тақсыр, мақұл деген.

Жақын барды патшаның маңайына,
Күн құрғатпай барады сарайына.
Бір бұл емес, өміріне Һарун Рашид,
Мұнан да көп беретін талайына.

Білім алды патшадан бақыты жанып,
Ләззатты жай салады ұйқы қанып.
Қырық уәзір бар екен падишаның,
Ең үлкені бәрінің Ахмед Дәніп.
Зәбидені өкіл қыз қылған еді,
Қарасат білімінің затын танып.
Бірі – күйеу, біреуін қызындай ғып,
Дәрежесі артады мұнан да анық.

Күнінде мәжіліске келеді екен,
Жүрегін көп сөзіне бөледі екен.
Мәжілістен шыққанда Абдулхамит,
Қатынын терезеден көреді екен.

Зәбиде терезеде тұрады екен,
Төңкеріп, құдай мойынын бұрады екен.
Есік ашып кіргізіп қақпасынан,
Тағзыммен ғиззат құрмет құрады екен.

Таянды Абдулхамит есігіне,
Солардай ғашық бар ма осы күнде.
Қатының «ойбай» деген дауысы шықты,
Жылаған баладай боп бесігінде.

Келсе Хамит қатыны жылап жатыр,
Көз жасын көкірекке бұлап жатыр.
Басқыштан түсемін деп жүтіргенде,
Жазым боп, қалайынан құлап жатыр.

Көтерді Зәбиденің жерден басын,
Көзінің орамалмен сүртті жасын.
Жабысып ішек-қарыны бауырына,
Ақтарып құсады көп ішкен асын.

Кей мезгіл ұйыш-ұйыш қан шығады,
Тер ағып, денесінен тамшылады.
Ышқынып жынданғандай қуаттанып,
Қаз тұрып аяғынан шаншылады.

Жығылды және қайта есі таныш,
Албырап бар денесі күйіп-жанып.
Хамиттің есі шығып, ақылы ауып,
Құшақтап жүзін сүртіп, алдына алып.
Баяғы ішін тартқан, жанға батқан,
Күйінде нашарланып кетті талып.
Айтқанша жан-тәсілім болып кетті –
Қай түрлі науқасы бар Аллаға анық.
Дариға-ай, суын беріп хәл қалай деп,
Бір кәләм сөз қатыспай мейір қанып.
Патша да Зәбиденің себебімен,
Қатарға тұрып еді әбден нанып.

Отырды Абдулхамит хәлі құрыш,
Үлкен жанға, алмады мойнын бұрып.
Мысырда дәм беретін бір үй болып,
Дәуірі ғаріптерге жаңа жүріп.
Фәниден бақи жайға кетті сабаз,
Қолында Абдулхамит үш ай тұрыш.

Жатқызып Зәбидені өз жайына,
Береді падишаға хабар қылып.

Мысырдың жариялары тысқа шықты,
Бір жерге жиыл деген сөзін ұқты.
Хан, сұлтан, падишадан көмек алып,
Қыз таңдап Абдулхамит көрме қыпты.

Сәнменен жарияны аралады,
Қыздар да тотықұстай таранады.
Сәулетін Абдулхамит есіткен көп,
Үмітпен мойынын созып қаранады.
Айырылған Зәбидеден жазған сорлы,
Ешбір жан ондай болып жарамады.
Алмады, бақшадағы өңкей сұлу,
Сыр көрмей киімін тауып ала алады.

Ішінде бір қыз отыр сәулеті асқан,
Балқытып, атырапқа нұрын шашқан.
Көппен көріп кеңесіп алайық деп.
Қасына нөкер ерткен өңкей жастан.
Жанындағы қыздармен қалжыңдайды,
Бұларды, қыз қараған байқамастан.
Уылжып өз бетімен жайына отыр,
Көз салып, көңіл бұзып шайқамастан.

Тоқтады нөкерімен қызға келіп,
Падишадан қыз таңдауға тиген ерік.
Пәрмені патша-ағзам мағұлым шығар,
Қонақ тұрсын, қаласаң мақұл көріп.

Ақ маңдай ұнатамыз қыздың түрін,
Кім білсін – сырты мақұл, ішкі сырын.
Заты кім, қандай жанның жар иесі,
Білгеннің баяндап көр мұнан бұрын.

Дүниенің, көзім жетті олжасына,
Екінші Зәбидедей болмасына.
Жарлығы патша-ағзам бас ұстына,
Наныңдар қам көңілімнің толмасына.
Қыздардың қызылына жығылғандай,
Жазым болып қалмайық болмасына.

Бір долы, Хамит ерді соқты жауын,
Үзілді пісіп жатпай есіл қауын.
Жалаңаш қаңғып қалған бейшараға,
Ұстатқан берік байлап бақтың бауын.
Ақыры мақсатына жетіп өлді,
Өзінің жұлып тастап өмір дауын.
Қазынасын Абдулхамит шашып жатыр,
Өзінің біле алмады ауру-сауын.
Бастығы патша болып дақыл қылды,
Жиылып намазына сонша қауым.

Өмірдің көңіл жібер өтісіне,
Сырғанап «әу» дегенше кетісіне.
Мысырдың молласына хатым қылып,
Тарқатты талай қазына жетісіне.

Енді Хамит сағынды туған жерді,
Құдайым, ал, құлым, деп дәулет берді.
Жат жерде сол сияқты болса-дағы,
Табайын өз жұртымды дейді енді.
Ол дәурен бір көрген түс секілденіп,
Менікі мүсәпірлік – басқа келді.
Ахмет Дәніп келіп ақыл айтып,
Шаһардан қыз алуын бастады енді.
Іздемеке ата-анасын болып қойған,
Досының ақылынан аспады енді.

Аз сөйлеп Абдулхамит аузын бағар,
Әрқашан сабырлы адам өнер табар.
Жарияны, Мысырдағы босатсын деп,
Жұртына Һарун Рашид қылды хабар.

Мысырдың жариясының барлығына –
Кім қарсы Һарун Рашидтің жарлығына?
Сүйегін, жығылғандай қолдан тартып,
Міскіннің ортақ болып зарлығына.
Жалғанның Һарун Рашид айнасы еді,
Көз салған жер жүзінің тарлығына.
Жаны ашитын жар-достар, ақыл бер деп,
Біраз тоқтап отырды жолдығына.

Бектер айтты белгілі Кәмжуи сұлу,
Бұған құмар ғашық көп қырық ру.
Ер нақысы бұл қыздың сірә да жоқ,
Жақындықпен қосамыз сізге жылу.
Зәбидеңнен болады екі есе артық,
Қыз ұнатса, ерік жоқ, кеңес қылу.
Басың қаңсып, жүргенде есің шығып,
Шын данышпан екенсің мұндай білу.

Аз сөйлесіп тұрғанда қызға келді,
Қыз таңдаған жігітті қыз да көрді.
Сізді ұнаттық не дейсің деп қалады,
Қыз қозғалып бұларға жауап берді.

Бой түзетті бұл базар қызыл көйлек,
Көз көргенмен – іс қиын, мінез білмек.
Осы көптің ішінде мен де оқырмын,
Патша әмірі, деген соң, көппен дүрмек.
Көп ұнатса қарсы айтар жауабым жоқ,
Хан жарлығы – уәжіп, болар міндет.

Әуел бастан айтпады деп жүрмеңіз,
Жаныңа қас көп болар жүрген күндеп,

Хамит айтты – біз оған өкінбелік,
Көлеңкеден қорыққан секілденіп.
Байқауыма жауабың мақұл келіп,
Бәс үстінде байландым кешілденіп.

Ақ жүзі Кәмжуидің тұрды балқып,
Мысырда қыз жоқ еді мұнан артық.
Патшаның Һарун Рашид заманында,
Қол созып қоғажайдан алдау тартып.

Ақыры қандай болар Тәңірім білсін,
Өмірін Һарун Рашид ұзын қылсын.
Шаһардың маңдай қызын таңдап алып,
Хамиттің қадірі озып көңілі тынсын.
Патшаның бұрынғыдай тобында боп,
Жайғасып Абдулхамит тұра тұрсын.
Уәлидің баласынан кеңес бастап,
Тыңдаушының қандырсаң құлақ құрышын.

Үшінші Дәніптен соң билейтұғын,
Арамды адалға жақ сүймейтұғын.
Ішерге байтал малдан пұлын беріп,
Кісі екен дұшпандық қып тимейтұғын.

Осыған түседі екен көптің күні,
Залым деп айтпайды екен ешкім мұны.
Бағана Кәмжуйға ғашық болған,
Бар екен уәзірдің жалғыз ұлы.

Тілдесіп қызға қолы жете алмаған,
Қыз мақұл парасатын ете алмаған.

Бір жағы ашу, бір жағы ғашықтық-ты,
Жүректен құсаланып кете алмаған.
Патшаның уәзірі бола тұрып,
Қалайша қызға басы оталмаған.
Біреуді жамалына шерменде ғып,
Камжуи ұстатпаған екі алмадан.

Баланың ата-анасы біледі екен,
Толғаумен түсірем деп жүреді екен.
Камжуи ханзаданы қабылдамай,
Тіл бермей елшісіне күледі екен.

Мәлім боп осыменен сөз тараған,
Кез болды мына науқан қыз қараған.
Толғаумен түсіремін деп жүргенде,
Сұлуды біреу алды екі арадан.

Бір қонақ сырттан келген етті қалыс,
Болмаған, ішкі-сыртқы ілімін таныс.
Секілді, баласының ауруы ұзап,
Бұл жағдай уәзірге болды шалыс.

Деген бар есіткенді көз көреді,
Хикая бірден-бірге өзгереді.
Осындай ауыр хәлмен жүрген хәлде,
Бір кемпір қайыршы боп кез келеді.

Адамдай әріге асқандай болып қапа,
Өмірінде іздеген жанға жапа.
Алпысты асып, жетпісті орталаған,
Істемеген адамға ешбір опа.

Жығылып есігінен әзер кірді,
Қапшығы жамандықтың нешетүрлі.

Уәзір жоқ, ханымы – науқасты отыр,
Ақсаңдап жауыз малғұн төрге жүрді.

Ханымның жүрегінде көп уайым,
Нашарға беретұғын қайырдайын.
Ханымға науқасын деп жыламсырап,
Ұғынып бастан-аяқ білді жайын.

Кемпір айтты, әй, ханым, сөзім тыңда,
Құдай айдап кез қылды мені мұнда.
Жалғыз балам бар еді асқан табиб,
Зынданға кесіп салды екі жылға.

Жанашыр жақыны жоқ артын сұрар,
Туысы жоқ бауырым деп қайыр қылар.
Екі адам ерлі зайып үйлеспесе,
Мойынын қасығанша бір-ақ бұрар.
Ұнатпайтын – қыз болса сол-ақ өңкей,
Тек болсын сіздің бала анық құмар.
Серт байласып өзіңмен хат жазайық,
Бір жетінің ішінде ұмар-жұмар.
Ертеменен баламды босаттырсаң,
Ұзамай-ақ жазылып көңлің тынар.

Хәл қарап, көңіл қайран қасіреттен,
Жазылып жалғыз балам осы дерттен.
Малым түгіл, басыма ортақсың ғой,
Әй, ана-ау, осыған бір себеп етсең.
Бағдатта бай кісінің баласы екен,
Баламды сол боп отыр әуре еткен.
Кеңеске біздің мырза бармай тұрып,
Бейшарам, жайыңды айтып ерте жетсең.

Ханыммен уағдаласып кемпір кетті,
Таңның шәй мезгілінде келіп жетті.

Үстінде іліп алар киімі жоқ,
Жығылып, өлімсіреп жетіп кепті.
Көзінің сорғалатып жасын төгіп,
Уәзірге хал-жайын арыз етті.

Ей, тақсыр, жасы жеткен мен бір нашар,
Жанашыр жақыным жоқ қарайласар.
Жалғыз ұлым бар еді абақтыда,
Бір қызым аштан өлді алты жасар.

Баламды білуші еді талай халық,
Күн көрген кітап ашып, ноқат салып.
Адал етті, білмейміз мал екен-ді,
Бір соның тірлігінен ауқат алып.
Алты жасар немерем аштан өлді,
Әлсізден келінім де жатыр талып.
Сілекейін жия алмай аузындағы,
Жығыла жаздағандай сонша налып.

Көзге жауыз сипаты сондай мүлік,
Қапшығында пәле бар неше түлік.
Айтарға аузы келмей отырған соң,
Уәлидің көңілі түсті – міскін біліп.

Ханым айтты: әй, кемпір, беліңді шеш,
Сабынмен қолыңды жу, тырнағың кес.
Патшаның Һарун Рашид дәулетінде,
Мынадай ғарып міскін болар ма еш?!

Толтырды айтқанындай түрлі тағам,
Көп болмас кім берсе де сорлы саған.
Жалғыз балам науқас боп мына жатқан,
Жоқ еді мұнан басқа бала-шағам.
Бір себеп алғысынан болар ма екен,
Баласын шығарып көр жетсе баған.

Әй, жолдас, анық қарап сияғын көр,
Бар тәні – ас іше алмай қалтылдаған.

Уәзір айтты: бейшарам, мойыныңды бұр,
Бастағанда мұқтаждық, байқалды сыр.
Ала барып патшаға өтінейін,
Көрейінші нұсқасын, зынданға жүр.

Кемпірді зынданшыға алып келді,
Фитнаны танып, талай халық көрді.
Жамандығын жұрт білетін жауыз екен,
Баласын зынданшыдан алып берді.

Еңбек қыл: тән садақа – жан барында,
Нашардың көзіңді сал халдарына.
Қақтыққан халі зағип кемпірді алып,
Патшаның келіп кірді алдарына.

Уәзір падишаға тағзым етті:
Зынданда жаралы бар азды-көпті,
Ғапу қыл менің үшін дәулетіңнен,
Мынау бір қариядан мазам кетті.

Патша айтты сұраған соң еттім қабыл,
Бұл залым көп момынға қылған зәбір.
Мүлде бостан айтуға жөні келмес,
Қақпаға көзақысы қақсын дабыл.

Патшаға уәзір тұрып қылды құлдық:
Мінезін өзіңізден естіп-білдік.
Белгілі өзіңізге тентек болса,
Кесілген қалай жеңіл екі жылдық.

Рас, кесім екі жыл болғаны анық,
Сен сұрадың – кешілді бақыты жанып.

Қиянат, оның ойы жүрегінде,
Мен айтамын өмірлік құлқын танып.

Уәзір өз жайына кетті дейді,
Арада бірнеше күн өтті дейді.
Анамның хәлі-жайын білейін деп,
Патшаға бір күн арыз айтты дейді.
Кемшілігі берілсін қазынадан,
Өзің бірақ қонбай кел депті дейді.
Осындай падишадан ерік алып,
Жүгіріп өз үйіне кепті дейді.
Қуанбай баласының келгеніне,
Өз басын, тасқа кемпір тепті дейді.
Тапсырған жұмысымды қылмадың деп,
Көзінің жасын жерге төкті дейді.

Баласы айтты: тоқтаңыз аз күн шыдап,
Мені патша тұтқын ғып отыр сынап.
Қақпадан қора ішіне кіргізген жоқ,
Естуге болмай жатыр ондай хилап.

Кешікпей қызметіне қайтып кетті,
Кемпірге шыдай түр деп айтып кетті.
Жамандық қапшығына ойын салып,
Патшаның қорасына қайтып кепті.

Ойланып не жамандық табарына,
Жылатып кімге жала жабарына.
Бұрыннан бұл халықта бір мақал бар:
Иесін ит құтырса, қабарына.

Пландап, әрбір қиял санап көрді,
Жыртығын жамандықтың жамап көрді.
Уа, лағын, қазынаның кілтін бұзыш,
Ішінен қымбаттысын талап берді.

Іштегі ақыл қосып тыстағыға,
Бірін-бірі уағда ұстады да.
Көп алды патшаның қазынасынан,
Қамағым жамандығын нұсқады да.
Салды да бір жәшікке түнде келіп,
Хамиттің қазып көмді бұшпағына.

Қақпасын күзеттірді қалай сеніп,
Бұзылған түзеледі қанша кеміп.
Хамиттің бұшпағына бір жәшікке,
Көрінбес жерді жарып кетті көміп.

Көрінді қазынаның бұзғандығын,
Қол салып тойғанша ұрлап, сызғандығын.
Басына бостандық ап Қамақымның,
Кім білсін жамандыққа қызғандығын.

Қорада күзет мығым күн батқан соң,
Залым жаннан кешеді ел жатқан соң.
Қазынадан асыл жауһар көп ұрлаған,
Хисаплап қазынашы таң атқан соң.

Уәзір, хан мен сұлтан құрды жиын,
Ұрланған лағыл-жауһар, қымбат бұйым.
Молдалар кітап ашып, бақсы – балын,
Ұстамақ анық тауып болды қиын.

Аузы түр бекітілмей қазына сарай,
Түскен сөз жұрт алдына болды талай.
Жат емес, дәмің сіңген кісі алған деп,
Молдалар сөз байлайды соған қарай.

Ант айтып жанның бәрі жатыр безіп,
Ұстайтын адам бар ма біліп-сезіп.

Тінтуге жасауылдар даярланды,
Дәм татқан қызметкердің бәрін кезіп.

Патша айтты: білер құдірет-қалам дейді,
Болмаймын дүние үшін алаң дейді.
Қазынасын падишаның алды, көне,
Есіткен ол патшаға жаман дейді.
Мінекей, бір жамандық келіп кірді,
Жоқ еді бұрын мұндай заман дейді.
Жазасы ұрлаушының дүре болсын,
Болса да – уәзір мен балам дейді.

Бұл жұрттан ұры деген өшіп еді,
Арқауын қиянаттың кесіп еді.
Күлгізіп жылағанды, жығылғанды,
Рашидтің жомарт аты өсіп еді.

Тарқатты осыменен қауым-көбін,
Патша еді – жер жүзіне наны тегін.
Ішінде қараушының ол да кетті,
Белгілі жамандықтан еккен егін.

Уай, лағын, қиянатшы, залым, жауыз...

...

Сол ойдан көп жасауыл қосылысты,
Қадірлі падишаға бұл бір манап.
Қадірі қайырымен қоса жүрген,
Қоспайтын жамандыққа ешкім санап.
Белгілі түнде қойған қоймасына,
Қамақым көп жолдаспен келді жанап.
Қазынаны қапшығымен тауып алып,
Ардақты Хамит жасты тұтты қамап.

Бұл үйдің иесін, тегін, қанша мүлкін,
 Қанша жан олжа қылып кетті талап.
 Мойынына шылбыр тағып, қолын байлап,
 Жөнелді дарға алып жанасалап.
 Жазығы падишаның жоқ еді-ау деп,
 Бәрі де тахсин қылды тамашалап,
 Жат-жұртта жалғыз басы жүрген жазған,
 Жақын жоқ алатұғын арашалап.

Ешбір жан сөз қоспады нарқыменен,
 Патшаның өлтір деген парқыменен.
 Күнәң сол жалғыз жүрсің – кемшілігің,
 Жалшысы, алсын Құдай құлқыменен.

Бос қалды таланған соң бар сарайы,
 Жат елдің олжа қылды бір талайы.
 Хамитті «ұрысың» деп ұстады деп,
 Дәніпке жылап келді бір малайы.

Малайды қараушылар ұрған еді,
 Жаралы, тұла бойын қылған еді.
 Бейшара жылап келіп айтқан шақта,
 Намазда Ахмед Дәніп тұрған еді.
 Алдыңғы қаза болған Зәбидені,
 Уәзір өкіл бала қылған еді.

Сұрады уәзір кеп зынданшыдан,
 Бір кісі жазалыдан берші маған.
 Басыма қатты қажет жұмысым бар,
 Мәнісін керек болса айтам саған.

Зынданға сасқалақтап Дәніп келді,
 Қапа боп жан-жүрегі жанып келді.
 Белгілі құрбанға айтқан тоқтыдай ғыш,
 Зынданнан бір адамды алып берді.

Патшаның жетіп барып дарасына,
Өткізбей бірер сағат арасына.
Мойынына шылбыр байлап көтергелі,
Дараның жатыр екен ағашына.
Жазалыны естіртіп алып қайтты,
Бермейтін әлі бар ма ағасына.
Осындай қиын жерде жанын қиған,
Жар-достың төлеу бар ма бағасына?!
Кеш батып қас қарайған уақтысында,
Келеді дарияның жағасына.
Мың тіллә қалтасынан алып беріп,
Дарияға қайық мініп ағасың ба?
Қазаң қашық – толқыннан аман болсаң,
Шығарайын Аспандияр табасын да.

Сол жерде сауда қылып, балаған аш,
Мал құрсын – тілімді алсаң жанды ала қаш.
Ақыңды уақас деп қалт салып тұр,
Болмасын сырым, жаным, адамға папш.
Бұл жұрттан жазалы боп жарағандар,
Сол жайда жан сақтап жүр өзіңдей жас.
Алла ақтарса шешілер мұның арты,
Ісін қылды демеймін патшаға қас.

Абдулхамит Дәніпке налып кетті,
Ауызға тәтті сөздер алып кетті.
Жаныма жан жалғаған Һарун Рашид,
Саған қас қыла ма деп талып кетті.

Бір уақта есін жиды талғанынан,
(Тағдырдың кім құтылған салғанынан?)
Дарияға, қайық мініп жүріп кетті,
Жанының үміт күтіп қалғанынан.

Патшаның душарласып қаһарына,
Кім шыдар Һарун Рашид заһарына?
Қайық мініп арада он күн өтіп,
Келеді Аспандияр шаһарына.

Жұртының хәл-жағдайын біліседі,
Құрбымен өзі қатар күліседі.
Мысырдан көрген қызық үйіндей боп,
Талай күндер өткізіп жүріседі.
Үйреткен досының ақылымен,
Бұдан соң жағдайына кіріседі.

Жаратылыс тұрмыстың бәрі денде –
Талап қылса күн көрмек адам-пенде.
Бай болсын, мырза болсын адамдары,
Балағансыз адам жоқ жүрген жәйде.
Абдулхамит балаған-сауда ашады,
Қандай раздық берер деп, құдауәнде.
Тәраликке сүйреткен бір кісі жүр,
Бір қышқырып қояды анда-сәнде.

Осы адамға талай жан қылды сұрау,
Тәраликке арбасы – неше құрау.
Сүйреткені арбаға жалғыз сандық,
Қышқырғанда айтатын сөзі мынау:

«Арманда – сандығымды алмаған да,
Арман қалмас сандықты алғандарда.
Сандығымды алатын талапкер» деп,
Бір қышқырып қояды анда-санда.

Айтады саудагерлер – сен бір жынды,
Ақымақ қылмақшысың енді кімді?
Ауызын ашпай қараңғы алдаймын деп,
Көтересің бойыңа сонша мінді.

Шал айтты, мен емеспін жұрт саудалас,
Аллаңның, мақтамақтық – өзіне қас.
Ер ізде, болсаң көрмей ал сандықты,
Аузын ашып – қылмайын адамға пәс.
Сүйретіп тәралайка үш күн жүрді,
Дүниеде мақұлық бар әрбір түрлі.
Өзіндей бір ақымақ кез болар деп,
Мазақтап кәрі шал деп әркім күлді.

Ойланды Хамит бір күн барайын деп,
Сандыққа саудаласып қарайын деп.
Алмай қалып арманда болмайын деп,
Сатып алып арманда болайын деп.

Жасымнан жүрегіме байланды шер,
Тартады қызықты мал, көңілді кер.
Әйтеуір екі тойдың бірі болар,
Армансыз сатып алып болайын дер.

Шалға айтты: сандығыңды көрсет анық,
Кім алса – көріп алсын ырзаланып.
Ауызын ашпай алайын дегенменен,
Көрмей ақша кім берсін саған нанып?

Шал айтты: «Әй, жігіт, бар сөзім шын,
Өтірік сөз адамның – арына мін.
Малдан туған жан екен жұрттың бәрі,
Алған кісі көреді игілігін.
Шекері бар жігіттер кез болмады,
Араладым халқыңды бірнеше күн.
Екі жаның, біреуі болар десең,
Қорықпай-ақ, шырағым сен, алып, тын.

Адам көрмей қала ма тағдыр желді,
Тәуекелге көтеріп буды белді.

Жүз мың тіллә дегенмін, саудалассан,
Он мың тіллә сандыққа санап берді.

Ішін көрмей алуға адам баспай,
Алды Хамит он мыңға – аузын ашпай.
Он мың тіллә ақшасын алғаннан соң,
Гайып болып жөнелді шешіп-ашпай.

Саудагерлер бас қосып бәрі келді,
Көрмей алған Хамитті есер көрді.
Не бар, не жоқ аузын аш сандықтың,
Тамашасын көрейік дейді-ау енді.

Базар халқы құмартып болды білмек,
Кәрі-жас қалмай түгел келді – күлмек.
Аузын ашса ішінде он сұлуға,
Безеп қойған бадрат қызыл гүлдік.

Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы,
Аласыз қара көзі нұр жайнайды.
Сондағы албырт, есер жас бозбала,
Сүйіп-құшып қоюға ыңғайланды.

Міні жоқ порымының сынағандай –
Жасқа да, кәріге де ұнағандай.
Ақ мамық үлбіреген маңдайына,
Қара қас иіп қолмен қадағандай.
Көрініп ернін ашса кірсіз тісі,
Меруерттен қолмен қырлап қалағандай.
Бәрінің жағасында жазғаны бар,
Бағасын пәлен мың деп балағандай.
Жансыз нәрсе дегенмен ел қызықты,
Әркім-ақ саудаласып жанағандай.
Арабша жазған сөзін хасапласа,
Барлығы жүз мың тіллә санағандай...

Он мыңға Абдулхамит қалды бермей –
Он мың тіллә дегенді пайда көрмей.
Екі жыл бос іләпке қарап тұрды,
Мұнан кейін алам деп адам келмей.

Ал, жазайын хикая құлпырғызып,
Біреуінен біреуін ұмтылғызып.
Осылардың, барынша алғызайын,
Бір талапкер жастардан ұл туғызып.

Саудагер көп келетін әрбір жұрттан,
Көп жүріп жаһан кезіп жер қыдыртқан.
Базарға он шамалы адам келді,
Бәрінің пердесі бар жүзін тұтқан.

Хамиттің дүкеніне кірді келіп,
Суреттің, қолына алды бәрін көріп.
Тезінен келе сала саудаласты,
Елу мың ә дегенше тіллә беріп.

Бұл сөзге Абдулхамит нана алмады,
Талайдан керек қылып жан алмады,
Әлде өтірік, әлде шын – мазақ па деп,
Тап басып ықыластанып қына алмады.

Бір күннің, және келді екінші күн,
Адамның, өтірік сөз – бойына мін.
Әй, мырза, анық өзің сатар болсаң,
Тиісті бағасын не сұрайсың?

Хамит айтты: Әй, жігіт, жақынға кел,
Кезек жоқ – бос сөзді көремін жел,
Әрбірінің бағасы жазулы тұр,
Керек болса қолға ұстап, баршасын көр.

Ойын ойнап кісі жоқ босқа тұрған,
Алсаң, құрбым, жөнімен ақшасын бер,
Әр адамның ықтияры өзінде ғой,
Мен емеспін жат айтып біреуді жер.

Көп алмасаң, керектің бірін қала,
Артық сұрап жаппаймын жанға жала.
Күн өткізіп, кісі жоқ босқа тұрған,
Игі жазса кім айтар сөзді жаңа?

...

Рас, құрбым, мен-дағы сүйретпедім,
Ақыл айтып, орынсыз үйретпедім.
Сатар болсаң аламын – тоқсан алтын,
Пайда-зиян қылсаң да бірлеп дедім.

Абдулхамид сол кезде ойға кірді,
Шын алатын кісі деп ойлап-білді.
Қайран он мың тілләнің қажеті жоқ,
Мезгіл өтіп кетеді осы ғұрлы.

Жайнағанды суреттің бәрін шалып,
Баяғы сандығына қойды салып.
Бүтін жұрттан біз жүрген саудагерміз –
Жағасында дарияның біздің халық.

Атыңызды жегіңіз арбаңызға –
Қонақ болып қайтарсыз ақша барда.
Үйде жоқ қалың пайда кез болған соң,
Ат жегіп, жүріп кетті Ерзалаға.

Дарияның жағасында тұрған кеме,
Бастады – пайда-зиян әлденеге.

Мұның арты талайға ұшырайды,
Жазмышты тағдырда пәле деме?

Сауда-доспен кіреді кемесіне,
Қалт қылған жоқ байланған кеңесіне.
Тоқсан мың қызыл алтын санап беріп,
Көз жетті көңіл бүтін емесіне.
Екі кесе бал құйды екеуіне,
Нанды қосып берген соң жемесі не.
Сүттен ақ, қардан суық...

Аздан соң ұйықтағандай көзін жұмды,
Кез болып қалың пайда көңіл тынды.
Перінің тылсым соққан адамы екен,
Көрмеген бұрын Хамит мұндай сұмды.
Алдап сатқан басында сурет екен,
Бүгін алдап Хамитті тұтқын қылды.
Иранбақ шаһарына апарған соң,
Өткізді талай жылдар, талай күнді.

Бір сөз бар айтылмаған мұнан төмен,
Жоғарғы хикаяда көп сөйлеген.
Мысырдың шаһарында дәурен сүріп,
Қаланған қатын қайда Камжуи деген?

Залымның тұзағына душар болып,
Бейнетгі бұл сияқты тартты-ау сабаз,
Ақыры михнатың рахат болып,
Еркі бар жарылқаса әлденеден.

Бір толқын – байлауы жоқ дүние жалған,
Кім мұратын табады көңілге алған?!
Ұлына уәзірдің қосылғанда,
Хамиттен буаз екен іште қалған...

(Қолжазбаның, жалғасы жоғалған)

Нәпақа болды жұртқа көп мал сойып,
Ат шапқан күрес қандай қырып-жойып.
Көптен соң сауық-сайран басылады,
Баланың Арыстан деп атын қойып.

Арыстан туғаннан-ақ дана болды,
Өткір зейін білімпаз сана болды.
Палуан, қатарынан қайраты асқан,
Уәзірдің жел жағына пана болды.

Үйренді он жасында әскер ойын,
Білімге қандай болса сондай мойын.
Артықша құрбысынан өнері асып,
Мысырдың билеп кетіп айт пен тойын.

Қамақым ұры қайда бағанағы?
Уәзір боп қарқ болып жүр қағанағы.
Ақты Құдай жақ дейді деген қайда,
Қағылар мұның қашан сағанағы?

Қамақым Арыстанмен бір жүреді,
Жылатып, талай жанды күлдіреді.
Ойында неше түрлі ән салатын,
Арыстан өнері асқан бұлбұл еді.

Жан жолдас Арыстанға серік еді,
Көп қажет Қамақымға беріп еді.
Арыстан ер жеткен соң іш тартқанда,
Дәніп те әр ісін жақсы көріп еді.
Арыстан Қамақыммен он шақты адам,
Бір күні кәстаншыға келіп еді.
Арақ-шарап көп ішіп сауық-сайран,
Әр ойға қызу көңіл бөлінеді.

Дәулетін Арыстанның қызу ішіп,
Ән шырқап талай қызық тыңнан пішіп,
Бағанағы қасында Қамақым да,
Ойнады Арыстанның қолын қысып.

Қол қысып ойнайық деп болды безек,
Өзі аянып қалған жоқ күшін тежеп.
Қуатының барынша қысып өтіп,
Енді Арыстан ұстайтын келді кезек.

Арыстан қысып еді қолын келіп,
Жібергендей салды ойбай етін бөліп.
Жаққа қойып жіберді Арыстанды,
Мұнан гөрі күші өктем секілденіп.

Қамақымды Арыстан перді жаққа,
Залым, сені айдаған сор ма, бақ па?
Алысып біразырақ ұрып еді,
Мақаң тұрып сөйледі сол уақытта.

Жау еді жан ашымас сенің тегің,
Көрсетгің жанды ауыртып күшің ебін.
Әкеңнің қанын судай мен шашып ем,
Қайту ма қатып қалған бойда кегің?
Жолдастар, мен сендерге жазалы ем,
Осындай ұрғызғанды көріп көбің.
Асықпасаң қапаңды бір тебермін,
Таланды күңнен туған өлімсегім...

...Тоқтатты қауым ұстап даңдаманы.
Отырған талай жанға мәлімдетіп,
Қуылып сөздің арты жанданады.

Әркімнің өз қылғаны өзіне аян,
Келтеден Арыстанды шақты шаян.

Ішінде болғандарды куә қылып,
Өзінің кәсібіне қылды баян.

Құдайым жасырынның бәрін көрмек,
Бәрін де қаза-жала сонан келмек.
Іздетіп жібереді оншақты қол,
Мойынына шынжыр тағып алып кел деп.

Көбейіп, көптің сөзі жандырады,
Бір залым көп ішінде сандырады.
Уәли Қамақымды іздетіп жүр,
Арыстан Дәніпке айтып нандырады.
Дәніптің жүрегінде қалған қайғы,
Патшаға сөйлесуге жұрт қам қылады.
Арыстан бастан-аяқ патшаға айтып,
Естіген куәларды алдырады.

Айтады естігендер бастан-аяқ,
Артық-кем бір нүктесін тастамай-ақ.
Бірі уәзір, біреуі ханзада еді,
Жан тартып ешбіріне жасқамай-ақ.

Аллаға қашқан-қуған сыйынады,
Кердеңнің кеңдігі де қиылады.
Падиша тақытына мінгеннен соң,
Хан, сұлтан, қазы, имам жиылады.
Ахмад Дәніп астан кейін сөзін айтып,
Залымның сөз аяғы қуылады.
Қазыға имам менен патша айтады,
Қандайлық жаныменен тиылады?
Рахымсыз ауыр қалсын өлтірсін деп,
Ерік беріп Арыстанға бұйырады.
Басына қап кигізіп, қолын байлап,
Көшені жасауылдар қыдырады.

Дауысы жылағанда жерді жарып,
Денесін тас-топырақ сыдырады.

Осымен Қамақымның ісі бітті,
Болмайды аққа зауал сірә тіпті.
Ғаріптің қанын қата мен төктім деп,
Жүрегі Һарун Рашид болды күпті.

Нала ғып Һарун Рашид аһ ұрады,
Қалтырап сыр қош болып отырады.
Жетімнің көз жасына қалдым-ау деп,
Барлығын уәзірдің шақырады.

Буланды падишаның екі көзі,
Білмеді не болғанын өзіне өзі.
Қорқыш қияметтің қатерінен,
Мінекей падишаның айтқан сөзі:

Қиямет хитарына келіп дар хәл...

...Аллаға мұңлы болып қылады зар.
Дүнияның өрісіне қатар келдік,
Дертіме дәрмен іздеп көздерің сал.
Тағымды дүниядағы соған беріп,
Хамиттің баласынан ырзалық ал.

Ахмед Дәніп сонда ұшып тұрып,
Патшаға арызданды қол қусырып.
Аллаға сізден қатты мен күнәһар,
Жамағат, ақылға сал кеңес құрып.

Патшаның тығыз жарлық еткен деген,
Хамитке нақақ жала жеткен деген.
Жар беріп, жала ма деп Абдулхамит,
Өзінің қандай жұмыс еткен деген.

Орынына жазалыдан кісі беріп,
Мысырдан аман-есен кеткен деген.
Патшаға қарсы қылған қылмыс көріп,
Зор қате өз басынан өткен деген.

Дариямен кетіп еді қайық мініп,
Қараңғы су жүзиді көзі тұнып.
Бір пәрмен падишадан естідім деп,
Жазықты міне бас деп бой ұсынып.

Дәніпке алғыс айтты жанның бәрі,
Жиылып мәйханаға жас пен кәрі.
Хамитті тірі кетті деген шақта,
Патшаның қуанғандай кірді ажары.
Шулады хан-сұлтандар тұра келіп,
Болды ма одан кейін еш хабары?

Халайық қуанышқа болды бейім,
Таңданып патшада ес жоқ бұған шейін,
Шаһарда Аспандияр үш жыл тұрды,
Хабар жоқ өлі тірі содан кейін.

Уәзірлер қуанып бәлі дейді,
Әлбетте тірі шығар әлі дейді.
Дүние ахиретте саудамыздың,
Сен екенсің көмекші жары дейді.
Кеңінен толғап нақақ өлтірмеген,
Кімнің бұлай келеді хәлі дейді.
Жанымызбен ізделік жер тауысып,
Сарып болсын патшаның малы дейді.

Арыстан мәйханаға келді жетіп,
Қауымға қол қусырып тағзым етіп.
Жапасы бір жауыздың жұрт бүлдірген,
Осындай бәрімізді бір зарлы етіп.

Жарандар, енді аясаң хәлімді көр,
Жетімдік жүрегіме байланды шер.
Жаһан кезіп іздеймін әкемді өзім,
Алдияр, енді маған ұлықсат бер.

Патша қолын ұстады тұра келіп,
Мен бүгін тірі емеспін мысалы өлік.
Уағда малменен бақ, тақ сенікі,
Күн болса көз көретін атаң келіп.
Дариға, таңда мені төтесінен,
Мүбәда көре алмасаң атаң өліп.
Өзің жетім анаңды жесір біліп,
Осы хәлде қалыпсың мұнша сөніп.

Сырым – сау, ішім – жалын қайнаған шоқ,
Қашан шығар жүректен қадалған оқ?
Жұмбақ сырлар Алланың өзіне аян,
Сіздің бұған ноқаттай жазығың жоқ.

Үкім ғып жазалыға тиесісін,
Қисық айтсаң дозаққа күйесің сен.

...

Үкім құрған уәлаят иесісің.

Мен жолыңда құрбанмын ниет қаза,
Мұнан сізге қимайды ешкім жаза.
Біз тағдырдың құлымыз әуел ақыр,
Алла ісіне қылмаймыз ешбір наза.
Алла сүйген екенін осыдан біл,
Жәбір еткен Қамақым тартты саза,
Өзімді іздетуге жіберсеңіз,
Таңда барын пәнде жоқ сізден таза.

Патша басы, халайық, дейді құлдық,
Арыстан қадіріңді жаңа білдік.

Қолың бос падишаның қазынасына,
Болса да іздеп еңбек қанша жылдық.

Түзетті Ахмет Дәніп сапар жолды,
Қорымақ дүние жүзі оң мен солды.
Ішінде бір кеменің оншақты адам,
Қару-сайман, тамақ пен алтын толды.

Жол шегіп теңізбенен бұ да барсын,
Алланың мың бір емін жадына алсын.
Төменгі Абдулхамид қандай хәлде,
Басқаның, кінәлінің бәрі қалсын.

Періге тұтқын болып барып еді,
Хикая бәріңе де анық еді.
Кемеде саудагердің балын ішіп,
Есі ауып, ақылынан танып еді.

Бір емес апарғаны талай кісі,
Жаманат толған асыр үйдің іші.
Еш бірі адамдыққа ұқсас емес,
Бәрінің басқаланған жаман түсі.

Асыр тұтқан жігітін жаратады,
Олжасын қол астына таратады.
Кімі жас, кімі ауру, кімі кәрі,
Барлығын өз алдына қаратады.

Барды Хамит патшаның панасына,
Талаушылық кірген жұрт санасына.
Ас пісіріп, бақшаны су себелеп,
Жібереді Хамитті анасына.

Алланың шара бар ма құдіретіне,
Дүниенің шығып кетті бір шетіне.

Періде он жыл тәмам өмір кешті,
Тамақ асып, су сепкен қызмет түнде.

Шақырып бір күн кемпір дейді балам,
Сөзім бар жақындап кел бермен таман.
Қыз-келінім қонаққа келсе керек,
Сәлемдесіп айтуға есен-аман.
Сен бақшаға бар-дағы жұмысың қыл,
Олармен де қонақ боп келген заман.
Уәлаят жат адамды жақтырмайды,
Көріп қойса боп жүрер маған жаман.

Тезінен бақшасына кетті жүріп,
Міндетті суын құйып, ісін қылып.
Керней-сырнай соғылып барабандар,
Қонағының келгенін көрді-біліп.
От жаққан, ас пісірген, ат шаптырған,
Ғажайыптар жасалып неше түрлік.
Пәуескемен бірталай қыздар келді,
Жүзінде ниқабы бар бір қыз жүріп,
Жасырынып жатырмын бір құдықта,
Көріп қойса болар деп тағы бүлік.
Аралап жүр бақшаның іші тысын,
Қарамайды мені ешкім көзіне іліп.

Ішінде біреуі бар хан қызындай,
Біреудің ардақтаған жалғызындай.
Басқалары сол қызға анталады,
Өзі аралап көріп жүр ешбір тынбай.

Бір қыз айтты Зәбиде тұрма бекер,
Ас пісіп, тамақ ішер уақыт жетер.
Сандуғаштар естісін бақшадағы,
Ән шырқап бер бір-екі ауыз көңіл көтер.

Зәбидәсі әй, бану, деді Майра,
 Не үшін келтіріп ең осы жайға?
 Жарлығыңды аламын бәс үстіне,
 Ұмытпаңыз уағдаң осындай ма?

Құбылтып ән сала бер берілді ерік,
 Өтіп кеткен бұрынғы мұнды теріп.
 Өзің жетсең уағдаң мен де жеттім,
 Қуанарсың бірінді бірін көріп.

Мен жатырмын құдықта әлі бұғып,
 Бастан қарай сөйлеген сөзін ұғып.
 Әй, Зәбиде, ән салшы деген шақта,
 Ет-жүрегім лүпілдеп, есім шығып.

Тамылжытып шырқады Зәбиде қыз,
 Таңғажайып дауысын тыңдасаңыз.
 Жүректегі қатқан мұз ерігендей,
 Өң бе түс пе – біле алмай отырдық біз.

Әні-сөзі ұқсады қатыныма,
 Есім шығып қараңғы ғапылыма.
 Қолым жайып жүгірдім тұра келіп,
 Тәуекел деп жүгініп ақылыма.

Зәбиде құшақтады қолын жайып,
 Сол бақшада кез болдық ерлі-зайып.
 Мен қаңғырып құл болып қорлық көрдім,
 Ол бейшара болыпты тірі ғайып.
 Мұны алып жынның қызын тастап кеткен,
 Өлген қатын жын екен жолдан тайып.
 Өткен күн, көрген кемдік ойдан кетті,
 Құдіреті бір Алланың таңғажайып.

Дию-пері деген жұрт пасық екен,
 Ел талап, ер өлтірмек кәсіп екен.

Мені тастап алдырған Зәбидені,
Пері қызы құрысын ғашық екен.

Баяндады Зәбиде сөзді бастап,
Көтеріп мұны әкеткен мені тастап.
Талығында байыңның кемдік бар деп,
Осыменен тоқтатқан қызды жасқап.

Мен тастадым пері алып Мысыр халқын,
Кіндік кескен, кір жуып, қайран халқым.
Өзіңнен айырылғалы өткен күннің,
Ауызбен бітіре алмай сөйлеп қалпын.
Жалғанда жанға батқан арман едің,
Көз көріп, болдық, міне, жүзім жарқын.
Мен қызмет қылмақпын екеуіңе,
Тоқтатайық осымен сөздің артын.

Құшақтасып шаршадық қылып зары,
Қатқан жүрек тарқасып іш құмары.
Өң-түсім болса да жан жәннатым,
Пері қызын көрмеймін, құрысын әрі.

Жаман күнде кез келіп жар болғаның,
Мен мүсәпір, сен өліп зар болғамын.
Пері түгіл, көрмеймін періштені,
Осы болса сағынып бар болғаның.

Зәбиде айтты бұл менің келген жерім,
Туып-өсіп Мысыр ғой өнген жерім.
Жақын жар, дос өзіңе тоқтау айтып,
Алла ісіне өйдеме көнгендерің.
Басқышыңнан құлатып маған ұқсас,
Жынның қызы Күлбарам көмгендерің.

Бұлар жетіп мен бүгін сөзден тансам,
Он қисса артық онан айтып тұрсам...

Төгіп-төгіп жіберді көздің жасын,
Дүнияда не көрмеген мұңлы басым?
Жаным-ау айтқаныңыз болсын дедім,
Болған соң өлетұғын жан жолдасым.

Қиын сөз арамызда болған талай,
Қыздар жоқ айырықша қалған сарай.
Адамзат сөзден тайған хайуан деп,
Жөнелді тағат қылмай шәрға қарай.

Падиша қаһар сәбіл жұрт қараған,
Неміз бар деп жасауыл мен сөз тараған.
Бақшада ол күн жалғыз қонақ болдым,
Соғылды таң атқанда қос барабан.
Қос кепті жануарлары алты аяқты,
Сап тұтып келіп жатыр әр арадан.

Сөйлеген перілермен бірге өскенін,
Басынан нендей қиын күй кешкенін.
Сағынған сол сияқты ғашық жармын,
Дариға-ай, бір күн жатып тілдеспедім.

Жарандар, бір Алланың құдіретін көр,
Тарады кеудемізде байланған шер.
Тіріліп өлген қатын бой жасадым,
Иллаһи ақырының қайырын бер.

Патшасы жиып жатыр ирам халқын,
Әскердің айтып болмас көрмей қалпын,
Арыстан, аю, бөрі, айдаһар бар,
Көрмеген жануардың көрдім салтын.
Аждаһа көзі жанып неше түрлі,
Шарбақтың айналып жүр алдын-артын.
Жерге түсіп түзіліп жұлқысқанда,
Жан қорқып есің шығар көрсең парқын.

Мен көрдім таң атқан соң осындай кеп,
Таңғажайып айта берсем мұнан да көп.
Арбамен бір аждаһа алып келді,
Патшаға қаны күйеу сәлем берді.

Патша жарлық қылған соң жылан міндік,
Ұшқан құстан көрсеңіз жылдам жүрдік.
Жасауылдан жіберген киім киіп,
Тәртіппен сәлем беріп үйге кірдік.

Үй ішін ғажайып көп безендірген,
Сандуғаш сайрап, бұлбұл төзендірген.
Есікте жасауылдар есебі көп,
Неше түрлі порыммен кезендірген.

Қарадым сәлем беріп қол қусырып,
Қозғалмай тамаша етіп біраз тұрып.
Көз көрмеген нәрседен шашу шашып,
Бір нәрсеге отырды бұйрық қылып.

Зарлы құлың осындай үйге кірді,
Ақ атлас пердесі бар бақтың нұрлы.
Мұнан кейін бір қызға неке оқып,
Алдыма тағам келді неше түрлі.

Той қызығы созылды талай заман,
Түгел сөйлеп айтуға жетпес шамам.
Жаннан қорқып тілеймін көрмегенді,
Қайтатұғын күн бар ма есен-аман.
Заһарлы қыры екен маған қылған,
Түзеліп бәрі болды қалыпты адам.
Перінің Майра деген қызын алып,
Өткіздім сонда тұрып бір жыл тәмам.
Жұртымызға қайтуға мақұл көріп,
Өтінішпен сұрадық падишадан.

Сұрадық қайтарсаңыз жұртымызға,
Сахара жайдақ қазақ ғұрпымызға.
Қазынасын есебі жоқ үйіп жатыр,
Жіберіп өзіміздің ырқымызға.

Зәбиде мен екеуіміз кеңесеміз,
Өлік-тірік құрыған емешеміз
Перінің де баласы Асуан сұлу,
Заты бөлек адамнан демесеңіз.

Өз жұртыма қайтуға ерік берді,
Жиырма мың неше тұрған әскер ерді.
Қыздың мүлкін көтеріп аспанға ұшып,
Қаңбақтай ұшыратын көрдім желді.
Қас ғайып, көз жұмғанша дегендей-ақ,
Шаһарына Аспандияр алып келді.
Жиырма мың перілердің ұшқырлары,
Қайт демесең кетпейді әбден енді.
Мұны іздеген Арыстан Ахмет Дәніп,
Аз суреттеп өтейін соларды енді.

Бұлар келіп бұл жайға алған демді,
Сөз қосылар қиссаға артық-кемді.
Аспандияр халқынан қарастырып,
Көріп-білген таппаған ешбір жөнді.

Адам жөнін білмейді қарағанда,
Мынадан да, сұрау сап анаған да,
Дәніпұлы Уақас деп жазылған,
Кез келеді бір күн бір балағанға.

Бекіткен балағанды таста дейді,
Бір адам шақырып ап қастарына.
Иесін балағанның тауып бер деп,
Жұмысын сонда деп баста дейді.

Жігіт айтты иесі бір салт адам,
Екі-үш жыл сауда қылып отырды аман.
Кімге жайын айтқанын білерім жоқ,
Көрмегелі бірталай болды заман.

Ол кісі жүріп кетті осыны айтып,
Шақырғанға келген жоқ және қайтып.
Бірнеше күн тағы да сұрастырды,
Ешкім хабар білмеді мұнан артық.
Дағдарып жөн таба алмай отырғанда,
Қолы кірді перінің шеру тартып.

Жел менен күннің көзін қаптады шан,
Бір түрлі қияпатын көрмеген жан.
Барабан, сырнай, керней соғылысып,
Шаһары Аспандияр болыпты таң.

Білген жоқ – ел ме, жау ма, әлі ешкім,
Қорқып болды шаһары асты-үстін,
Балаған дүкеніне жетіп келді,
Қуанған қызығын көр сондағы істің.

Ескі сөз артта қалған мойыныңды бұр,
Айтуға тілге жеңіл – әңгіме жыр.
Салтанат жариялармен Хамит келсе,
Өзінің Мысырдағы достасы тұр.

Айырылып фәріптікпен баяғыда,
Өлімнен құтқарып ап аяды да.
Қуанып көздің жасын көлдей қылып,
Дәніптің басын салып аяғына.

Атамнан артық болған опадарым,
Ішінде екі дүние сүйер жарым.
Жаныма жәрдем қосқан жақынымсың,
Сен едің көрсем-ау деп қайғы-зарым.

Ішінде аз өмірдің, тақсыр сұлтан,
Дүниенің түгел көрдім кең мен тарын.
Ажалдан сіз айырып жіберген соң,
Болған жоқ бір күн бойда ықтиярым.
Ерем де Зәбидемен қосылдым да,
Жылаумен сөйлеп жатыр соның бәрін.
Хисаб жоқ Ахмет Дәніп алтын шашты,
Шақырып қуанышпен балаларын.

Зәбиде амандасты парыменен,
Ирамнан қосылысқан жарыменен.
Дәніптің тағзым етіп қолын сүйіп,
Көрген күн таныстырды хәліменен.

Күн туды нұрдың жылы шашылғандай,
Қуанып зарлы көңіл басылғандай.
Екеуі Дәніпті айтып уанбады,
Жар беріп жаман күнде асылғандай.
Бұларды осыменен тоқтатайық,
Болмасын сөз қызығын қашырғандай.
Көзінің Арыстан тұр жасын сүртіп,
Атасын анық білсе бас ұрғандай.
Өлмесең күнің туды дегендей сөз,
Қан қатып болып жүрген ашынғандай.
Оқ тиген бәріңізден мен зарлы деп,
Кең толғап мұңын жұрттан асырғандай.
Ел аузына бола ма елек қойып,
Болмаса жігіт емес басынғандай.
Сияғы ақылы мен сияпатын,
Дос түгіл дұшпаны кеп қасынғандай.

Соқталы сом алтындай Арыстаны,
Адамның өзі құрбы данышпаны.
Ананың құрсағында қан боп қатқан,
Бұл жерде ата тауып танысқаны.

Қазынаны ұрлаған Қамақым боп,
Бірі айтып, біреуі естіп нанысқаны.
Той болып садақалар көп беріліп,
Қызықпен күндер өтіп алыстады.
Тылсыммен ұшатұғын перілерге,
Ал, енді жүрейік деп дабыстады.
Көргізген дүние жүзін көлеңке ғып,
Мысырға аман-есен барысқаны.

Мысырға пері мініп келді ұшып,
Бір күнде тұтқын болды қолға түсіп.
Бастан ерік, көңілден ақыл қашып,
Дәм ауып талай жердің суын ішіп.
Хамиттің тірлігіне сүйінші деп,
Патшаның Дәніп кірді қолын қысып.
Екі жаһан ішінде жарым сен деп,
Дәніпке берді орынын тақтан түсіп.

Хамит келді патшаның алдарына,
Ел қуанды қазына халдарына.
Падиша қолын беріп көп жылады,
Достым-ай көрдім-ау деп жан барына.

Патша еді Һарун Рашид көзге мығым,
Басқа – ақыл, жанға – сая, жауға – тығын.
Зубайра ханымменен бәрі шулап,
Хамиттің тілеп жатыр ырзалығын.

Көзінен таса қылмай күндіз кеше,
Той қылып қызық болды әлденеше.
Жас жаныма көп жапа естідім деп,
Жанын пида қылады Хамит десе.

Хамиттің де бақыты өсіп болды дардай,
Падишамнан ағарып жауған қардай.

Өлтірме деп жатқанда өлтірмеген,
Дос болсын – дос болса адам осылардай.

Арыстан – уәлаятқа әскербасы,
Табиғы Мысырдағы дос пен қасы.
Жолында ғазиз жанын құрбан етіп,
Отырды тілеуінде ата-анасы.

Өткізіп рахатпенен мұңмен зарды,
Күн көріп қайырынан талай жарлы.
Баяғы Зәбиденің себебі деп,
Тапсырған қатынына қолда барды.
Бағдатта Ғалаһиддин кемпір мен шал,
Жолында баласының көзі талды.
Тілмен сұқ болады деп жерге тыққан,
Еңбегі екеуінің қайда қалды?
Адамнан тұсындағы теңдесі жоқ,
Ішіп жеп тірі жүр ме есен, малды,
Арыстан Абдухамит көп әскермен,
Мысырдан Бағдатқа рұқсат алды.
Бейнетпен өмір өтіп, есім шығып,
Білмедім қандай күйде кемпір-шалды.

Қорлықпен есім шығып, кетті сәнім,
Көп жұрттың қаңғып жүріп таттым дәмін.
Қанатын қайыстырып аялаған,
Жүр екен қандай хәлде атажаным?

Зәбиде менің қайғым көп-ті дейді,
Жас дәурен қаңғырумен өтті дейді,
Атамның анамменен саясынан,
Шығып ем ренжітіп десті дейді.
Кездіріп дүния жүзін бір зарлы етіп,
Түбіме маскүнемдер жетті дейді.

Болды екен аһ, дариға, күні қандай,
Сарғайып сағынғанмын түрі қандай?
Қуарып жапырағы бір мені ойлап,
Солды екен бейшараның түрі қандай.
Малы көп қорғаушы жоқ кемпір-шалға,
Қылатын азға көптің қыры қандай.
Орынымен тәрбиелеп жұмсамаса,
Қолдағы бақташының сыры қандай.

Алмаған ашқан тілін күнім қиын,
Қорлықпен қажып-шаршап қашты миым,
Қылатын жанын пида атам-анам,
Қол беріліп әлдеқалай болды-ау күйің.
Дұғасын алмай кетіп мұндай болдым,
Жоқ етті еңбегіне еткен сиым.
Жәннаттың бір есігі ашылғандай,
Кім білсін бар ма, жоқ па қайран үйім.

Зарығып мұңын айтты қатынына,
Өзінің көп ренжіп ғапылына.
Арыстанға бастан-аяқ баяндады,
Патшаның барайық деп ақылына.

Патшаға екінші айтты Хамит барып,
Бар екен мәйханада талай халық.
Жол қандай, дария қандай, кеме менен,
Келдім мен жүрейін деп көпке салып.

Қауым еді Бағдат қашық жерде,
Түн қатып кемшілік бар талай шөлде.
Суменен кемеңі айдап жүрер болсаң,
Баратын он бес күндік ол бір белде.
Анада керуендер барып келді,
Бел байлап аман-есен тәуекелге.
Рақат – күндіз-түні сумен жүзіп,
Жазым боп ұшырамасаң толқын желге.

Халық бірлеп кемеге байланды сөз,
 Сумен жүріп Бағдатқа жетесің тез.
 Тағдырдың жазған ісін кім көрмейді,
 Әмсе толқын адамға болмасын кез.

Үш кеме осыменен суға кірді,
 Ішінде өнерпаз көп неше түрлі.
 Дариямен күндіз-түні тынбай ағып,
 Қызық пен ойын-сауық дәурен сүрді.

Бір кеме жастан – әскер жанған қаулап,
 Ән салып неше түрмен көңіл аулап.
 Кей мезгіл демалыс қып басшыларын,
 Дарияға тоқтады шынжыр баулап.

Бір күні құбыладан бұлт шықты,
 Желдеткен қара бұлт қандай мықты.
 Исафил сүрін үрген секілденіп,
 Қараңғы дария жүзін толқын қыпты.

Жел қатты, толқын қағып бұраңдады,
 Су жүйрік, толқын үлкен сумаңдады.
 Ескекке ие бермей таудай толқын,
 Кемеге ыршып кіріп жылмаңдады.

Үш күн үш түн өткенше жел тынбады,
 Айдында қара дауыл бір сынбады.
 Бір жаннан үміт үзіп бақұлдасып,
 Ас ішпей, ұйқы көріп көз жұмбады.

Жандәрмен су еседі желді бағып,
 Шыбын жан қалады деп таңда нағып?!
 Өнерпаз бір кемеді өңкей жастар,
 Кемесін төңкереді толқын қағып,
 Ұжмақтың ризуаны секілденген,
 Есіл жас суға батып болды зағип.

Айырылып қалған кеме бір-бірінен,
Әйтеуір су жүзінде жүреді ағып.

Қараса көрінбейді судан бөлек,
Су жүзі таудай толқын дөп-дөңгелек,
Тілінде – иман, жүрегінде Құдайы бар,
Онан басқа сұрайды кімнен көмек?!
Әулие-әнбияны жат қылады,
Кетпесе су жүзінде солар демеп.
Осындай мүшкіл күндер душарласты,
Әр адам өз халімен болып кейіп.

Жел тоқтап бір мезгілде шуақ шықты,
Жарқырап күннің көзі ашылыпты.
Бір құрғаққа таянып Хамит келді,
Еркі бар оңай қылса мұқтаждықты.

Құрлыққа шыққаннан соң қылды шүкір,
Құданың, әй, жарандар, құдіретін көр.
Әр түрлік жер жемісі пісіп жеткен,
Тамаша бағы, ағашы – бек жақсы жер.
Ғаламның он сегіз мың Құдай ісін,
Зұлжалал мінажатының қайырын бер.
Айырылып қатын-бала, жар-жолдастан,
Жапанда жалғыз қаңғып қалдым ба дер.

Ас ішті қалған жандар басын қосып,
Әлсіреп ақылы ауған, жаннан шошып.
Төрт болып екі көзі су жүзіне,
Тоқтаған сол араға түнде тосып.

Құрғаққа бұлар тоқтап тұра тұрсын,
Өзгеден сайқал бастап бір кәп ұрсын.
Зәбиде Арыстанмен қайда кетті,
Солардың хал-жайынан кеңес құрсын.

Бұлардың да заманы болған сондай,
 Үміт қып еш нәрсеге көңіл толмай.
 Жел айдап бір құрғаққа шыққан екен,
 Жан сұраудан басқаға халі болмай.
 Ес жиды, судан шықты жалғыз кеме,
 Жар да жоқ, жолдас та жоқ, қыршын жаңдай.
 Ақылға екеуі де келе алмады,
 Бұлай деп жанашырлар әлдеқандай.

Бұл халмен судан шықты есен-аман,
 Екі-үш күн демалыс қып өтті заман.
 Қамкөңіл, қайғылы өмір тұрған жайда,
 Кез болды кеме мінген оншақты адам.

Дарияда ұры екен бұлар жүрген,
 Кәсіп қып бір жамандық бойға сіңген.
 Өз кемесі екен деп қуаныш қып,
 Ерікті Алла берсе кімде-кімнен.
 Бағдаттың адамы болып шықты,
 Жолығып жөн сұрасып халін білген.
 Бұлардан тамақ ішіп садақа алып,
 Шаттанып ұрылар да ойнап-күлген.

Білдірді ұрыларға бұлар хәлін,
 Айырылған көп жолдастан мұң мен зарын.
 Бағдатта Ғалиһиддин байды сұрап,
 Мысырдан іздеп шыққан соның бәрін.

Керуенмен Абдулхамит кеткен жайын,
 Арада бірнеше жыл өткен жайын.
 Жетісіп жақсы тұрған жайын тастап,
 Айырылып мұндай жапа шеккен жайын.

Хал біліп ұрылармен жұбанысты,
 Көзінің жасын тыйып, уанысты.

Басшымыз Абдулхамит дегенді айтып,
Мәз-мейрам ол адамдар қуанысты.

Саламат Ғалаһиддин қайырлы бай,
Құт қонған күні бүгін тұрманы сай.
Қайғысы дүниедегі баласы еді,
Онан басқа мұңы жоқ отырған жай.

Ұрылар жүрмек болды енді тынбай,
Қуаныш кез болды деп бүгін мұндай.
Тезінен Бағдатқа жетпек болды,
Жол жүріп бір күн, бір түн көзді жұмбай.

Бұлардың жүрмек болған білді сөзін,
Жол жағдай дайындап жүр бәрі де өзін.
Арыстан Зәбидеге ұғындырды,
Қандайлық болар еді жатар кезін.

Әртүрлі тәсіл айтып анасына,
Түсіріп талай уақыт санасына.
Бар шығар бір жазуы құдіреттің,
Алланың тапсыралық панасына.
Болмаса су жүзінен іздетелік,
Бағдаттың барып жатып қаласына,
Шаһарын мына адамдар жақын дейді,
Жетерлік бір күн, бір түн шамасында.

Осындай Зәбидеге ақыл берді,
Мұнысын анасы да мақұл көрді.
Жолыққан бағанағы адамдармен,
Бағдаттың шаһарына жақын келді.

Дарияның кеме келді жағасына,
Қайраңдап бір аралдың сағасына.
Осындай қалың олжа қуанышта,
Ойлашы бойды билеп бағасың ба?!

Түскен соң кемесінен бірі қалмай,
Жүгірді сүйінші алып ағасына.
Екеуі кемпір мен шал талып қапты,
Лапылдап жүрек дедек қағасың да.

Көп олжа айтқан жандар тауып жатыр,
Ақылы бәйбіше бай ауып жатыр,
Есіткен Бағдаттың адамы кеп,
Жаңбырдай шашу үйге жауып жатыр.
Азамат тұсындағы ханзадалар,
Дарияның жағасына шауып жатыр.
Хамиттің жан жолдасы Зәбидені,
Құшақтап жыласып жұрт қауып жатыр.

Анықтап табылған жоқ сөз сарасы,
Қиыннан қиыстырған ер данасы.
Жарығым жалғандағы қызығым деп,
Хамиттің келді алдынан ата-анасы.

Мұндағы келіні мен көрді ұлын,
Немере Арыстанды қызыл гүлін.
Қаражүрек қақ жарған қуанышпен,
Хал келмес толықсытып көрген күнін.
Дарияда толқын қағып араласқан,
Басшылар айтып жатыр сөздің шынын.
Қалғанын қауым көпке Зәбиде айтып,
Тырнақтай шығармайды сөздің мінін.
Қапалы қасіретін білдірмейді,
Бойында Зәбиденің қандай білім?!

Жиылды Бағдаттың қазы-биі,
Бой жасап бай мен қатын толды күйі.
Қайғыны Зәбиде қыз білдірмеді,
Зарлының бұл емес деп жылар үйі.

Жылайды бай-бәйбіше ұлын жоқтап,
Қуанып алдын көріп тағы тоқтап.
Ішінің бәрінің де қан қатып жүр,
Білдірмей әрбіреуі бойға сақтап.
Тапсырып рахматына бір Алланың,
Қонақта бұлар жатты тиянақтап.
Ақыл ғып Ғалаһиддин патшаменен,
Болады іздемекші екі жақтап.

Күн батыс, күн шығысқа қам қылады,
Қай жаққа із жоқ, түз жоқ қаңғырады.
Шаһарға келген-кеткен күзет қойып,
Сұрау сап жер жүзіне даң қылады.

Қонақтар жата тұрсын бұлар мұнда,
Той қылып мал сойылып, шашып діллә.
Құрғаққа шығып он күн тосып жатқан,
Қозғалған Абдулхамит сөзін тыңда.

Қайрандап бағы жайда қалып еді,
Бұл жағы тыңдаушыға анық еді.
Айырылып жар жолдасы, баласынан,
Жылаумен жүдеп шаршап жанып еді.
Бойдан қайрат, көңілден ақыл кетіп,
Әлбетте ақылынан танып еді.
Жолдастар, қандай пікір айтасың деп,
Бір күні бәріне ақыл салып еді.
Жарандар, жатқан қандай, жүрген қандай,
Жолдасты жүре қарап білген қандай.
Жан қажып судан сонша ой шағылды-ау,
Әлі де тәуекел ғып кірген қандай.

Шуылдап бұлар айтты жүрген артық,
Күнде толқын кез болмас кірген артық,
Ішер астан айырылдың жылауменен,
Жата берсең кететін қайғың артып.

Осыменен дарияға кіргізеді,
Кең толғап шешендері сөзін тартып.
Бәрінің жаны шошып қалған сорлы,
Тағы да кешеміз деп жел боп шалқып.
Басшылар жылмаңдатып кемеңі айдап,
Таянды Бағдатқа қаздай қалқып.

Жақындап Бағдатқа келіп еді,
Мұнар боп қара тұман көрінеді,
Бар ма деп ата-анам жүрек тулап,
Әр ойға жүрдек көңіл бөлінеді.

Деген бар есіткенді көз көреді,
Қызыл жүз солып қайтып өзгереді.
Қайраңға кеме келіп тоқтағанда,
Жағадан балықшылар кез келеді.

Тілектес сұрау салған мұның бәрі,
Кемеге жетіп келді баршалары.
Қай жұрттың адамысың жөніңді айт деп,
Сияқты Абдулхамит ынтызарлы.

Қайранға кеме келіп тапты тұрақ,
Саламат судан шығып бітті мұрат.
Жауап бер біз жолаушы жөніңді айт деп,
Тірлігін ата-анасы білді сұрап.

Қуанып Абдулхамит гүлденеді,
Сұңқардай толықсыған түрге енеді.
Жүгірді адағайлап өңкей жаяу,
Екенін Абдулхамит білген еді.
Әрбірі тілін тістеп адамға айтпай,
Жүгіріп ұзын-қысқа үйге енеді.
Қуанған атты жаяу қарсы шыққан,
Жығылып опыр-топыр иленеді.

Ай асты, шаң боп кетті күннің көзі,
Білген жоқ не болғанын әркім өзі.
Баласын Ғалаһиддин солай көрді,
Қырық жыл мұғдарында болған кезі.
Көрісті сол сияқты қуанысып,
Зарлының таусыла ма мұнды сөзі.

Бақ қонды Ғалаһиддин шарбағына,
Қайғының нұр төгілді зардабына.
Ғалаһиддин, Арыстан, Абдулхамит,
Білдірді той жарағын жан-жағына.
Шам, Құдыс сол сияқты үлкен шаһар,
Ләпке бар даяр тұрған жан-жағында.
Бәріне пәркешіктің той қылғызды,
Бұл малды шашамыз деп қай уағында.
Солардың той істетіп алабына,
Жеткізді зор қуаныш талабына.
Талайы пақырлардың бай болады,
Алтынды тойға шашқан талады да.
Осындай Абдулхамит деген өтті,
Тағдыр да, Тәңірің сүйіп қалады да.
Мысырға той тарқатып қайта жүрді,
Атасын анасымен алады да.

Мысырға қайтып келді есен-аман,
Сол сияқты қызықты өтті заман.
Патшаның Һарун Рашид уақтысында,
Жетіскен талай сондай пақыр адам.

Тағы той Ғалаһиддин Мысыр жиып,
Басына екі жұрттан дәулет тиіп.
Перілер осы тойда қызмет етіп,
Әртүрлі суретпенен киім киіп.
Шишасы Абдулхамит қайта жасап,
Баяғы қурап қалған ішіп киіп.

Адамды періменен қатар жұмсап,
Құдайым бір пәндеге берді қиып.
Арыстан өз қолымен үлестірді,
Базарға неше батпан алтын үйіп.
Байлығын Ғалаһиддин мақтағанбыз,
Басына бір адамның бағып сыйып.
Осындай жомарт патша заманында,
Қай жанның мәртебесі болмас биік.
Өмірі қуанышпен болып өтті,
Қырық жыл тартқан екен тірі күйік.
Басында құл мен күнді азат қылған,
Бәрін де жарлы-жалшы көңілі суып.
Армансыз дүниеден өтті Хамит,
Қайыры қолдан берген басқа тиіп.

Зәбиде ата-анасын артық күтті,
Алдынан босанбайды бір күн тіпті.
Жалғанның бұл бес күндік ортасында,
Әркімге кез болсаңшы сондай жұпты.
Қызығы қатыны мен ұлы-қызы,
Болған жоқ ешбірінің көңілі күпті.
Онында йануардың қолға ұстап,
Екінші февралда артың бітті.



Биләл Нуржанұлы



**Мағауия
Нуржанұлы**



Сәдуақас Нуржанұлы



**Мәлғаждар
Нуржанұлы**



Шырақбай Нуржанұлы



Биләл
Нұржанұлы
бәйбішесі
Жәміш анамызбен



Мағауия
Нұржанұлы жары
Зылиха анамызбен



Сәдуақас
Нұржанұлы
жары
Гүлбаһрам
анамызбен



Шырақбай
Нұржанұлы
бәйбішесі
Тілеужан
анамызбен



Кәрім
Біләлұлы
жары
Дәния анамызбен



Ғани Біләлұлы жары Сақан
анамызбен



Мәни Біләлұлы
бәйбішесі
Мәнура анамызбен

Атамыздың қолжазбаларын
1950-жылдардың соңында
мұрағат қорына алғаш
қосқан, ұстаз әкеміз
Сейітқазы Әбдіразақұлы



Бейбіт Біләлұлы
жары Қазкен
анамызбен



Бақыт Біләлұлы жары
Сарқыт анамызбен



Әжемiз Жәмiш немерелерi Бағдат, Сәулe, келiнi Дәниямен. Екiншi қатарда: Даниял Әуезұлы, Мәни, Кәрiм әкелерiмiз, Ғайнел Әуезұлы



Әуез Иiсбекұлы, Гүлбаһрам, Тiлеужан аналарымыз, екiншi қатарда Ғани Бiләлұлы, Алтын анамыз, Торғай жиен, Мәни Бiләлұлы, Нiлтай Мәжмәнұлы, Шырақбай Нұржанұлы, Шәжен Ақпанбайұлы



Махфуза Біләлқызы жездеміз Сағадимен



Шәйза Біләлқызы жездеміз Төреханмен



Дариға
Біләлқызы
жездеміз
Төлеумен

**Кәбира
Білалқызы
жездеміз
Жолжақсымен**



МИРАС



**Мейірхан
Сәйдіұлы
жиеніміз**

169




**Роза Мағауияқызы, жездеміз Әуезхан Қанафин,
Жаңабек Қойлыбайұлы, Ғани Біләлұлы**




**Заря Мәлгаждарқызы, Ерлан, Құралай, жездеміз
Әбілфайыз Ыдырысов, Ғани Біләлұлы**





Алаштың аяулы әншісі,
жиеніміз Мейрхан
Адамбековтың әкесі Сәйді,
анасы Рауза Біләлқызы



Сейітқазы Әбдірахманов
әкеміздің мұрағатқа
тапсырған қолжазбасы




Мұрағат мұралары



АҚСОРАҢ, ЖАРТАСЫНАН ЖАРАТЫЛҒАН...

Дастандар,
естеліктер



НҰРЖАН АҚЫН

(поэма)

*«Орталық Қазақстан» газеті,
1991 жылғы 18 мамыр.*

I

Бір жылы ең ауыр жыл – доңыз екен,
Жеңіл жыл – ұлу деген – қоңыз екен.
Ұлу жылы ұл туса бақытты деп,
Оған сояр қалжасы тоғыз екен.

Нұржанды жас кезінде жек көріпті,
Шешесі оны әрине, кек көріпті.
Бала ғой деп бір уыс бидай берсе,
Доңыз жылы туған ит деп беріпті.

Доңыздың қысы сонша болған қатты,
Мұз жауып, қалың қары борандатты.
Сүзек, жөтел, қызылша індет қаптап,
«Жеті ағайын» жұт келіп жанға батты.
Естімеген елде көп дегендейін,
Талтүсте мал қораға қасқыр шапты.
Жерден ұшқан сауысқан сары аязда,
Тұмсығынан шаншылып мұз боп қатты.

Түлкілер іннен тышқан ала алмапты,
Мұз жапқан індерді де таба алмапты.
Тарыққанда тағылық былай қалып,
Ауылды жайбарақт аралапты.
Жыр ғыш айтып береді әлі күнге,
Естігендер доңыз жылғы ғаламатты.

Жалғыз аттан айрылып кейбір кедей,
Қолына желқом-жүген ұстап қапты.

Жазға шейін созылып осы ауыр хал,
Қалмады қойда құйрық, жылқыда жал.
Сәуір айы болғанша қар тесілмей,
Ақ сүйек боп қырылды төрт түлік мал.

Мұнан кейін екі рет доңыз кепті,
Тағы халық асыпты жасық етті.
Не көрмедік кешегі кер заманда –
Деді де домбыраны Жақаң шертті.

II

Келгенде орта жасқа Нұржан ақын,
Мадақтап дастан етті туған халқын.
Майталман жүзден озып, жүлде алған,
Адамның бұлбұлы еді сөзі алтын.
Өз тұсында Біржандай сері болып,
Үш жүзге шығарған-ды Нұржан атын.
Келбетгі, кең пейілді адам еді,
Жайдары жазғы күндей жүзі жарқын.

Он үште өлең-жырға түзеп бетін,
Түсіпті сара жол деп беріп сертін.
Нұржанның бір кездерде жанына ердім,
Былай деп сипаттайын оның кейпін:

Дүр ақын атышулы дүрілдеген,
Жорға ақын тайпалғанда сүрінбеген.
Арқа мен Алатаудың алқабында,
Жер бар ма ақын Нұржан жүрілмеген.

Көсілген көмекейі кемелді ақын,
Шырқаса шымырлатқан төбеңді ақын.
Шешендік таңдайына жазылғандай,
Қиыннан қиыстырған өлеңді ақын.

Сарқырап тау суындай аққан ақын,
Нақысын өлең-жырдың тапқан ақын,
Түлкідей өлең қашса қия бойлап,
Аспанда ақиық боп қаққан ақын.

Үш жүзге өлеңімен жаққан ақын,
Тұлпардай – айқай шықса шапқан ақын.
Кез болып кер заманның кермесіне,
Қамығып кейде мұңын шаққан ақын.

Шежіре терең ойлы алғыр ақын,
Сөйлесе құлақ құрышын қандыратын.
Ғажайып жан дүниенді билеп алып,
Жалынға жүрегінді шарпылтатын.

Не пайда болмаған соң халқы азат,
Сол кезде ақын көрген ауыр азап.
«Елінде Тобықтының қор болдым» деп,
Ойласақ ақын Абай неге жазад?

Тарландай тар жылғаға шідерлеген,
Қаншама талпынса да жігерменен.
Кермесі кер заманның кедергі боп,
Талабын торлап алға жібермеген.

Ол кезде ақынға жол ашылмаған,
Жеміс боп ақын сөзі шашылмаған.
Айтылған алуан түрлі дастандары,
Кітап боп жинақталып басылмаған.

Сонда да жұртқа тарап талай дастан,
Көз алып ағатұғын «Қалмақбастан».
Мұғалжар, алтын Алтай былай тұрсын,
«Сусамыр», «Қыз-Күйеуден» әрмен асқан.

Кешегі кер заманда жұрт адасқан,
Көрсетпей алтын Күнді тұман басқан.
Егер де халық сыры сандық болса,,
Кілт болып ақын сөзі оны ашқан.

Мүддесін бұқараның жырлайтұғын,
Оны жұрт ықыласпен тыңдайтұғын.
Жырлайтын туған жері «Қалмақбасын»,
Жаңғыртып Қызыларайдың жақпар тасын.
Ломбардтың ойпатынан артық дейтін,
Сол кезде-ақ сүмесінді Сарыарқасын.

Қоятын тыңдаушылар ішкен асын,
Шаттанып, кейде ағызып көздің жасын.
Өлеңмен сүйіндіретін, күйіндіретін,
Телміртіп талай ару қаламқасын.

Бұлбұлдай тамылжытып сайрайтұғын,
Жүрегі тыңдаушының қайнайтұғын.
Жаз болып жадырайтын нуға бөлеп,
Аспанда жыл құсы боп самғайтұғын.

Бұлт болып найзағайлы төнетұғын.
Қыс болып қырау қабақ аяздатып,
Борайтын, омбы қарға көметұғын.

Көктем боп қызғалдағы жайнайтұғын,
Аққу-қаз айдын көлде қайнайтұғын.
Күз келіп, сұрғылт бұлт көкті басса,
Дауылдай оны үйіріп айдайтұғын.

Күн батса жұрт жиналып келетұғын,
 Нұржекең өлең-күйді төгетұғын.
 Таң атып, шолпан батып, жарық түссе,
 Шырағдан сонда ғана сөнетұғын.

Мал жұтап, жүдедік деп қамықпайтын,
 Жұрт, сірә, өлеңнен бір жалықпайтын.
 Арнасы ақындықтың аса беріп,
 Төмам деп бір дастанды сарықпайтын.

Бір дастан екіншісін тудыратын,
 Өлең – түлкі, тіл – құмай қудыратын.
 Бір кезде тыңдаушылар қарқ-қарқ күлсе,
 Бір кезде бетті жаспен жудыратын.

III

Ел отыр Ащыөзектің даласында,
 Кент пен Қарқаралы арасында.
 Сол жерді жылда жатақ жайлайтұғын,
 Мамыр мен маусым, шілде шамасында.

Бір күні Қарқаралыдан хабар келді,
 Болады он жылдықтың тойы деді.
 Ат жаратсын, әншісін, палуандарын,
 Дайын болсын қымызы, қойы деді.
 Тойға келіп, кермеге ат байлаған,
 Заклет табамыз деп айқайлаған.
 Әрбір үйге тігілген қызыл жалау,
 Шіркін-ай, бейне бір-бір гүл жайнаған.

Кімді көрсең тасыған көңілдері,
 Мейлі жыртық болса да өңірлері.
 Екі кісі бас қосса айтатыны,
 Жасасын, Ұлы Октябрь!

Өмір берді.

Мұнысы кім, Октябрь кім екен деп,
Қарадым жан-жағыма көрінбеді.

Кез еді сәске түстің ми қайнаған.
Үш жүздей «заkletке» ат айдаған.
Жиналған қалың топтың ортасында,
Біреу тұр әмір етіп айғайлаған.

Астында ақбозаты арқыраған.
Сөйлесе ағын судай сарқыраған.
Көк шұға костюм киген, қызыл жаға,
Шүп-шұбар алтын түйме жарқыраған.

Дембелше орта бойлы қара кісі,
Қалың бет, қырау қабақ, суық түсі.
Таңданып аузымды ашып қарай бердім.
Бас иген, құрмет етіп үлкен-кіші.

Бұл Угар Жәнібеков деген еді,
Семейден той басқара келген еді.
Кешегі патша-байдан қуғын көріп,
Қатысқан революцияға қайнап кегі.

Қазақтың патриот адал ұлы,
Білмейтін Арқада жоқ тіпті мұны.
Айтып тұр тойдың жайын, күн тәртібін.
Сөзі анық, сақ-сақ етіп шығады үні.

- Жолдастар! Құтты болсын ұлы күнің,
Жаңғыртып Сарыарқаны шықсын үнің.
Азатсың, еркіндікке енді жеттің,
Серпілді басып тұрған қара түнің.

Өлеңмен той бастаймыз қазір деді.
Екі жүз әнші-палуан әзір деді.
Онжылдық қазақ үшін ұлы думан,
Той деген барыменен мәзір деді.

Келіңдер.

Жұрт шаттансын ойнай-күліп,
Қойғаннан не шығады өзің біліп.
Жүлде бар жүз адамға жететұғын,
Алыңдар «даудан ілік, тойдан жілік».

Осымен өлең-күйді бастап бақты,
Алуан ән, тәтті күйлер судай ақты.
Біреулер көп алдында күбіжіктеп,
Жаңылып өлең-күйден ақсап жатты.

Біреулер гармонына қосылады,
Біреулер күшті күймен жосылады.
Біреулер тақпақ айтып, тақ-тақ етіп,
Құлағы тыңдаушының осылады.

Бір күйші Тәттімбеттің күйін тартты,
Жылатты күйші күймен талай қартты.
Қолдарын шапалақтап шулап халық,
Десіп жатты бәрінен мынау артты.

Мінберге домбыра алып біреу шықты,
Бұл-дағы күйші ғой деп күйге мықты.
Біреулер Нұржан ақын деген кезде,
Тұрған жұрт ие бермей ортаға ықты.

Мен-дағы мінбер жаққа жағаладым,
Ат басты аяғымды, қарамадым.
«Тоқтаңдар, жолдастар» деп комиссия,
Жіберді қағып-қағып барабанын.

Тоқтандар, сөз сөйлейді ақын Нұржан,
Әрине, өз тұсында бұл да Біржан!
Майталман талай сыннан өтіп жүрген,
Алдына жан салмаған өлең-жырдан.

Дегенде жұрт шуламай тына қалды,
Нұржекең домбырасын қолына алды.
Бір шертіп қолындағы домбыраны,
Қолымен өз құлағын бұрап алды!

Дағдысы өз құлағын өзі бұрап,
Тұрды жұрт сабыр етіп азар шыдап.
Сұңқарым сұлу сөзді бастап кетті,
Бұлақтай таудан аққан төмен құлап.

Жұрт тындап, кірпік қақпай тына қалды,
Дауысы саңқылдаған құлақ жарды.
Тарихи тақырыпты бастап кетті,
Жүректі елжіретіп үні зарлы.

Жырлады азат болған қазақ халқын,
Мадақтап Октябрьдің ұлы даңқын.
Бұл не той, қалай жеттік бұл бақытқа,
Соны айтты байқағанға сөздің парқын.

Кешірген қазақ бастан қорлықты айтты,
Көп көрген күштілерден зорлықты айтты.
Он жылда оңалған соң азат болып,
Түзелген барлық жағдай – молдықты айтты.

«Ақ қашып» Сарыарқадан кеткенді айтты,
Сергиополь, Шәуешектен өткенді айтты.
Алып күш, жолы сара большевиктің,
Талқандап жауды азатқа жеткенді айтты.

Мадақтап ұлы Ленин данышпанды,
Қажымай қалың жаумен алысқанды,
Дәлелдеп тұжырымды фактілермен,
Арам күш, ақыл-ойдан қалысқан-ды.

Дауысын тыңдағанда саңқылдаған,
Сөз бе екен, аққу-қазың қаңқылдаған,
Шымырлап төбеқұйқаң төзе алмайсың.
Бірде ысып, бірде денең салқындаған.

Аударып асыл сөзі назарыңды,
Келтіріп көңіл-қошы базарыңды.
Албырап бірде бетің, бірде қурап,
Он түрлі құбылтады ажарыңды.

Өлеңмен тыңдаушыны билеп алып,
Сөзіне жұрт құмартып, мейірі қанып,
Нөсерді төгіп-төгіп жібергенде,
Сел тұрып кететіндей өзен ағып.
Осымен тоқтатайын десе-дағы,
Тыңдаушы мұнысына көнсін нағып?
Дарига-ай, мен де осындай ақын болсам,
Өлсем де арман болмас жұртқа жағып.

Айтсын деп қол шапалақ басылмады,
Айт деді комиссия да қасындағы.
Қырылып қыран күлкі болып жатты,
Айтқанда хикаяны жасындағы.

Бірінші бәйгені алды Нұржан ақын,
Құттықтап онжылдықпен қазақ халқын.
Жасы да, кәрісі де мақтап жатты,
Тусаң ту, Нұржан ақын, сөзің алтын!

Мұнан соң үш күн өтті, той тарқады,
 Жаңғыртты той дүбірі Сарыарқаны!
 Той тойлап, сауық көріп мен де қайттым,
 Асыққа толтырдым да жанқалтамды!

* * *

Ендігі айтар бір сөз, аталған поэма ақын Дүйсембек Исабеков өлгеннен кейін, көп жылдардан соң 1991 жылы аталған газетке жарияланған дедік. Басылымға бұл шығарманы дайындаған журналист Базарбай Мұстафиннің қолына түскені тек осы нұсқа ғана болды ма, әлде поэманы үзіп беруді жөн көрді ме, ол жағы белгісіз. Тек Дүйсенбек Исабековтің өз қолымен жазған түпнұсқасы жоғарыда айтқан Бейбіт ағамыздың мұрағатынан табылды. Поэmanın басы былайша басталады екен.

НҮРЖАН АҚЫН

*(Жетімдер үйінде бірге өскен
 Асқар Әлімбаевқа арнаймын)*

I

ҚЫЗЫЛАРАЙ

(пролог)

Туған жер Қызыларай, сұлу Арай,
 Тауында сыр жатыр-ау талай-талай.
 Сыр түгіл жырыңды да білмей өстім,
 Не пайда, өкінгеннен бар ма шара-ай?!

Туған жер Қызыларай, қандай көркем,
 Боялған жасыл нуға қыр мен өлкең!

Ардақтым, атақоныс, алтын бесік,
Сүй беттен, іздеп келген мен бір еркең.
Перзентің елу жылда қайта оралды,
Тебірен тентегіңе қайран бөртем.
Аяулы ақ жүзіңді тағы көрдім,
Арман не, бауырыңда өлсем ертен.

Деуші еді Қызыларайдың сыры қандай,
Қара мен қырғыз-майлық жыры қандай.
Айтқанда сырыңды да, жырыңды да,
Көзбенен көрмеген соң жүрдім нанбай.
Арқаның шұрайының бірі екенісің,
Болғанда шөбің шүйгін, суың балдай.
Ойнақ сап, осында мен неге өспедім,
Жетім боп жаһан кездім мен сормаңдай!
Көренде бұлағың мен құрағыңды,
Таңғалып қарай бердім тағы аңдай,
Құндақта кетіп едім, елудемін,
Қалайша келгеніме тұрмын нанбай.
Жүректің түкпірінде жатушы едің,
Туған жер, жүрсем-дағы тіпті шалғай.
Алыстан аңсап сені әнге қосып,
Құмардан шығушы еді тіл мен таңдай.
Не сиқыр, не ғажайып түсінбеймін,
Әйтеуір көрем сені шыбын жандай.
Айтқаны үлкендердің сен жөнінде,
Ойымда жайнап тұр-ау жаққан шамдай.
Естіген естен шығып кету қайда,
Көз көріп, құлақ естіп, ойға салмай.
Өлеңге сырларыңды жаза алмасам,
Өшем-ау, ең болмаса сөзім қалмай! –
Дегенде Қалмақбасқа көзім түсті,
Шарқ ұрып, қиял шықты көкке самғай.

Біресе Қызыларайдың шалып шыңын,
Зар қағып, тауды кезіп, алмай тыным.
Біресе қайта оралып, ой түсіріп,
Безеді қызыл тілін, айтты шынын:

Қызыларай – қыр сұлуы Арқадағы,
Бір шеті – жер аруы Қарқаралы.
Туған жер, саған деген махаббатым,
Елуден ассам-дағы тарқамады.
«Ел жаңа, елу жылда» – сен де жаңа,
Мұнан да махаббатым артады әлі.
Кен болып ернеуіңнен асып байлық,
Күні ертең сен боларсың мәртәбәлі!

Тәкаппар көкке мойнын созған шыңдар,
Айталы адамзаттың сөзін тыңдар.
Қопарып жер көбесін техника,
Асылды, алар жатқан миллион жылдар.

Құт болып талқандалар жақпар тасың,
Қалтырап, жаңғырығып «Қалмақбасың».
Қала орнап, орман-тоғай нуға бөлер,
Қара мен қырғыз-майлық «Таматасың».

Сарқырап нуды бойлап ағар өзен,
Тілініп, тегістелер анау кезең.
Кеңасу, Тарасуың ойпат болып,
Паровоз басып өтер, соны сезем.

Қазіргі Қызылқайың, Шолаққайың,
Асыр сап арқар жортқан терең сайың.
Айналып мал базына сүмесінді,
Дәнді бір алқап болар барған сайың.

Сарыөлең, Босағаң мен Дәнбайың да,
Толмақшы дән оратын комбайнға.
Аппаздың құлазыған қу даласы,
Тоғай боп толар әлі тал-қайыңға.

Үш ру өсыны өксеп басын қосқан,
Қара мен қырғыз-майлық бауырласқан.
Көркейіп көсегесі совхозының,
Нығайып жылдан жылға алға басқан.
Дәриға-ай! Нұржандай мен ақын болсам,
Осыған жазар едім арнап дастан.
Кеш қалдым. Өттегене-ай, жас емеспін,
Шықпай ма «ақыл жастан, асыл тастан».

Мінеки, келіп жетті елу деген,
Кәріліктің қауымына ену деген.
Елуден әрі қарай белгілі ғой,

...

Сүмбілшаш тарлан тартып, тіс сарғайды,
Еті қашты денеміздің семуменен.
«Болашақ» деген мақсат бордай тозды,
Елестеп «көрге қашан ену деген».
Елуде өлең жазу бірдей екен,
Апарып тасқа егін егуменен.
Қанар ма құлақ құрышы тыңдаушының,
Қәріпті ұйқастырып теруменен.
- Жазармын уақыт көп алдымда деп,
Алдандым алдағыға сенуменен.
Өмірде аз күн жасап топырақ үйсем,
Мақсатсыз болғаны да келу деген.
Өгізбен екеумізде айырма жоқ,
Шөбін жеп, өмірі өткен жегуменен.
Жабырқай қарай бердім Қалмақбасқа,
Дедім де мен бақытсыз болдым неден.

Талпынсам болмас па едім мен де ақын,
Дүр ақын болмасам да сөзі алтын.
Тастадым бастадым да ақындықты,
Жіберген осы болды үлкен қапым.

Қайта алам қапым бар деп қаламымды,
Елу жас зорлай алмас талабымды.
«Шалқымадай» шамжанды таба алмасам,
Не шара ұсынғанда шалабымды.

Кейде бір шөлдегенде шалап та ұнар,
Жоқ па екен мен сияқты шалапқұмар.
Ойладым мұнан баллар ғибрат алып,
Не нәрсеге талантты соны қуар.

Осыны айтып қарадым Қалмақбасқа,
Сыр көп қой айта білсе Қалмақбаста.
Ой шіркінің оқтан жүйрік дегені рас,
Шығарды мені апарып жақпар тасқа.

Баладай өрлеп шығып Қалмақбасқа,
Сүйеніп мелшиген бір қара тасқа.
Көргем-ді көлбей жатқан Сарыөлеңді,
Мөлтілдеп толды көзім ыстық жасқа.

Туышпын Қалмақбастың бауырында,
Сап-сары Сарыөлеңнің сауырында.
Қырыққан күзем жүнді мезгіл екен,
Ежелгі желтоқсанның жауынында.
Жүндінің ұрпақтары Сарқасқамен –
Сиқымбай, Сәлімбайдың ауылында.
Көтембай, Көсембайы бәрі жиын,
Бұршағы араласқан жауынында.

Қалжама бақытсыз деп лақ сойған,
Оны да шығын көріп жылап сойған,
Туышпын дүйсенбі күн дүлей түнде,
Атымды Дүйсенбек деп сонан қойған.

Жасапты бес күннен соң бесік тойын,
Сойыпты қасқыр тартқан ақсақ қойын.
Ол кезде тарاماған арақ-шарап,
Етті жеп, айран ішіп, етіпті ойын.

Ол кезде сенеді екен жауырыңға,
Апыр-ай, не тұр екен жауырында,
Сорлы жұрт жауырыннан көреді екен,
Тұрмыстың жеңілін де, ауырын да.

Үсембай сонда әдейі жауырын жаққан,
Бар болса пәле-жала бәрін тапқан.
Жұт болып, халық биыл күйзелер деп,
Кім білсін алдын ала дабыл қаққан.
Көрсетіп жауырынның сызат жерін,
Халықтың мынау депті жасы аққан,
Қырғыздар, осы бастан қамданыңдар,
Апатқа ұшырайсың ерте сақтан.

Қырғыздар, құдайыңа сыйын дейді,
Алдыңда тар жол, тайғақ қиын дейді.
Жеті аяз жедел келіп жұтарсыңдар,
Көшіңдер Қарқаралыға биыл дейді.

Көп қырғыз Қарқаралыға көшкен сонда,
Кез болса амал бар ма қалың сорға.
Асығыс менің әкем алда көшкен,
Депті де уалләһи сапарды оңда.
Кер өгізге құрымын артып алып,
Үсембай да түсіпті осы жолға.

Домбырашы, қобызшы, жауырыншы,
Адамның шешені еді сөзге жорға.
Қатты ауырып жете алмай Қарқаралыға
Қызыларайға қайтыпты орта жолда.
Келген соң кешікпей-ақ қайтыс болды,
Жаназасын шығарды қожа-молда.

Көшкен ел Жарлыға кеп жаппай қонған,
Күз айы салқын түскен жаурап-тоңған.
Жерінен қазақ-орыс жер алыпты,
Үй басы алым төлеп бөлен сомнан.

Үй салған шымнан қалап, асып-сасып,
Шуласып, уа тәңірі бер деп нәсіп.
Қара май ағызыпты қарағайдан,
Сол болып қысылғанда тапқан нәсіп.

*Ақын дастанының осыдан кейінгі бөлімі жоғарыда
«Орталық Қазақстанға» шыққан өлеңімен жалғасып,
келесі бөлімін «Жарлы» деп атапты.*

ЖАРЛЫ

Нұржекең Жарлыға да келіп жүрді,
Қырғыздар жарты омыртқа беріп жүрді.
Еңбек еткен туысын жырға қосып,
Еңбексіз туысынан жеріп жүрді.

Менің әкем қара май ағызатын,
Тамшылатып шүмектеп тамызатын.
Қарқаралыға қара май сатамын деп,
Күнде жегіп жататын жалғыз атын.

Бір күні үйімізге қонақ қонған
«Қасқыр Оспан», жас жігіт Еркебұлан.

Әлі есімде қосылып домбыраға,
Төр алдында отырды ақын Нұржан.

Шешеміз жүгіріп жүр, асып-сасып,
Әсіп жасап, қазы мен шұжық асып.
Әкем отыр өлеңді тыңдаймын деп,
Жібер деп жез қамшыны басып-басып.

Көршілер түрегеп тұр үйге сыймай,
Ас піссе де ақынның сөзін қыймай.
Шешем байғұс қазанды сапырып тұр,
Өлеңге – қуанышқа қойны сыймай.

Мен отырмын таңғалып немене деп,
Бұл ақын күнде бізге келе ме деп.
Өлең менің не теңім – түсінбеймін,
Ойлағаным: әсіптен бере ме деп.

Жырлады Жарлыға кеп жайланғанын,
Еңбекке қырғыздардың айналғанын.
Көктөбел үй салғызып Спанбеті,
Дөжеке болыс болып сайланғанын.

Балқожа, Торсықпайды, Көмекбайды,
Ертісхан, Бертісханды, Игембайды.
Итбала, Асау-Тарпаң ағайыным деп,
Қалдырмай атап кетті Дүйсембайды.

Бірін мақтап, бірінің мінін айтты,
Білмеймін онан басқа кімін айтты.
Ертеңіне түстеніп Торсықпайға,
Нұржекең сау-сәламет елге қайтты.

Біз жүрдік шыбық атпен жарыстық та,
Қорада қора үстіне алыстық та.

Үйге келсек Нұржан боп ән саламыз,
Сірә біз Нұржекеңнен қалыстық па?

Мен – Нұржан деп балалар таласатын,
Таласқаны ана үшін жарасатын.
Кім тентектік жасаса Нұржан емес –
Дегенде ауыздарын жаласатын.

Мен сонда домбыраны қолыма алып,
Айқайлап жіберуші ем қағып-қағып.
Қанша айтқанмен Нұржанның інісі ғой,
Дегенге мақтанушы ем қоразданып.

Осымен жылдар жылжып өтіп жатты,
Біреу келіп, біреулер кетіп жатты.
Әке-шешем, екі ағам бір қыста өліп,
Бес жаста тақты маған жетім атты.

Шешемді көмісем деп мен де барып,
Тұрыпшын домбыраны қолыма алып.
Бата оқырдың етіне тойып алып,
«Мен Нұржанмын» депшін ғой әнге салып.

Қайдан білем өлген не көрге түсіп?
Маған болды жатқан соң еті пісіп,
Екі-үш айдай ананы күте бердім,
Жылай-жылай кетіпті көзім ісіп.

Үш айдан соң көшіріп алып кетті,
Сонда ғана жүрегім жанып кетті.
Жақсы көрген Майтөшке деген итім,
Көкке қарап зарлы әнге салып кетті.

Шақырсам да көшке ермей қала берді,
Көкке қарап зарлы әнге сала берді.

«Иесіз қора үстінде ұлып өлді»,
Бір айдан соң осындай хабар келді.

Алты бала қалғанбыз ағайында,
Теміржан Бөпешбаев ағайымда.
Бетке қақпай өсірді еркелетіп,
Ерік беріп өзімнің талайыма.

Бара-бара алтаудан екеу қалдық,
Төртеуін қыршын жастың көрге салдық.
Бір қыз, бір ұл үй болып, бала өсіріп,
Арман не – біз де өмірден ләззат алдық.

Есейген соң өлеңнің жолын құдым,
Серт айтып, қиындыққа белді будым,
Көп кездесіп кедергі бастырмады,
Елтідім іштім-дағы тұрмыс уын.

Сонда да көп өлеңім жарап кетті,
Кейбірі ел аузына тарап кетті.
Алуан түрлі қыссаны жатқа айтып,
Үлкендермен табақтан жедім етті.

Ағам марқұм мен жақты жақтайтұғын,
«Нұржанның інісі» деп мақтай-тұғын.
Даусым ашы, тақпақты жақсы айтып,
Ағаның қамқорлығын ақтай-тұғым.

*Дастанда әрі қарай ақын Нұржанның ұлы
Мәлғаждар туралы айтып өтіпті. Бұл да газетке
берілмеген.*

Он жаста оқимын деп Омбы бардым,
Далбаса-ау әншімін деп домбыра алдым.

«Нұржанның інісімін» дегенменен,
Ақындық қолдан келмей күйіп-жандым.

Бір жылы қайта келдім Семейіме,
Қазақтың «тілі менен көмейіне».
«Кімсің?» деп аты-жөнді сұрай қалса,
«Нұржанның інісімін» демейін бе?

Көшеде келе жатып жайбарақат
Қолыма газет ұстап, танимын хат.
Бір адам төрт куплет өлең жазған
Мазмұны көңіліме кетті ұнап.

Мәлгаждар Нұржанұлы – автор аты,
Жастарға әдейі арнап жазған хаты.
Оқып, өнер табыңдар деп жазыпты,
Ұлғайған соң өкініп қалма қапы.

Ішімнен кім екен деп қойдым ойлап,
Серт айтып балалықты болдым жоймақ.
Бір кезде үш жігітті көзім шалды,
Қымызға келе жатқан көше бойлап.

Қарасам Қасенменен Шыныбайым,
Қалай деп сұрап жатыр, Дүйсен жайың?
Бүйрекбет, қызыл шырай жігіт айтты –
Жүре ғой қымыз ішсең, қалқатайым.

Бұл бала кім болады? – деді жігіт,
Қасенге қарады да көзін тігіп.
Нұржанның інісімін дедім тағы,
Мақтанып, қой дегендей мені біліп.
Шынекем Қасенменен шыдай алмай,
Інісі, інісі – деп жатты күліп,

Мен – баласы Нұржанның, сен – інісі,
Дегенде кете жаздым жерге кіріп.

Мінеки, мен Мәкеңді солай таптым,
Жатақхана бар екен, бірге жаттым.
Мәкең өлең жазады, мен көшірем,
«Олжа пұшық» атанып, әбден жақтым.

Өлеңді жазып-жазып демалатын,
Оны алып редакцияға мен баратын.
Дөнентаев Сәбит боп редактор,
«Қазақ тілі» газетін шығаратын.

Апарып өлеңдерін бере-тұғым,
Нықанды газет басқан көретұғым.
Сауық кеште ән салып домбырамен,
Мәкең көңілін әнге де бөле-тұғын.

Осылай жылдар жылжып кетіп жатты,
Жыл қуып, жыл артынан жетіп жатты.
Албырт шақ, алаңғасар сездім бе оны,
Өмір де жыл сияқты өтіп жатты.

Жаз шықты.
Мәкең келді демалысқа,
Жүр деді Қызыларайдың жері алыс па?
«Қарбыз ұрлап» базарда, бармай қалдым,
Сонымен жететіндей зор табысқа.

Ол келгенше Ташкенге кетіп қалдым,
«Көпті көрген жақсы» деп – соған нандым.
Көп жүріп, көпті көріп не тындырдым,
Ойласам қаңғимын деп босқа алдандым.

Елдің жайын білмедім – алыс жүрдім,
Қызық көрдім, әрине дәурен сүрдім.
Үйренген соң тағы да Ташкент жақпай,
Оқуды Москваға ауыстырдым.

Тіркеліп Москваның ЗАГС-іне,
Мың тоғыз жүз отыз үш ағүсінде
Зейнепжанды жетектеп Семей келдім,
Ақпан-қаңтар – үскірік қыс ішінде.

Губкомда істейді екен Мағаш аға,
Жорғадан жүйрік туған ол бір дана.
Мәкеңді Гүлбарам мен кездестірдім,
Үйінде Сұлтанбеков Зарузада.

Жарыққа келген екен бір жас бала,
Өмірін ұзақ етсін Алла тағала.
Өлең айтып мәз-мәйрам болып қалдық,
Қашаннан дәстүр болған шілдеhana.

Мәкеңмен осы ақырғы кездескенім,
Мұнан кейін әрине кездеспедім.
«Енді біз көріспеспіз» деп қол алды,
Жорысам жамандыққа сезбес пе едім.

Естідім Қарқаралыға келгенінде,
Кенеттен жас боздақтың өлгенін де.
Білекем, Сәдуақас, Шырақбайы,
Марқұмды қолдарынан көмгеніне.
Сәкеннің бауырымдап қайғырғанын,
Өмірдің оғы тиіп өңменіне.
Ол ол ма, Мағашынан тірі айрылып,
Қайғы-дерт көкірек жарып енгенінде.

Деді де Шырақбайым – жүрегім бар,
 Білекем, Сейдіғазым – тірегім бар.
 Білдірмей Сәдуақас жүре берді,
 Тынды да жаза берді іштегі зар.

Ел жүрді ер екен деп Сәдуақас,
 Ұстамды, алғыр екен болса да жас.
 Мәкеңнің жаққан отын сөндірмеді,
 «Оналар орнында бар» деген рас.

Аз оқып, көпті білді Сәдуақас,
 Беделді, өткір болды бейне алмас.
 Ақпейіл әкесіндей адал еді,
 Сыйлайтын қадір тұтып, жора-жолдас.

Үбірлі, шүбірлі боп Сәдуақас,
 Жап-жақсы жүріп жатты жұрт қатарлас.
 Айтқанда Мағауия, Мөлғаждарды,
 Аһ ұрып, ағызатын көзінен жас.

Қайғырып, қасірет шегіп, іштен жанып,
 Болар деп болашағым жүрді нанып.
 «Емеді еңбек еткен» деген бар ғой,
 Абыройы арта берді халық танып.
 Қызметте де, қиын кезең кездесе де,
 Ешқашан көрген емес, шаршап-талып.
 Жүгірсе жүйрік жұлде алмай қоймас,
 Ол да озды омырауға орден тағып.

Балаларын сүйетін ол мейірі қанып,
 Дем алмай, солар үшін күйіп-жанып,
 Кейде бір кең жайлауға кездескендей,
 Жайнайтын Амантайын алдына алып.

Таңым бар туған жерге құмар адам,
Мен де оны көрмесем де болдым алаң.
Жүрсем де сонау шетте тағы болып,
Неге мен Қызыларайды есіме алам?!

Мен оның көріп пе едім сай-саласын,
Білемін қырғыз-майлық қай баласын?
Өмірім қаңғуменен өтпеді ме,
Аралап Каспий-Зайсан екі арасын.

Мен оның көріп пе едім ой мен қырын,
Жедім бе миуаларын тәтті шырын.
Тұрмыстың атқан добы болмадым ба,
Өмірім өксіп, кейде ырың-жырын.

Мен оның көріп пе едім бұлақтарын,
Балауса бал татыған құрақтарын?
Кеудемді әйтеуір бір у алып жатты,
Өмірде туған жер боп ұнатқаным.

Мен оның көріп пе едім Тесіктасын,
Тарасу, Шолаққайын, Қалмақбасын.
Асыр сап ақсүйекті ойнадым ба,
Не үшін ақты сонда көзден жасым?

Мен оның көріп пе едім қызықтарын,
Тар заман, тайғақ кешу шыжықтарын?
Қырғыздар менен гөрі анық білер,
Аштықта ауып келген мұжықтарын.

Мен неге туған жерді сағынамын,
Шаршаймын, сонша неге сабыламын.
«Ит тойған жер, ер туған жерді іздейді»,
Әрине осы заңға бағынамын.

Заң емес, бұл мақал ғой халық айтқан,
Өмірден тәжірибе алып айтқан.
Туған жерін іздеген жалғыз мен бе.
Гориге Сталин де барып қайтқан.

Сондықтан көптім тағы Жетісудан,
Жайқалаған бау-бақшалы жассыл нудан.
Мен үшін апорт алма дәмсіз болды,
Балқашта сор татыған ащы судан.

Біз келсек Балқаш көлі толқып жатыр,
Жоны май шортандары шолпып жатыр.
Тас тасып Қоңыраттан электровоз,
Шұбалып күні-түні жортып жатыр.
Тастарды талқан етіп түйіп-түйіп,
Ағызып онан мысты қортып жатыр.
Оның сен маңайына бара алмайсың,
Қарасаң бой шымырлап қорқып жатыр.

Қаласы қандай көркем жайнап жатыр,
Халық көп, қызып еңбек қайнап жатыр.
Тәтті күй, сұлу әндер құлақ жарып,
Үздіксіз радио сайрап жатыр.

Таңқалдым бұл қаланың өскеніне,
Ескіріп ескіліктің өшкеніне.
Бір кезде құлазыған шөл дала боп,
Жан төзбей, тастап мұны көшпеді ме.
Құтырып, құйын ойнап, қаңбақ ұшып,
Қызыл жел ғасыр бойы еспеді ме.
Өзімше қорыттым іштен өзгерісті,
Тоқталмай есте жүрген естегіге.

Апыр-ай, қалай өмір өзгереді?
Бұл күнде өзгергенін көз көреді.

Ұлы орыс, алып орыс, батыр орыс,
Доспын деп қазақ саған сөз береді.

Достықпен халық алға баса бермек,
Күн сайын жаңалықты аша бермек.
Жас өсіп, тамырын жайған алма ағаштай,
Жемісін болашаққа шаша бермек.

Келгенім жақсы болды Балқашыма,
Жақындап туған жерім – қалқашыма.
Кім барын Қызыларайда естіп-білдім,
Әубәкір Әлімжанов арқасында.

Балқашқа келгенімді ел біліпті,
Соқыр Дүйсен келді деп бір күліпті.
Жақсыда жаттық болмас деді-дағы,
Жіберді Сәдуақас ерулікті.

Аздан соң Сәкен келді үйімізге,
Жоқ еді сондай жақсы күйіміз де,
Барымен базар еттік те аттандырдық,
Бауырым келіп тұр деп жиі бізге.

Сол түні толып жатқан жыр да айтылды,
Шықпаған бұрын сыртқа сыр да айтылды.
Қалмады қара, төре, қырғыз-майлық,
Кеңасу, Тарасуы, қыр да айтылды.

Дүйсеке, келісіңіз дұрыс келу,
Қызыларай өзін көрген, елің еру,
Қазақтың дәстүрінің бір жақсысы,
Ағаға іні келіп сәлем беру.

Қол тимей, шұғылданып қызметпенен,
Міндет қой азаматқа қызмет деген.

Бала жас, Мағауия, Мөлгаждар жоқ,
Шырақпай мүгедектеу кімге сенем.

Ағайын бар болғанда көре алмайды,
Жоқ болсаң жалғыз тиын бере алмайды.
Сенемін не де болса талабыма,
Талаппен еңбек еткен нені алмайды?
Байлар бар балдырғандай күнде базар.
Қайғы-дерт енді мені жеңе алмайды,
Деді де стақанды соғыстырды,
Дүйсеке, біздің жеңгей неге алмайды?

...Өмірде ұмытылмас сол бір күнім,
Қараңғы болса да ол – жарық түнім.
Мақтаныш еткен едім ертеңінде,
Келді деп әдейі іздеп Сәкен інім!

Көңілім әлденеге тасып жүрді,
Шыңынан Бектауата асып жүрді.
Бір түнгі аз мәжіліс ертең болып,
Дүйсекең әңгімені басып жүрді.

Болғандай кешегіден бүгін қызық,
Балқаштан өтетіндей бір-ақ жүзіп.
Көңілімді міне солай ашты Сәкен,
Жүргенде елден мүлде күдер үзіп.

Қуандым келгеніме Балқашыма,
Қазақтың атақты Сарыарқасына.
Қызыларай анадайдан көрінеді,
Шыққанда Бектауата жартасына.

Па, шіркін! Сарыарқа ғой жер шұрайы,
Жылы қыс, жазы салқын ауа райы,

Хан Шыңғыс, Қарқаралы, Баянауыл,
Қызыларай, Оқжетпестер тау құдайы.

Қара Ертіс, Тобыл, Ешім күміс сулар,
Жайқалған жағасында жасыл нулар.
Сарысу, Нұра, Есіл өзендерді,
Жаз болса жайлау еткен қаз бен құлар.

Көз жетпес қоңыр бұйрат белдеріне,
Сан жетпес айдын шалқар көлдеріне.
Көмір, мыс, вольфрамы, қорғасыны,
Бәрі де Сарыарқасы жерлерінде.

Кереку, Қызылжарлар жер серкесі,
Ақмола, Көкшетаумен дән өлкесі,
Қостанай, Қарағанды, Балқаш, Жезді,
Отанның ұлы өндіріс берекесі.

Қарқаралы, Баянауыл, Бурабайы,
Барып көр болған кезде көкек айы,
Қырымның оңтүстігін елестетер,
Курорт пен демалыс үй әрбір сайы.

Амал не, Гурьевке көштім тағы,
Ауысып солай қарай қызмет бабы.
Қоштасып туған елмен кете бардым,
Дедім де арта берсін болашағы.

Он бір жыл араладым адай елін,
Жағалай мекен еткен Каспий көлін.
Жазғанмын «Гурьев» деген поэмада,
Су тапшы, мұнай атқан шексіз шөлін.

Қартайдым, қайтам дедім адайларға,
Сөзімді тастай-тұғын адай бар ма?

Қызметті тапсырдым да көшіп кеттім,
Шешінген тереңдікті абайлар ма?!

Келген соң қызмет берді, үй бермеді,
Үй болмай семьяға күй келмеді.
Азат, Ұлан квартира әперген соң,
Тоқталды семьяның күйзелгені.

...Обкомда мәслихат болып жатқан,
Делегат оған келген толып жатқан.
Сәкенді кездестірдім ойда жоқта,
Обкомның алдындағы кіші бақтан.

Келіңіз аман болса Қарқаралыға,
Тұрамыз, қызмет те сол Қарқаралыда.
Қымыз бар, елден қырғыз көп келеді,
Және де піскен кезі марқалар да.

Деді де Сәкен менің қолымды алды,
Қызметпен қинап жүрмін шыбын жанды.
Осыдан қайтысымен емделемін,
Берсем де соның үшін барлық малды.

Қош айтып жайымызға кете бардық,
Екеуміз секілді едік Мұңлық-Зарлық,
Кездессек айтылмайтын сыр қалмайтын,
Көлденең тұра қалды-ау уақыт тарлық.

Бір-ақ көрдім Сәкенді мұнан кейін,
Емделуге ауыпты барлық зейін.
Жазғы күндей жайдары мінезі жоқ,
«Бас ауырса – жан қорқақ» дегендейін.

Әлденеге көрінді түсі жабық,
Кезеріп еріндері, түсіп қабық.

Үйінде Сатановтың отырғанда,
Қош айтысып жүре берді қолымды алып.
Сонан кейін Сәкенді көргенім жоқ,
Қатты науқас дегенге сенгенім жоқ,
Көз көрмесе сенбейтін ауруым бар,
Әлі күнге осы ауруды жеңгенім жоқ.
Гүлекеңе еркелеп жүрген шығар,
Дедім де көңілін сұрай келгенім жоқ.

Сұрастырсам курортқа кетті деді,
Жанына Гүлбарамды ертті дейді.
Біраздан соң сұрасам қайтып кепті,
Дәрігерлер жаза алмапты дертті дейді.

Зейнепке мына хабар жаман дедім,
Қауаннан анық хабар алам дедім.
Әл үстінде жатқанын естідім де,
Таңертең Қарқаралыға барам дедім.

Таңертең жатыр едім жуып бетті,
Билетке бара-тұғын уақыт жетті.
Енді үйден шыққалы отырғанда,
Телефон қоңырауы сылдыр етті.

Мен Қауан ғой, Дүйсеке сөйлеп тұрған,
Түнгі он екі кезінде хабар алғам.
Сәкең қайтыс болыпты амал нешік,
Кімге опа береді дүние жалған?!
«Марқұмның топырағы торқа болып,
Сендер аман болындар артта қалған»
Дедім де аэропортқа келіп жеттім,
Көңілін сұрамадым. Сол болды арман.

Бір сағатта кеп жеттік Қарқаралыға,
Ғасыр бойы қалғыған марқа аралға.

Тұман түсіп, түнеріп, бұлт жамылып,
Қамығып, қайғырып тұр Қарқаралы да.

Кеп түстік бауырымдап қаралы үйге,
Адамы қаралы үйдің ауыр күйде.
Білекем, Шырақбайға, Амантайға,
Көрістік отырғанда киіз үйде.

Бәрі де ойбай салып зарлап отыр,
Жастары көздерінен парлап отыр.
Таянып бүйіріне шашын жайып,
Гүлбарам дауыс айтып сарнап отыр.

Жылаған Шәмшиясы, Дариғасы,
Жылаған Жақыпбектей қариясы.
Келіпті Құрманбайы, Әуезханы,
Алтайы, Қаурасы, Мәдіханы.
Аяғын мәрліменен байлатып ап,
Айқай сап бауырымдап Әкімжаны.

Бәрінен көп жылады Әкімжаны,
Жетім қап ашылмаған оның бағы.
Бұршақтап көзден жасы ағып отыр,
Сөкенге ашымасын қайтып жаны.

Сәлтіктің жалғыз кепті Тәуірбегі,
Кетіпті қарақатқа Зәрубегі.
Естекі, жүнді-жүнсіз, тықыры да,
Ауылда қалмаған ба адам тегі.

Келіпті майлығы да, қарасы да,
Қарттары, еңбектеген баласы да.
Оспанбай, Қауаны да жүріп жатты,
Қаптаған мың кісінің арасында.

Білекем, Шырақбаймен налып отыр,
Өмірден көңілдері қалып отыр.
Гүлбарам, Шәмшия мен Дариғалар,
Есінен әлсін-әлсін танып отыр.

Жас ағып, сақалынан тарам-тарам,
Өкіріп қоя берді біреу қатты.
Қарасам Біләл аға боздап тұрған,
Сөздері жүрегіме қатты батты..

Уа, Сәкен, інім Сәкен, бауыр Сәкен,
Мына шақ маған тіпті ауыр, Сәкен.
«Үмітсіз шайтан болар» деген бар ғой,
Болар деп жүруші едім тәуір Сәкен.

Уа, Сәкен, інім Сәкен, тыныс Сәкен,
Сарқылмас бұлағым ең ырыс, Сәкен.
Қолымнан енді келер шара бар ма,
«Тәңірдің» өзіне бұл дұрыс, Сәкен?

Уа, Сәкен, арттан ерген інім Сәкен,
Біз үшін көрдің бе сен тыным, Сәкен?!
Мағаш пен Мәлгаждарды жоқтатпап ең,
Естілмес енді сенің үнің, Сәкен.

Уа, Сәкен, інім Сәкен, қайран Сәкен,
Қайғырып, қажымайтын жайраң Сәкен.
Қарағым, қара жерге қалай қидым,
Таусылды-ау етер менің айлам, Сәкен.

Сен емес, өлетұғын мен ем, Сәкен,
Құдайдың тағдырына көнем, Сәкен.
Деген бар, өлген келмес, өшкен жанбас,
Келмеске кеттің соған, сенем, Сәкен.

Болғанда ашу пышақ, ләпсі жауың,
Алдыңда ағаң болса – асқар тауың.
Көңліңе бір зәредей түссе қайғы,
Білмейсің өз денеңнің ауру-сауын.

Құлады Шырақбайдың асқар тауы,
Құрады нуға батқан биебауы.
Түнеріп төмен қарап қамығуда,
Белгісіз өзіне де ауру-сауы.

Аға өліп, асқар тауы құлап отыр,
Жас парлап екі көзден жылап отыр.
Сөздері тал-бойымды сырқыратты,
Қауан да азар-азар шыдап отыр.

Аға едің асқар тауым, тірек едің,
Денеме қан таратқан жүрек едің.
Кешегі қан майданда жүргенімде,
Інім деп өмірімді тілеп едің.

Аға едің, ақылшым ең ақылдасар,
Жалықсам, жабырқасам көңіл ашар.
Жайнаған Күн сияқты өмірімді,
Деп пе едім қара бұлт төніп басар.
Уа тәңір, қандай әділ болсаң-дағы,
Емес пе осы зарың тіпті нашар,
Құлаттың асқар тауды – Сәкенімді,
Келгенде кемеліне асып-тасар.

Жылады қарындасы, күйеулері,
Жезделер, жиендері – сүйеулері.
У да шу, бауырымдап көрісуде,
Жатса да сабыр ет деп біреулері.

Бәрінен Қауан жиен көп жылады,
Бір тұрды, орынынан бір құлады.
Алыстан аңсап кейде келгенімде,
Коньяк беруші еді деп жылады.

Мәйітті жуып болды, жаназа өтті,
Алдына молдалардың ақша төкті.
Зарлаған Гүлбарамның ащы дауысы,
Талайдың шерін қозғап еңіретті.

Жаным-ай!

Жар орнына жар болғаным,
Тереңге батарымда тал болғаным.
Қарайтын қабағыма, қарағым-ай,
Шын ба енді саған зар болғаным.

Қадірлі қарындасқа ар болғаным,
Ағаға қоспақ өркеш нар болғаным.
Төбемнен тас түскенін сездім енді,
Артым тар, алдым биік жар болғанын.
Бөленген қуанышқа қайран жүрек,
Осы ма оққа ұшырап қан болғаның.
Түнерген түнді серпіп бір кездерде,
Шолпанды жарық сәуле таң болғаным.
Ес қалмай, бақыт күйіп өртенсем де,
Ақыл-ой, бойда қуат әл болғаным.

Кім енді Күлеке деп еркелетер?
Күйзеліп Күлмесхандай күнім өтер.
Сәкенжан, сені сүйген махаббатым,
Өлгенде өзімменен бірге кетер.
Су ішер алтын аяқтан өлмеген құл,
Деген бар аман болсам балалар жетер.
Балаларды балдан тәтті деп жүргенде,
Қызығын көре алмадың соның өтер.

Не керек, өттеген-ай, армандамын,
Секілді мұнан кейін өмір бекер.
Мәйітке көзді қадап қарадым да-ай,
Жылаған балаларды аядым-ай.
Айтпақ боп Оспанбайды тосып тұрдым,
Бір сөзді тамағыма таядым да-ай.

Жасынан қайғы көрген қарағым-ай,
Өмірдің оғы тиген, жаралым-ай.
Жорғадан жүйрік туды дегендей-ақ,
Аз оқып, көпті білген саналым-ай.

Айдыннан аңсап қайтқан аралым-ай,
Аралда сайран еткен маралым-ай.
Елуде елім бар деп келгенімде,
Аға деп алдан шыққан, қарағым-ай!

*1963 жыл,
Қарағанды.*

ҚАЙРАН АҒА

(Нұржан ақынның баласы Біләлға)

Жүр, көк ат, ширағырақ бұлаң құйрық,
 Қонаға жеткіз үйге болса – бұйрық.
 Сенімен енді қанша сапар шегем,
 Артым – құз, жан-жағым – жар,
 алдым – тұйық.

Денеден қуат кетіп, ет арылды,
 Әлсіреп жүре алмаймын – аяқ ұйып.
 Тамақтан сұйық тағам әрең өтер,
 Барады іш өртеніп, от боп күйіп.
 Алпыстың алтауына келгенімде,
 Қалам ба, шыныменен топырақ үйіп?
 Жайнаған жазғы гүлдей жаңа өмірді,
 Дариға-ай, кетер екем қалай қиып?
 Үбірлі-шүбірлі боп келгенімде,
 Тұрғандай туған Айға қолым тиіп.
 «Ажалға сабыр бер» деп жалбарынам,
 Дұға оқып, тәспих тартып, басымды иіп.
 Е, Алла, рахматыңнан үміт етем,
 Пендеңмін бұл жарықты келген сүйіп.
 Еткейсін дертке – шипа, жанға – сабыр,
 Мен де бір жараланған қызыл киік.
 Болам-ау, жермен-жексен, шірімін-ау,
 Шіркін-ай, емес пе едім шыңнан биік?!
 Әшейін семьяға сездірмеймін,
 Болмаса қажытты ғой мына күйік.

Деді де ат шалдырып аялдады,
 «Ажалың осы ғой» деп таянғаны.
 Отырып терең ойға батты-дағы,
 Өзіне өз өмірін баяндады.

Кешегі кер заманда туған едік,
 Ермегі – ата-ананың думаны едік.
 Сонау бір Қалмақбастың бауырында,
 Кірімізді, кіндік кесіп жуған едік.

Асыр сап жүре бердік ойнадық та,
 Балалық қызығына тоймадық та.
 Па шіркін, албырт жастық кезімізде,
 Өлу бар, көму бар деп ойладық па.

Асықтық боламыз деп қашан жігіт,
 Ол кезде сол-ақ еді алдағы үміт.
 Сағымдай сары далада бұлдыраған,
 Болашақ болжатты ма, болып күңгірт.

Зымырап өте шықты отарбадай,
 Қойсын ба қызыл түлкі тегі алдамай.
 Жайнаған жазғы гүлдей қайран жастық,
 Білмешпін қурайтынын қу жалған-ай!

Бұл өмір екен ғой бір жанған шырақ,
 Лебінен самал желдің жәрдем сұрап.
 Аз-ақ күн сәуле шашып жан-жағына,
 Секундте өтеді екен етпей тұрақ.

Әкеміз дейтін еді: оқы, балам,
 Бақытты – білімменен басқан қадам.
 «Білім – өнер қазығы» дейді халық.

...

Әуелі тіл жаттықтыр, тәртіп үйрен,
 Одан соң оқуға түс өзің сүйген.
 Орысша оқығандар озып жатыр,
 Ескі оқу құтқармайды мына күйден.

Берді әкеп ауылдың бір молдасына,
Қазандай сәлде орапты ол басына.
Тіземнен отырғызып зекіретін,
Салмасам аздап ақша дорбасына.

«Найсап» деп Зәрубекке ақыратын,
Зәрубек «Молдеке» деп бақыратын.
«Кәлиматын айт» десе тілі келмей,
«Кә-кә-кә» деп бар күшін шақыратын.

Молда еді түрі суық, діні қатты,
Балалардың тілін созып көп жылатты.
Мені де талай-талай ұрушы еді,
Он рет жатқа айтсам да «Иманшартты».

Аудардым әптиегін, Құранын да,
Аудармай талаптансам тұрамын ба.
Оқымай онан кейін жүре бердім,
Әкемнен рұқсатты сұрадым да.

Мектепке қаладағы кірмеуіме,
Ғылымның көп саласын білмеуіме.
Себеп сол – жалғыз атты кедей едік,
Қысқа жіп келмей қалды күрмеуіме.

Сонда да жұрт қатарлы жүріп жаттым,
Не екенін сездім бір кез махаббаттың.
Әкемнің абыройы, атағымен,
Талаппен Жәмішжанды іздеп таптым.

Ойымнан кетпей қойды-ау сол бір кезім,
Ойран сап ойнайтын ед сергек сезім.
Жалынсыз ыстық отқа өртенгендей,
Қалушы ем билей алмай өзімді өзім.

Келер ме енді қайтып сол бір түнім,
 Қайғысыз, қамсыз, албырт қайран күнім.
 Қараңғы көрде жатып топырақ боп,
 Естілмес мәңгі ғасыр есіл үнім.

Қарасам көз жіберіп Қалмақбасқа,
 Тарасу, Шолаққайың, Тесіктасқа,
 Есіме қай-қайдағы түседі де,
 Толады әлденеге көзім жасқа.
 Төнгендей арсыз ажал маған ғана,
 Әлемде сорлы жоқтай менен басқа.
 Өзгенің бәрі тұғыр болғаны ма,
 Мен бе екен жалғыз ғана бәйгі қосқан.
 Жасынан пайғамбардың ассам-дағы,
 Бір тұтам көрінеді өмір қысқа.
 Ішімді қайғы кернеп кеткен кезде,
 Білмесін балалар деп шығам тысқа.
 Армансыз адам едім, кеше ғана,
 Қадірім қалған емес қарындасқа.
 Туған жер кешегіден бүгін ыстық,
 Еркім жоқ еміреніп қарамасқа.
 Көргенде атақоныс мекенімді,
 Қайғы-шер аз да болса тарамас па.
 Жаралып топырағынан алғаш тәнім,
 Сол жерден өнбеді ме ішкен ас та.
 Саянда мәңгі жасап жүрмеген соң,
 Несіне келдім екен әуел баста?
 Өкінбей өгізге ұқсап өле қалсам,
 Адамға бұл қасиет ұнамас та.

Туған жер – деген рас – алтын бесік,
 Отырмын сондықтан да көзді тесіп.
 Арман не бұйырған соң сенен топырақ,
 Өзіңнен жаралдым ғой, өзіңде өсіп.
 Тербеттің, аяладың анадай-ақ,

Аймалап жылы жібек желің есіп,
Жар сүйдім, бала өсірдім, ләззат таптым,
Өзіңнен алмадым ба бақыт-несіп.
Бас иіп, қол қусырып қоштасамын,
Ажал тұр кетейін деп үміт кесіп.
Анамдай мейірімді атақоныс,
Сырымды саған ғана тұрмын шешіп.
Сайраған саядағы сандуғаштың,
Қалмақ па мәңгілікке үні өшіп?
Әуелде жаратқаннан жазу осы,
Не шара, құтылмақпын одан нешік.

Қош енді, орман-тоғай, мөлдір бұлақ,
Сарқырап ағып жатқан төстен құлап.
Жамылған жасыл мақпал жер аруы –
Қызыларай ой мен қыры, гүл мен құрақ.

Жайнай түс, жылдан-жылға гүлдене бер,
Бөбектей күннен күнге түрлене бер.
Сарқылмас сай-саланың сүмесіні,
Кен таппай қоймас сенен ғылым-өнер.
Табылып тауларыңнан алуан асыл,
Алтыннан алқа тағып, сен де көгер.
Қалғыған ғасыр бойы шыңдарыңды,
Қопарып асыл алсын немерелер.

Сай-салаң толсын дәнге, мол бақытқа,

...

Сарқылмас бұлағы боп Отанымның
Тарасын даңқың сенің шартарапқа.
Деді де дембі менен екінді оқып,
Ер жөндеп, айыл тартып, мінді атқа.
Үмітсіз шайтан деген, ия, раббым,
Бергейсің жанға сабыр, өзің сақта.

Сол кезде қып-қызыл боп күн арайы,
Алтындай жарқырады Қызыларайы.
Жөнелді желе-жортып қара жолмен,
Көрініп-ақ жүрген соң мал сорабы.

Келді де мал қораға байлады атты,
Деді де мынау ауру жанға батты.
Сездірмей семьяға қиналғанын,
Отырып болар-болмас тағам татты.
Құшақтап немересін төсегінде,
Білекем әлденені ойлап жатты.
Шығыпты таң атқанша кірпік қақпай,
Шынымен берем бе деп аманатты.

Серпілтіп қара түнді шолпан туды,
Жел желпіп көтергенде жерден буды.
Таралып таң арайы шартарапқа,
Жылқысы жылғадағы басты шуды.

Қанқылдап водоемда үйрек-қазы,
Түрленді түндегіден күйдің сазы,
Жел-қобыз қосылғанда құс үніне,
Орманда бола қалды дауылпазы.

Таңғы күй тамылжытып табиғатты,
Күй тыңдап, күліп барып Шолпан батты.
Азайып Айдың нұры шыққан кезде,
Көрінбей көк торғынмен бетін жапты.

Күшті күй құлақ құрышын қандырғандай,
Тал-қайың билеп кетті балдырғандай.
Тыңдасаң зейін қойып күйдің сазын,
Денеңді жалын жалап жандырғандай.

Кейде күй көңілді өрге өрлетеді,
Сәбидей әлдилейді, тербетеді.
Адамды күйге бөлеп өсіреді де,
Апарып күймен тағы жерлетеді.
Сондықтан жерді қозғап, ой түсіріп,
Ойран сап нәсерлетіп, желдетеді.
Қайығын өміріңнің қалтылдатып,
Тау бұзып, тасты жарып селдетеді.
Күй қалып, дүниеде мәңгі жасап,
Шіркін-ай, күйді сүйген ер кетеді.
Сондай-ақ бұл фәниден мен де жоқ боп,
Күй тыңдап ұрпақтрым ер жетеді.

Табиғат берді бізге өлшеулі өмір,
Заңы сол – жотадағы жерге көмер.
Шегі жоқ көк әлемнің көп үмітпен,
Бәрібір иерміз бас көрге келер.

Білекем осыны ойлап отырды да,
Көзіне ыстық жасын толтырды да.
Қоштасты үш аталы қырғызымен,
Қалдырмай Қабыханды, Шодырды да.

Тартып ем кедейліктің тақсіретін,
Мағаштың, Мөлгаждардың қасіретін,
Сүйенішім Сәдуақас тағы да өліп,
Пендеңді аядың ба, құдіретім!
Алдымда бақыт бар деп жүргенімде,
Болмады-ау, зәредей де ғаділетің.

Кенеттен Шәмшияны шаһид етіп,
Кестің-ау келешегін зар илетіп.
Мінеки, енді маған құрық салдың,
Айналды ем қонбасқа ішкі дертім.

Тіледім, жалбарындым, зар иледім,
Ажалдың ете гөр деп аулақ бетін.

Амал не – көрмеген соң көздің жасын,
Қалмақшы қара жерде ғазиз басым.
Біләл деп есіне алып жүрсе болды,
Алда аға, артта іні-қарындасым.

Қош енді, үш аталы қырғыз елім,
Сүйенішім, сүйінген асқар белім.
Ортаңда ойнақтаған төлің едім,
Кеше гөр, болған болса артық-кемім.

Есіңе ал, Естекі мен Жүнді, Найман,
Араңда асыр салып жүрдім жайраң.
Түбіне тұңғиықтың кеттім батып,
Қарадым ұстар тал деп жардан, жайдан.

Жұрағат – тобықты мен қара, сарым,
Өрісім өрен-жаран, намыс-арым.
Ортаңда өсіп-өндім қаздай қалқып,
Кешіндер қатем болса жалғыз-жарым.

Туысқан майлық ата, бауырласым,
Бірге өскен, біте қайнап ауылдасым.
Ежелден ел атанып қырғыз-майлық,
Меймандос дайын енді ет пен асың.
Келмеске кетіп барам, мәңгі сапар,
Кешіндер, қатем болса кәрі-жасың.
Қия алмай мен отырмын ел мен жерді,
Сыртым – мұз, іште – жалын,

көзде – жасым.

* * *

Еш арманым жоқ деуші ем,
Көп екен менің арманым.
Айрылмасқа ант ішкен,
Жәмішім, қалды-ау жан жарым.

Еш арманым жоқ деуші ем,
Көп екен менің арманым.
Тоқсанға толған жан аға,
Жақыпбек қалды-ау тарланым.

Еш арманым жоқ деуші ем,
Көп екен менің арманым.
Қасымбек қалды-ау артымда,
Жаныма неге алмадым?

Еш арманым жоқ деуші ем,
Көп екен менің арманым.
Шөгіп қалған Шөкелек,
Топырақ саған салмадым.

Еш арманым жоқ деуші ем,
Көп екен менің арманым.
Көре алмай кеттім дүние-ай,
Бейішке таппай барғанын...
«Тураушым болып туғаннан»
Жалатар деуші ем бармағын.
Сексен келген сыналмай,
Маған салды-ау қармағын.

Еш арманым жоқ деуші ем,
Көп екен менің арманым.
Өкөпке беріп кезекті,
Артында өзім қалмадым.

Жаза көрме күнәға,
 Басы жұмыр пәндәмін.
 Ет аңдыған шалдар көп,
 Тек есіңе салғаным.
 Деді де біраз демалды,
 Айтармын тағы қалғанын,
 Шүкір етем Тәңірге,
 Өмірін тілеп балалардың.

* * *

Қош, Шырақбай, қанатым, жалғыз інім,
 Бұдан былай естілмес менің үнім.
 Қандай қайғы төнсе де қара бұлттай,
 Сәуле шашқан сен едің жарық күнім.
 Сені тыныс етуші ем, сені тірек,
 Сен едің бойда қуат, соққан жүрек.
 Балаларға бас-көз бол тапсырарым,
 Кешу айтып отырмын, өмір тілеп.
 Аздан іш, анау құрғыр арағыңды,
 Келінді ренжітпе, қарағымды.
 Балаларға басшылық ете алмайсың,
 Қоймасаң қылғып жұтқан шарабыңды.

Қош, Қауан, өрісім кең, күнгей бетім,
 Біртоға, жарқын жүзді адал ниетің.
 Бас қоссақ базар етіп жіберуші ең,
 Көңілім көлбеуші еді емін-еркін.
 Үйректей жүзіп, қаздай қалқушы едім,
 Желкілдеп жиенменен кіріп көркім.
 Алтынжан ағатайлап тұрғаныңда,
 Болатын жазылғандай ауыр дертім.
 Мерейің үстем болсын, қайда барсаң,
 Өсіріп өркенінді құдіретім.

Ақыл айт, ағалық ет балаларға,
Тағылым алсын сенен Кәрім жетім.

Жасыңнан жақын досың арақ, шылым,
Азайтып сол екеуін, алшы тыным.
Қырықты қылқындырып келгенінде,
Тісіңнен жылмаңдатты-ау екі тілін.

Қош, Әуез, кең жайлауым дарқан дала,
Алғыр деп, адалсың деп бердім баға.
Кішік бол, ұлық болсаң дейді халық,
Ақтай біл, атағыңды «Жігіт аға».

Амал не, нағашыңды ауру жеңді,
Бетіңнен қош айтысып сүйдім енді.
Көлеңкем, кемшілікті кешіргейсің,
Амалсыз тастап барам бұл мекенді.

Қош, Шәжен, кең қонысым гүл-жазира,
Бел едің, бетегелі көл дәрия,
Кең өріс, кең жайлау, кең қоныста,
Әзірше жүрмедім-ау, уа, дариға.
Қош боп тұр, Советбек пен Кеңесбегім,
Сендер де шығар шыңым емес пе едің.
Болғанда бірің құйрық, бірің қанат,
Жолықсам Айға жетем демес те едім.
Өлең боп өнерлерің айтылып жүр,
Көкесін танытар деп, егескенін.
Кешіңдер қатем болса, қарақтарым,
Бөленсін жасыл нуға белестерің.

Қоштасам Әшкейім шырағыма,
Жұрағат, көл жағалай құрағыма.
Базар ғой барған жерің, отыратын,
Ұқсаған әзіл сөздің бұлағына.

Түсінен кейде шошып оянады,
 Қырғыздан хабар тисе құлағына.
 Мұнтаздай өзі болып, мін тағады,
 Қырғыздың өзі түгіл лағына.
 Мені де талай күйге жарап бақты,
 Жүрдім-ау, азар-азар шыдадым да.
 Әуездің машинасын сындырды деп,
 Кез қылды-ау өсек-аяң лаңына.
 Чекист боп шікірейіп шетте жүрдің.
 Жылтиып келіп еді тұрағыма.
 Үй салып, қаз асырап, қарқ болды,
 Қырғызбен ел боп басын құрды да,
 Бұйралап бюроға сап қарағымның ле.

Құйрығын әлде қатты бұрады ма,
 Әйтеуір қырғыз десе тым қырағы,
 Бюроның қырғыз болды-ау құрамында,

Денесі қара қайыс, тілі алмас,
 Тапқыр-ақ, Жиреншемен болар парлас.
 Қырғыздың мінін іздеп, ұйқы көрмей,
 Арықтап, қора талар қызыл қалмас.

Қалған жоқ мұндай адам қарасында,
 Бермесін мұндай мінез баласына.
 Бір кезде не Кәрімнен, не Төлтайдан,
 Жақсылап «сыйлығыңды» аласың да.
 Маған да мін тағарсың, ерте өлді деп,
 Алпыс бес, алпыс алты арасында.
 Қош боп тұр, не де болса кештім-кештім,
 Кімдер жоқ Қызыларай «саласында»...
 Қырғыздарға пейішті нәсіп етсін,
 Тамұққа амалың жоқ барасың да.
 Ол жерде қырғызға мін таға алмассың,
 Жатарсың бықсып қана, жанасың да.

Күйеулер жақсы болса, ол да ырысын,
Еске алып, екшеп көрсем сөз дұрысын.
«Жаман күйеу – қайыншыл» депті қазақ,
Өмірге үйлеспеген мақал құрсын.
Мысалға Әуезханды-ақ келтірейін,
Балқаштың ұстап тұрған бір бұрышын.
Шертіп завгороно болып отыр,
Қызметтің тауып алып ең құрышын.

Келеді жылына бір Қызыларайға,
Қайынын қарқ қылып қант пен шайға.
Тоя жеп тоқты-торым қайын жұрттан,
Жаздайғы жалақысы жанға батар.

Қампиған қарағымның қарыны бар,
Білімді, сөйлер сөзге дарыны бар.
Үйлерін бекет қылып алса керек,
Қарасы, қырғыз, майлық, сарымы бар.

Мақатаныш етем ғалым Алтайды да,
Алеша сонда жатты-ау шалқайды да.
Соған ғалым оқы деп айта алмапты,
Кім білсін жалбарынып, жалпайды ма?

Не де болса кешемін қарағымды,
Ұрысамын деп жүр едім, барамын да.
Мына қу дерт дінкемді құртады ма,
Мен сорлы ұзақ жолға жарадым ба?

Бауырмал Рахым менен Тәңкіш-дағы,
Көп жасап қарақтарым өссін бағы.
Қоң етін ойып берер қырғыз десе,
Жәргелтай, Мұсахананы, Төреханы.
Білмеймін Жәргелтай деп неге атаған,
Сәдуақас жақсы еді ғой онан-дағы.

Өз атыңа көшкенің жөн ғой, балам,
«Жоржик» деп атағанша жастар жағы.

Сағади, Сәйда менен Сағындығым,
Мен дария – сендермен ағындымын.
Жағалауым жамылды жасыл мақпал,
Жайнай түсті Жәмішжан қалыңдығым.

Айтарым тағы да сол Жолжақсыға,
Кім кінә таға алар ол жақсыға?

Не дейін ферме-бастық Төлеуіме,
Алмас ем дүние малын төлеуіне.
Мен десе мейірімі арта түсіп,
Бөбектей бөледі ғой бөлеуіме.

Шөлдесем түнде тұрып сусын берді,
Мен үшін түн ұйқысын төртке бөлді.
Дені сау боп, қарағым көп жасасын,
Ақкөңіл адалдығын көзім көрді.

Шіркін-ай, болса-дағы бойы аласа,
Боламын ақылына таң-тамаша,
Аяғы үзеңгіге жетпей қалып,
Қарағым білікті ондай адам қанша.

Санасам құдағи мен құда сексен,
Жесісіп құйрық-бауыр, құда дескен.
Жиен мен жиеншарлар бір жүз елу,
Жайнаған жайлауым ғой, көгал тепсең.
Өлерде бір мақтанып қалайыншы,
Мендей-ақ жас ұрпақтар жеміс ексең.
Өзімше төрт құбылам түгел болды,
Сонда да көңіл құрғыр жермен-жексен.

Себебі есептесем ағайынды,
«Кім бар?» деп шолып көрсем маңайымды.
Жүндіден бетке шығар азайыпты,
Айтпасам Жақыпбектей ағайымды.

Қырғыздың қош айтысам шалдарына,
Бәрінен кешу сұрап жалбарына.
Барлығын қаздай тізіп неғылайын,
Онымен жете алам ба арманыма?

Айтайын тете өскен Зәрубекті,
Сәлтекем жақсы көріп Зәрубекті.
«Оқ жонар ата көрген» деген рас,
Бұлаңдап, бұлдыр қағып өмір өтті.

Бауырым, барсам базар етуші едің,
Бір жасап мәз-мәйрам кетуші едім.
Еске алып бірге өткізген жастық шақты,
Сырласып мұратыма жетуші едім.

Кейде бір домбырны шертуші едің,
Көңілді сарымайдай ерітуші едің.
Жүрсең де тері-терсек теріп қана,
Бармын деп бөденедей бөртуші едің.

Өлгенше тамыр ұстап жанымда отыр,
Болмасын маңайымда опыр-топыр,
Кетейін кең дүниеден еркін жатып.
Құранын Тапай молда сонсоң оқыр.

Жақсы еді, Мәжіман да сырлас еді,
Кейде бір уағдасында тұрмас еді,

Кеше гөр кезім болса тілім тиген,
Келмейді білесің ғой кебін киген.

Қырғыздың маңдайалды Шыныбай ғой,
Бауырмал, бала мінез жұртқа ұнап.
Алаштың ала жібін аттамайды,
Қайта соның жұрт жүндейді қазын ұрлап.

Қош, Төлтай! Сауатың бар, саналы едің,
Кенеттен қайғы көрген жаралы едің.
Таратқан білгеніңді жас ұрпаққа,
Қырғыздың жасөспірім қарағы едің.

Қош бол, Қаурасы «Қараталдың»,
Біз емес, өзің тілеп сонда бардың.
Кішік бол, ұлық болсаң, үлкен сыйла,
Шырағым, батасын ал, мендей шалдың.

Кегің жоқ, ал кейде бір арындайсың,
Бықсисың, кейде лаулап жалындайсың.
Ал, кейде жаннан асқан жайдары боп,
Ал, кейде іздемесе сағынбайсың.
Бір жақсы бойыңдағы қасиетің,
Ешкімге жарамсақ боп жалынбайсың.
Есікке қағазыңды қағып қойып,
Болғанда сағат бесте қабылдайсың.

Қоштасам, Армияжан, қолыңды алып,
Кейимін жүргенің сырқаттанып.
Жылы жүр, жібек мінез, қарағым-ай,
Көргенде көркеюші ем, мейірім қанып.

Уәлибек, Кеңасуға кетіп қалдың,
Шифрлап кең сарайдай күмбез салдың.
«Қумалақ қуса сенен түспейді» деп,
Сен осы қырғыздардың несін алдың?

Үсенбек – қырғыздардың бір тәуірі,
Оның да өтіп кетті жас дәуірі.
Бір кезде партиядан сөгіс алып,
Совхоздың секілденді тор жауыры.

Жауырың жанға батты, жорғалады,
Әрине, ағайынға қорғанады.
Есесіне әрі бауыр, әрі құда,
Аядым көзден жасым сорғалады.

Шыққанда шұғыладан күні жайнап,
Құтылды-ау сөгісінен «А, құдайлап».
Маңғазым ақырында маң-маң басып,
Бес метр мықынына белбеу байлап.
Ауылдың Үсенбек қой шежіресі,
Жүндіде бетке шығар сол ғой қаймақ.
Таңданар талай-талай сөз жорғасы,
Үсенбек жібергенде тарланды айдап.

Қош боп тұр, мен келмеспін енді қайтып,
Жүргейсің Кәріміме ақыл айтып.
Сабақты жақсы оқы деп қорқытып қой,
Көзіңді Бағдатқа бажырайтып.

Қоштасам Қазкенге қайта келген,
«Жем-шөп» деп «Еңбек» жақтан айта келген.
Ертеден қыстың көзі қырау депті,
Қамдан деп жөн болады айта берген.

Қарағым, құтты болсын ЗОО болғаның,
Бір емес, екі дөкей ОО болғаның.
Солардың мағынасын білмесем де,
Отырған орныңды мен қолдаймын.

Қоштасам Қабыл деген қарағыма,
Ағайын жүдеп жүрсе қарады ма.
Апырау, он үш бала оңай емес,
Бойына ішкен асы тарады ма?

Білмеймін осы Избасар зам ба, пом ба,
Құдая не болса да баста оңға.
Жап-жақсы алып жүрген жалақысы,
Құлдилап түсіп кетті-ау бір жүз сомға.
Совхозда сонан асып кім оқыды,
Алтынның қадірі жоқ болса қолда.
Сайланып саясылық басшы болып,
Шырағым түссе екен тура жолға.

Қош боп тұр, Кәрібайдың Түсіпханы,
Інісі Мәдіханы, Сыздыханы.
Сварщик болып қана істеп жүрген,
Ана бір Балқаштағы Қасымханы.

Аталас бір қатары ауылдағы,
Сай тастай Қызыларай тауындағы.
Есіне түскен кезде кемсеңдейді,
Алыста анау жүрген бауырлары.

Қош деді Көктастағы Арғынына,
Беделді мәтүшкенің барлығына.
Барсаң-ақ «битте гут» деп қарсы алады,
Қарамай пәтерінің тарлығына.

Қош, Жөкіш, Шахтинский тергеушіміз,
Адамды адалдыққа сермеушіміз.
Жемқорды аран ашқан ауыздықтап,
Қоғамның бір тиынын бермеушіміз.

Қош бол, Әнуарым, қаладағы,
Қадірлер үлкен түгіл бала-дағы.
Бармапсың Қарабасқа начальник боп,
Естідім ЖКО-ны да қаламады.

Қош, Дүйсенбек, қалдырған Гурьевін,
Елім деп іздеп тапқан өз биігін.
Екі-үш келіп сұрадың көңілімді,
Мың рахмет тіледің ғой өмірімді.

Әкімжан, Нығметжан Қарқаралыда,
Жүргендей Таймырдайын жарты аралда.
Мына тұрған қаладан бір келмеді,
Келеді-ау әбден тойым тарқағанда.

Қырғыздың несі қалды Жарлыдағы,
Өлген соң Ешекеңдей арғымағы.
Кім қалды туысым деп іздеп келер,
Білгенге белгілі ғой арғы жағы.

Келсе де бірлі-жарым Кенттен келер,
Тамаша Жағыпар бар, жатқан өнер.
Құранды талайыңнан артық оқыр,
Өзі қандай тағы да сөзге шебер.

Қорлы да, жарлы да бар қырғыздарым,
Не пайда, атын атап, тізіп бәрін.
Үлкені Байтоқаның Біләлің ғой,
Секілді бәйтерегі ұл-қыздардың.

Жоқ болса жылап-сықтар ағайының,
Емес пе семьяға бір уайым.
Үбірлі-шүбірлі етіп жаратқансың,
Етемін мың бір тәуба, е, құдайым.

Бес ұлдың бірі төбел, бірі қасқа,
Мұрсатым жоқ олай деп атамасқа.
Бесеуінің бес түрлі мінезі бар,
Міні жоқ деп атайтын одан басқа.

Қолы ашық, кішіпейіл, көпшіл Кәрім,
Алалық жоқ, сыйлайды елдің бәрін.
Әуелден әсемпаздық затында жоқ,
Және де сақтай білер ар-ұятын.
Әлдилеп мен қолымда баулып едім,
Алайын деп тұрады тәртіп-тәлім.
Менің жаққан отымды сөндірмейтін,
Кәрім балам екені елге мәлім.

Өзінің талабымен болды маман,
Әрі адал, әрі алғыр Ғани балам.
«Нұр жауар талапты ерге» деген рас,
Талаппен бақытына басқан қадам.
Ағайынға кәдірлі, кішірейіп,
Әрине өркөкірек болған жаман.
Қырғыздың Ақтоғайда бекеті сол,
Дастарханы мол болар, соған нанам.

Жап-жақсы тракторист Мәни маман,
От жағып, өз алдына болды адам.
Өсіп-өң, бала оқыт, бар тілеуім,
Ізденген ілігетін болды заман.
Талапты Бейбітжаным, мінез қатты,
Осы сол Жақышбекке қалай тартты?

Біледі бұл жарыққа келген өлмек,
«Мың күн сынбас, бір-ақ күн сынар шөлмек».
Бейбітжаным алмас қой алып түсер,
Туған елге етер-ау адал еңбек.

Қатаң болмай бос болса, былжыр болса,
Абырой, бедел, алғырлық қайдан келмек.

Бақытты өлерімде көре алмадым,
Маңдайын иіскеп бата бере алмадым.
Құдірет, осыншама неге асықтың,
Ол әскерден келген соң неге алмадың?

Қайтейін, қош болыңдар бес тірегім,
Әрқашан бірге соқсын бес жүрегің.
Қалмасын қадірлерің қарындасқа,
Осыны әрқашанда еске сақта.

* * *

Айта алмай өсиетін әбден сарқып,
Күн сайын тәні құрап, дерті артып.
Ем болмай дәрі-дәрмек бергенменен,
Жан аға жатып қалды төсек тартып.

Қар жауды, боран болып қарашада,
Қалды жұрт не сұмдық деп «тамашаға».
Отырған отардағы семьялар,
Оранды текемет пен алашаға.

Келгенде қаңтар, ақпан суық айлар,
Қар борап жота болды терең сайлар –
«Мешіннің қарашасы» қабақ түйіп,
Ақырып адамзатқа көрсетті айбар.

Білекем сұрапылды біліп жатты,
«Биыл қыс болады» деп сонша қатты.
Әйтеуір бір тәулікте бұлт ашылып,
Күн-Ана тағы жылытты табиғатты.

Жасынан Білекеңдер далада өскен,
 Ғаламат талай-талай бастан кешкен.
 Кейде бір әңгіме етіп амалдарды,
 Деуші еді «доңыз, мешін кетпес естен».

Міне осы қарашаның амалында,
 Көре алмай ашылған күн жамалын да.
 Аузына қасықпенен тамызған су,
 Бармады Білекемнің тамағына.
 Жан беру, мәңгі сөну қандай қиын,
 Жарыққа жатты қабақ қарады да,
 Тамырын ұстап Зәукең жылай берді,
 Бауыр ғой жаны ашыды жаралыға.

Бір кезде көз жұмылды, бітті демі,
 Тұруға тура келген қонбады емі.
 Тоқтады жүрегі мен қан жүйесі,
 Жан аға, бұл дүниеден күттің нені?

Білекем міне осылай дүние салды,
 Жарымжан Шырақбайы жалғыз қалды.
 Жаманат жатпайды деп айтқан рас,
 Жан-жаққа бір сағатта-ақ хабар барды.

Жиналды барша қырғыз, майлығы да,
 Атанған «бір қайнатым шайлығы» да.
 Қарасы, тобықтысы топырлады,
 Байқалды елдің сонша байлығы да.

Жиналды әлтекесі, сарымы да,
 Атанған бір жапырақ кәрі құда.
 Азасын барлығы да әкеп жатты,
 Біләлдің Кәрім деген қара ұлына.

Жиналды Сармантай мен Мұраты да,
Сыбайлас «сваты да, браты» да.
Шәбденнің асын берген Сарыбағыштай,
Самсады Қызыларайдың қыратына.

* * *

Қаз-қатар тігіліп тұр қаралы үйлер,
Жүрегі қайғы көрген жаралы үйлер.
Көріскен бауырымдап дауыс айтқан,
Естіліп жатты талай зарлы үндер.

Аһ ұрды Жәппа жеңгей шашын жайып,
Болды-ау деп жан жолдасын мәңгі ғайып.
Қайтсын-ай ол жыламай, кім жыласын.
Елу жыл өмір сүрген ерлі-зайып.

Жан-жақтан бауырымдап келіп жатты,
Міндетін туысқандық беріп жатты.
Бәрінен Шыныбайдың жылағаны,
Отырған Жақыпбекке қатты батты.

Көрісті Әуезханы, Алтайы да,
Серғазы, Армиясы, Төлтайы да.
Жан-жақтан жиырма бес күйеу келіп,
Осымен келуші де ортаюда.

Марқұмды зират жаққа алып жүрді,
Мыңдаған жер қайысқан адам ерді.
Ақ жуып, арулаған алтын тәнді,
Апарып ақырында жерге көмді.

Боздады-ау Шырақбай да бозінгендей,
Сұм өмір қысқа екен көз ілгендей.

Арманын естігенде айтып жүрген,
Амалсыз іші-бауырың езілгендей.

Бала боп әке артынан ергемін жоқ,
Анамның ақ дидарын көргемін жоқ.
Ардақты ағалардың арқасында,
Оқыдым, адам болдым өлгемін жоқ.
Өзімнің қатарымнан қалмай келдім,
Ешкімге тізгінімді бергенім жоқ.
Шәмкен мен Ағатайым өлімдері,
Мен үшін тигендей ғой өңменіме оқ.

Өмірдің оғы тиді, жаралады,
Мұңды деп, мүгедек деп қарамады.
Есті алып, ақылды алып, апиындап,
Қайғы жеп, бойымнан мұң тармады.

Жүргенде Шәмкенді ойлап, өзім жасып,
Еңсемді көтере алмай, қайғы басып.
Тағы да тағатымды алып тұр-ау,
Болғалы Ағатайға ажал нәсіп.
Қамықсам қабағыма қараушы едің,
Көтеріп көңілімді күннен ашып.
Сөндің-ау, амалым не, күнім аға,
Тұратын бұлтты серпіп, сәуле шашып.

Сол күні Бақыт келіп көп жылады,
«Аяулы ағатайым» деп жылады.
Болмады көпке дейін уатса да,
Тоқтады көрінгенде таң қылаңы.

Ай нұры сол бір түні азайғандай,
Сезеді-ау, табиғат та ажал қандай!
Сары дала сағымданып, шөп бозарып,
Қамығып, қажып тұрған ажар қандай!

Шуламай орман-тоғай тына қалды,
Бұлақтар сылдырамай тұна қалды.
Булығыш Нұржан-шоқы бұлдырайды,
Сорғалап тастарынан жасы тамды.

Тарасу, Кеңасуы, Босағадан,
Жерлері Білекемнің сайран салған.
Шырайлы шыңдары бар Қызыларайда,
Өзі жоқ, ізі жатыр дүние жалған.

* * *

Уа, дариға-ай, не керек,
Қандай еді Білекем!
Үш аталы қырғыздың,
Маңдайы еді Білекем.
Барымен базар ететін,
Жандай еді Білекем.
Ана менен балаға,
Шамдай еді Білекем.
Күшті күй мен сөздерің,
Балдай еді Білекем.
Жүнді атаның тілі мен
Таңдайы еді Білекем.

Ана менен баланың
Панасы еді Білекем,
Үш аталы қырғыздың,
Ағасы еді Білекем.
Араздасса ағайын,
Араша еді Білекем.
Шыңнан биік болса да,
Аласа еді Білекем.
Қарындасқа қадірлі
Тамаша еді Білекем.

Ағы менен көзінің
Қарасы еді Білекем.

Рауза, Заря, Есеннің,
Тірегі еді Білекем.
Солар адам болса деп,
Тілеп еді Білекем.
Шырақбай мен бес ұлдың
Жүрегі еді Білекем.
Қамқорлық қып бәріне,
Жүрер еді Білекем.

Көңіл айтам балаларға
Жыламаңдар, зерегім.
Көлеңке болған бәріңе
Қалмапты ғой терегің.

Шертіле жүрер шерлі күй,
Шығарған өзің жан ағам.
Сыры терең күйлерді
Шықты дейді жарадан.
Сол бір жара жазылмай
Кеттің біздің арадан.
Табиғаттың заңы сол –
Өлем деп туар анадан.

Осылай ағайынға көңіл айтып,
Көңілін күлкі сөзбен бөліп айтып.
Қайғырған Қалмақбасқа қарай-қарай,
Дедім де «Қайран аға!» үйге қайттым.

Қызыларай,

18 қараша, 1968 жыл

Қырғыз Нұржан Шоңұлы туралы

Бұл деректі маған біраз жыл бұрын Ақтоғай ауданына танымал ұстаз, өлкетанушы, ақын Шөже мұрасын зерттеп, еңбек жазған Торғай Шәженқызы Ақпанбаева берген еді. Айта кету керек, Торғай апайымыз осы Нұржан ақынның жиен шөбересі – әкесі Ақпанбаев Шәжен Қызыларай өңірінде есепші боп қызмет атқарған, сол Шәженнің шешесі Дәния Нұржанның қызы. Жаңылыспасам, Қызыларай ауылының тумасы, көп жыл Балқаш қаласында тұрған руы майлық Беркін Сламбековтің әкесі, Шөже ақынның өлеңдерін жатқа айтатын Сламбеков Молдабайдың аузынан жазып алғам деп айтты деген еді.

НҰРЖАННЫҢ ТОЛҒАУЫ

Күні бітсе мақұлық жоқ өлмейтұғын,
Алланың аманатын бермейтұғын.
Қазақтың қайран шіркін қырандары,
Қап тауын қылышымен сермейтұғын.
Әр елде ел қорғаған билер болды,
Сатылып жұртын жауға бермейтұғын.
Қасында қара жердей ақсақалы,
Көз көрмей сырт айтқанға ермейтұғын.
Әр топта ел қорғаған ерлер болды,
Құтырған тентек болса емдейтұғын.
Теңелді жанның бәрі осы күнде,
Пенде жоқ дәрежесін кемдей-тұғын.
Мезгілде біз-дағы бір балапан ек,
Ұяда бұғып жатып жем жейтұғын.
Бұл күнде дос дегенің бәрі дұшпан,
Айнадай ақ жүрек деп сенбейтұғын.
Ақылы аз, ақымақ көп қайран заман,

Біреуді біреу айтып жөндейтұғын.

Тентек ұл, тебін қызға кез болыппыз,

Төксек те топан суын сөнбейтұғын.

Нұржан ақын өлең айтпас бұрын әкеме өлең айтқызады екен, сонан соң өзі де айтады екен.

Өлеңді шығарып та, жай да айтады екен, - депті

Беркін Сланбеков.

ҚАЗАҚИ БЕКЗАТ БОЛМЫС

Табиғат сырларының ішіндегі ең жұмбағы да, елеусізі де, тәуелсізі де, ең қадірлісі де – Уақыт. Оның қашан басталғаны да, кім үшін қашан тоқтайтыны да беймәлім. Еш пенде құшақтап құша алмайтын, уыстап тұра алмайтын, көзге көрінбейтін, иісі-дәмі сезілмейтін, қозғалысы естілмейтін, өзіне ғана тән қарқын-ырғақпен сусыйтын, зулайтын, зымырайтын тылсым дүние. Адам оны тек өлшей, бағалай алатын хәлде. Қазақи ұғымда бір сәт, қас-қағымнан бастап жыл, ғасыр, заман, дәуір, жарық жылымен өлшенетін құбылыс – Уақыт. Адам-пенде ол ең алдымен Жаратушының, екіншіден уақыттың құлы ғана... Қадіріңді ұға алдық па, қайран уақыт?

Және бір заңдылық: адам баласы заманын, ата-анасын, туар елін таңдай алмайды, оларды еріктен, санадан тыс тағдыр тоғысы деп қабылдайды.

Ендігі әңгіме желісі өз тағдырыма елеулі із қалдырған, қашанда жүрегіміздің төрінде жүретін замандас тұлға жайында. Өмірге уақыт өлшемімен күн салып көз жүгіртсек, өткен ғасырдың жетпіс үшінші жылы біраз тұғырластарымыз үшін ерекше есте қалатын белесті кезең болды. Сол жылғы 20 наурызда жаңадан Жезқазған облысы құрылып, оған жан-жақтан мамандар тартыла бастаған қарбалас шақ... Маған да түскен екі шақырудан егде тартқан әке-шешемді сылтауратып, бас тартқан едім. Үшінші жолы 1975 жылғы көктемде облыстық партия комитетінің лекторлар тобын ұсынғанда келісім бермеске лаж қалмады...

Жезқазғанға барған бетте мені пәтер бергенше уақытша «Қазақмыстың» қонақүйіне орналастырды. Сонда мені арнайы іздеп келіп, бірінші болып құттықтаған ауылдасым Бейбіт Нұржанов болатын. Ол азамат еңбек жолын жаңадан құрылған «Айыртас» совхозында автоклуб меңгерушісі, селолық советтің секретары, комсомол ұйымының жетекшісі болып бастап, аудандық комсомол комитетінің жолдамасымен Мәскеу қаласындағы Кәсіподақтардың Бүкілодақтық мектебіне түсіп, оны 1974 жылы еңбек жөніндегі экономист мамандығы бойынша ойдағыдай бітірген бетте ауылға келгені жадымда. Сонда құттықтап, ендігі жоспар қалай дегенімде, жаңа облыс шешеді ғой, сонда бара жатырмын деген. Сәттілік тілеп тарастық. Шамалы уақытта оның облыстық кәсіподақтар советіне жауапты қызметке орналасқанын ағасы Ғаниден естідік. Содан былай Бекеңмен ауыл азаматы ретінде жиі хабарласып тұрдық. Оның үстіне, көп ұзамай ол менің жұбайымның тете сіңілісі Қазкенге үйленді де, бір-бірімізге тату бажа болып, өмір бойы біржола араласып кеттік.

Бекең 1974 жылдан облыстық кәсіподақ советінде тоғыз жыл қызмет атқарды, бастапқыда ұйымдастыру бөлімінің нұсқаушысы, тұрғынүй-коммуналдық бөлімнің меңгерушісі, одан облыстық жеміс-жидек қызметкерлері кәсіподағының төрағасы боп сайланды. 1983-2000 жылдары облыстық туризм және саяхат комитетінің төрағасы боп қызмет атқарып, оннан астам елге сапар шекті. Сонымен қатар, ол біраз уақыт Жезқазған облыстық тұтынушылар одағы төрағасының орынбасары боп, экономикалық талдауға бейімі арқасында жаңа саланы да еркін меңгеріп кетті. Сол жылдары оның ұйымдастырушылық

қабілетінің мықтылығы барынша ашыла көрініп, ел аузына іліккен қажырлы қайреткер ретінде танылды. Бейбіт Біләлұлы 2000 жылғы «Қазақмыс» ЖШС Көмір департаменті кәсіподағының төрағасы боп, орынбасары боп сайланып, 2007-2013 жылдары «ҚарағандыТүстіМет» өндірістік бірлестігінің кәсіподақ комитетін басқарды. Оның көп жылғы еңбегі лайықты бағаланып, II-III дәрежелі «Еңбек даңқы» төсбелгілері, медальдер мен көптеген грамоталармен марапатталған болатын.

Табиғатынан алғыр, білгір, іскер, шешімді, шешен, табанды, екі тілге де жүйрік, жұмысқа деген жауапкершілігі, өзіне де, өзгеге де талап қоя білетін қасиеттері арқасында кәсіподақ саласында бірталай жоғары лауазымдағы қызметтерді абыроймен атқарып, еңбеккерлердің мүддесін қорғауда өзінің заңдылық пен әділдік жолында қаймықпайтын жігері арқасында жұртшылық арасындағы беделі арта түсті. Оның еліміздің, өңірлердің ағымдағы жағдайын үнемі жіті қадағалап, сала-саладағы кәсіпорындар мен қызметкерлердің материалдық-әлеуметтік жай-күйін бақайшағына дейін талдап отыратын әдеті мен қабілеті 90-жылдардағы созылмалы дағдарыс, нарыққа көшудің қиыншылықтары тұсында барынша жетіліп, өзінің уәлі сөзімен де, тиянақты шешімімен де бұқараны ұтқыр басқаратын көшбасшы бола білгендігін дәлелдеді. Әсіресе, кәсіпорындардың біразы жабылып, жұмыссыздық жайлаған, еңбекақыны уақытылы берудің өзі қиындық тудырған қайшылықтарға толы аумалы-төкпелі кезеңдерде қисынды уәж бен бұлжытпас дәлел тауып, мүдделері алшақ тараптардың өзін ортақ пікірге тоқайластыратын мәмілегерлік қасиеті жарқырай көрінді.

Қазақта «Біткен істің міні жоқ, бітірген ердің кемі жоқ» деген мақал бар. Бекеңнің қоғам алдында атқарған еңбегі ел есінде, тарих еншісінде. Ендігі баян осы азаматтың өмірлік ұстанымын, тұлғалық тұрпатын қалыптастырған жеке ерекшеліктері, әдеті, талғамы, сайып келгенде, адами мінезі жайында болмақ. Менің пайымдауынша, оның бейнесін толығырақ сипаттайтын басты қасиеті – қазақи адалдыққа, әділдікке, тазалыққа қаныққан ұлттық намыс. Руға, жерге бөлінгенді жаны жақамайтын. Жалпы, өтірік пен мақтанға, кесір мен кердеңге қаны қас. Ондай әдетке үйір адамдармен араласпайтын, амалсыз бірге бола қалса, күлтектеу-бипаздаусыз бет-жүзіне қарамай, бірден тойтарып тастайтын. Жалпы, адамгершілік қасиеттің төресі де, безбені де – маңайына жақсылық жасаумен сипатталып, өлшенетіні белгілі. Ол жағына келгенде тұстастарының арасында Бекеңнің алдына жан салмайтынын сан көріп, талай көзіміз жетті. Бекең хәкім Абайдың «досы көппен сыйлас, досы азбен сырлас» деген аманат-батадай сөздерін берік ұстанатын. Өзім деген жанға өзегін жұлып беруге әзір тұрушы еді. Алаң мәселелерді қиыннан қиыстырып, оны шешудің ең оңтайлы барынша төте жолын тауып кететін қасиеті айрықша ерекшелендіретін. Кішкене деген қуанышты көпшіліктің тойына айналдырып жіберетін. Бекең араласқан шаруаға алаңсыз сенетіндіктен өз тойымызға өзіміз талай рет кешігіп келіп жүрдік. Маңайындағы бауырларын, әсіресе қыз балаларды, ерекше қамқорлығына алып, олардың оқуға түсуін, білім алуын, дұрыс жұмысқа орналасуын ыждаһаттылықпен қадағалап отырумен қатар, олардың отау көтеріп, тату-тәтті тұруларын, ұжымдары жарасып, араласып жүруін үлкен

шеберлікпен басқарып отыратын. Осыған орай, қамқор ағаларының алдында жастардың бәрі тік тұрып, айтқанын екі еткізбей орындап, хабарлап отыруды әдетке айналдырған.

Ұлттық мүддеге қатысты теледидар, радио арқылы берілген орынсыз, жаңсақ пікірді естісе немесе баспасөзде жарияланған мақалада қисынсыз, дәлелсіз ойларды оқыса, әйтпесе жиналыс, талқылауларда ел мен ұлт мүддесіне кереғар пікірлер айтылса, астарлы теріс ниет байқалса, бірден шамданып, айтар сөзін бүкпесіз айтып қалатын. Сондықтан болу керек, теледидардан шетелдік кинофильм, түрлі шоу атаулыны мүлде көрмейтін. Көретіні, тыңдайтыны – ұлттық арнадағы жаңалықпен қазақи дәстүрлі ән-күйлер ғана. Әдемі тенор дауысы бар Бекең өнер десе ішер асын жерге қоюшы еді. Үйіндегі отырыстардың көбісін домбыра, пианиномен қоса, өзінің жиі қолға алатын аспабы аккордеонды аңыратып, көпшілік қосып айтатын әндермен жалғастырғанын жиі көретінбіз. Әсіресе, өнердегі өмір жолдарын Ақтоғайдың әйгілі «Тоқырауын толқындарынан» бастаған балдыздары – республикаға танымал Нұрлан, қос Айгүл, Амантай, жиені Хамит, інісі Бағдатпен бастары қосылса таңды таңға ұрып ән салудан жалықпайтын. Бұл оның рухани болмысының бір қыры ғана. Оның және бір ерекше қасиеті – ас атаулыға, оның ішінде кәдуілгі ауызсуға мейлінше талғампаз, кірпияздығы. Қай жерде тұрмасын, мейлі ауыл, мейлі қала болсын, маңайдағы бұлақтарды аралап жүріп, таңдағанынан қысы-жазы таза су тасудан жалықпайтын. Дастарханынан ауылдың дәстүрлі ұлттық тағамдары үзілмейтін. Балаларына, немерелеріне қырқынан шыққан бетте ау-

ыздарына қазы-қарта сорғызып отырғанын, талай көрдік. Дүкендегі азық-түліктің өзін қайда, қашан шыққанын мұқият тексермей алмайтын.

Әдетте, азаматтың патриоттық сезімі елшілдігімен өлшенеді. Бекеннің елшілдігінің бастауында ауылшылдығы тұратын. Қолында әлемнің кез келген түпкіріндегі санаторий мен туристік жолдамалардың неше атасы тұрса да, жыл сайын жазғы демалыстарын бала-шағасымен ауылда, бауырларының Қызыларайдың баурайындағы жайлауында өткізіп, ауыл дәмін татып, қымыз ішіп, қарақат, бұлдірген, сарымсақ теруді жақсы көретін. Жолға шыққанда жақсы мылтықтарын ала шыққанмен, салынып аң қуып, құс атқанын көрген емеспін. Анда-санда нысана атқанда алдына жан салмайтын, мергендігімен тамсандыратын.

Бекеннің табиғи тектілігімен бекзаттығына сай өзіне ғана жарасатын мінезінде адалдық, теңдік, бауырмалдық, мәрттік, жомарттық басым болатын. Жұбайы Қазкенді отау құрғанынан бастап «Бота» деп атап кетті. Жақында бас қосқан жерде жұрт олардан «асыл жарым» сүйікті әндерін қосылып айтып беруді өтінетін. Мамандығы заңгер Қазкен Жұмашқызы 35 жыл облыстық прокуратурада жоғары лауазымды қызметтерді абыроймен атқарды. Екеуі сайдың тасындай екі қыз, бір ұлды өсіріп тәрбиеледі, оларды ұзатып, үйлендірді, жеті немере сүйді. Үлкен қызы Самал ағылшын тілінің маманы, қазір «Қазақмыс» корпорациясында аудармашы. Жұбайы Қайрат екеуінің Асылжан, Айдын атты балалары бар. Екінші қызы Айнұр «Қазпочта» желісінде бухгалтер. Айнұр мен жұбайы Жеңіс екеуінің Шәкәрім, Олжас, Толғанай есімді ұл-қыздары бар. Бекен мен Қазкеннің кенжелері Алмас халықаралық

қатынастар маманы ретінде еңбек жолын сыртқы істер министрлігінен бастап, Қазақстанның Малайзиядағы елшілігінде төрт жыл еңбек етіп, ол жақтан мектепте де, университетте де бірге оқыған келіншегі Лаура екеуі олжалы оралды. Сонда туған екі немересіне Бекең Айзере, Айтөре деп ат қойды. Алмас қазір министрлікте басқарма бастығы. Бекеңмен Қазкең мейлінше балажан, екеуі ұл-қыздары, күйеубалалары, келіндері, немерелерінің айтқан сөздері мен мінездерін рахаттана әңгімелесіп, көздерінен жас аққанша күлетін кезеңдерін елжірей еске түсіреміз. Жалпы, Бекеңнің сырт көзге суық көрінгендігімен, жүрегі нәзік екендігіне, әсіресе қуанғанда, сүйінгенде көзіне жас келетінін сан көрдік.

Осындай шуақты шақтарды сиретуге Бекеңнің ойда жоқта дімкәстене бастауы себеп болды. Оның алып жүрегі төтелеп келіп, дендей бастаған дертпен сегіз ай арпалысты. Оңтүстік Кореяға үш рет барып ота жасатып, емделді. Елге оралып алуан ем-дом қабылдады. Жанына сырқат қанша батқанымен сыр бермеді. Өкінішке қарай, Бекеңнің қайраттанған соңғы ерлігі осы болды. Маңайындағы бауырларымен балаларының күндіз-түні бағуына қарамастан аурудың асқынғанын сезіп жатқан Бекең айналасын өзі жұбатып, сабырға шақырып, өзінің ақырғы мекенін орнын сүйікті Ғани ағасының жанында болғанын қалайтынын айтып, соңғы сапарға қалай аттандыру керектігін айтып өтті. Марқұмның айтқанын толықтай орындалып, таяуда бейіті де қаланып, ескерткіші де орнатылды. Белгітаста Бекеңнің бекзат болмысын сипаттайтын мына өлең жолдары қашалып жазылды:

Өр кеуде, ашық маңдай дара тұлған,
Ақсораң жартасынан жаратылған.
Тектіден текті туған азаматсың,
Дабылың аңыз болып таратылған.

Армансыз жан болмайды ғой. Кейінгі кезде Бекең әйгілі ақын бабасы Шоңның Нұржаны, өз әкесі Нұржанның Біләлі жайында деректер жинап, мұрасын жинақтап бастырсам деген оймен елден естіген, баспасөзде жарық көрген біраз материалдар жинастырып жүрген болатын.

Осындайда халқымыздың тектіден текті туады деген қағидасы оралады. Суырыпсалма ақындығымен, қайталанбас шешендігімен елді аузына қаратқан, әнші-композиторлығымен тамсандырған Нұржан Шоңұлының өзімен түйдей құрдас Әлихан Нұрмұхамедұлымен бала күнінен бірге өскені, сыйласып өткені тарихқа мәлім. Ол кісінің Қазақ ССР-ның онжылдығын өлеңмен ашқандығын екенін бірі біле бермейді. Ақынның біраз мұрасы мемлекеттік мұрағатта сақталғаны белгілі. Бекеңнің жездесі еліміздің журналист қауымының біразының ұстазы Әбілфайыс Ыдырысовтың өзі «қайынбаба» деп құрметпен атаған Нұржан ақын туралы көлемді мақаласы біраз баспасөз бетінде жарияланды.

Жақында Нұржан Шоңұлының Алшынбек қажы қайтыс болғанда елге естіртіп, айтқан бәйіті табылды. Оны Шабанбай би ауылының имамы Айдаржан Балтабайұлына тапсырған белгілі спортшы балуан Жұмабай Жандығұлов. Бұл ескі жазумен баяндалған қолжазба оның елге танымал Қалижан әкесінің мұрағатында сақталып келген екен. Оны аймаққа белгілі адвокат, кезінде Ақтоғайдың бас имамы болған Қоқым Алшынбекұлы ақсақал 76

жасында қағазға түсіріп, Қалижанға аманат дәптер ретінде табыстап кеткен екен. Бекең Айдаржанның қолжазбасына кириллицаға түсірген алғашқы бөлігін көріп, оқып үлгерді. Сол тұстағы ауру дендеген Бекеңнің қуанышқа бөленген қалған бөлігі қашан бітеді екен деп тағатсызданған сәттеріне куә болдық.

Бекеңнің өз әкесі көкірегі көмбе, көзі ашық Біләл Нұржанұлының да, шығармашылық мұрасы да толық жинақталмаған. Бұл жайында Нұржан әулетіне жиен, өткен ғасырдың алпысыншы жылдарына дейін Шығыс Қазақстан өңірінде облыстық деңгейде басшы қызмет атқарған Дүйсенбек Исабековтың Біләл нағашысы қайтқанда жұрағатына көңіл айту үшін Қызыларайға келгендігі, сондағы 270 ауыз өлеңмен жазылған әсерлерін оқығанда көзіміз жетті. Өлеңдер моңындағы ескертуінде «Білекеңнің магнитофонға жазылған күшті күшті күйлері бар, соларды жарыққа шығару қажет» деп жазылған. Білекең өзі Қызыларайда колхоз басқармасы, фирма меңгерушісі болып жүрген 50-60-жылдары аудындақ «Қызыл Ту» газетіне үзбей мақала жазып жүрген. Бекең осылардың барлығының басын құрап, жинақ шығарсам ба деп жоспарлап жүрген еді. Әттең, үлгермеді... Қайран, Бекең! Өзің еске түскен сайын сезімнің мың бір пернесі жүректі сыздатады, көңілі толқытады.

Бекеңнің осы бір арманын орындау қалған ұрпақпен замандастарына – аманаттай парыз. Иншалла, ол шуақты күнде туады. Өйткені, уақыт шексіз, аты мәшһүр алып азаматтың ізін жалғастырушы ұрпақ. Осындайда Нұржан ақынның «Құдай осы күнімді көпсінбесе, мен азынбаймын» деген тәубешіл нақылы ойға орала береді.

Әбілфайыз (Алтай) ЫДЫРЫСОВ,

Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері,
профессор, жазушы.

ЖАН ӘКЕ ЖАЙЛЫ ТОЛҒАУ

Мәди бабаның әйгілі әнінен толғауыма эпитафия ретінде беріліп отырған осы бір «Атыңнан айналайын, Қарқаралы!» деген жүрекжарды сөздерін айдаладағы Торғайдың қаймана қазағы, қазір сексеннің сеңгіріне аяқ аттаған, білдей жазушы, профессор, мен үшін әлі күнге, бұдан былай да қандай ғажап мәнді, қандай ғажап тебіреністе екенін білсеңіз, қадірменді оқырман!

Алып жүректі, ақынжанды Арқаның сазгер, жау жүрек ұлы – Мәди бабаның ұлы көкірегінен туған әлгі әнұран сөздердің маған ондай айрықша әсерлі болуында өзіндік себеп бар.

Атыңнан айналайын, Қарқаралы!.. Бұл сөздер маған бұл жалғанда жарқын өмір кешуіме жол ашқан, жөн сілтеген жан Әкені еске түсіреді. Иә, басқа туған әкені, өгей әкені, өкіл әкені емес, жан Әкені...

Мен онда жиырма алты жасқа шыққанмын. Қайран жиырма бесте Арқаның асыл қос алқасының бірі – әйгілі Қарқаралы топырағына кіндік қаны тамған, соның Шайтанкөлі мен Үлкенкөлі мөлдірлеріне шомып, суық бұлағын сусындап өскен бір айтулы әнші аруы – Заря сұлудың жүрегін жаулап, ата-анасының келісімінсіз онымен қосақ құрып, шалқып жүрген шағым болатын.

Содан бес жаста айырылған ананы да, он бір жаста Отан соғысында отап болған әкені де ұмытқан кезім еді. Сондықтан: «Енді менде әке-

шеше болар-ау!» деген ой әсте жоқ-ты. «Сүйген жарға қосылдым. Бұдан былайғы ата-ана өзіміз!»

Қарқаралының сұлуын ата-анасының рұқсатынсыз жар етіп алып, осылай есіп жүргенде, 1956 жылы мамыр айының аяқ кезінде Алматыға әдепті аттаған қызы мен «бұзық» күйеубаласын көруге «Таңым» деп атаған Заря жарымның әкесі бізді өзі іздеп келді. (Бұл ұзақ әңгіменің жайы «Таңшолпан» атты роман-хикая трилогиямның «Қосылған қос өзен секілденіп»... деген екінші кітабында егжей-тегжейлі суреттелген).

Оның бетті, қаһарлы адам екенін Таңымның – Зарямның айтуынан бұрыннан да білетінмін. Ес шықты. Зәре кетті. Қылшадай мойнымды қатал қайынатаның қылышына әзірледім. Оның қай жазасын да қайыспай қарсы алуға дайын тұрдым.

Сондай жаза күткен жарымның әкесі, тіпті, ұшып келген ұшағынан күтіп те алмаған маған бірінші көрісіп-кезіккенде мені іреп-союдың орнына: – Балапаным! Мен жаңа заманның қазағымын! Сенің әке-шешен жоқ, жетім жігіт екеніңді де, сол себепті, жоқ-жітіктен алдымнан неге өте алмағаныңды да түсінем!.. Махаббат жүрек әмірі! Жүрек әмірі – ең ұлы әмір! Сондықтан оқа емес! Бәрін кешірем! Енді, тек бір ұлым бол! Мен жоқ әкең орнына әке болайын, қаласаң! - деді. Одан әрі ол біраз уақыт ләм-лим деп тіл қатқан жоқ.

Тек, ол, біз Таңым екеуміз оның келу құрметіне жайған дастархан үстінде Заря қызына құмары қанғанша ән салғызып тыңдап болды да, өзі соның соңынан «Қарқаралы» әніне басты.

Еңгезердей қара сұр кісі желпініп, шырайланып, арқаланып кетті, ол әнді салғанда тебіренді. Толғанды! Асқақтады! Өрленді! Осынысымен ол маған: «Мен Қарқаралы Азаматымын. Енді, Алтай

балапаным, сен де соның бір ұлы болғайсың!» дегенді айқын аңғартты. Оны ол нақ со жолы маған жасырмай айтты да: - Балапаным, Алтайжан! Қарқаралы – менің мақтанышым! Оны енді сен де өз туған жеріңдей көріп, мақтан тұт! Ол – әмсе қазақтың Ұлытауындай, Көкшесіндей, Еділ-Жайығындай, Жетісуындай, Жиделібайсынындай, Алатауындай, Алтайындай, Шыңғыстауындай қасиетті өңірінің бірі. Ол есте жоқ ескі замандардағы ғұн, массагет, сақтарды былай қойғанда, күні кешегі дерлік XVI-XVII ғасырлардан да әлдеқайда әрідегі Мейрамсопы әулиеміздің Қарқабат тоқалынан туған «Қаракесек» атанған – Болатқожадан тараған Ақша, Түйте атты бабаларымыздың бергі ұрпақтары Бошан (кейін қыруар елге айналған, он екі ата «Сырт Бошан», «Бес Бошан»), оның інісі Машайдың Абыз атанған Шаншарынан туған Келдібектің алты Алашқа аты мәлім, қазақтың Қазыбек биінің, кемеңгер Құнанбай сұлтанның, оның құдасы, мыңғырған жылқылы бай Алшынбайдың, солармен үзеңгілес Тәттімбет күйшінің, бай туыстарымен арпалыста өмір кешкен «Қаракесек» әнінің авторы Мәдидің, күні кеше дүниеден өткен дауылпаз ақын Қасымның Отаны! Қарқаралы қазағыңның жер шебін ақ найзаның ұшымен, айбалтаның күшімен қорғаған Малайсары, Бораншы, Байбөрі, Тілеулі, Керней, Кәрсен, Дүзей, Жарылғап, Науырызымбет, Еламан, Бекназар, Ерназар, Құлназар, Бибати-ма батырларды дүниеге әкелген өңір! Сондықтан, балапаным, сенің Қарқаралы қайынжұртың, батырлар шеру тартқан, асқан байлар ен жайлаған айтулы аңыз адамдар дүниеге келген, төскейі – сән-салтанат, қойнауы – асқақ ән-жырға толы ел. Мені ендігі әкем деп білгің келсе, Алтайжан, сен

алған жарың – Заряның айтулы сол туған жерін, туған елін көзбен көруге тиістісің! Ештеңеден қысылмай сол қайын жұртыңа келіп-кетуің жөн. Саған осыны тапсырдым. Мен осы сапардан оралысымен Москваға ауылшаруашылық көрмесіне қатысуға іссапарға кетем. Ештеңеге қам жеме! Онда аналарың – Гүлбарам тойларыңды жасап, құшақ жая қарсы алады. Солай етсең енді анаң болар сол адам алдында да кінәңды де жуасын, балапаным! - деп кең құшағын жайды.

Сөйтп, мен, осыдан, табаны күректей қырық сегіз жыл бұрын кенет екінші әке-шешеге ие болғам...

Мен жаңа тапқан әкемнің айтқанын істеп, сол 1956 жылы шілде айының орта шенінде күйеубала болып Таңыммен Қарқаралыға жол тарттым.

Оған баруды ойлағаннан бастап Алматыдан шықпай жатып-ақ Қарқаралыны тезірек көруді сонша аңсадым. Ол маған өзімнің кіндік қаным тамған қойнау, қолтығында туған Егінсайым жатқан Мойылдым, Шолақадырымдай сондайлық ыстық, соншалық жақын көрінді. Ақыры мен Қарқаралы тауының өзін де көрдім. Оның қойнаулы қолтығына «тығылған» қалаға да жеттім. Әрине, олар менің торғайлық өңірімнен мүлде өзгеше – көгілдір көрікті, көгөрай шалғынды, заңғар таулы, шатырлы шәһарлы екен! Алда аталған туындымда олар жайлы да суреттелген.

Бізді машиналар керуені қазақ ұғымындағы «күндік жерден», алдымыздан шығып, құрметпен күтіп алды. Сондағы көрсетілген қошемет – ұзақ сапарға кетіп, еліне оралған, не өзге елден келін алып келе жатқан туған ұлға жасалатын қошемет болды. Ұлан-асыр той! Қуана қауышқан ыстық құшақ! Ортаға алынған мен құдды Әкемнің үлкен

ұлы іспеттімін! Мәскеуге іссапарға кеткен әке де ілезде оралды. Ол келісімен бізді аяқ-қолымызды жерге тигізбей Қарқаралы өңірінің ел-жерін көрсетуге әкетті.

Мені Әке қашан да, қайда да, өз қасына алды. Ол қайда да, қашан да менімен жүректен сырласты. Әке мен ұлдың шүйіркелескен жүрекжарды әңгімесі үзілмеді. Әкенің ұлға берген қалтқысыз ақыл-кеңесі толас алмады. Осылай, ол мені тереңдей білді. Мен оны шын жүректен ұғындым!

Нақ осындай Әке мен балалық ара қатынаста біз бірге жеті-ақ жыл өмір кештік. Ол жылдар қас қағым зулап өтті. Осы аз жылдар аралығына ол маған Әкеден де ыстық Жан әкеге айналды!

Қайран дүние-ай! Онымен сондай қатынастағы жылдарымыз одан әрі де ұзақ-ұзақ созыла берсе етті! Тағдыр, бірақ, оған жазбапты.

Қарқаралы ауданының мұқым мал шаруашылығы тізгінін қаншама жыл қолға ұстаған, соған жауапты болған қайран абзал жан сонау қаптаған сынақ полигондар маңындағы шопандардың, малшылардың қамын жеп, күндіз-түні бел шешпей жұмыс істей жүріп, қырық жеті жасында айықпас дертке шалдықты. Атомдық зардапты, ауаны жұтудан пайда болған аса ауыр кесел дерт қойсын ба?!

Алпамсадай жан әкем ұзамай қираған бәйтеректей құлап түсті. Енді айықпас ауруға душар болды. Оны Алматыдағы онколог дәрігерлерге өзім қараттым. Емделуге Сарыағаш шипажайына да өзім апардым. Ақыры, беті бері қарамас болған соң сырқат әкемді Ташкенттен Қарағандыға тұңғыш рет тура ұшқан ұшақпен Қарқаралыға да өзім аттандырдым. Сөйтіп, мен оны туған жеріне соңғы рет қоштасып шығарып салдым. Бірақ,

Әкеммен Қарқаралыға бірге бара алмай, қызмет бабымен мен амалсыздан Мәскеуге іссапарға аттандым.

Амал нешік, меңдеген дерт оны алып тынды. Бірақ, ол қасиетті Қарқаралысының соңғы рет жұпар ауасын жұтып, көкмайсасын иіскеп, соның мөлдір бұлағынан соңғы тамшы су ішіп, дүниеден өтті. Мен Мәскеуден шұғыл жетіп, жан Әкеге бір уыс топырақ салып үлгердім.

Содан бері, міне, қырық сегіз жылдан асты. Ол өзінің кіндік қаны тамған топырақта қазір мәңгі ұйқыда жатыр. Иншалла, оның жаны жәннатта, жұмақтың төрінде екені сөзсіз! Бұған мен кәміл сенемін! Өйткені, ол Қарқаралы өңіріндегі қазағына ес біліп, етек жапқанынан адал қызмет еткен абзал азамат қой!..

Менің бүгінде сонша үлпершегім үзіліп, сонша тебіреніп сөз етіп отырған жан әкем кім екенін енді ашық айтайын, қадірменді оқырманым.

Ол – мен «Таңшолпан» роман-хикаяда есімін Сәдуақас Шоңов деп, атап асыл бейнесін жасауға тырысқан, өз тұсында мұқым Қарқаралы, Ақтоғай, Егіндібұлақ, Ульянов аудандары тұрғындары, қалды Қарағанды облысы атқа мінгендері «Сәкен» деп атаған – Сәдуақас Нұржанов! Ол – 1915 жылы Қызыларай өңірінде дүниеге келген, сол атырапты бағзадан мекендеген Қаракесектің «саны жұлдыздан да көп жүнді қырғыз» руынан шыққан, Қазыбек би, Тәттімбет, Алшынбайлармен үзеңгілес, табақтас болған әйгілі Шоң ақынның немересі. 1938 жылы ол Қарқаралыдағы атағы да, мәні де институттан бір де кем болмаған зооветтехникумды үздік боп тәмамдап, соңғы демі біткенше өмірін Қарағанды облысының шығыс өңірінде мал шаруашылығын өркендетуге арнаған, кәсіби

мамандығы аса жоғары, білікті мал дәрігері!

Сәдуақас Нұржанұлы Ұлы Отан соғысы жылдарында арнаулы броньмен әскерге алындан қалдырылып, Ақтоғайда аудандық жер бөлімін басқарып, майдандағыларды азық-түлікпен қамтамасыз ету тапсырмасын абыроймен орындаған. 1949, 1950, 1951 жылдары ол Қарағанды облысының Ульянов (қазіргі Бұқар жырау) ауданына ауылшаруашылығы бөлімін басқаруға жіберілді. Онда Азамат Нұржанов егіншіліктің де қыр-сырын тез меңгеріп, абыроймен қызмет еткен.

XX ғасырдың 50 жылдарының басында кеңестік билікшілер ауылшаруашылығы ұжымдарын – ұжымшарлар мен кеңшарларды техникамен жабдықтауды мықтап қолға алды. Сондықтан, осы тұста іскер ұйымдастырушы басшы Нұржанов Сәдуақасты партиялық басшылық осы майданға жұмсайды. Ол Қарқаралы ауданында тұңғыш МТС ұйымдастырушылардың бірі болды. Сөйтіп, 1952, 1953 жылдарда Ақтерек МТС-інің директоры қызметін атқарып, аудан ұжымшарларын қажетті техникамен қамтамасыз етті.

Қарағанды облысының іргелі ауданы – Қарқаралы шегі соғыстан кейінгі жылдарда мемлекеттік Қорғаныс министрлігінің атомдық сынақшы күштері қарамағына көшкен – Абыралы, Абай аудандары өңірінен тартылып алынған әскери жабық аймақтармен аралас-құралас болды. Сол ядролық сынақ аймақтармен іргелес тіршілік еткен малшы қауымды қатерден сақтау қажет еді.

Әйгілі мал дәрігері Нұржанов жолдасқа енді осы міндет жүктелді. Сөйтіп, ол 1954 жылдың басынан, алда айтқандай, қатерлі, айықпас дертке

душар болғанға дейінгі, 1962 жылдар аралығында Қарқаралы аудандық ветеринарлық зертханасын он екі жарым жыл басқарды.

Мен жан Әкеммен оңаша сырласқанда оның өмірінің сан қырларын білгенмін. Адал жүректі, бірбеткей, әділетті, шындықты сүйетін, ақкөңіл азамат, абзал жан маған ылғи да қызметтес, пікірлес қандыкөйлек достарын, олардың ғажап адамгершілік мінездерін, іскерлік қасиеттерін жалықпай әңгімелейтін еді. Солардың ішінен ол ерекше мақтан тұта айтатын: Ақтоғай ауданында қызметтес болған Төлеухан Қашқынбаев, Яхин, Карл Мұхамедияров, Ульянов ауданында бірге қызмет еткен Тұрсын Төреғожин, Ыбыжан Рахымжанов, Қарқаралыда қатар ауыр қызметті бөліскен Рәсіл Төреғожин, Оспанбай Орынбаев, Валерий Ботов, Айташ Омаров, Мұқан, Мұхамедия Абайдуллин, Хасен Әлиев сынды кемел ардагерлер есімдері есімде мәңгі сақталып қалыпты! Ал оның Іңкәрбек, Мәди, Биғазы сынды жанұя достарымен менің өзім де талай дәм-тұздас болдым.

Жоғарыда есімдері аталған, кезінде халқына қалаулы, еліне елеулі болған айтулы ағалар қазір қатарда ма, жоқ па? Бұл жағын білмеймін. Егер де, солардан көзі тірілер бар болса, оларды аталып өткелі жатқан Қарқаралының 180 жылдық мерейтойымен құттықтап, бұдан былай балашағаларының қызығын көріп, мерейлі өмір сүре беруді тілеймін! Жан әкемнің зердеме құюымен менде сонша құрмет тұтқан, әлгінде аттары аталған ардагерлердің бақилыққа өткендері болса, олардың жандары пейіште болуына, артқы ұрпақтарына табысты, бақытты ұзақ ғұмыр сүрулеріне шын жүректен тілектеспін!

Ендігі айтарым: Қарқаралының 180 жылдық

мерейтойында тағдыр табыстырған Нұржанов Сәдуақас әкемнің абзал аты да Қарқаралы өңірінің әйгілі ардагерлері қатарында лайықты әспеттелер деп сенем. Олай етілсе жан әкемнің әруағы о дүниеде бүгінгі ұрпақтарына разы болып жатар еді.

Ақыр соңында, осы тебіреніс үстінде мұқым қарқаралылық қайынжұртым алдында тағзым етіп, бас ием! Баршаңды ел-жеріңнің мерейтойымен құттықтаймын!

Алматы қаласы.

ЗАМАННЫҢ ЗҰЛМАТЫНАН ЖАПА ШЕККЕН ҚАЙЫНБАБА!

Тәубе, Жасаған Иеге! Иншалла! Тәуелсізбіз! Еркінбіз! Еріктіміз! Енді не мұңымызды шақсақта, қай жағымызды айтсақта, не десек те, пұрсаттамыз. Осы мүмкіндікті пайдаланып, кезінде еліне елеулі, халқына қалаулы болған, әйтсе де мінәйі себептермен көзден кеткен соң, көңілден тайып, бара-бара естен шығып ұмытылып, тарих тұманына еніп кеткен осы бір айтулы ақын баба жайлы мөлтек сырды алға жаяйын. Өйткені, бұлай жасау, бірдеңе түрте білетін маған, бір жағынан, нәсілдік борыш та...

Неге десеңіз – тағдырдың кереметін қарасаңыз, сонау Торғайдың төскейінде туған, былайша айтқанда, қаймана қазақ, аты алты Алаштың мақтаны, әйгілі шақшақ Жәнібек батырдың оныншы ұрпағы – мен, Әбілфайыз (Алтай) Ыдырысұлы, сол бір айтулы ақын Бабаның немере күйеубаласымын. Пешенеме Жаратқанның жазуымен мен сол қайынбабамның үшінші ұлы Мөлгаждар қайын әкемнің Заря атты сұлу да әнші қызын өмірлік қосағым еткен жанмын.

Сонымен халқы, елі ғана емес, тіпті тайпа руластары, туған-туыстарының да назарынан өшіп бара жатқан Қайынбабамның аты-жөні Шоңұлы Нұржан ақын!

Иә, ол Арқада әйгілі балуан Шолақ, Ақан сері, Әсет, Мәди, Кемпірбай, Нарманбет, Орынбайлармен үзеңгілес, ілесе қатар шыққан, солармен дәмдес-түздас болып, қатар өмір кешкен Нұржан ақын!

Ал, Нұржан ақынның өзі кім? Тұмысы, тегі қайдан? Бұл жайында басылымда (демек, ғылыми)

дерек тек 1979 жылы ҚазақССР-нің «Ғылым» ба-спасынан жарық көрген «Ақын-жыраулар» атты жинақта берілген. Онда былай дейді: «Шоңұлы Нұржан (1860, Жезқазған облысы, Қоңырат ауданы, «Қызыларай» колхозы, - 1933, сонда). Октябрь революциясынан бұрынғы өлеңдерінің негізгі тақырыбы – кедей тұрмысы, жалшы мұңы: Совет өкіметінің алғашқы жылдарынан бастап жаңа заман рухын түсіне жырлаған. Өлеңдері ел арасына кең тараған, бірақ кезінде жазылып алынбаған». (көрсетілген жинақтың 142-беті)

Бар болғаны осы! Бірақ, бұған да тәубе! Өйткені, онда не десек те белгісіз автор (ал, аты-жөні көрсетілмеген ол авторды мен өзім Қайынбабамыздың рулас жақыны – мұғалім Әбдіразақов Сейітқазы марқұм болар деп жобалаймын. Олай жобалауыма себеп: өткен ғасырдың 60-жылдарында өз ауылы Қызыларай елді мекенінде орта мектепте ұстаздық етіп жүріп, Қазақ университетінің тарих факультетінде сырттай оқыған Сейітқазы қайынағамның өз аузынан бір ретте: «Нұржекең атамыздың ел аузында сақталған өлең-жырларын Қазақ академиясының Тіл мен Әдебиет институтының Қолжазба қорына өткіздім» дегенді естігенмін). Қалай болғанда, қылаудай болса да, Нұржан ақынның өмірі мен оның өлеңдерінің ел арасына кең тарағандығынан хабардар етеді.

Ол автор, ақынның туған жері мен қайтыс болған жылын нақты көрсетпеген.

Мұндай уәж айтуымызға себеп: алдымен, ақынның тегінің тектілігінде. Нұржекеңнің әкесінің де, өзінің де еттері тірі, пысық адамдар болғандығында. «Тегін адам таз бола ма?!» дегендей, олардың екеуінің де сөзге жүйрік, әрі ше-

шен әрі ақындар болып дүниеден өткендіктерінде. Бұған әуелгі басты дәлел – олардың тектілігі жайлы ұлтымыздың көсемдерінің бірі – Әлихан Бөкейхановтың шежіре дерегі. Қанқожаның алғы бабалары: Қырғыз-Қыпшақ Қырғыз-Төпей-Төлес-Жүнді-Есенқұл-Мәмбет-Тоқыс-Өтей-Байсақал-Дүйсенбай-Сарғасқа-Қанқожа-Шоң «Жүнді Қырғыз» атанған – Жүнді Бабасы – Қаракесектің «Бес Бошан» атанған – Майқы, Бошан, Қамбар, Шаншар, Жалықбас сияқты әйгілі адамдармен бастас болған. Ал, өзі болса «Тобықты Ырғызбай, Өскенбайлармен сыйластық кешкен. Қанқожадан туған бес ұл: Әділбек, Шонты, Итен, Бәзілбек, Шоң да әке атына дақ түсірмеген. Әсіресе, мал жимай, серілік құрған Шоң, Алшынбай, Құнанбай, Тәттімбеттермен терезесін тең ұстаған. Шоң әкесінің жолын қуған ол да (Біләл, Мағауия, Мөлгаждар, Сәдуақас, Шырақбай сынды, Зеңгітей «мен атайын, сен тұр» бес ұлдың әкесі) бишешен болған. Ақындығымен қоса, әрі әнші, әрі күйші болған. Алда ескерткендей, Шөже, Кемпірбайлардан бата алып, бірде малсыздыққа мойымай, Шолаққа, Әсетке еріп, «салт басты, сабау қамшылы» серілік құрған. Бірде Былқылдақ бойында Тәттімбетке қосылып, күй шертіскен. Содан да ғой – Нұржекеңнің шынжырбалақ, шұбартөс Ермек Жиымбайұлымен, қыз беріп, қыз алысып, құдандал болған. Нұржекең Семей губерниясы, Қарқаралы оязы, Темірші болысында дүниеге келген.

Нұржекеңді «Өйткені, біздің қайынбабамыз дүниеге келген кезде ол өмір кешкен өңір – Тоқырауын, Қызыларай, Ақтоғай атыраптары солай аталғанымен ол кезде Жезқазған облысы да, Қоңырат ауданы да болған жоқ. Ол

аймақ Қарқаралы уезі, Тоқырауын болысы болды. Тоқырауын болысына жеті ауыл қарады. Қызыларай тауы төңірегі ол шақта №6 ауыл деп аталған. Егер, Нұржекең, шынында Қызыларай таулары өңірінде дүниеге келсе, онда оның 1880 жылы Қарқаралы уезінің Тоқырауын болысына қарасты №6 ауылда туғаны. Ақын аруағын сыйласақ бұл тарихи шындықты да бұрмаламауымыз керек. Біздіңше, сондай-ақ, белгісіз автордың Нұржан ақынның дүние салған жылын көрсетуі де даулы. Енді, нақ осы арада: әрі қайынбабамның қай жылы қайтыс болғанын нақты айқындай түсу үшін, әрі алда ескерткенімдей, кезінде Қарқаралы, Қоңырат, Тоқырауын, Қызыларай аймақтарының Нұржекеңі болған, Нұржан ақынның неге басқа халық ақындарындай тарихта лайықты қалмай отырғаны жайлы шындық бетін ашу үшін әлгі аталған өлеңдердің аса білікті біртуар көнекөз қарияларының бірі Қалкен ақсақалға сөз берелік.

«Зерделі де зергерлі Нұржан ақын

Бүгінгі халқымыз асыл арманына – тәуелсіздікке қол жеткізді. Бұл тәуелсіздік тарихымызға алтын әріпшен жазылған ғажайып болды. Осы тәуелсіздік тұсында бұрын ел есінен шығып бара жатқан дара тұлғалар, кемелді сөз зергерлері халық жадында қайта жаңғыруда.

Ел жадында сондай қайта жаңғырып, қайта еске алынып отырған зор тұлғаның бірі – Нұржан Шоңұлы. Иә, осы бір зор тұлға өңірімізде қалған бірен-саран көнекөз қариялар ойларында ғана сақталғанымен, кейінгі ұрпаққа белгісіз болып бара жатыр еді. Енді сол зор тұлғаның атын қайта жаңғырту – оның ағыл-тегіл өнерінен еміс-еміс хабардар ету біздің борышымыз болып отыр.

Нұржан Шоңұлы Арқаның оңтүстік-шығыс етек жағындағы Қоңырат өңіріндегі Қызыларай елді мекенінде дүниеге келіп, жасынан ақын аталып, есейе келе мұздыбалақ тұз қыранына айналған адам. Ол – жаны жайлау, жүрегі от, алғыр да айшықты жыр, асқақ ән, шалқар күй толғауларымен ел жадында сақталған Алаш ардағы. Бұл Алаш ардағы Арғын атанған ел ішінде тек ақындығы, әншілігі, күйшілігімен ғана емес, зор адамгершілігімен де сыйға, құрметке бөленген жан. Ол ел арасында Нұржекең атанған!

Нұржекең Қаракесектің атақты бай-биі Ермектің Смайыл атты ортаншы баласымен құда болған. Ол Смайылдың Зылиқа атты әрі ақылды, әрі он саусағынан өнер тамған қызын өзінің екінші ұлы – Мағауияға айттырып, олардың отауын тіккен.

Ал Мағауия болса, кеңес жылдарында үлкен жетекші қайраткер болды. Ол 1929-1930 жылдары әуелде Қарқаралы ауданының колхозшылар Одағының төрағасы, сонсын 1930-1936 жылдары Ертіс аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы қызметін атқарды. 1936-1937 жылдары Шығыс Қазақстанда Ұлан аудандық атқару комитетінің төрағасы болды.

Өмір жолын осылай ірі қызметтерден бастап, қазағына беріле қызмет істей бастаған қайран Нұржанұлы Мағауия Қызыл империяның зұлматына тап болды. Ол Алаштың азаматы ол да Ермековтерден қыз алған – Темірбек Жүргеновпен бажа еді. Темірбек Жүргенов 1938 жылы Қазақстанның оқу-ағарту халық комиссары болып қызмет істеп жүргенде бай-би Ермектің күйеубаласы болғаны үшін ғана «халық жауы» атанып ұсталды. Онымен бажа әрі ол да сол Ермек бидің күйеубаласы болған соң Мағауия

Нұржанов құрықтан тыс қалдырыла ма?! 1938 жылы ол да «халық жауы» ретінде бажасымен қоса тұтқындалды. Қазақтың жап-жас қос қыраны сол тұтқындалған жылы жазықсыздан жазықсыз қызыл жеңдеттер қолынан Талғар маңында оққа ұшты. Қазір олардың есімдері нақақ жазаланған боздақтар тақтасында жазулы тұр.

Олар жайында (Нұржекеңнің көзін көрген) аруана әжеге айналған Лиза Аханқызы Ермектегі егіле еске ала айтып отыр.

Ұлының «халық жауы» атануына орай кеңес жылдарында Нұржан ақынның өлең-жырларын айтуға және өзінің атын атауға қатаң тыйым салынған.

Нұржан ақынның өлеңдерін жатқа айтушылардың бірі Мәкенбай марқұм еді. Олардың жатқа айтып отыратын өлеңдеріне Нұржекеңнің мына бір өлең жолдары жадымда сақталып қалыпты:

Әлемді жаратушы рәббіл-фәллақ,
 Алланың әмірі – мағруф, ісі – ғибрат.
 Алшекең Мекке жаққа жүрмек болды,
 Көруге Қағботолланы қылып талап.

Ақиық қыран еді тоятпаған,
 Сыртынан ешкім батып оятпаған,
 Әділдігі ақ жарған қара қылды,
 Әзәзілді маңайына жолатпаған.

Ақиық Алатаудан асып ұшты,
 Құдайдың құдіреті сондай күшті.
 Алшекең Мәдинада дүние салды,
 Халқым-ау, көтерерсің мойның күшті.

Енді топқа кіммен барады,
 Әбеукең мен Қосекең.

Айдаһардай ақыртып,
Алдына кімді салады?
Қатар өскен сұңқарлар,
Серігін енді қайдан табады?!

Нұржекең осы арнау өлең арнаған Алшынбек соған лайық. Қарқаралы уезі Темірші болысының биі болған. Ол Абайдың ұсынысымен Қарамолада бас қосқан үш жүздің жиынында 1892 жылы төбе би болып сайланған. Содан ол 1905 жылы Мәдинаға қажылыққа аттанған. Сонда шейіт болып, Жәннәтул бақияда жерленген.

Ақынның арнауында Әбеукең деп отырғаны – бір кезде Теміршіде болыс болған Әбеу Ермеқұлы (1854-1911 жж) Ол – Алаш көсемдерінің бірі Әлімхан Ермековтің әкесі.

Ал, Қосеке деп отырғаны – Қоспабай Ұрынқайұлы (1855-1932 жж) Темірші биі, Сеңкібай батырдың ұрпағы.

Мәкенбай әкей бірде «біз 1919 жылы шілде айында Әлімхан Ермеков Қызыларайдың Былқылдақ жайлауын жайлап отырған ағасы Әмірхандікіне келіпті дегенді естіп, арнайы үлкендерге сәлем беруге сонда бардық. Онда Жақып Ақбаев та келген екен.

Дастархан басында үй иесі Әмірхан: Жақып пен Әлімханның Нарманбет ақынның жылына жүреміз деп арнайы Нұржан ақынды шақыртқанын айтты. Кешікпей Нұржекең де келді. Оны ортамызға алып, Жақаң мен Әлімхан бастаған оншақты адам Нарекең асына аттандық. Жолай алдымен Дайыр төренің үйіне соғып, сонда жатқан Әлихан Бөкейхановқа сәлем беруді жөн көрдік. Солай жасадық. Ақтоғай мекенінің Шатырша баурайында Тоқырауын өзенінің жағасына тігілген Дайыр төренің үйіне ат басын тіредік. Әлекене,

үй иесіне сәлем бердік. Сол күні сонда аялдадық. Нұржекең біраз өлең айтып, күй шертті. Оның сонда айтқандарынан ойымда қалғаны:

«Жабыға тоқым салма жалды екен деп,
Жаманға күнің салма малды екен деп,
Баласы ақ сұңқардың ілмей түспес,
Жақсыны тастап кетпе жарлы екен деп»
халық айтады, дей келіп:

Таяқтан сөз өтеді заты барға,
Жақсының көпке бірдей жаты бар ма?
Бұл дәурен – қолда тұрмас көшпелі алтын,
Ер жігіт дер кезінде қапы қалма! - деген
толғауын айтты.

Жиылған топ Нұржекеңнен Нарманбет өлеңдерін айтуды өтінді. Сонда Нұржекең Нарекеңнің бірнеше өлеңдерін айтып берді. Солардан есте қалғаны мына шумақ:

Болмайды, қарға лашын қазды қуып,
Қояннан қозы жемейді бөрі туып.

Бұл күнде қойға жетпес қойторылар,
Тұлпардың жібермейді алдын буып.., –
Нұржекең Нарманбеттің осы «Замана» атты өлеңін әнмен айтқанда, отырғандардың көздерінен жас тамшылады. Өйткені, ақын бұл өлеңді қуғынға түскен Алаш ардақтыларына да арнайы айтқан еді.

«Қапыда өткен қайран, Нарекең-ай» десті жұрт ақынды еске алып. Ертеңіне Жаланашта болатын асқа жүріп кеттік».

Қадірменді Қалкен қайынағамның жүрекжарды әңгімесі осындай. Бұған ешқандай түсініктеме берудің қажеті жоқ. Әңгіме мәтінінен Нұржан ақынның да тоталитарлық тәртіптің гүрзін жегені, соның зұлматынан жапа шеккені, оның өлең-жырларын қызыл жендеттердің жинап алып

отқа жаққаны өзінен-өзі көрініп тұр. Ал, онда 1960 жылдарда ел аузына Сейітқазы Әбдіразақов қайынағам жинап алып, Қазақстан Ғылым Академиясы қорына тапсырған Нұржанның өлең-жырлары да сол үндемес үй жендеттерінің көзіне түсіп, жым-жылас құртылып жіберілген болды да! Әйтпесе, бір қапшық өлең тапа-тал түсте ізім-қайым бола ма?! Мейлі, зұлматтың жендеттері жасарларын жасады ғой! Бірақ, олар ақын баба рухын не істесе де өшіре алған жоқ! Оның артқы ұрпағы Нұржан ақын жайлы деректі тірнектеп жинастырумен келеді.

Соның бір айғағы – Шоңұлы жөнінде журналист-қаламгер Мұқамедқали Баймұқанов тындырған іс. Ол Ақтоғай-Қоңырат өңірінде қарапайым газетші болып жүріп-ақ, мына нарықтық заманда Қарағандыдан «Арко» баспахана бірлестігі арқылы «Адамды өз атымен атайтын халық» атты сыр-эссе, ой-толғам, ғибратын бастырып шығарыпты.

«Нұржекең 1920 жылы маусым айында Сәкен Сейфуллин Қарқаралыға келгенде Қопа деген жерге киізүйлер тіккізіп қарсы алғандардың ішінде бірге болған. Сонда Сәкеннің сырпернелі мөлдіреген әдемі әндеріне кәусәр суындай сыңғырлап ағып Нұржекеңнің де әндері қосылды. Қос ақын әндері қосылғанда құйылып жатқан қайнар бұлақтай әсер қалдырды, - дейді сол кешті көргендер». (Баймұқанов Мұқамедқали «Адамды өз атымен атайтын халық», Қарағанды 2005 ж. 83-бет.

«1935 жылы тамыз айында Семей қаласында өткізілген Қазақ автономия республикасының 15 жылдығына арналған ақындар мүшәйрасына Нұржан Шоңұлы да қатысқан. Сонда республика бойынша бас бәйге – бірінші орынды Нұржекең

алған. (Сонда 79-бет).

Көріп отырсыз – ақын Шоңұлы Нұржан жайында керемет екі дерек! Енді бізге қайынбабаның тігінділерден соңғы айтыс өлеңдерін тауып оқып, мұрағатқа тапсырылған өлеңдер жиналымын табу, оның қай жылы дүниеден өткенін нақтылау ғана қалды. Сонда зұлматтан жапа шеккен ақын бабаны толайым шығармашылық бейнесінде тұтас жарқыратамыз. Алла ғұмыр берсе, оны да жасаймыз, иншалла!

*Қазан. 2005 ж.
АЛМАТЫ.*

МЕНИҢ МЕЙІРХАНЫМ

Қызыларайдағы Біләл жырау

Менің әкемнің ағасы Ақбай «халық жауы» боп ұсталғаннан кейін қызметтен төмендеп, «Ұзынбұлақ» колхозына басқарма болып келді. Алдында әйелі Мәркешқызы Нұрғайын қызылша ауруына шалдығып, қайтыс болған. Қарқаралыда Нүкетай деген қызға үйленеді. Онымен тіл табыса алмай (одан бір қыз бар), Қарқаралының Ұзынбұлағында менің шешем Ғалифаға үйленгенді. Шешем сол кезде он алты-ақ жаста екен, қолында билігі бар әкей шешемнің жасын үлкейтіп жазып жіберген көрінеді.

Екі қыз, бір бауыры бар қарындасы Зүбайра, екі ұлы, бір қызы бар бар жеңгесі Күлғайша, Майдан деген ұлы бар, соғыста қайтыс болған інісі Манардың әйелі Мәрия – бәрі де осында, бір үйде тұрады. Таң атып, күн батқанша мойынағашпен су тасимын, - деп еске алушы еді шешем. - Әкеңнің шешесі Күләнда «Ұйсыныққа келдің ғой, жазғанай! - деп отырушы еді. – Кілеттің кілтін ұстамай, маңдайдағы бағың ашылмас». Сол кілтті он жылдан кейін өзер алдым ғой...

Әпкем Гүлғайын (Күлкен) туғанда шешем он тоғызда екен. Шешем екі жыл мойынағашпен су тасып, құрсақ көтермей жүрген екен, туыстары: «Мынау бала таппады! Жетімдеріңді аңыратпай, жеңгенді алмадың ба, келініңді алмадың ба?!» - деп мазасын алыпты... Тұла бойы тұңғыш ұлы

мен туғанда Петропавлда басқарманың оқуында жүр екен. Той жасайды. Сонда Қызыларайдағы Біләл жырау таңды-таңға ұрып өлең айтқан дейді. Маған аруақ Қызыларайдың топырағы мен сол жыраудың шілдеханада шырқаған әнінен қонған... Біләл жыраудың тұңғыш қызы Рауза мен күйеубаласы Сәйдіден туған Мейірхан Адамбеков әуелетіп ән айтқанда, көз алдыма ылғи да Білекең елестейді.

Түркі – Ата,
 Ақсоран – Ұлы Анамыз,
 Ауызда – Қарқаралы дуаны – аңыз.
 Басында Ойрантаудың – ойран дауыл,
 Қасында Біләл жырау дуалы ауыз.

Туғаннан менің шерлі-шемен кеудем,
 Елде жоқ сиқырлы үнге елеңдеумен.
 Есіктен Біләл жырау жырау төрге озғанда,
 Бесікте шыбын жаным бебеулеген.

Көреді Білекеңдей беренді кім,
 Сезеді мендей қайдан тереңдігін?
 Белінен сол бір шалдың сен жаралсаң,
 Демінен мен туғанмын сенен бұрын.

Жоқ менің Алаш сынды алыпқа өкпем,
 Тәңірің ән салғызды танып көктен.
 Тамшы ма ең Жәнібектің көзіндегі,
 Алаштың мөлдіреп тұр айдынында.

Әлемді бір шолдым да әріге өттім,
 Дүние – Әмірінің әні деппін.
 Үстінен Шайтанкөлдiң нөсерлеп тұр,
 Көзінен тамған жасы Жәнібектің.

Көкшетау Біржан салмен бес түлесе,
Наданды Мәди-Муза кескілесе;
Қазағым
Ғаламның бір шерлі даусы,
Есінеп есер дүние естімесе,
Қайтемін енді?..

Соңымнан ерген жалғыз қара...

Бүгін қабырғам қақырап, мынау опасыз жалғанда жалғыз қалдым: қамшының сабындай, күрмеуге келмейтін фәни дүниеден бауырым, Қарқаралыдан соңымнан ерген жалғыз қарам, қазақтың дүниеге енді қайтып келмейтін дүлдүл әншісі Мейірхан Адамбеков жөнөп барады...

Арқадағы Нұржан ақынның, Біләл жыраудың тұяғы еді! Ешкімге ұқсамайтын, ән өнерінде қайталанбайтын өз өрнегі бар, Мәди, Біржан сал, Ақан серілердің осы ХХІ ғасырға әзер жеткен тірі көзі еді.

Бүгін Тәңірі тәнімнен бауырымды суырып алып қалды! Қырық қабырғам саудырып, опасыз жалғанда жалғыз қалдым... Алдымда да, соңымда да ешкім жоқ... Сенімен бірге қазақ әнінің бір дәуірі көшіп барады... Күңіреніп!..

Адамзат тарихында болмаған, тек қызық жұртында бар сал-серілердің заманы кетіп барды! Кенен: «Сендей ешкім тумайды, Жетісуға ексе де...» дегенде, сендердей біртуарларды айтқан екен ғой?!

Басқа түспей, білмейді де сезбейді екенсің... Енді «Шайтакөлді» ешкім айтпайды... айта алмайды ғой?! Мен ғана, елің ғана емес, «Шайтанкөлің» де Сені іздеп, жылап қалды, жетім қалды! Біз кетеміз, бәрі кетеді, дүниеде әннің айтылмай, шырқалмай,

жетім қалғаны, жесір қалғаны жаман екен...

Қош, бауырым! Алдың – бейіш, артың – кеніш
болғай!

ӘУЛЕТ ШЕЖІРЕСІ

ҚЫРҒЫЗ

Қыпшақ Қырғыз
Төпей
Төлес
Жүнді
Өтей
Есенқұл
Мәмбет
Тоқыс
Байсақал
Дүйсенбай-Сарықасқа
Қанқожа
Шоң

НҰРЖАН

Нұржан ұрпақтары:

Нұржанұлдары ұлдары: Біләл, Мағауия,
Мөлгаждар, Сәдуақас, Шырақбай.

Біләл ұлдары: Кәрім, Ғани, Мәни, Бейбіт, Бақыт.

Кәрім ұлдары: Бағдат, Дәулет.

Бағдаттан – Ернат

Ернаттан – Әбілмансұр

Ғани ұлдары: Алмат, Азамат.

Алматтан – Ұлан, Аян, Рауан

Аяннан – Асылхан, Әділжан.

Мәни ұлдары: Сағдат, Сұңғат, Медет, Шыңғыс.

Сағдаттан – Мирас, Нұртас.

Сұңғаттан – Айбар, Ернар, Жантөре.

Медеттен – Мерей.

Бейбіт ұлы: Алмас.

Алмастан – Айтөре.

Бақыт ұлы: Мейрамбек.

Садуақас ұлдары: Амангелді, Есенгелді,
Әбілхайыр, Бақыт.

Амангелдіден – Омар.

Есенгелдіден – Жанат

Мақсаттан – Нұржан.

Шырақбай ұлдары: Елеусіз, Жақсылық, Жа-
нат, Мұрат.

Елеусізден – Қайрат, Қанат.

Мұраттан – Нұрлан.

Жанаттан – Ержан.

Қанаттан – Елдар, Алдияр.

Ержаннан – Адай, Елдар, Асылжан.

АҒАЙЫННЫҢ АҚЫЛМАНЫ

Нұржан бабамыздың тұңғыш ұлы Біләл атам 1898 жылы қазіргі Қызыларай ауылы Кеңасу мекенінің желкесінде Найзашоқы тауының бауырында өмірге келген.

Әжем Майлық – Қожамберлі, Смағұлдың қызы Жәміш 1903 жылы туған. Атам екеуі бес ұл, бес қызды өмірге әкелген.

Әжем – батыр ана.

Ұлдары: Кәрім, Ғани, Мәни, Бейбіт, Бақыт.

Қыздары: Рауза, Махфуза, Шәйза, Дәриға, Кәбира.

Менің атам ел-жұртқа сыйлы, қазақи болмысты, қысылғанда талайы келіп арқа тұтқан беделді жан еді. Кісілік келбеті бөлек, шырайы жарқын, кесек ойлы, жанары әрдайым жарық жұлдыздай жанып тұратын Біләл атам арабша оқыған діндәр адам болды. Тірлігінде бес мезгіл намазын қаза жібермей, ораза ұстады. Атам өмірден өткен сонау 1968 жылы мен сегіз жаста едім, әжем екеуінің ортасына алып сәресі ішкеніміз, жаздыгүні ат арбамен шөпке барғанымыз, қыс айында үшеуіміздің ат жеккен шанамен Қарқаралыға барғанымыз жадымда жатталып қалыпты. Өмір бойы еске алып отырар аяулы сәттерім екен.

Мен атам мен әжемнің тұңғыш немересімін алты айлығымда бауырларына басып он бірінші балалары ретінде бағып өсірді. Атам мен әжемнің немереге деген ұлы махаббатын өзім немерелі болғанда түсіндім.

Нұржан бабамның неменесі – менің тұңғыш немерем Әбілмансұр өмірге келген кезде тағы

бір үлкен сүйінші хабар келді. Ол Нұржан бабамыздың бірнеше жылдар бойы табылмай келген өлеңдері поэмаларының табылуы, бұл хабарды жеткізген осы өлеңдерді іздеп табушы Шабанбай би ауылы мешітінің имамы Айдаржан бауырымызға Нұржан бабамыздың ұрпақтарының атынан алғысымыз шексіз. Осы жинақтағы «Абдулхамит» поэмасы Әбілмансұр туғаннан соң бір ай өте табылып, тасқа таңбаланғаны – атамның қайыра жаңғырған үні, рухы ретінде мен үшін үлкен нышан, үлкен ырым болды.

Ал, Біләл атам әкесіне тартқан күйші, жырау болған еді. Өзі де күй шығарған, айтқан арнау өлеңдерін, күйлерін, оқыған дұғасын 1968 жылы науқастанып емделуге келгенде жиені Оспанов Қауанға атамның балаларының өтінішімен күйтабаққа жаздырып алған. Осынау күйтабақ атамның ұрпақтарының әрқайсысының үйінде сақтаулы. Оны жария ғып, елге тарату, күйін тартып, әуенін әлдилеу алдағы ұрпағымыздың борышы деп білемін.

Атамның өмір бойы оқып келген Құран кітабы, әжеміздің алтын жұлдыз тағылған, өзі киген көк камзолы Балқаш қаласында тұратын атамның кенже ұлы Бақыт ағамыздың шаңырағында сақтаулы. Ол да болса, әулетіміздің арылмас құтының, қазынасының белгісіндей жәдігеріміз, ұрпақтан ұрпаққа қалар мирасымыз...

Атам туралы ауылдың үлкендерінен естіген бірекі ауыз әңгімелерін де айта кетейік.

Атам Ұлы Отан соғысы жылдары Кеңасу колхозында ферма меңгерушісі болып қызмет жасап тұрғанда үстінен арыз түсіпті. Сондағысы – «колхоз малын талан-таражға салды» деп, Ақтоғай ауданының райком нұсқаушысы тексеріспен үйіне

келсе, бала-шағаларының алдына бір-бір уыс бидай қойып, шәй ішіп отырған екен. Азық-түлік сақтайтын кілетінде бір түйір де ет жоқ, мәнжайды атам өзі айтып берген екен. Өзімен қатарлас ағайын Оспан (Көтенбай қырғыз) Қарағандыға ФЗО-ға кетеді. Әйелі Әйкен – колхоздың белсенді мүшесі, көпбалалы ана еді. Осы шаңырақтың балалары ашқұрсақ жүргенін көріп шыдай алмай колхоздың бір қойын сойып бергенін айтады атамыз. Атам үнемі «Алла осы күнімді көпсінбесе, өзім азсынбаймын» деп айтып отырады екен... Бұл сөз әр ұрпағымызға бұлжымас қағида, ұстанар үлгі десем де артық емес.

Осы Кеңасу өңірінде Донақтың Әзіханы деген кісі бала-шағасын аң аулап асыраған екен. Әдепкі бір аңшылықта аяқ астынан жел көтеріліп, боран соғып, қу далада жер шола алмай, адашып қалады. Ауылдастары Әзкеңді үш күннен кейін зорға тауып алады. Қолының саусақтары, аяқтарының бақайлары, мұрыны үсіген. Осы кезде ауылдың біраз адамдары ат-өбзелдерін дайындап, Қарқаралы қаласына жол жүрмек болып жатады. Атам күнделікті аяқ артып жүрген атын шанаға жегіп, ауырған емдету үшін қасына Әзіханды отырғызып, Қарқаралыға алып шығады.

Ол уақытта екі інісі Сәдуақас пен Шырақбай осы қалада тұрады екен. Сонымен, орта жолдан асқанда аты болдырып, қас қарайып кетеді, оның үстіне жаяу боран басталады. Қасындағы серіктері «Білеке, Әзіхан бұл өмірдің адамы емес» деп, «оны осы жерде қалдыр, өзіміз аман қалайық» деп үгіттейді. Сонда атам шанадағы шөпті атқа беріп, зорықтырмай, тынықтырып аман-есен емханаға жеткізген.

Содан Әзіхан атамыз дертінен жазылып, ауылға

келіп аңшылығын әрі қарай жалғастырғанын өз көзімізбен көрдік...

Бүгінде атам туралы жұрт жадындағы, ел аузындағы естелік сөздерді саралап отырсам, өзіне ғана тән ұтқыр да, ұшқыр сөз тұрпатымен ағайынның ақылшысы, қамқоршысы бола білгенін аңғарамын. Бір әулеттің ғана емес, маңындағы ағайынның ақылманы болған атамды сағынышпен еске аламын.

Ал, әжем Жәміштің мейірімді жүзі, өзіне сондай жарасымды әдемі кимешегі, басына тартқан ақ жаулығы, үстіне киген көк камзолы әлі күнге дейін көз алдымда.

Әжем мен он алты жасқа келгенде қайтыс болды. Өмірден өткенше әжемнің қасында жаттым, төсегін мен салып беруші едім. Кейде мен үйде болмай қалғанда төсегін үйдегі қарындастарым салады екен. Сонда таңертең тұрғанда «ұйқым ұйқы болмады, мыналар тас төсеп қойған ба?» деп кейіңкіреп отырушы еді...

Әжем мені «Балан» деуші еді. Бірде жатарда жастығымның астына бір жапырақ нан, нанның қасына домбыра жастап қойыпты. Таңертең ұйқыдан ояғанда «Балан, түсінде не көрдің?» деп, сұрайды ғой, сонда мен түсімде түк көрмесем де, әжемнің көңілі қалмасын дедім бе екен – «Әже, түсімде домбыра көрдім» дедім. Әжем мәз болды – «аталарыңа тартқан домбырашы боласың» деп қуанғаны әлі есімде.

Атаның белінен, әженің демінен алған тәрбием мені, әулетімізді әлі де талай игілікке, бақытқа жеткізеді деп сенемін. Лайым солай болғай...

САҒЫНЫШПЕН ЕСКЕ АЛАМЫЗ

Менің әкем – Сәдуақас Нұржанов 1915 жылы Қызыларай өңірінде дүниеге келген. Сол атырапты бағыдан мекендеген қаракесектің «саны жұлдыздан да көп Жүнді Қырғыз» руынан шыққан. Қазыбек би, Тәттімбет, Алшынбайлармен үзегілес табақтас болған әйгілі Шоң ақынның шөбересі.

1938 жылы ол Қарқаралыдағы зооветтехникумды үздік тәмамдап, сосын Ленинградта ветеринарлық институтын үздік бітірді.

Әкем Қарағанды облысының шығыс өңірінде мал шаруашылығын өркендетуге арналған кәсіби мамандығы аса жоғары, білімді, білікті мал дәрігері еді.

Сәдуақас Нұржанов Ұлы Отан соғысы жылдарында арнаулы броньмен әскерден қалдырылып, Ақтоғайда аудандық жер бөлімін басқарып, майдандағыларды азық – түлікпен қамтамасыз ету тапсырмасын абыроймен орындаған.

1949-1951 жылдарды Әкем Қарағанды облысының Ульянов (қазіргі Бұқар жырау ауданы) ауданына ауыл шаруашылығы бөлімін басқаруға жіберілді. Онда да әкем егіншіліктің де қыр-сырын тез меңгеріп, абыроймен қызмет еткен.

1952-1953 жылдарды Ақтерек МТС-інің директоры қызметін атқарып, аудан ұжымшарларын қажетті техникалармен қамтамасыз етті.

1954-1962 жылдар аралығында Қарқаралы аудандық ветеринарлық зертханасын басқарды. Қаншама қазақ малшыларын ажал тырнағынан арашалады.

Жан әкем адал жүректі бірбеткей, әділетті, шындықты сүйетін ақкөңіл азамат, абзал жан болған кісі.

Анам Нұржанова Гүлбахрам Ыбырайқызы, Семей өңірінде дүниеге келген, руы Найман. Әулетімізде тоғыз ағайынды болғанбыз. Ағаларым: Аманкелді, Есенкелді, Әбілқайыр, Бақыт. Апаларым: Заря, Мәкен, Дариға, Раиса.

Биыл 2022 жылы жан әкеміздің дүниеден өткеніне 60 жыл болса, аяулы асыл анамыздың бақилық болғанына 30 жыл болды.

Өмірден өткен барша жақындарымыздың жан-дары жәннәтта болғай. Жатқан жерлері жарық, топырағы торқа болсын деп дұға етеміз.

МОИ РОДНЫЕ

Мағауия үчилса в ауле у муллы, как и все аульные дети того времени. А затем в Каркаралинской школе крестьянской молодежи, позже окончил трехлетний педагогический техникум. Получив статус учителя, организовал в ауле начальную школу для детей бедняков.

Ниже приведу отрывок из воспоминаний Розы (она мне рассказывала в годы моей учебы в аспирантуре):

- «В 1928 году родилась у Мағауи и Злихи первая дочь – Татьяна, которая умерла в раннем возрасте. В 1930 году родилась я, назвали Розой. В это время мы жили в районном центре – Каркаралинске – и отец работал заведующим районным отделом образования. В 1931 году отца перевели в Семипалатинск, назначив начальником областного отдела сельского хозяйства. Здесь родился в 1932 году брат Назир, который умер в двухлетнем возрасте от воспаления легких. В 1934 году умер дед Нуржан, который все время жил нами. Детские воспоминания сохранили его лицо и звуки домбры, которые всегда звучали в доме. В том же году отца перевели в Урджарский район Устькаменогорской области первым секретарем районного комитета партий. В конце 1935 года отец получил новое назначение – в Восточно-Казахстанскую область, Иртышский уезд, председателем райисполкома. Там же родилась сестра Раушан. Мама нам часто рассказывала, что отец был очень хорошим семьянином. Любил детей. Все свое свободное время, а его было очень мало,

проводил с нами: кормил, читал, играл. Отпускное время мы отдыхали или в санатории «Аул» близ Семипалатинска, расположенном в лесу, или в доме отдыха около Устькаменогорска.

Со слов мамы, отец был убежденным коммунистом и вступив в 1930 году в члены ВКП(б), до конца жизни оставался фанатично преданным коммунистическим целям. Даже в гости он ходил с мамой только к коммунистам. Осенью 1937 года, в сентябре месяце, отца сняли с работы, нас выселили из квартиры, забрали много что из вещей (у мамы как из обеспеченной семьи было богатое приданное, а также за 10 лет совместной жизни кое что было нажито), и мама просила, чтобы отец поехал в Алма-Ату для выяснения обстоятельств. На что отец, говорила мама, неизменно отвечал: «Моя совесть чиста, это недоразумение. Ходатайствуют те, кто виноват. Будем ждать». Но дождались «черного дня». 19 октября 1937 года отца забрали. Я помню его последний поцелуй. Мне было почти 7 лет.

Поэтому сохранился в памяти и последний обыск того дня, когда вспарывали подушки и пух летал по комнате, забрали все книги, документы, фотографии, рукописи, ружье и даже папин портфель, с которым он ходил на работу.

У мамы на руках остались мы с сестрой и две мамины сестры: Шамсия 13 лет, Лиза 11 лет. Сама мама была на седьмом месяце беременности. Еще месяц перебивались мы на оставшиеся у мамы скудные сбережения, так как не теряли надежду на возвращение отца.

В начале декабря мама приняла решение перебраться на родину – в Каркаралинск, пока не наступила лютая зима. В 1937 году я пошла в

первый класс русской школы, так хотел папа.

Жизнь была очень тяжелой, окружающие нас избегали как семью «врага народа». Даже близкие родственники не общались. Кое-как пережили это голодное время в холодной землянке, где мама в начале января при помощи золовки родила мальчика. Назвали его Оралбеком, что в переводе с казахского означает: «Возвращайся», но слабый здоровьем малыш умер летом.

Сестры мамы, чтобы не быть обузой, уехали к другим родственникам, а мы переехали в родной аул №6 «Кызыл-Арай». В ауле жизнь относительно стала легче: помогали аулчане, кто чем мог, да и мама стала подрабатывать портняжничеством. У нас была швейная машина, подаренная маме папой, она, как бы ни было тяжело, не могла продать или бросить. Вот эта машинка – память об отце – стала кормилицей нашей. Мама была мастерицей – рукодельницей, обшивала всю округу Кызыл-Арая.

В 1944 году я закончила семилетку и поступила зоотехникум в Каркаралинске. В 1947 году поехала в Алма-Ату и поступила в мединститут, за мною следом приехала в 1952 году моя сестра и тоже стала медиком. В 1953 году я вышла замуж за земляка – Канафина Ауезхана, который, еще будучи студентом КазГУ, вступил в ряды КПСС. Вот он, после женитьбы узнав о моем отце, начал писать во все инстанции. И в 1956 году мы узнали, что папу реабилитировали. Но документы о реабилитации не могли получить. Затруднения были потому, что все документы были конфискованы, а у мамы не было даже свидетельства о браке.

В 28 лет маме осталась вдовой, 23 года она жда-

ла отца и верила в его невиновность, потому что всегда нам с сестрой говорила об этом. Она ушла из жизни рано, в 51 года, не выдержало сердце, не выдержал организм всех этих мытарств.

В 1993 году в газете «Қазақ әдебиеті» от 1 января я увидела список репрессированных в 1937 году и расстрелянных 11 марта 1938 года в Алма-тинской области в поселке Жаналык, где значилась фамилия моего отца...

АЛТЫН ҚАЗЫҚТЫ ӘУЛЕТ

*«Ата-ананың қадірін,
Балалы болғанда білерсің...»*

Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Қызыларай ауылының тумасы Біләлов Кәрім мен Үсенбекова Дәкен мәуелі әулеттің отағасы мен отанасы екеуі де еңбек ардагері, көп баланың ата-анасы. Мейірім мен ынтымақтың ұйытқысына айналған осынау өсіп-өнген шаңырақ елге үлгі боларлық.

Ата-бабаларымыз «Өткен күнде белгі бар» деген қанатты сөзді тегіннен-тегін айтпаса керек-ті. Иә, зерделей білген жанға жүріп өткен өмір белесінде есіңнен кетпейтін, жадыңнан өшпейтін Әке мен Ана бейнесі болады. Мұндай арда адамдардың болуы өмір заңдылығы десек те, арадағы алшақтық пен зымыраған уақыт олардың жарқын бейнелерін көмескелендіре қойған жоқ. Керісінше «Таулар алыстаған сайын биіктей түседі» дегендей Найзашоқы мен Бөріктастың етегіндегі мөлдір бұлақтан бастау алған Әкешім мен Анашымның жарқын істері мен көркем келбеттері бүгінде бәрімізді қайта қауыштырғандай күй сыйлайды. Артта қалған қызыққа толы жылдар қайта қол бұлғап шақырып, сол шақтағы қимас сәттер бақытты балалық шағымыз көз алдымызға келе береді...

Алаш ақыны Серік Ақсұңқарұлы «Дүниежүзілік картада жүрекке ыстық бір нүкте» деп жырлаған еді Қызыларайды. Дәл осы топырақтан өсіп-өнген Кәрім мен Дәкен тұла бойлары дәл осынау

жақсы қасиеттерге толы. Неге десеңіз, Арқадағы ең биік тау Ақсораңға бой созып, асқар таулардан биіктікті ұғынып, тарамдалып аққан бұлақтардан нәр алып, текті жерден жаралған Әкем мен Анамыздың жарқын бейнелері мәңгі есімізде.

Кәрім Біләлов 1928 жылы 4 сәуір күні Қарағанды облысы Ақжарық селолық округі Кеңасу ауылында дүниеге келді. Әкем Кәрім жастайынан еңбекке араласып, 1941-1945 жылы тылда еңбек етіп, Ұлы Отан соғысына өз үлесін қосқан.

Әкесі Біләл арабша хат таныған сауатты көзі ашық кісі болып, Кеңасу колхозының басқармасы болған. Анасы Жәміш көпбалалы ана болған.

1948 жылы Абай атындағы Қарқаралы педагогикалық училищесіне түсіп, бастауыш мектеп мұғалімі мамандығын алып, 1952 жылы үздік бітіріп шықты. Диплом алғаннан кейін туған ауылы Кеңасудағы мектептегі алғашқы ұстаздардың бірі болып еңбек жолын бастады.

1954 жылы 23 қазан айында әскер қатарына аттанған. Отан алдындағы борышын Қызылтулы Балтық теңізі әскери флотында үш жыл абыроймен атқарып, елге әскери теңізші шенімен оралды.

1957 жылы әскери борышын радиомеханик біліктілігімен атқарып келіп, өзінің ұстаздық жолын әрі қарай жалғастырған. Ұстаздық жолын шәкірттері үнемі сыйластықпен, құрметпен еске алып айтып отырады.

1958 жылы 3 қаңтарда Анамыз Үсенбекова Дәкенмен отбасын құрған. Отбасында он бір бала тәрбиелеп өсірген. Бала-шағасынан он сегіз немере, он бір шөбере сүйген бақытты жандар. Балаларын оқытып, үлкен өмір жолына адаспайтын азаматтар болып қалыптасуына жағдай жасады. «Балаларым – байлығым» - деп үнемі айтып оты-

ратын.

1985 жылы 12 сәуірде Ұлы Жеңіске 40 жыл медальмен марапатталған.

1988 жылы 7 маусымда «Еңбек ардагері» деген атақ пен төсбелгісімен марапатталған.

Көп жылдардағы ұстаздық еңбегінің жемісі облыстық, аудандық оқу бөлімдерінің мақтау қағаздары мен марапаттардың иегері.

Қартайғанға дейін ұстаздық қызметін атқарып зейнетке шықты. Ұрпақтарын егеменді еліміздің әр саласында адал еңбекке араласып, үлгілі өнегелі ұрпақ болып өсуіне бағыт беріп, немерешөберелерін қызықтап, 73 жасында өмірден өтті.

Нәзіктік атаулының баршасын аялы алақанына жиған аналардың анасы, менің анам – Дәкен Үсенбекқызы.

Дәкен Үсенбекқызы 1936 жылы 1 мамырда Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Қызыларай елді мекенінде дүниеге келген. Әкесі Жүнісов Үсенбек колхоз құрылысын ұйымдастыруға белсене араласып, ұзақ жылдар Ақтоғай ауданы аймағында колхоз басқарды. Анасы Жамал Қаныспайқызы ақжарқын, елге сыйлы, ақкөңіл жан болған. Соғыс кезінде барлық ауыл келіншектері сияқты ауылдағы ең қиын жұмыстарды істеген екен. Бала жасынан әке-шешенің мейірімі мен тәрбиесін көрген анамыз Дәкен еңбекқор, мейірімді, ақылды жан болған.

Анамыз сұлулығы мен сымбаты қатар келіскен ауыл-аймақтың берекесіне айналған жан. Бауырлар, ағайын-туысқа қамқор болуымен қатар, білдей бір ердің сұлу жары, анамыз үлкен әулеттің ибалы келіні, береке-бірліктің ұйытқысы болып, бала тәрбиелеп өсірген батыр ана. Жарымен бірлесіп үй тұрғызды, ағаш екті, ұрпақ тәрбиеледі.

1970 жылы 28 қазанда II дәрежелі «Ана даңқы» төсбелгісімен марапатталды.

1973 жылы 17 ақпанда I дәрежелі «Ана даңқы» төсбелгісімен марапатталды.

1974 жылы 22 тамызда «Батыр Ана» төсбелгісімен марапатталды.

2005 жылы 6 шілдеде «Алтын алқа» алқасымен марапатталды.

1975 жылы Қызыларайда балабақша ашылып, сонда аспаз болып жұмысқа орналасады.

1990 жылы зейнеткерлікке шыққанға дейін осы балабақшада жемісті еңбек етеді.

Дәкен Үсенбекқызы туа біткен тектілігіне сай адал да ақжүрек, аналардың анасы, бір әулеттің ұйытқысы еді. Анамызды бір әулет қана емес, бүкіл ауыл-аймақ құрмет тұтып, үлкендері «Дәкіжан», қайындары «Үлкен Тәте», балалар «Әттайым» деп сыйлаған аяулы Ана. Бойына қазақ әйелінің биязылығын жиған, өткен мен келешекті байланыстыратын алтын көпір іспетті. Балаларының анасы, немерелері мен шөберелерінің аяулы әжесі болып, 84 жасында өмірден өтті.

Әкем мен Анам үйі барлық балалары үшін үлкен үй, қарашаңырақ деген киелі ұғымдармен сыйлы да құрметті. Қарашаңырақ үлкен үй деп атайтын әке үйінде қазір кенже ұлы Дәулет тұрады. Көне салт бұл әулетте де сақталған. Жасы кіші болса да, кенже иеленген үлкен үй басқа жасы үлкен туыстары үшін де қадірлі, қасиетті үй.

Бүгінде ананың айтқанын екі етпей, әкенің тәрбиесіне бас қойған перзенттері білімнің телегей теңізіне сүңгіп, ғылымның жолын қуып, әрқайсысы өз мамандықтарының иегері атанып, қызметтерін істеуде. Ата-ана үмітінің ақталғаны болар.

Міне, елу жыл – жарты ғасыр отасқан алтын қазықты әулет мәуелі бәйтерекке айналған. Кәрімовтер әулетінің өмірі келер ұрпаққа үлгі-өнеге болары анық...

МӘУЕЛІ БӘЙТЕРЕК

Нұржанов Ғани Біләлұлы – Арқаның әйгілі мақтанышы Ақсораң тауының баурайындағы киелі Қызыларайдың тумасы. 1936 жылдың 10 ақпанында сол кездегі Қоңырат, кейінде Ақтоғай ауданына қарасты «Қазақстанның 40 жылдығы» атындағы колхозда колхозшы отбасында дүниеге келген. Әуелі осындағы төрткластық Кеңасу бастауыш мектебінде оқып, одан соң жеті кластық Жұмыскер мектебінде, 1954 жылы Ақтоғай ауданының орталығындағы М.Горький, қазіргі Әлихан Бөкейхан атындағы орта мектепті аяқтаған. Бір жылдай Кеңасу мектебінде ұстаз болып қызмет атқарды. 1957 жылы Қарқаралы қаласындағы малдәрігерлік ветеринарлық техникумының ветеринар бөлімінде оқиды. Осында өзімен бірге оқитын көршілес Жаңаарқа ауданы Өспен ауылы, (оны Нілді станциясы деп те атайды), тумасы Келмағанбетова Сақан Дәулетқызымен көңілі жарасып, екеуі бірге оқу бітірген соң Ақтоғайға келеді. Аудандық мал емдеу ветеринариялық станциясында еңбек жолдары басталады. Анамыздың да мамандығы мал дәрігері.

Ғани Біләлұлы Орталық Қазақстанға белгілі болған айтыскер, әнші-жыршы, ақын Нұржан Шоңұлының Біләл деген ұлынан туған. Анасы Жәміш Смағұлова – ол да Қызыларай тумасы, атақты Әлімхан Әбеуұлы Ермековтермен туысыды.

Ғани Нұржанов еңбек жолында әртүрлі лауазымдарда қызмет атқарып, адалдықты, әділдікті, туралықты, адамгершілікті өзіне ту етіп ұстанды.

Ақтоғай аудандық мал дәрігерлік станциясы басшысының орынбасары болды, кейінде жаңадан ашылып жатқан алыс Айыртас кеңшарына бас мал дәрігері болып барды. Одан соң Ақтоғай аудандық ауыл шаруашылығы басқармасы бастығының орынбасары, Ақтоғай ауданы бойынша ауыл шаруашылығы өнімдерін сатып алу және сапасын бақылау инспекциясының бас мемлекеттік инспекторы, ұзақ жыл Ақтоғай аудандық халықтық бақылау комитетінің төрағасы және он төрт жыл бойы тапжылмай Ақтоғай аудандық партия комитетінің бюро мүшесі болды. Зейнет демалысына Ақтоғай аудандық мал дәрігерлік емдеу мекемесі басшысының орынбасары болып жүргенде шыықты.

Жоғарыда айтқандай, Ғани Біләлұлы өзірің осырау өрнекті өмір жолдарында тек қана қызметіне, партияға адал болды. Әлсізге қолынан келгенше қорған болды, адалдықтың ала жібін аттамады, аудандық партия комитетінің бюро мүшесі болғандықтан, жылдың барлық маусымдарында ауданның кеңшар, ферма, бөлімше, мал қыстақтары мен жайлауларында өкіл болып барып, күн мен түн қатып жұмыс істейтін. Сол кезде малы шығынға ұшыраған шопандар, ферма, кеңшар басшылары, мамандарымен жұмыс үшін тілге келіп, қаттырақ ұрсып кетсе де келгенде аудан басшыларына олардың бірде бірін жамандамайды екен. Қайта талайына араша түсіп, қорғап қалатын болған. Өзі қандай талапшыл, бірбеткей болса да өмірде жан-жағына дос жинап, туысқандарына қамқор болып, сол қарапайымдылығы, адалдығы үшін өзін елге сыйлата білді. Әкемнің турашылдығы, адалдығы туралы бірге қызмет істеген марқұм Қауаз

Мұқажанов, Төлеужан Ахметбеков, Мәдениет Сәтеков, Ғалым Ибраев, Тұрсынбек Жақсыбаев, Баймұрат Құрмашев, Есентай Жақыпбеков, Болат Тойшыбеков, Қабдыраш Тұяқбаев, тағы басқа азаматтар маған үнемі айтып жүретін. Қабдыраш Тұяқбаев айтатын «Әдетте шындықты бетке айтатын, турашыл жандар көпке жаға бермейді. Ғайкең де сол мінезі үшін кейбіреулерге жақпады. Алайда, көпшілік халық ол кісінің сол қасиетін бағалайтын» деп. Шыныдығында жағымпаздандуды білмейтін, екіжүзділікке жаны қас, айтарын тіке айтып тастайтын папам бұл мінезі үшін талай қысасты көрді, аяғынан шалушылар да аз болмады. Тіпті, еңбегіне лайық мемлекеттің марапаттарын да алмапты. Тек аудандық, облыстық партия комитеттерінің конференция, пленумдарының делегаты, аудандық Советтің депутаты секілді партиялық орындардың мүшелігіне сайланды. Папам өзімен қызметте, отбасылық өмірде пікірлес, сыйлас болған Қасжан Ағеділов, Мырзахан Қалиақпаров, Асқар Сейдахметов, Байыз Мейірманов, Ораз Нөкешев, Мәдениет Сәтеков, Сағатай Байжұманов, Амантай Қаппаров, Мейрам Шорин, Райымбек Әбдірахманов, Мірәсіл Смағұлов, Жаңабек Қойлыбаевтармен өмірден өткенше қуаныш-реніштері бір болды. Жаңабек, Мірәсіл ағалар үшеуі қызыларайлық әрі туысқан болатын. Туғандары мен ағайын-туыстардың да ұйытқысы, қамқоршысы болды. Өзімен бірге туған Кәрім, Мәни, Бейбіт, Бақыт аға-інілері мен Рауза, Махфуза, Шайза, Дариға, Кәбира сынды апа-қарындастарының балаларына да қамқор болды. Қызыларайдағы Төлтай, Қаура, Нілтай әкелерімізбен бәрі елдің бірлігін, татулығын барынша сақтады. Оның бойындағы үлгі етер жақсы

қасиеттерін мен және бауырларым, туыстарыма айдаладағы біз танымайтын адамдар үнемі айтып келеді.

Анам Сақан екеуі сегіз бала өсіріп, тәрбиеледі. Алты қыз, екі ұлдан тараған немере-шөберелер қызығын бүгінде анамыз көріп отыр. Анамыздың жасы 85-те. Бауырларым Сая, Алмат, Алма, Жазира, Жанар, Азамат, Жеңіскүл бір-бір үлгілі отбасы иелері, әр салада еңбек етіп жүр. Менің жолдасым Ғалиханов Қазыбек, Саяның жолдасы Әділғожин Бижан, Алматтың жолдасы Рахымбекова Айгүл, Алманың жолдасы Сәкенов Сағат, Жазираның жолдасы Әбенев Қайрат, Жеңіскүлдің жолдасы Шорин Жақсылық үлгілі ұл-қыз тәрбиелеп, анамызды аялап, сыйлап отыр. Анамыздың әкесі де Өспен өңіріне белгілі сыйлы адам, Дәулет атамыз әжеміз екеуі төрт қыз, бір ұл тәрбиелеген, байырғы теміржолшы болған.

ЕЛІНЕ ЕЛЕУЛІ ЖАНДАР ЕДІ

Біләлұлы Мәни 1937 жылы 17 сәуірде «Кеңасу» елді мекенінде дүниеге келген. 1-4 сыныпты «Кеңасу» елді мекенінде бітіріп, бесінші сыныптан бастап «Қызыларай» орта мектебінде оқыған. Еңбек жолын 1954 жылдан «Кеңасу» колхозында бастаған. Ақтоғай ауыл шаруашылық өндірістік бірлестігінен (МТС) тракторист мамандығын алған екен.

Әкеміз 1965 жылы анамыз Тапайқызы Манурамен шаңырақ көтерген. Анамыз да еңбек жолын «Кеңасу» колхозында аспаз болып бастаған. Әкеміз 1981 жылға дейін механизатор болып жұмыс жасап, 1982 жылдан бастап 1995 жылға дейін «Шабан» қыстағында шопан болған.

1995 жылдың мамыр айында совхоз тарағаннан кейін «Шабан» қыстағын алып, «Олжас» шаруа қожалығын құрған еді. Әкеміз бен анамыз он баланы дүниеге әкеліп, Анамыз «Алтын алқа» иегері болды. Әкеміз еңбек жолында көптеген марапаттар алған. Әкеміз бен анамыз ел ішінде ағайын-туыс, дос-жарандарының ортасында сыйлы, қонақжай болған.

Жылда дәстүрге айналдырып, 9 мамырда ағайын-туыс «Шабанға» жиналатын. Әкеміз жастайынан жылқы құмар, асау үйретіп, ат мінгенді жақсы көретін. Көктем шығысымен бие байлап, қара күзге дейін биені ағытпайтын. Анамыздың қымызы балдай тәтті болатын.

9 мамыр біздің әулет үшін үлкен үрдіс болды. Жезқазғаннан Бейбіт әкеміз, Ақтоғайдан Ғани әкеміз, ауылдан Кәрім, Бақыт әкелеріміз, Дариға

апамыз, Қарқаралыдан Жолжақсы жездеміз бен апамыз Кәбира барлығы бала-шағамен бірге жиналып, қымыз ішіп, тауға шығып, екі-үш күн мәре-сәре болып, тарқасатын. Жаз жайлау «Дәнбұланға» қоныстанатынбыз. Ағайын-туыстың бас қосуы жайлауда жалғасатын. Таң атысымен «Дәнбұланның» тау-тасын аралап, қарақат теріп, бұлақтың басына дастархан жайып, өлең айтып, күліп-ойнап, кешті батырып, жайлауға қайтатын. Жайлаудағы көршілер Қарқаралының кісілері болатын. Әкемізді құрдастары «Мишабек», «Обшавайд» деп еркелетіп атап кеткен. Туғандары Мәнікеш деп, бір-бірінің атын атамай сыйласып келген. Сол кездегі үлкендердің салып кеткен сара жолдары арттарынан ерген ұрпақтарына үлкен үлгі болды. Әкеміздің ауыз толтырып айтатындай қызықтары, қылықтары өте көп еді. Отырған жерін думан-той қылып жіберетін.

Әкеміз Біләлұлы Мәни 1996 жылы, шілде айының 31-і дүниеден өтті. Анамыз Тапайқызы Манура (Мәнеш) 77 жасқа келген абыз ана, ардақты әже. Қызыларайда әкеміздің қара шаңырағында немере, шөберенің қызығын көріп отыр. Алла Анамызға ұзақ ғұмыр берсін деп тілейміз!!!

ӨНЕГЕЛІ ӨМІР

Абайдың қарасөзінің бірінде «Егер, ой ақылды болса, он күнде бар өміріңді жаза бер» деген екен. Олай болса, атамыздың кенже баласы жолдасым Бақыт жөнінде аздаған естелікті де осылай ұштағым келеді. Туып-өскен жері киелі Қызыларай өңірі. Осы өлкеде 1947 жылы дүниеге келген, осы жерде балалық шағы өтіп, мектеп аяқтап, отандық борышын өтеп келіп, ауыл шаруашылық саласында жұмыс жасады. Жазда мал азығын дайындап, қыста шалғай елді мекендерге барып, шопан, бақташыларға көмек берді. Техниканың қыр-сырын толық меңгере білді.

Еңбегі бағаланып, халықтың батасын алды, аудандық, ауылдық кәсіподақ комитеттерінің алғыс хаттарымен марапатталды. Адамгершілігі мол, мінезге бай еді. Өмірден ерте кетті, жатқан жері жайлы болсын.

Әулетіміз жемісі піскен саялы ағаштай болса, одан өрбіген ұрпақ та сол ағаштан нәр алған бұтақтары секілді өмірден өз орындарын тауып, ұрпақ сабақтастығы жалғасуда.

Бақыттың отбасының үлкені Ақмарал (әже баласы) балалары өз алдына отау құрып немере сүйіп отыр. Мейрамбек, Ләйлә, Гүлнәз әр салада жұмыстарын жасап, көз қуанышымыз болып отыр. Әрқайсы бір-бір отау иесі.

Шаңырағымыздың төрінде атамыздың қасиетті Құраны, анамыздың киелі көк бешпеті ілулі тұр.

Өзім мектепте ұзақ жылдар жұмыс жасадым. Қазір зейнеткермін, немере-шөбере сүйіп отырған әжемін. Бақыттың жасамаған жасын, көрмеген қызықтарын балалары көрсін. Алла разы болсын.

БАБАНЫҢ ОРНЫ БӨЛЕК НЕМЕРЕСІ

Нұржанов Бейбіт Біләлұлы 1945 жылдың 16 қазанында Қызыларай ауылында дүниеге келген. Әкесі Біләл, анасы Жәміш бола тұра, ағасы Ғанидың тәрбиесінде болған.

Орта мектеп бітіргеннен кейін, Ақтоғай аудандық комсомол комитетінде қызмет етіп жүріп, жолдамамен Мәскеу қаласындағы Кәсіподақтың Жоғарғы мектебіне түсіп, оны 1974 жылы бітірген.

1974-2000 жылдары Жезқазған облысында әр салада жауапты қызметтер атқарған.

2000-2013 жылдар аралығында табиғатынан алғырлығының, іскерлігінің, жауапкершілігінің, өзіне де, өзгеге де талап қоя білгенінің арқасында «Қазақмыс» корпорациясының кәсіподақ саласында еңбек етіп, қарапайым жұмысшыларға қолдау көрсету міндетім деп білді. Еңбек еленіп ІІ-ІІІ дәрежелі «Еңбек данқы» медальдармен көптеген мақтау грамоталармен марапатталған. Ата-анасының, әсіресе ағасы Ғанидан алған тәрбиесінің арқасында бойында қазақи адалдық, ұлттық намыс, әділдік, бауырмалылық қасиеттері жоғары болды. Маңайындағы ағайындарының, әсіресе жастардың өмірде дұрыс жол таңдауда көмегін аямады. Қиналып, жол таппай туғандарға дәм беріп, жігерін жанып, ширатып сөз көмегі ғана емес қаражатын да аямайтын жаны жомарт адам еді.

Бекеннің арқасында өз орнын тауып, бақытты өмір сүріп жатқан бауырларының алғысы шексіз.

Олар еске алу хаттарында:

Бәйтеректей әулетке сая болған,

Бәрінен де көмегін аямаған,
Жәнатта жаның болсын,
Рухың биік,
Өзіңдей аяулы аға қайда маған?!
«Орны толмас, баға жетпес бейнеңіздің алдында
бас иеміз» деп жазады.

Достарымен де сыйластығы өнеге тұтарлық еді. Ұлттық өнерге де сүйіспеншілікпен көңіл бөліп, өзі де ән салуды ұнататын. Жұбайымен 42 жыл отасып, екі қыз: Самал (жолдасы – Қайрат), Айнұр (жолдасы – Жеңіс), бір ұл Алмас (жолдасы – Ләура) тәрбиеледі. Олардан сегіз немересі бар.

Бекен ақын бабасы Шоңыұлы Нұржан жайында деректер жинап, жарыққа шығарсам деп біраз материал жинақтаған еді. Әттең үлгермеді. 2017 жылдың 6 маусымында ұзақ науқастан соң дүние салды.

Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі Қайырбек Сәдуақасов Бекенді мына сөздермен сипаттаған еді:

Өр кеуде, ашық маңдай дара тұлған,
Ақсораң жартасынан жаратылған.
Текіден текті туған азаматсың,
Дабысың аңыз болып таратылған...

ҰЛАҒАТЫ ҰРПАҒЫНА ҰЛАСҚАН...

Махфуза Біләлқызы 1925 жылдың 8 наурызында қазіргі Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы Қызыларай ауылында көпбалалы отбасында дүниеге келген.

Сол ауылда орта мектеп қабырғасында білім алған. Сұрапыл соғыс жылдарында «Бәрі майдан үшін!» ұраны бойынша жасы 15-16 шамасында ауылда еңбекке араласқан. Кейін «Тылдағы еңбегі үшін» медалымен марапатталған.

1948 жылы Мыңшалов Сағади Орынбекұлымен отбасын құрды. Осы отбасында жолдасы екеуі сегіз бала тәрбиелеп, олардың бәрін жоғары оқу орындарына түсіріп, үлкен өмірге жолдама берді.

Махфуза Біләлқызы зейнеткер жасына шыққанға дейін Ақтоғай ауылындағы оқу бөліміне қарасты бала-бақшада аспазшы болып жұмыс жасады.

1992 жылдың 31 қазанында 67-ге қараған шағында дүние салды.

Жолдасы Сағади Мыңшалов ұзақ жылдар бойы Ақтоғай ауылындағы орта мектептерде директор, директордың орынбасары және мұғалім ретінде қызмет атқарды. «Қазақ ССР-на еңбек сіңірген мұғалім» төсбелгісімен марапатталған. 1993 жылдың ақпан айында дүниеден өтті.

МӘҢГІ ЖҮРЕГІМІЗДЕ

Әлемдегі ең сұлу және ең керемет атау – Ана. Оның қадірі мен қасиетін түсініп білу мүмкін емес. Өйткені, түн ұйқысын төрт бөліп, сіз үшін өле-өлгенше жанын беретін ананың балаға деген махаббаты мәңгілік, шексіз. Алғаш көзіңді ашқан кезде бауырына басып, «балам» деген анаңның әлдиі, бүтінін беріп жартысын алған, барын беріп жоғына қанағат танытқан – анаң.

Ана-Әке деген сөздер өмірдегі ең асыл, ең қасиетті де, қастерлі ұғымдар. Әке-шешенің өсіріп, тәрбиелеген білім беріп жетілдірген жемісі – бала-шағасы. Ата-ана қандай жағдай болмасын, балам қатарынан қалмасын, білім алып, азамат болып, еліне қызмет етсін деп әрқашан тілеуін тілеп жүретін асыл жандар.

Біздің әкеміз Сопыұлы Төрехан, аяулы анамыз Біләлқызы Шайза, он бір құрсақ көтеріп, бала-шағасының амандығын тілеп отырған асыл жандар. Ұлын ұяға, қызын қияға қондырған отбасылардың бірі болған. Ұзақ жылдар бойы мал шаруашылығымен айналысқан. Артында қалған ұрпақтары бүгінде өсіп-өніп, әр салада қызмет атқаруда.

Асқар тау әкеміздің, аяулы анамыздың өмірден өткеніне ұзақ уақыт болды. Бірақ, бейнесі күнделікті көз алдымызда. Дүниеден өткен ата-анамыздың жатқан жерлері жайлы болып, имандары тасып, рухтары пейіштің төрінде шалқығай! Әрқашан мәңгі жүрегімізде сақталады.

САҒЫНЫП ЕСКЕ АЛАМЫЗ

Керуен күндер келмеске кетіп, жұлдыз түндер ағып жатыр біртіндеп... Асау аттай арындаған қайран уақыт тоқтаусыз зымырап барады. Бүгінде Анасыз өткен күндер... Көнбесіңе амал жоқ, тағдырдың басқа салғаны. Кімге болса да, тірліктің бір күні тоқтайтыны ақиқат. Қамшының сабындай қысқа ғұмыр шіркіннің бұралаң жолында киелі Күннің қасиетті нұр-шуағы сияқты туған Ананың мейірім-шапағаты сәт сайын керек екен адамға.

Дәл қазір анамыздың соңғы сәттері, ақырғы сапарының өзі сағымды сағынышқа айналғандай.

Біздің анамыз Дәриға Біләлқызы 1941 жылы Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы Қызыларай ауылында, Нұржанұлы Біләл мен жұбайы Жәміштің отбасында дүниеге келген.

Біздің әкеміз Әзімбекұлы Төлеумен 1964 жылдардың басында танысып, отау тігіп, шаңырақ көтерген. Әкеміз Төлеу Әмірхан ауылында басқарма болып жұмыс жасаған. Анам екеуі он сегіз жыл бірге болған уақытта отбасында тоғыз баланы – Шолпан, Ерлан, Айман, Қаршыға, Айгүл, Гүлбаршын, Нұрлан, Сайран, Дархандарды дүниеге әкелген.

Әкеміз қайтыс болғаннан кейін де анамыз біраз жасап, балаларының барлығын аяқтандырып, немерелерінің қызығына кенеліп, немере көрді.

Анамыз өте шаруақор, қарапайым жан болатын. Мінезі сабырлы да салмақты еді. Сонымен бірге қонақжай, қолы ашық, берекелі дастарқанды болды.

Бір отбасында тоғыз баланы тәрбиелеп, асырап-бағу оңай шаруа емес. Өмір бойғы бар арманы – балаларын жеткізіп, жетілдірсем деп еді. Балаларын ылғи да ақ жолға, адалдыққа, қарапайымдылық пен еңбекқорлыққа баулыды.

Сол ұлағатты ұядан түлеп ұшқан біздер бүгінде кең байтақ еліміздің әр қиырында еңбек етіп, тіршілік етудеміз.

АТАМЫЗДЫҢ КЕНЖЕСІ

Біләл атамыздың кенже қызы Кәбира анамыз бүгінгі күні сексен жасқа аяқ басып, балашағасының ортасында. Кәбира Біләлқызы 1942 жылдың 3 маусымында дүниеге келген. Үйдің еркесі болып өскен, осы уақытқа дейін ерке әже болып отыр.

Ауылдағы мектепті тәмамдап, Қарағанды педагогика институтына түсіп, жоғары білім алып, тарих мұғалімі мамандығын игерген.

Өмірдің заңымен әкеміз Жолжақсы Адамбайұлымен бас қосып, шаңырақ көтерді. Тату-тәтті өмір кешіп дүниеге алты баланы әкелді. Балаларын ешкімнен кем қылмай, өсіріп жеткізді. Ұлдарын ұяға, қыздарын қияға қондырып, немере, шөбере сүйіп отырған ардақты әже. Балаларына, ұрпақтарына бағыт-бағдар беріп, жолдасының ізгілікті жолын жалғастырып келеді. Балалары да әке-шешелерінің еңбектерін ақтап, өмірлерінде лайықты орындарын тапқан. Әрқайсысының өз шаңырақтары бар.

Анамыздың бүгінгі күнге дейін берген тәлім-тәрбиесі бізге өмірлік азық. Ал, біздер келешек ұрпағымызға анамыздан алған барлық үлгі-өнегемізді беруге тырысамыз. Бұл да болса, ұрпақ сабақтастығының жалғасы деп білеміз...

ЗОР РИЗАШЫЛЫҒЫМЫЗДЫ БІЛДІРЕМІЗ

Құрметті ағайын, қолыңызға ұстап, оқып шыққан осынау кітап ардақты атамыз Нұржан Шоңұлының соңында қалған мол мұрасын, әдеби еңбегін жария ету мақсатында жазылған болатын. Атамыздың жазған дүниелері, жүрегінен шыққан жырлары қаншама жылдар бойы мұрағаттарда сарғайып жатып, кейінгі жылдары ғана табылып, қолымызға тиді. Бұл деректерді кешегі кеңестік үкімет саясатымен жариялағанда көптеген өзгерістерге ұшырап, өлеңінің сыры мен сыны ауысар ма еді. Бірақ, бүгінгі заман талабына орай, осы жазбаларды қарпін, ноқат-нүктесін өзгертпей, қайта жаңғыртып хатқа түсірген жандарға әулетіміз атынан зор алғысымызды білдіреміз. Атап айтсақ, атамыздың қолжазбаларын мұрағаттан алуға зор көмек еткен белгілі ғалым жерлесіміз Саяхат Алшынбековке, оған сеп болған Дәуренбек Төкенұлына ерек алғыс айтамыз. Одан кейін ескі жазбаны елге ұғынықты тілмен тәржімелеген, хаттаған жерлесіміз, белгілі өлкетанушы Айдаржан Балтабайұлына, кітапқа түсірген ақын-жазушы Серік Сағынтайға зор ризашылығымызды білдіреміз.

Осынау жинаққа үлес қосып, аталарымыздың есімін елге жеткізуге, сөзін ертеңге ұлағат етуге еңбек сіңірген, көп болып демеп, жанашырлық танытқан Нұржан ата ұрпақтарына да Алладан рахмет, пайғамбардан шапағат тілейміз!

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	3
Ақиық	25
Ақсораңның жартасынан жаралған	173

МИРАС

Редакторы:

Серік САҒЫНТАЙ,

Техникалық редакторы:

Ернат БАҒДАТҰЛЫ,

Көркемдеуші:

Ғабыләлі БАЛТАБАЙ,

Корректор:

Ақыл ЖАНДОСҰЛЫ.

«Қасым» журналының баспа-дизайн
орталығында беттелді.

Басуға: 25.07.2022 ж. қол қойылды.

Қарпі «Балтика». Офсеттік қағаз. Офсеттік
басылым. Шартты баспа табағы – 22 бт.
Таралымы 500 дана.

Тапсырыс №001